



ТОПОНИМИКА

А.Е.АЯПБЕКОВА
Н.У.АБИШОВ



ТОПОНИМИКА

**А.Е.АЯПБЕКОВА
Н.У.АБИШОВ**

Ankara, 2021

TÜRK EĞİTİM SEN GENEL MERKEZİ YAYINLARI

©Türk Eğitim Sen Genel Merkezi, 2021.

Türk Eğitim Sen Genel Merkezi yayınlarının tamamının veya bir kısmının yayıncının yazılı izni olmadan herhangi bir yolla çoğaltılması yasaktır. Yayınların fikri sorumluluğu ve imla tercihi yazarlarına aittir. Türk Eğitim-Sen Genel Merkezi yayınlarında yer alan başka kaynaklardan alınmış tablo, resim ve benzeri şeylerin yasal kullanım sorumluluğu yazarlarına aittir.

А.Е.АЯПБЕКОВА, Н.У.АБИШОВ

Doç. Dr. Yılmaz Yeşil, Prof. Dr. İhsan KALENDEROĞLU (Ed.),
ТОПОНИМИКА

ISBN 978-605-73852-6-0

TÜRK EĞİTİM-SEN GENEL MERKEZİ YAYINLARI

Kapak ve Sayfa Tasarımı: Murat IŞIK

İletişim Adresi:

Türk Eğitim-Sen Genel Merkezi

Erzurum Mahallesi Talatpaşa Bulvarı No:160 Kat:6 Cebeci/ANKARA

Tel: 0 312 424 09 60 (8 Hat) Belgegeçer: 0 312 424 09 68

Genel Ağ: <http://www.turkegitimsen.org.tr>

elmek: iletisim@turkegitimsen.org.tr

ТОПОНИМИКА

Matsa Basımevi'nde 26.11.2021 Tarihinde 50 adet basılmıştır.

*(İvedik O.S.B., Matbaacılar Sitesi 1514. Sokak No: 42 Yenimahalle /
ANKARA Tel: 0 (312) 395 20 54)*

Ankara-2021

Түркістан қаласы, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ғылыми кеңесі (2021 жылғы 30 қыркүйек, № 2 хаттама) мәжілісінде қаралып, баспаға ұсынылған.

Пікір жазғандар:

А.К. Курбаниязов, география ғылымдарының докторы, профессор

О.Б. Мазбаев, география ғылымдарының докторы, профессор

ТОПОНИМИКА. Монография. Өңделген басылым - Анкара, 2021 – 136 бет.

Монография болашақ туризм, география мамандығының оқытушыларына қажетті топонимикалық білім беру және біліктілік дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздейді.

Топонимиканың қалыптасуы мен дамуы үш ғылым саласының (география, тарих, тіл білімі) негізінде жүзеге асқанымен, қазіргі таңда оның туристік бағыты теориялық және қолданбалы тұрғыда үлкен маңызға ие болып отыр. Сонымен қатар, туристік білім беруді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Ал географиялық атаулар немесе топонимдер топонимика ғылымының басты зерттеу объектісі болып табылады. Туристерді тылсым табиғат пен қоғамның кеңістіктік заңдылықтарымен таныстыруда, олардың туристік нысандар әлеміне қызығушылығын тудыруда топонимикалық білімнің алатын орны айрықша.

Монография жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, оқытушыларға, туризм саласындағы мемлекеттік құрылымдар мамандарына, ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелердің қызметкерлеріне арналған.

©Халықаралық туризм және
меймандостық университеті, 2021

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	5
АЛҒЫ СӨЗ.....	7
КІРІСПЕ.....	9
I. ТОПОНИМИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.....	13
1.1 Топонимдердің пайда болуы мен қалыптасуының заңдылықтары.....	14
1.2 Географиялық атауларды зерттеудің жаңа бағыттары.....	24
1.3 Қазақстан топонимикасының эволюциялық дамуы мен кейбір ерекшеліктері.....	31
1.4 Қазақстанның ежелгі дәуірден XVI ғасырға дейінгі тарихи-географиялық зерттеу мен ізденістер деректеріндегі нысандар топонимдері.....	37
1.5 Қазақстан географиялық атауларын топтастыру принциптері.....	42
1.6. Топонимдерінің тарихи-лингвистикалық талдауы.....	46
II. ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНДЕ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	53
2.1 Геожүйе және топонимдер.....	54
2.2 Геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар ..	59
2.3 Дала зонасының табиғат жағдайларын бейнелейтін оронимдер.	67
2.4 Терминдердің табиғат ерекшеліктерімен, шаруашылықтағы ақпараттық маңызы.....	74
2.5 Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі.....	82
2.6 Геожүйелердегі тарихи – археологиялық нысандар тарихы.....	90
III. ҚАЗАҚСТАН ЛАНДШАФТТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН АНЫҚТАУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТОПОНИМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ	103
3.1 Қазақстанның ландшафт өзгерістерін зерттеудегі топонимдердің рөлі.....	103
3.2 Қорықтарға байланысты топонимдер.....	110
3.3 Этностық мәдениетпен байланысты топонимдер.....	113
3.4 Ландшафттардың қалпына келтіру ісіндегі топонимикалық ақпараттарды пайдалану әдістемесін негіздеу.....	119
3.5 Топонимикалық зерттеулерді туристік мәліметтер ретінде пайдалану.....	124
3.6 Турөнімдерін қалыптастыруда геожүйе топонимдердің маңызы.....	129
3.7 Қазақстан геожүйелер топонимдеріндегі өзгерістер.....	140
Қорытынды.....	153
Пайдаланған әдебиеттер:.....	155

АЛҒЫ СӨЗ

Монография болашақ туризм, география мамандығының оқытушыларына қажетті топонимикалық білім беру және біліктілік дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздейді.

Топонимиканың қалыптасуы мен дамуы үш ғылым саласының (география, тарих, тіл білімі) негізінде жүзеге асқанымен, қазіргі таңда оның туристік бағыты теориялық және қолданбалы тұрғыда үлкен маңызға ие болып отыр. Сонымен қатар, туристік білім беруді географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Ал географиялық атаулар немесе топонимдер топонимика ғылымының басты зерттеу объектісі болып табылады. Туристерді тылсым табиғат пен қоғамның кеңістіктік заңдылықтарымен таныстыруда, олардың туристік нысандар әлеміне қызығушылығын тудыруда топонимикалық білімнің алатын орны айрықша. Осы аталғандар топонимиканы пән ретінде арнайы оқытудың туризм мамандығындағы студенттерді кәсіби маман ретінде дайындауға аса қажет екендігін негіздеуге мүмкіндік береді.

Топонимика ғылымның қай саласында болмасын, өзіндік орынға ие. Туристік нысандар атаулары көбінесе географиялық терминдер негізінде қалыптасады, сол себепті топонимикалық білім студенттерге болашақ кәсіби қызметінде жергілікті жер атауларының сырына үңілуге, оқушылармен ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастыруына негіз болады.

Географиялық атаулардың күнделікті өмірде, халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатындығы, географиялық әдебиет пен карталарда көрініс табатыны олардың жазылуы мен айтылуының бір жүйеге келтірілуі мен стандартталуын қажет

Монография авторлары бұл еңбекті дайындау барысында өзінің топонимиканың туризм нысаналар бағытын дамытудағы ұзақ жылғы ғылыми ізденістерінің нәтижесін болашақ туризм пәнінің мұғалімдерінің білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар тұрғысында жүйелеп, негізге алды.

КІРІСПЕ

«Топонимика» монографиясы жоғары кәсіби білікті туризм мамандарын даярлаудағы негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады. Курсты оқып-үйрену барысында болашақ туризм пәнінің мұғалімдері туристік терминдер мен атаулардың мағынасын талдауға, түсіне білуге, олардың ақпараттық маңызына назар аударуға үйренеді. «Топонимика» монографиясының мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына толық сәйкестендірілген.

«Топонимика» монографиясы білім алушылардың тарих, мемлекеттік және шет тілдерінен алған білімдеріне сүйене отырып, физикалық және экономикалық география пәндерімен бірге оқытылу арқылы білімі мен дүниетанымын кеңейте түсуге, географиялық ойлаудың негізін қалауға мүмкіндік береді.

«Топонимика» монографиясы мақсаты мен міндеттері. Басты мақсаты болашақ туризм, география пәндерінің мұғалімдеріне топонимиканың пән ретіндегі мазмұнымен, теориялық негіздерімен таныстыра отырып, азия және оларды стандарттау бағытында тереңдетілген білім беру болып табылады.

«Топонимика» монографиясы аясында бұл мақсатты орындау үшін төмендегі *міндеттер* жүзеге асырылады:

- географиялық атаулардың негізгі топтары, олардың қалыптасуына ықпал ететін факторлар, топонимиканың теориялық негіздері, зерттеу әдістері туралы білім қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасы аймақтарындағы топонимиялық жүйелердің ерекшеліктері туралы, ірі географиялық объектілердің атауларының мағынасы мен шығу тегі жөнінде географиялық тұрғыда негізделген ақпарат беру;

- тарихи атауларды қалпына келтіру, географиялық атауларды стандарттау мен унификациялауға қатысты топонимиканың қолданбалы маңызына қатысты нақты білім беру және жергілікті жерде өз бетінше топонимикалық зерттеулер жүргізуге қажетті дағдылар қалыптастыру.

«Топонимика» пәнін оқып үйрену білім алушыларда топонимиканың пән ретіндегі мақсаты мен басқа негізгі факторлар; географиялық терминдердің атаулар қалыптастырудағы маңызы; географиялық атауларды топтастыру; топонимдердің шығу тегі, мағынасын,

«Топонимика» монографиясын оқып үйрену нәтижесінде білім алушылар топонимикалық зерттеудің негізгі әдістерін игеріп, іс жүзінде қолдануды; жекелеген аумақтардың топонимиялық жүйелерін сипаттауды; жергілікті жерде

топонимдерді жинақтап, тізбесін құрастыруды және қысқаша сипаттама бере білуді; географиялық, картографиялық, тарихи, тіл білімі және басқа ақпарат көздерінен алған деректерді топонимдерді талдауда қолдана білуді; жергілікті жердегі географиялық атауларды қалпына келтіру, стандарттауға қатысты іс-шараларды ұйымдастырып, шешу жолдарын меңгеруі тиіс.

Топонимиканың басқа білім салаларымен байланысы. Топонимика көптеген басқа білім салаларымен байланысты. Ғылым ретінде тіл білімі, тарих және географияның тоғысында қалыптасқандықтан, пән ретінде де аталған ғылым салалары негізінде қалыптасқан пәндермен өзара байланысады.

Топонимика оқып-үйрену барысында тіл білімі саласындағы білім аса қажет. Әр тілдің сөз құралу заңдылықтары болады. Сонымен қатар, басқа тілдерден енген топонимдердің мағынасын түсіну үшін халықаралық деңгейде кеңінен қолданылатын шет тілдерді білу де топонимика пәнін оқып-үйренуде көмектесетін болады. Топонимиканы оқып-үйренуде географиялық атаулар қалыптасқан кезеңдегі тарихи жағдайлар, халықтардың көші-қоны мен қоныстануы, белгілі бір тарихи оқиғалар туралы білім қажет болады. Топоним туралы деректер тарихи құжаттарда, карталарда, жазбаларда, жылнамаларда берілуі мүмкін. Белгілі бір аумақтың топонимиясын ол өлкенің тарихын білмей, түсіну мүмкін емес. Сондықтан топонимика пәні әр кезеңдерді қамтитын тарихтың жеке салаларымен, соның ішінде Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты болып келеді.

Топонимика туризм мен географияның барлық салаларымен байланысты болып келеді.

Біріншіден, кез келген географиялық атау кеңістікте орны бар объектіге беріледі, яғни географиялық номенклатураның карталармен тікелей байланысы бар.

Екіншіден, мұхиттар мен материктердің, жекелеген аймақтардың топонимиясы сол аумақтардың табиғат ерекшеліктерімен, ресурстарымен, халқының ұлттық құрамымен, қоныстану сипатымен, шаруашылық түрлерімен тығыз байланысты.

Ал осы аталғандар географияның жеке салаларының зерттеу объектілері болып табылады. Керісінше, топонимикалық деректер арқылы байырғы ландшафт сипатын жаңғыртып, жойылып кеткен су көздері, ормандар, өсімдік жамылғысы, жануарлар туралы құнды мәліметтер алуға болады.

Географиялық атауларсыз географияның басты моделі болып табылатын карталар «оқылмайды». Топонимиканың басқа

да білім салаларымен (биология, геология және т.б.) байланысы бар.

Республикамызда табиғатты қорғау бойынша қабылданған қажетті шаралар жүйесінде қоғам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруда игерілетін іскерлікпен дағды, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың ғылыми негіздері түсініктерін адамдарда қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік педагогикалық жүйе ретінде қоршаған орта саласында білім беруге маңызды рөл берілген. Экологиялық білім беруде барлық жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар білімдері байланыстырыла меңгерілуде. Білім тіршілік ету стратегиясына ғана емес, сонымен бірге арнайы ортада адам тіршіліктің сапасының жақсаруына да үлесін қосады. Қоршаған ортаның сақталуына, оның табиғи және қоғамдық компоненттерінің жақсаруына, адамдардың шығармашылық, еркін және құнды тірі ағза ретінде тіршілік жағдайын жасауына мүмкіндік тудырады білім.

Қазақстанда қалыптасқан қазіргі кездегі жер-су атауларында экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық-практикалық негіздері қамтылған. Мәселен, Қазақстанның алуан түрлі табиғаты: солтүстіктегі орманды далаларынан бастап оңтүстіктегі шөл далаларына дейін, оңтүстік- шығыстағы тік ауқымды биік таулары – барлығы халық шаруашылығына қызмет етті. Мал шаруашылығы үшін маңызды болып келетін табиғи жағдайлар, яғни географиялық ортаның бейнеленуі топонимикалық деңгейін танытатын халық географиялық терминологиясында ғана емес, географиялық атаулардың деңгейінде де жүргізіліп отырған.

Халық ерте кезден-ақ, табиғат адамның ақыл-ойы мен сезімін тәрбиелеудің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре біліп, «ұл-қызына қоятын жақсы аттарды, орналасқан жерінің айналасындағы қоршаған ортаға және жердің ерекшелік, қасиетін көрсететін атаумен атаған». Себебі жер атаулары – тұтас халықтың ғұмыр-тіршілігінің, ұғым-түсінігінің, талғамының, табиғат ландшафтысының айнасы.

Ертерек кезде Қазақстан жерінде болған ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде қазақ халқының табиғатты бақылай білу қабілетін, оған деген қамқорлық қасиеттерін ерекше атап өткен. Қазақстанның байтақ даласындағы жер атаулары табиғи орта туралы шежіре десе де болады. Жер атаулары тек ландшафттық мағлұмат беріп қоймайды, сонымен бірге халық даналығының айғағы ретінде қанатты ойларға өріс ашқанын, нақтылы әрекетке де бастай алатынын аңғаруға болатынын және географиялық атаулардан геологиялық тұжырымдар түйе білген белгілі ғалым Қ.Сәтбаевтың пайымдаулары мұның белді айғағы екендігін әңгімелеп түсіндіреді.

Топонимика – ономастиканың географиялық атауларды зерттейтін бөлім. Грек тілінде «topos – орын, мекен жай», «онома –

есім, ат, атау» деген сөздерінен пайда болған. Топонимдерді зерттеудің ғылыми мәні зор. Жер-су аттары дегеніміз жергілікті жердің, өлкенің географиялық, тарихи және халық тілінің көрінісі. Жер – ғылымның да, география, қазақ тілі, көркем әдебиеттің де өзегі.

I. ТОПОНИМИКАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Геожүйе – материалдық жүйе ретінде бірін-бірі толықтырып немесе кеңістік пен уақытқа байланысты тығыз қарым-қатынаста даму үстіндегі табиғат компоненттерінің біртұтас жиынтығы. Геожүйе (грек сөзі *geo* - жер және система) - экожүйелердің геоморфологиялық (ландшафтылық) және геохимиялық негізі [1]. Геожүйе мен экожүйе бір-біріне пара-пар ұғымдар. Бірақ геожүйелер экожүйелерге қарағанда өндірістік аймақтар кешенін және өндіріс орындарының таралу аймағын қамтиды. Геожүйелердің даму құрылымында негізінен 3 деңгейді ажыратады: планетарлық, регионалдық және локальдық (жергілікті жерлік) [2].

Жер бетінде планетарлық деңгей бір ғана данамен — географиялық қабықшамен берілген. Тура мағынасында «жердің сыртқы қабықшасы» деген ұғымды білдіреді, термин ретінде «эпигеосфера».

Регионалдық деңгейдегі геожүйелер эпигеосфераның ең ірі және құрылымы жағынан күрделі бөліктерін – ландшафттық зоналарды, секторларды, аймақтарды және т.б. қамтиды.

Жергілікті жер (локальдық) деңгейі жүйелеріне елді мекендер жатқызылады.

Регионалдық және локальдық деңгейдегі геожүйелер ландшафттық ізденістердің негізгі нысаны болып табылады. Геожүйе кеңістік дифференциясы негізінен 2 бағытта қаралады: тік және көлбеу. Әрбір жекелеген кіріс әсерлері вертикальдық әсер тізбектері бойынша басқа компоненттерге, ал горизонтальдық байланыс арқылы көршілес геожүйелерге таралады. Осының нәтижесінде тікелей әсерге ұшыраған геожүйелердің құрылымы мен дамуы ғана өзгеріп қоймайды, одан біршама қашық орналасқан геожүйелерде өзгеріске түседі.

Қазіргі заманда Қазақстанның алдында тұрған экологиялық, экономикалық мәселелерді шешуде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын әр қырынан, жан-жақты зерттеудің маңызы артып отыр. Бұл тұрғыда география ғылымы алдында геожүйені қорғау мен оның қорларын тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау міндеттері тұр.

Ландшафт өзгерістеріне себепші болатын факторлардың кеңістіктік-уақыттық шамаларының әркелкілігі, жеке компоненттерінің «тұрақтылық дәрежесі» әр түрлілігі ландшафттарды қалпына келтіру ісінде ғылыми географиялық әдіс-тәсілдерді пайдалануды қажет етеді. Географиялық болжам ережелеріне сәйкес, ландшафттардың даму, игерілу және өзгеру тарихын зерттеуде географияның басқа салаларымен қатар топонимиканың да маңызы зор. Ландшафт

өзгерістерін «куәландыратын» деректер қатарына топономикалық мәліметтерді жатқызуға болады.

Қоғам мен геожүйе арасындағы күрделі қарым-қатынастарды зерттеудің географиялық-топонимикалық аспектілері, әсіресе, географиялық ландшафттар топонимиясына қатысты ізденістерде айқын ажыратылады.

1.1 Топонимдердің пайда болуы мен қалыптасуының заңдылықтары

Қазақстан аумағы географиялық атауларға бай, орта есеппен 1 км² жер бір атауға ие десек, онда елімізде 2,5-3 миллион атау бар деп болжауға болады. Осыншама мол атаудың пайда болуына еліміз аумағын бұрын-соңды мекендеген көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы өркениеттердің тұрмыс-тіршілігі, экологиялық мәдениеті зор ықпал болды. Француз ағартушысы Шарль Луи Монтескье (1689-1755 ж.ж.) атап көрсеткендей «Халықтың адамгершілік бейнесі халықтың орналасқан жерінің ауа райымен, климатымен және жер көлемімен байланысты болады». Мұның топонимикаға да тікелей қатысы бар деп есептейміз [3]. Халықтың дүниетанымы – оның айнала қоршаған табиғи ортасы, ата кәсібі мен өмір салты тыныс-тіршілігінің аясында қалыптасып дамиды. Вербальды (жазу-сызу жоқ) дәуірлерде көшпелі өмір салтының аясында қалыптасқан жер-су атаулары тарихи талай жолдан, небір заман елегінен өтіп, бүгінгі ұрпаққа атақты билер мен жыраулардан қалған халық зердесінде теңдесі жоқ асылындай сақталған сөз маржандары арқылы жетіп отыр.

Байтақ даланы жыл маусымдарының жағдайына орай күн көріс көзі ете білген көшпенділер әлемі үшін географиялық атаулардың мәні айырықша болған. Қазақ халқының табиғатты пайдалану ерекшеліктері топонимика жүйесінің мағыналық жүктемесін байытты. Шығыс зерттеушісі ғалым, академик В.В.Бартольдтың айтқанындай «... түрік халықтарының арасында топоним атауы өзінің қарапайымдылығымен және тарихи деректерімен таң қалдырды».

Адамзат баласының күн көрісі жағдайы жерге қаншалықты тәуелді болса, сол жердің бітім-қасиетін соншалықты терең білген [4]. Көкті – тәңір деп тұтса, жерді Ана деп таныған. Өйткені олардың бүкіл тіршілік-тынысы, қуанышы, қызығы, күн көрісі жағдайы тек қана туған жерімен тамырлас.

Халық қамқоршысы, би, философ Асан қайғының халқына «жерұйық» іздеген сөздерінде қаншама терең мән, қандай мағыналық географиялық зерде, неткен ақын жанды нәзік талғам тұнып тұр десеңізші! Ғалым А.Сейдімбеков тарих, география, археология, этнография деректеріне сүйене отырып, жер атауларын халықтың

шығармашылығы демеске хақымыз жоқ деп түсіндіреді. Жер атауларында халықтың тек қана қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы, сол орта туралы ұғым-түсінігі ғана емес, сонымен бірге жеке адамдардан бастап тұтас ру, тайпа, ел өміріне қатысты алуан түрлі шежіре-сырдың жаңғырығын сезінуге болады. Туған жер төсіндегі алыс замандардан бері қарай тартылған ұрпақтар сабақтастығы, олардың дүние танымына қандай талғаммен қарай білгені, табиғат сұлулығының алуан қырын қалай танып сүйсінгендігі, географиялық атауларда тайға таңба басқандай сайрап жатыр.

Осы күнге дейін зерттеушілер тіл қазынасына бай халыққа назарын аударып, ғылыми қазақ тілінің жасалуына негіз болуының өзін тарихи феномен деуге болады [3]. Бұл жөнінде 1910 жылы шағатай тілінде жарық көрген «Тауарих-Хамса» атты кітаптың авторы Қ.Халид былай жазған: *«Менің өте таң-тамаша болатыным қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал, жағрафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге, қиын соғатын жер белгілерін айырып, соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді»*. Мысалы, Құйрық сауыры әуесін, Арқа жанды, сурун жайлау, сары бел деп айтылады. «Сурун» парсыша «сары». Арқа шебі сары түсті болған соң айтқаны. «Жон» деп үлкен «белең» айтылады, кішілеу болса «белең» дейді. Атығай сор кезең – деп жондары төмен, аласа болса «кезең» деп түсіндіреді.

Қазақстандағы жергілікті жер-су атауларының қойылуы, пайда болуының ерекшеліктері табиғат жағдайы, халық тарихы және тіл білімінің тарихымен тығыз байланысты деп қараған жөн. XIV-XVI ғасырларда отырықшылықтың кеңірек етек алуына байланысты Қазақстанда, әсіресе, Жайық өзені алабында ірі қалалар мен қыстақтар, елді мекендер көптеп салына бастағанын тарихтан белгілі. Осы тарихи кезеңдердің барлығы, тіпті кеңестік дәуірлерде қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінің негізгі белестері халықтық топономияда өз іздерін қалдырып отырды. Оңтүстік аймақтың жер-су атауларын зерттеген Б.Тілеубердиев топонимдердің сипатын қалыптастыратын мынадай факторларды атап көрсетеді:

- географиялық фактор;
- этнографиялық фактор;
- тарихи-әлеуметтік фактор.

Демек, халқымыз ерте кезде жер-су нысандарына ат қоюда осы үш белгінің бірін негізге алып отырған. Яғни, жер-су атауларының:

- бір тобының қалыптасуына нысандардың географиялық белгілері (жер бедері, жан-жануарлар, өсімдіктер әлемі) әсер етсе;

- екінші бір тобының қалыптасуына халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің ерешелігі негіз болған;

- үшінші бір тобы ел өміріндегі тарихи, саяси-әлеуметтік оқиғалар салдарымен қалыптасқан.

Қазақ тіліндегі барлық топонимдер осы үшеуіне байланысты болып келеді [5]. Сондықтан топонимдердің қалыптасуынан бүгінгі кезеңге дейінгі аралықты ғылыми тұрғыдан сипаттау, топонимдердің морфологиялық құрамын тілдік заңдылықтар тұрғысымен, жер-су атаулары және халықтық географиялық терминдер тұрғысынан талдап, олардың қалыптасу себептерін сабақтастыра қарастыру арқылы ғана жер-су атауларының табиғатын тануға, қоғамдық маңызын сезінуге болады. Жалпы алғанда, топонимдердің қалыптасуы жергілікті табиғат жағдайлары мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты болғандығын атап өтеміз.

Қазақстан Республикасының топонимдері екі үлкен топқа бөлінеді. Олардың бір бөлігі – ірі географиялы нысандардың аталуы болса, екіншісі – кіші нысандар атаулары болып саналады, ономастикалық ғылыми терминмен макротопоним және микротопоним деп атайды.

«Макротопоним» (грек тілінде макро – «үлкен», «ірі») – халыққа кеңінен танылып, ресми тұрғыдан белгілі болған ірі физикалық географиялық нысандардың аттары [6]. Макротопонимдер сол аймақтағы табиғаттың көріністеріне және байлықтарына, оның ландшафттарына, жер бедеріне, шаруашылығына байланысты болады. Ландшафтқа байланысты топонимдер жөнінде профессор А.М.Селищев былай дейді: «... жер беті бітімінің ерекшелігі әр текті табиғи аумақтық кешендерге жіктеп көрсететін топонимдер» – Ақтөбе атауы (ақотты төбе) Қазақстанның барлық жерінде кездеседі, Қарағанды атауы (қараған өсімдігінің аты), Егінжал атауы (егінде шоқы), Жартас атауы (жарлы тас), Апан атауы (үңгір), Бидайық атауы (жайылым шөбі бидайық) және т.б. жердің ерекшеленген табиғи бірліктерін жергілікті жер аттары анықтайды» дейді [7].

Ал микротопонимдер (грек тілінде – «кіші») – белгілі аумаққа тән ұсақ физикалық географиялық нысандардың, яғни өзен мен көлдердің, көлшік, бұлақ пен бастаулардың, құдық пен жылғалардың, жыра мен сай-салалардың, жота мен төбе, төбешік, қыр-қыраттардың, шабынды мен пішендіктердің, қыстау мен жайылымдардың аттары. Бұл макротопонимдер және микротопонимдер деген терминдерді тіл білімінде алғаш рет А.В.Суперанская және Э.М.Мурзаев қолданды [4].

Қазақстан топонимдерінің ішінде сан жағынан молы да, көбі – микротопонимдер. Олардың мейлінше мол болуының заңды себебі де бар. Қазақстан аумағының табиғат жағдайлары өте алуан түрлілігімен ерекше. Әрқайсысының өзіне тән табиғи жағдайлармен өзгеше, келетін көптеген табиғи ландшафттар болып топтасады. Ал табиғат зоналарының әрқайсының ұзақ созылған табиғи эволюция жүйесінде қалыптасқан және белгілі бір климат жер бетінің су және жылу режимі қасиеттерімен, топырақ-өсімдік жамылғысымен, жануарлар әлеміне тән

ерекшеліктермен сипатталады. Қазақстан аймағындағы жер бедерінің 90% пайызы жазық далалар мен бидайықты алқаптар, шөлді құмдар ландшафттарының көпшілігінің табиғи бейнесі адамның шаруашылық қызметіне жоғарғы дәрежеде қызмет етеді.

Қазақстан топонимдері қалыптасуының тарихи-географиялық жағдайларын тарихи дәуірлерге байланыстыруда тек бір ғасырды ғана бөліп алмай, ертедегі дәуірден бастаған жөн деп есептейміз. Қазіргі таңда геожүйедегі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылып, ландшафттық өзгерістердің болуын байырғы топонимдермен негіздейміз. Аталған мәселелерді топонимикалық зерттеулермен ұштастыру халықтың геожүйені игеріп тануын, шаруашылығы мен мәдениетінің қалыптасуына тұтастай заңды жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Өмірде алуан түрлі құбылыстар бар. Олар табиғат құбылыстары және қоғамдық құбылыстар болып екіге бөлінеді. Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарынан орын алады. Ол – қыр сыры мол, күрделі құбылыс. Тілдің табиғатын (мәнін) танып білу үшін оның басты қасиетін айқындап алудың маңызы айрықша. Тілдің табиғатын айқындайтын ең басты қасиеті делініп, әдетте, оның қатынас құралы болу қызметі аталады. Тілдің қызметін түсінуде бұл анықтаманың үлкен маңызы бар [5]. Тіл – адам баласы қоғамында қатынас құралы, сөйлесіп, пікір алысудың құралы ретінде пайда болады. Тарихта мұндай коллектив алғашында ру, тайпа түрінде, кейінде халық тілі, ұлт болып өмір сүрді, осыған орай ру тілі, тайпа тілі халық тілі болады. Адамдар ұжымына – мейлі ол ру немесе тайпа болсын, халық немесе ұлт болсын – осылардың бәріне де тіл қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы, оның табиғатын мәнін айқындайтын басты қасиеті деуімізде осыдан.

Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы – екі жақты байланыс. Біріншіден тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп еңбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы оны дамытуы мүмкін емес. Демек қоғамның өмір сүруі адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қатынас құралы, пікір алысудың құралы – тіл қажет. Тіл – адам баласы қоғамының өмір сүруінің және дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді [8]. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты, қоғамнан тыс, адамдардың ұжымынан тыс тіл жоқ. Қоғамның өмір сүруі адамдардың бірлесіп еңбек етуі үшін қоғам соншалықты қажет.

Сонымен, тілге анықтама беруде ең алдымен оның әлеуметтік қызметі яғни, қоғамдағы адамдардың қатынас құралы болу қызметі негізге алынады. Тіл қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның ойы тіл арқылы, тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, белгілей алады. Ол және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы

ұғынылады [9]. Демек, ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады (бұл жайында толығырақ мағлұматты келесі параграфтан қараңыз). Осылай болғандықтан, тілдің табиғатын айқындауда оның (тілдің) қатынас құралы болу қызметімен бірге ойлаудың және ойды жүзеге асырудың құралы, ойдың материалдық формасы екендігі де ескерілуі қажет.

Тілдің қатынас құралы болу қызметі мен ойлаудың құралы болу қызметіне қоса тағы бір қызметі бар: ол – экспрессивті қызмет. Тілдің экспрессивті қызметі делініп, әдетте, оның адамның субъективті қатынасын, сезімі мен эмоциясын білдіру қызметі аталады. Тілдің экспрессивті қызметінің, ондағы эмоциональды-экспрессивті құралдар мен тәсілдерінің ойды көркем деп әсерлеп жеткізуде, әсіресе көркем әдебиетте маңызы айрықша күшті [9].

«Сөз барлық фактілердің, барлық ойдың киімі» Шынында да, тіл – халықтың тарихы, шежіресі, халықтың күллі өмірінің жаңғырығы мен ізі: онан сол тілді жасаушы халықтың арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады. К.Д.Ушинский тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазады: «Тілде бүкіл халықтың, оның бүкіл елінің рухы көрінеді, онда халықтық рух творчества қуатымен ойға, суретке айналады, отан аспанының дауысы, оның ауасы, физикалық құбылыстар, оның климаты, оның даласы, таулары мен жазықтары, оның ормандары мен өзендері, оның дауылдары мен найзағайлары көрінеді... Халық тілінің айқын да тұнық тереңінде туған елдің жалғыз табиғаты ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани өмірінің бүкіл тарихы сәулеленіп көрінеді».

«Тіл – көркем әдебиеттің бірінші элементі». Халық тілінің байлығынан суырылған, оны творчестволықпен игере білген, оның күші мен қуатын бойына сіңіре алған жазушы ғана нағыз көркем, нағыз әсерлі шығарма жаза алады. Тіл – қуатты құрал [10; 11]. Оның қуаты мен құдіреті ғажайып бейнелелігі мен алмас қылыштай өткірлігі, әсіресе, көркем әдебиет пен публицистикада көрінеді де, айрықша әсерлі күшке айналады. А.М.Горькийдің «Дауылпазының» өткір тілі қаншама қуатты десеңізші! Жамбыл Жабаевтың пафос пен патриотизмге толы «Ленинградтық өрендерімнің» Ұлы Отан соғысында кеңес жауынгері мен халқына күш, жігер беріп, жауға қарсы аттандыруында еткен әсері, әрбір сөзінің қуаты, дауылпаздай саңқылдаған дауысының құдіреті баршамызға аян! Ол ешқашан да ұмытылмақ емес. Ол Кеңес Одағы халықтарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі теңдесі жоқ ерлік істерінің шежіресінде жазулы тұр!

Көркем сөздің баурап алатын күші ерлікті, Отанды сүюге, адамгершілікке тәрбиелейді. Тілдің әсерлі күшке айналуы үшін оның ашық, айқын, әрі өткір, әрі көркем болуы шарт: М.Горький: «Тілдің күші тәрізді әрекет ететін шынайы әдемілігі дәлме-дәлдік, айқындылық,

сөздің үнділігі арқылы жасалады» дей келіп, тілдің тазалығы, дәлме-дәлдігі үшін күресу керек деген талап қойды [12].

Айтайын дегенінді дәлме-дәл, ашық, айқын және әсерлі түрде жеткізіп беру әрқашан оңай бола бермейді. Ол үшін тілді, әсіресе оның байлығын, көркемділігі мен үнділігін, сан сырлы мағынасы мен өткірлігін, эмоциональды бояуы мен экспрессивті қызметін жан-жақты меңгеру үшін көп жаттыға білу қажет.

Тілді қоғамдық құбылыстардың қатарына жатқызуға негіз болатын басты белгі оның қоғамға қызмет ету белгісі екендігі жоғарыда айтылды. Бірақ тілдің қоғамға қызмет етуі басқа қоғамдық құбылыстардың, мысалы базис пен қондырманың, қоғамға қызмет етуінен өзгеше болады. Базис қоғамға экономикалық қызмет етсе, қондырма қоғамға саяси, заңды, эстетикалық және басқа идеялар арқылы қызмет етеді, қоғам үшін тиісті көзқарастардың нормаларын жасап береді. Демек тілден басқа қоғамдық құбылыстар, мысалы, базис пен қондырма, қоғамға белгілі бір салада қызмет етеді. Ал тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан айырмасын көрсететін айрықша ерекшелігі мынада: тіл қоғамға қызмет еткенде, адамдардың қатынас құралы, пікір алысу құралы, бірін-бірі түсіну құралы ретінде адамдардың ісі мен әрекетінің барлық саласында: өндіріс пен экономикалық қатынастар саласында да, саясат пен мәдениет саласында да, қоғамдық өмір мен күнделікті тұрмыста да бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет етеді. Демек, тіл адамның ісі әрекетінің барлық саласын қамтиды, осыған орай, оның қимыл өрісі өте кең және әр жақты болады. Тілдің бұл ерекшелігі оның ең басты қызметі – қатынас құралы болуынан келіп туады [13].

Тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына енгенімен, оны басқа қоғамдық құбылыстармен, мысалы, қондырмамен немесе мәдениетпен теңдестіруге болмайды. Н.Я.Маррдың және оны қолдаушылардың тілді қондырмалық құбылыстардың қатарына жатқызуы тіл білімінде елеулі қателіктерге соқтырады. Тіл білімі жайындағы 1950 жылғы дискуссияда ол қателіктер сынға алынып, тіл туралы теріс қағидалар түзетілді.

Қондырма белгілі бір базистен тус және базистің өзгеруінен қондырма да өзгеріп, жаңа базиске сай жаңа қондырма туса, тіл ескі не жаңа базис тарапынан туған емес, ол талай заманның жемісі. Бір базиспен оның қондырмасының ғана емес, бірнеше базистің және соған сәйкес бірнеше қондырманың туып, жойылуы да тілдің жойылуына әкеліп соқтырмайды. Демек тіл қандай базистен, қандай қондырмадан болса да анағұрлым ұзақ өмір сүреді. Мұның бәрі тілдің тұрақты құбылыс екендігін көрсетеді.

Тіл қатынас құралы ретінде жалпы халықтық қасиетін сақтайды [11].

Тіл мәдениетпен байланысты, бірақ онымен тепе-тең емес. Тілді қондырмамен теңестіру, бірдей деп есептеу қаншалықты қате болса, тілді мәдениетпен теңестіру, бірдей деп есептеу де соншалықты қате болмақ. Мәдениет идеологиялық, яғни қондырмалық құбылыстың қатарына енеді, осыған орай, ол буржуазиялық та, социалистік болуы мүмкін. Ал тіл қатынас құралы ретінде әрқашан жалпы халықтық сипатта болып, буржуазиялық мәдениетке де, социалистік мәдениетке де бірдей қызмет ете алады.

Тілдің өндіріс құралдарымен қызмет ету жағынан ұқсастығы бар. Тіл мен өндіріс құралдарының ұқсастығы мынада: тіл де, өндіріс құралдары да әр басқа қоғамдық құрылысқа бірдей қызмет етеді, қондырмаға қоғамдағы талаптарға талғаусыз қарайды. Дегенмен, тіл мен өндіріс құралдарын теңестіру, оларды бірдей деп есептеу қате болар еді. Бұлардың арасында түбірлі айырмашылық бар: өндіріс құралдары материалдық игілік өндіреді, ал тіл ештеңе өндірмейді, адамдардың қатынас құралы, сөйлесу, түсінісу құралы ретінде қызмет етеді [15].

Тіл – адамдардың қатынас құралы болуымен бірге, пікір алысатын, бірін-бірі түсінісетін құралы, қаруы.

Тіл мен ойлау ертеден-ақ бір-бірімен тығыз байланысты болғаны ғылыми әдебиеттерде айтылып келеді.

Тілдің шығуы еңбекпен байланыстыра қарастырылады. Еңбек болмаса, сөйлеу тілі де болмас еді. Себебі еңбектің нәтижесінде адамның миы ойлау дәрежесіне жетеді. Ойлау тек тіл арқылы болады. Тіл мен ойлау еңбек үрдісінде (процесінде) мидың жетілуіне байланысты шыққан болса, керісінше, мидың дамуы да тіл мен еңбекке қайталай әсер етеді.

Лексика дүние жүзіндегі елдердің көпшілігінде қолданылып келеді. «Лексика» деген сөз көне грек тілінен алынған, «сөз», «сөздік» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Аталған термин бір тілдегі барлық сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Лексика деген терминнің ұғымына тілдің жергілікті ерекшелігі де, тілдің говорлары мен диалектілері де кіреді. Аталған терминнің мағынасы түрліше болып келеді. Бұл термин кейде жазушының немесе жеке шығарманың тілі, ғылымының бір саласының тілі деген мағынада да қолданылады. Мұның сөздік құрам деген ұғымның мағынасына жақын болуымен қатар, одан гөрі өзгешерек, өзіне тиісті ерекшелігі де бар. Себебі лексика сөздік құрам мен негізгі сөздік қорды толығымен қамтиды, бірақ олардың арасындағы айырмашылықтарын ажыратпайды.

Лексиканың құрамына енген сөздерді тексеретін лексикология, сөздердің мағыналарын тексеретін – семасиология, сөздік жасау, сөздерді жүйелі түрде қарастыратын – лексикография тіл ғылымының

лексиканы тексеретін тараулары болып есептеледі. Жоғарыдағы айтқандармен бірге лексика грамматиканың объектісі, негізгі базасы болып табылады. Сөз лексикологияда лексикалық бірлік (единица) ретінде қарастырылады. Лексикалық единицалардың (сөздердің) жиынтығынан тілдің сөз – тілдің сөздік құрамындағы сөздер қаншама көп және алуан түрлі болғанмен, олар бір-бірімен байланысты, өзара шарттас элементтердің жүйесі ретінде өмір сүреді және дамиды. Грамматиканың, тілдің басқа салаларына қарағанда, лексика дамуға бейім болады. Лексикологияда тілдің сөздік құрамы лексикалық жүйесінің элементі ретінде қарастырылады [16].

Қатынас құралы ретіндегі тілдің сөздік құрамына және лексикалық единица ретіндегі сөздің табиғатына қатысты жалпы лингвистикалық проблемалар (көкейтесті) бар. Грамматикалық категорияларды, сөздің грамматикалық өзгерістерін, түрленуін, бір сөз бен екінші сөздің байланысын – оның негізгі объектісі (нысаны) болатын – сөзден бөліп қарауға болмайды. Морфология саласындағы сөз таптарын (зат есім, сын есім, септік жалғаулары, көптік жалғаулары) сөзден бөліп қарауға мүлде болмайды. Олардың мағыналық түрлерін сөзсіз түсіну немесе түсіндіру мүмкін емес.

Қатынас құралы ретіндегі тілдің сөздік құрамына және лексикалық единица ретіндегі сөздің табиғатына қатысты жалпы нақты бір тілдің лексикасы және оның ерекшеліктері жеке лексикологияда қарастырылады. Жалпы лексикология мен жалқы лексикология бір-бірімен тығыз байланысты болады. Мұның себебі: қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтар жеке, нақтылы тілге де тән болады. Қоғам дамуының барысында жаңа сөздердің жасалып, тілдің сөздік құрамының толығыуы, дамуы, кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы немесе өте сирек қолданылатын сөздерге айналуы – тіл атаулығы тән жалпы заңдылық. Сондай-ақ тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруі, көп мағыналы сөздердің жасалуы және синонимдік қатарлардың пайда болуы – осылардың бәрі тілдердің барлығында да бар. Сөз тудырудың бір тәсілі – сөздерді біріктіру тәсілі. Сөз тудырудың біріктіру тәсілі әр түрлі тілдерде түрліше дәрежеде көрінуі мүмкін және әрекет етуі мүмкін. Бұл тәсіл, басқа тілдерге қарағанда, көбінесе неміс тіліне тән және неміс тілі үшін ең өнімді тәсіл болып есептеледі. Сол себепті неміс тілінде біріккен сөздер өте көп. Сөздердің қосарлану тәсілі түрлі тілдерде бар, әсіресе ол түркі тілдеріне тән. Осыған байланысты, басқа тілдерге қарағанда, қос сөздер түркі тілдерінің лексикасында молынан кездеседі. Омонимдер және олардың фонетикалық өзгерістердің нәтижесінде, түбірге омонимдес аффикстердің жалғануы немесе сөздің сематикалық дамуы нәтижесінде жасалуы түркі тілдерде кездесе береді. Аталған тәсілдердің ішінде аффикстердің жалғануы арқылы туынды

омонимдердің жасалуы әсіресе, орыс тілінде түбір омонимдерге қарағанда, туынды омонимдер анағұрлым жиі кездеседі.

Тіл мен ойлау ертеден-ақ бір-бірімен тығыз байланысты болғаны ғылыми әдебиеттерде айтылып келеді [8].

Тілдің шығуы еңбекпен байланыстыра қарастырылады. Еңбек болмаса, сөйлеу тілі де болмас еді. Себебі еңбектің нәтижесінде адамның миы ойлау дәрежесіне жетеді. Ойлау тек тіл арқылы болады. Тіл мен ойлау еңбек үрдісінде (процесінде) мидың жетілуіне байланысты шыққан болса, керісінше, мидың дамуы да тіл мен еңбекке қайталай әсер етеді.

Сөз о баста күнделікті қоғам өмірінің қажетінің салдарынан пайда болған. Адамдар бір-біріне бірдеме айтуы керек болды. Сондықтан маймылдың сөйлеуге ыңғайланбаған тамағы бірте-бірте дамып, ауыз ішіндегі мүшелер айырым дыбыстардың бірінің артынан бірін айтуға үйрене бастайды. Бұдан кейін сөз бірте-бірте дами береді. Сөздің шығуы мен жеке тілдердің шығуын бір-бірімен шатастыруға болмайды. Себебі сөздің шығуы адамның адам болуымен байланысты бір миллион жыл шамасында деп топшыланып жүр. Адамның адам болуы да ойлау мен сөз болмаса, адам айуаннан бөлініп шықпас еді. Олай болса, сөз тым ертеде пайда болған. Бірақ қай жердегі адамдардың тілі бұрын, қайсысының кейін шыққаны бізге белгісіз. Сондықтан алғашқы кезде барлық материкте адамдар болып, барлығының тілі бір кезде әр жерде әр түрлі болып жасалуы ма, жоқ әлде бір жердегі адамдар дүние жүзіне таралып, әуелдегі бір тіл жергілікті жағдайға қарай, әр қилы болып кетті ма? – деген сұрауға нақты да дәл жауап беруге нақты факт жоқ болғандықтан, әр ғалым өзінше топшылайды. Р.А.Будагов, мүмкін, адам баласы географиялық жағдайға байланысты белгілі бір кең атырапта болып, соңынан басқа жерлерге тараған болар деген пікірді қолдайды. Біздің ойымызша бұл пікірдің екі жағы бар. Бірінші, адам баласының хайуанат дүниесінен бөлініп шығуына географиялық ортаның әсері тиді, олардың өмір сүруіне қолайлы жағдай қажет болды деген дұрыс. Ал бір атыраптағы адамдар басқа материктерге тараған деген пікірге күмәнданамыз. Төмендегі тірек сызба 1-де сөздің түрлеріне қысқаша сипаттама берілген.

Сонымен моногенезис (бір тілден тарау), полигенезис (көп тілден тарау) мәселерінің көпшілігі осы күнге дейін болжау дәрежесінен аса алмай, нақты шешім таба алмай келе жатуы – бұл үрдістің тым ерте кезде болғандығынан еді.

Тілдің пайда болуы жөнінде көптеген тарихшы, философ, тілшілер пікір айтты. Біреулер алла тағала даяр үйінде адамдардың қолдануы үшін жаратып, адамдарға әкеп берген деді. Кейбіреулер басқа

да түрлі теориялар шығарды. Олар негізінде материалистік тұрғыдан басталатын тұрақтану теориясы (Демокрит) ағым болды.

Сөздер		
Түрлері		Ереже
Көнерген сөздер	Архаизм	Әр халықтың тұрмыс тіршілігіне, дүниетанымына байланысты ауысып отыратын, яғни қазір басқаша аталатын ұғымның бұрынғы атауы болатын сөздер
	Историзм	Белгілі дәуірдегі ұғымға байланысты туып, қазір қолданудан шығып қалған сөздер.
Жаңа сөздер		Ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге ене бастаған жаңа сөздер
Диалект сөз		Белгілі бір аймақтан ғана тек ауызекі тілде қолданылатын сөздер
Термин сөз		Белгілі бір ғылымның, техниканың, спорттың салаларына жататын сөздер
Кірме сөз		Ана тілімізге шет тілдерінен енген сөздер
Кәсіби сөз		Белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, өнерге байланысы қолданылатын және сол кәсіппен айналысатын адамдарға ғана түсінікті сөздер
Табу сөз (бұрмалау)		Қазақ дәстүрі бойынша тура айтуға тыйым салынғандықтан, бұрмалап аталған сөздер. Табу-индонезия тіліндегі "тыйым салу" деген мағынадағы сөзден шыққан.
Эвфемизм және дисфемизм		<ol style="list-style-type: none"> 1. Эвфемизм- мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып қолданылатын сөздер. 2. Дисфемизм – эвфемизмге қарсы.

1 - Тірек сызба. Сөздер түрлері

XVII ғасырдан бастап, дыбыс еліктеу теориясы (ономопозтикалық) шықты. Бұл теорияның көрнекті өкілі Г.Лейбниц болды. Ол екі түрлі тіл бар: біреуі – ерте кезде жасалған түбір тіл, екіншісі – кейінірек жасалған жасанды тіл деп есептейді. Оның ойынша, «дыбыс еліктеу» ең алдымен түбір тілде болады. Ал жасанды тіл түбір тілді ілгері дамытады. Сөйтіп ол екеуі бірлесе отырып, дыбыс еліктеу қағидасын дамытады. Жасанды тіл түбір тілден алыстаған сайын «дыбыс еліктеу» арқылы сөз жасаудың табиғилығы азая береді.

«Эмоциялық теорияны» шығарушылар одағай сөздер дыбыс пен мағынаға бөлінбейтін бүтін болып жымдасып жатады да, олардың арасында табиғи байланыс болады, одағай дыбыстар сөздің түрлі категориясына бытырап, сөз табын жасап, сөзге айналып кеткенде, дыбыс пен мағынаның арасы алшақтап, бұрынғы байланысы жойылады деп есептейді. Шындығында, дыбыс пен мағынаның табиғи байланысы емес, сөз бен дыбыстың өзара байланысы бар.

Сондықтан тілдегі сөздерден дыбысты бөліп алып, ойлаумен, мағынамен байланыстыру дұрыс емес. Оны сөзбен бірге қарау керек.

Н.Я.Маррдың «таза сөйлеу» теориясы ойлау мен тілді екіге бөліп, бұлардың арасындағы бірлікті жоққа шығарды. Н.Я.Марр тілдің шығуын «төрт элемент теориясымен» дәлелдеуге тырысты. Қорыта келгенде, тілдің шығуы туралы мәселе әлі күнге дейін шешілмей келеді. А.А.Лентьев көптеген сұрақтарды ашық қалдырдым десе де, тілдің шығуы – лингвистиканың ірге тасы деп есептейді

1.2 Географиялық атауларды зерттеудің жаңа бағыттары

Қазақ тілі – тек қазақ халқының ұлттық тілі емес, тәуелсіз Қазақстанның барша азаматтарына қызмет ететін мемлекеттік тіл. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын халық қуана қарсы алды. Өйткені, ол баршамыздың көптен күтіп жүрген еліміз, халқымыз үшін аса қажетті құжаты болып табылады. Бұл құжатта әрбір азаматтың, ресми органдарының мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық салаларына енгізіп, белсенді қызмет етуіне атсалысуы керек екені көрсетілген. Біздерге бұл құжат тарих алдындағы борышымызды өтеуге міндетті екенімізді еске салады [17].

Тіл үйрету, үйрену бір күндік, бір айлық, бір жылдық науқан емес. Бұл мәселе күнделікті қажымас еңбектің көпжылдық жемісі болмақ. Кейінгі кезге дейін мемлекеттік тілдің статусына лайықты қатынас құрал болмай келуінің бір себебі, күнделікті талап қойып, оның орындалуын қадағалап, бақылау жасап отыратын белгілі жоспармен жұмыс атқаратын ресми орган болмағандықтан тіл желісінің өрісі кеңімей, қалыптасуы ойдағыдай болмай қалуы бәрімізге белгілі шындық. Қазіргі жағдай басқаша. Тілдерді қолдану мен дамытудың бес бөлімінен тұратын мемлекеттік бағдарламасын тікелей іске асырушы, бақылаушы ресми орган-мемлекеттік тіл департаменті құрылды. Тіл тірлігі осы мекемеге байланысты деп қол қусырып қарап қалмай, біздер қазақ тілі беделін көтеруге халық болып атсалысайық.

Тіл әрбір адамның ішкі дүниесін, ой санасын жалпы интеллектілік қабілетін сыртқы ортаға жеткізетін, таныстыратын құрал. Алдыңғы қатарлы азамат ұлт өкілі ретінде ана тілін өзі қадірлеп және өмір өрісінде басқаларға танытып мемлекеттік статусына енуіне, биіктей дами түсуіне себеп болу керек [18;19].

Жинақтай айтқанда қазақ тілі республикамызда мемлекеттік тіл мәртебесін алып отырған жағдайда жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, сала мамандары мен ғалымдар, сондай-ақ барша оқырман қауым терминдер мен ұғымдарды ана тілінде жеткізе біліп оқуы мен жазуының маңызы ерекше зор [20].

Мәселен, Қазақстанның ұлан-байтақ даласының, ата-мекен жерлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелерді көрсету,

оны ғылыми тұрғыда зерттеу Қазақстан географиясы ғылымы алдында үлкен міндеттер жүктейді.

Жаңа мыңжылдықта география саласындағы топонимикалық зерттеулердің бағыттарына қатысты мәселеде География институтының топонимика және терминология ғылыми қызметкерлері С.А.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаев географияның басқа салаларымен қатар топонимиканы дамыту керек екенін, бұл зерттеулерге жеткілікті көңіл бөлу қажеттілігін баса айтады. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік атты басылымда көрсетілгендей. «Адамдардың өндірістік және қоғамдық іс-қимылдары өзіндік атаулары бар көптеген нысандардан тұратын географиялық ортаның барлық аясында, нақты аумақтық-табиғи және аумақтық-өндірістік кешендерде өтеді [21]. Сондықтан географиялық нысандардың атаулары барлық уақытта бірдей сан-алуан атқарымдарды орындады, оларсыз еш бір қоғамдық формация өмір сүрген емес. Географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүддесінің шегінен шығып халықаралық мәнге ие болды. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады. Географиялық атаулардың өзіндік атаулары барлық жағдайларда мойындалуы және халықаралық шарттар мен келісімдерде, мемлекетаралық шекараларды белгілеу және халықаралық, пошталық, телеграфтық және электрондық байланыстарда, интернетте, сондай-ақ БҰҰ-ның халықаралық пайдалануға арналған барлық ресми тілдерде карталар мен атластар жасаған кезде дұрыс және тұрақты нысанды жазылу керек». Топонимикалық зерттеулердің маңыздылығы аталған мәселелердің қазіргі география ғылымдары үшін өзектілігімен және география ғылымында осындай бағыттарды дамыту қажеттілігімен түсіндіріледі» [22].

Қазақстан Республикасының жаңа мыңжылдықта халықаралық аренаға шығып танылуы, қоғам өмірінің алуан салаларында жүргізіліп жатқан ынтымақтастықпен байланысты еліміздің топонимдерін стандарттау, бір қалыпқа түсіру өте өзекті мәселенің біріне саналады. Өйткені ел, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық нысандар атаулары көптеген әлем елдерінде белсенді түрде қолданылып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде.

Топонимдер ұдайы толыға және жаңара отырып, өткен қоғамның да, қазіргі қоғамның да жан-жақты сұраныстарына қызмет етті және қызмет етуде. Жер-су атаулары тарихтың байланыстырғыш түйіні бола отырып, болашақ ұрпақтарға да қызмет етпек.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы көптеген ұлттық-саяси мәселелерді қазіргі талап тұрғысынан шешу үшін ономастика мен топонимикалық зерттеулерге зор талаптар қойылды. Қазіргі кезде қазақ ономастикасы, географиялық атаулардың шығу тегі жайлы зерттеу еңбектері, топонимикалық сөздіктер және оқу-құралдары жарық көруде, мерзімді баспасөзде топонимика тақырыбындағы мақалалар жиі жарияланып, география, лингвистика, тарих тұрғысында түсіндірілуде. Қазақстан аумағындағы геожүйе ерекшеліктерін анықтайтын топонимдерді географиялық экологиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің жаңа бағыттарын тұжырымдауға өмір талабы қажеттілігінен туындайды [23; 24].

Қазақстанда география ғылымының терминдері, әсіресе табиғат ерекшеліктеріне байланыстылары, ертерек дамып қалыптасты [25; 26]. Бұған ғасырлар бойы республика жерінде жинақталған миллиондаған топонимдер және оларды жасаудағы қолданылған халық терминдері негіз бола алады.

Физикалық географиялық нысандардың атауларында халықтық географиялық терминдердің жиі кездесетініне алғаш назар аударған зерттеушінің бірі – XIX ғасырдағы географ Я.В.Ханыков, ол орыс географтары арасында бұл мәселемен арнайы айналысқан. Ғалым топонимдердің жасалуында бірден-бір көп таралған тәсілдердің бірі – көл, теңіз, тау, су, ой, жар, тундра, дала, аңғар және т.б. толып жатқан географиялық жалпы есімдерге анықтауыш сөздер қосып айту арқылы жасалуын аңғарды [27].

Қазақтың географиялық терминдерінің ғылыми әдебиеттер бетінде жарық көруін Орыс Географиялық қоғамы ұйымдастырған ғылыми экспедициялардың есептері мен жол жазбаларының белгілі дәрежеде ықпал ететінін айта кеткен жөн. 1863-1885 жылдары жарық көрген П.П.Семеновтың «Россия империясының географиялық статистикалық сөздігінде» қазақ жеріндегі географиялық атаулар жинақталған. Бұл еңбектің ерекшелігі – топоним құрамындағы географиялық терминдер сызықша арқылы бөлініп жазылған. Бұл қазақ тіліндегі жазу нормасына сәйкес келмегенімен, орыс тілінде оқитындар үшін қазақ терминдерін айырықшалаудың бір жолы болғанға ұқсайды. Сөздікте терминнің қазақшадан аударғандағы мағынасы жақша ішінде берілген. Бұл сөздіктің қазіргі топонимика ғылымы үшін атаулардың тізімін, мағынасын берумен ғана емес, нысандардың географиялық ерекшеліктерін сипаттаумен де өте құнды.

С.А.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаевтың «Мемлекеттік тілде география ғылымын терминдендірудің проблемасы» атты мақаласына Мемлекеттік тілде халықтық географиялық терминдердің халықаралық терминдерге балама болатын халық терминдерін жинау қажеттігі туындаған күрделі жұмыс 1927-1931 жылдары Қызылорда қаласында

араб және латын алфавиттермен тұңғыш рет жарық көрген орысша-қазақша «Пән сөздері» мен «Атаулар сөздігінен» бастау алғандығын негіздейді [21]. Оларда 8 мыңнан аса халықаралық термин қамтылды. Соның 1-1,5 мыңдайы географияға қатысты терминдер. Сөздіктерде қазақ тілінде терминдер жүйесі жасалынып, терминдік қабілеті бар қазақ сөздері халықаралық және орысша терминдердің үйлесімді баламасы ретінде кеңінен қолданылды. Мысалы, альтиметр – биіктік өлшеуіш, архипелаг – топарал, бархан – шағыл, вулкан – жанартау, лавина – көшкін, оазис – көгал, пояс – үйек, стихийное бедствие – тілсіз апат, флюгер – желдік, экватор – белдеу және т.б.

Бұл сөздердің, сол уақыттағы ғылымның деңгейіне байланысты, осал жағы да болады. Көптеген шетелдік терминдерге олардың нақты мәнін бере алмайтын баламалар берілген. Мысалы, атмосфера да-ауа, воздух та-ауа, климат та – ауа, погода да-ауа райы, гидрология – су ғылымы, океанография – су жағырапиясы, почва – құйқа, қыртыс, долгата – ұзындық және т.б.

Көптеген халықаралық және орыс терминдерінің қазақ тіліне жақындастыру мақсатымен бұрмалап берген. Мысалы, география – жағырапия, компас – компас, гавань – ғауын, глобус – ғлобус, мензула – мензіл, нивелир – небілер және т.б.

Дегенмен бұл сөздіктердің қазақ тілінде ғылыми терминдерді жасау мен қалыптасуындағы әдістемелік рөлі әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

XX ғасырдың 40 - жылдары ғылым мен техниканың жедел даму Қазақстанда термин жасауды жаңа сатыға көтеруді талап етті.

1947 жылдың басында ҚК(б)П ОК Ленин мен Сталин шығармаларын қазақ тіліне аударуға байланысты арнаулы қаулы алды. Мұнда қазақ тілінің терминдерін жасаудың мынадай жаңа принциптері ұсынылды: «Белгілі бір ғылыми ұғымды дәл беретін қазақ терминдері жасалып, қазақ тілінде баламасы жоқ шетелдік және орыс терминдері аударылмай алынатын болса, бұлардың жазылуы орысша болсын, бұл принцип қазақ тілінің шаруашылық пен мәдениет, ғылым мен техника, әдебиет пен искусство салаларындағы терминдерін жасауда негізге алынсын».

Осы бағытта жасалған «Терминология сөздігінің» бірінші кітабы 1948 ж. жарық көрді. Осы кітапта С.Б.Бәйішевтің «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» деген мақаласы берілді. Автор онда қаулыда көрсетілген бағыт ең прогрестік бағыт болып табылады да, қазақ тілінен, не түрік тұқымдас тілдерден жаңа интернационалдық терминдерге балама іздеу, немесе шетелдік терминдерді бұрмалап жазу нағыз барып тұрған регрестік, кері кеткен бағыт деп санады [13].

Бұл сөздікке 500-дей географиялық термин кірді. Сөздік жоғарыда көрсетілген партиялық принцип аумағынан шыға алмады. Көпшілік терминдердің қазақша баламасы 1927-1937 жылдардағы сөздіктерде орысша күйінде алынды. Мысалы, вулкан-вулкан, архипелаг-архипелаг, бархан-бархан, оазис-оазис болып кете берді. Шынында бұл сөздік шетелдік терминдерге қазақ және түркі тұқымдас тілдерден жаңа балама іздеу ісіне біраз кедергі болды .

Топономист Э.М.Мурзаев еңбектерінде топонимика лингвистикалық, тарихи, географиялық әдіс-тәсілдерді қолданған жағдайда ғана нақты нәтижелер беретін дербес ғылым саласы ретінде анықталады. Физикалық географиялық нысандардың атауларында халықтық географиялық терминдердің жиі кездесетінін ескерсек, географтардың топонимикалық зерттеулерге қатысты міндетті деуге болады. Бұл «географтардың жергілікті терминологиядағы семантикалық айырмашылықтарды басқа мамандарға қарағанда жақсырақ түсінумен» анықталады. Бұл ретте Ресей Федерациясы, Әзербайжан, Молдовия, Украина, Қырғыстанның география ғалымдарының жан-жақты топонимикалық зерттеулерін атап өтуге болады.

Қазақстан географтарының арасында бұл мәселемен арнайы айналысқан, кезінде Э.М.Мурзаев «Қазақстан географиясының пионері» деп атаған Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың топонимикалық еңбектері жаңа зерттеулерге жол салды. 1949 жылдың өзінде қазақ географиялық терминдерін зерттеу, топтастыру негізінде кандидаттық диссертация қорғаған Қазақстан топонимиясының дамуына зор үлес қосты [28]. Кезіндегі Ғ.Қ.Қоңқашбаев бастап кеткен жоспарлы топонимикалық зерттеулер ҚР Білім және Ғылым министрлігінің География институтының «Геоморфология және геоакпараттандыру картографиялық» лабораториясында жүзеге асырылуда.

Ғ.Қ.Қоңқашбаев 1951 жылы тұңғыш рет қазақтың халықтық география терминдері туралы көлемді мақала жариялады [24]. Онда 700 – ден артық қазақтың төл терминдерінің орысша баламасы көрсетіліп, олардың әрқайсысына орыс тілінде толық түсіндірме көрсетіп берілді. Бұрын соңды болмаған теңдесі жоқ бұл жұмыстың маңызын сол кездегі одақ ғалымдары өте жоғары бағалады.

50-ші жылдардың аяғында республикада әртүрлі екі тілді сөздікке сұраныс көбейді. Академик Қ.И.Сәтбаевтың бастауымен, Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының 1957 жылы 13 қыркүйектегі жарлығы бойынша, барлық ғылыми – зерттеу институттары өз мамандықтары бойынша терминологиялық сөздіктер жасау ісіне кірісті. Осының нәтижесінде 1959 ж. Ж.Әубәкіров, Ө.Қазақбаев, Ғ.Қоңқашбаев, М.Өтмағамбетов жасаған 2100 терминді қамтыған «Физикалық география терминдерінің қысқаша орысша –

қазақша сөздігі» жарық көрді. Бұл жолы сөздікте орыс және шет тілдерінен алынған терминдік сөздерге мағынасын бере алатын қазақ сөздері мүмкіншілігінше кеңінен алынды. Халықаралық арнада қолданылып жүрген интернационалдық терминдердің басым көпшілігі сол қалпында қалды. Түсініксіз терминдерге жақшаның ішінде қысқаша түсінік берілді [29].

1960 жылы А.С.Титова авторлығымен жарық көрген «Словарь русской транскрипций терминов и слов, часто встречающихся в географических названиях Казахской ССР» атты шағын көлемі 56 бет, сөздік шықты. Сөздікте қазақтың халықтық терминдерін орыс тілді оқушыларға танытуда 400-ден артық сөз қамтыған және оларға толық түсіндірме берген сөздігі ғылымға келелі үлес қосты. Осыдан кейін 1963 жылы жарық көрген Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың «Қазақ географиялық атауларының сөздігі» атты еңбегінде топонимдер жасаудағы терминдердің рөлі көрсетіледі. Сөздікте 2100 топонимнің этимологиясы және көптеген қиын терминдерге түсінік берілді. Осы жылы «Орфографиялық сөздікте» үш мыңдай жер-су аттары қамтылған еңбек және 1966 жылы қазақ тілінде географиялық терминдерді көбейтуге М.Ж.Жаппасбаев, В.В.Валькова, Қ.Б.Базарбаев, С.Базарбаевтар шығарған екі тілді гидрометеорология терминдерінің сөздігінің маңызы зор болды [30;31].

География терминдерінің қазақ тілінде бір ізгі түсуіне, стандартталуына және толықтырылуына географтар Ж.Әубәкіров, С.Әбдірахманов, Қ.Базарбаев шығарған 2500-дей терминді қамтыған «Орысша – қазақша географиялық түсіндірме сөздігі» үлкен үлес қосты. Сөздікте көптеген географиялық терминдерге қазақша жан-жақты түсінік берілді. Біраз халықаралық және орыс терминдеріне жаңадан оңтайлы балама жасалды.

Бұдан кейінгі жылдары орта мектептің мұғалімдері мен оқушыларына арналған 1200 терминді қамтитын Ә.Бірмағамбетов пен К.Мамырованың, 1800 терминді Қ.Құрмановтың шағын сөздіктері жарық көрді.

Аталған еңбектердің арқасында қазақ тілінде география терминдерін жасаудың принциптері мен қазақша балама жасау жолдары анықталды. География ғылымының қазақша терминологиясы біршама қалыптасып, терминдер саны толысып, ғылымға, білімге жан-жақты қызмет ете бастады.

Қазақ тілінің география терминдерін жасаудағы мүмкіншілігі мол. Біз оны әлі түгел сарқа пайдаланғанымыз жоқ. Бір ғана 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде», 3 томдық «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» т.б. шетелдік географиялық терминдерге балама болуға жарайтын жүздеген, мыңдаған сөздер бар.

Республикамыздың елді мекендерін толық та анық көрсеткен еңбек Ю.Я.Подосенов дайындап, 1978 жылы жарық көрген «Казахстанская ССР. Административно-территориальное деление» атты еңбекте республика картасындағы атаулар түгел дерлік қамтылды. Бұл анықтамадағы атаулардың барлығы орысша жазылған және қазақ атаулары орысша транскрипциясы дұрыс емес.

Қорыта айтқанда жоғарыда аталған сөздіктер республикада география терминдерін бір жүйеге келтіруге, олардың ғылыми тілі ретінде қалыптастыруға, география ғылымынан қазақ тілінде жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар жазуға, қазақ бөлімдерінде қазақша дәріс оқуға жағдай жасады. Оған Қазақстан көлдері туралы жазылған Т.Р.Омаровтың еңбектері Ж.Д.Достайдың университеттерге арналған «Жалпы гидрология» оқулығы (онда қысқаша гидрометеорологиялық қазақша-орысша сөздік берілген) [9].

- Қазақстан Республикасының тіл саясатының концепциясында «тіл тазалығын қамтамасыз етеміз деп басқа тілден қазақ тіліне еніп қалыптасқан халықаралық терминдерден бас тартуға болмайды» дегені өте дұрыс айтылған пікір. Аталған еңбектердің арқасында қазақтың 20 дан астам төл терминдері:

- адыр, бидайық, бозінген, жар, қақ, құм, қорған, қыр, орман, саз, сай, сел, сор, сырт, тақыр, төрткіл, тоғай, томар, шағыл, шоқалақ.

Орыс, ағылшын, неміс, француз тілдеріне осы күйінде еніп дүниежүзілік география терминдерінің қорын көбейтті. Осындай жолмен қазақтың 300-дей халық термині орыс география ғылымының сөздік қорынан орын алды. Бұл мысалдар қазақ тілі тек шетел тілдерінен термин қабылдап қана қоймайтынын, өзінің де басқа тілдерге термин беріп, халықаралық термин алмасу процессіне қатысуға мүмкіншілігінің мол екенін дәлелдейді.

Аталған еңбектердің арқасында қазақ тілінде география терминдерін жасаудың принциптері мен қазақша балама жасау жолдары анықталды. География ғылымының қазақша терминологиясы біршама қалыптасып, терминдер саны толысып, ғылымға, білімге жан-жақты қызмет ете бастады.

Я.В.Ханыков, Х.Л.Ханмагомедов, Е.М.Поспелов, П.П.Семенов, Л.С.Берг, В.С.Жекулин, Б.Ә.Будагов, Н.И.Надеждин, Э.М.Мурзаев, В.А.Никонова, А.И.Попов, В.Н.Топоров, Ш.Уәлиханов, Ғ.Қ.Қоңқашбаев, Ә.Б.Бірмағамбетов, Н.И.Баяндин, А.И.Еремия, Ә.С.Бейсенова, Ж.Д.Достай, Г.В.Гельдыева, С.Ә.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаев, К.Д.Каймулдинова, А.П.Горбунов, А.С.Омарбекова, Қ.Сапаров, А.О.Мақанова жер-су атауларын география ғылымдары жүйесінде сала ретінде қарастырады.

Қазір география ғылымдарының даму тенденцияларына талдау жасау негізінде және топонимиканың қоғамдағы орнын ескере отырып,

Қазақстанда топонимиканың қоғамдағы даму бағыттарына болжам жасауға болады деп, геожүйе топонимдерін географиялық ғылыми әдістермен (теориялық, практикалық) қарастыратын негізгі мәселелері мен бағыттарының зерттелу жолдарын көрсетеді:

- география ғылымын ұлт тілінде меңгеру, ұлт тілінде сөйлету;
- тарихи жоғалған немесе негізсіз ауыстырылған топонимдерді қалпына келтіру;
- қазақтың халықтық жер-су атауларының әлемдік географиядағы алатын орны (ел, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық нысандар атаулары көптеген әлем елдерінде белсенді түрде қолданылып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде);
- экожүйелердегі уақыт пен кеңістікке байланысты туындайтын өзгерістердің кен қоры;
- табиғи ресурстары, оны халықтық шаруашылықта тиімді пайдалану және қорғаудың ғылыми негіздері;
- қолданыстағы жер-су атаулары арқылы өзгеріске ұшыраған ландшафттарды қалпына келтіру (реконструкция); тарихи ландшафт типтерінің өзгерістерін тану (топонимдерден ландшафттардың тарихи дамуы мен қалыптасуын анықтау);
- табиғатты сақтау талаптарын ескере отырып қазақ жер-су атауларының қоршаған ортаны игерудегі рөлін анықтау (көрсету);
- халықтық жер-су атауларының тұтастығын географиялық ғылыми негізде қабылдап, қоршаған ортаға тиімді ықпал ету жөніндегі іс-әрекетін меңгеру.

Аталған бағыттарды дамытудың ғылыми-қолданбалы маңызы аймақтық топонимикалық зерттеулер үшін аса зор.

1.3 Қазақстан топонимикасының эволюциялық дамуы мен кейбір ерекшеліктері

Ғылымның қай саласы болса да даму процесінде бір-бірімен тығыз байланыста өрістейді және біріне-бірі игілікті әсері тимей қоймайды. Оған дәлел жер-су атауларының тарихи қойылу себебін зерттеу, барысында ерте кездегі өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық орнын анықтау, жер бедері, пайдалы қазбалар, судың минералдық құрамы, жергілікті жердің климаты мен жазықтығы, ландшафттар ерекшеліктері туралы ақпараттық мәліметтер алуға болады. Атаулар адамзат ойының бір ғана керемет туындысы емес, сонымен бірге өткір идеологиялық құралы да болғанын көреміз [32;33].

Халқының қамқоршысы, қазақ халқының екінші жартысында және XX ғасырдың басында өмір сүрген сөз ұстасы ұлы Абай Құнанбаевтың еңбегінде *«Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»* - деген сөзіне жүгінейік. Сөздері -

өздері, көздері емеспе пе? Мысалы, орта ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым, Орта Азияның картасын жасаған Махмут Қашғари география ғылымының дамуына орасан зор үлес қосты. Біздің заманымызға келіп жеткен оның «Диуани лұғат ат-түркі» (Түрік лексикасының жинағы) атты еңбегі тіл, география ғылымдарына және бүкіл түрік әлеміне ортақ ірі энциклопедиялық қазынасын, ғалымдар «ХІ ғасырда Орталық және Орта Азияда жасалған түріктің географиялық ескерткіші», -деп атайды. Ол осы еңбегін жазбас бұрын сол кездегі түрік халықтары қоныстанған аймақтарды түгел аралап шығып, еңбегінде түрік халықтарының мекен-жайы орнындарымен (атау аттарына түсініктеме берген), мәдениеті, тұрмысы шаруашылығымен жан-жақты таныстырды.

Ал, Ішкі Азияны зерттеушілерінің ішінде топонимика мәселелеріне айырықша көңіл бөлген тұңғыш ғалым әрі ағартушы шығыс халықтарының география саласында айтарлықтай толымды да жемісті ғылыми зерттеулер жүргізген Ш.Уәлиханов [22]. Географиялық саяхаттар нәтижесінде жинаған ғалымның жер-су атаулар мәліметтері кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес бай мұра. Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Моисеевтің «Шоқан Уәлиханов шығыстанушы» еңбегінде ғалымның «Қазақстан мен Орта Азияны зерттеген орыс ғалымдарының ешқайсысы да жергілікті халықтың тілін білмегендіктен, жергілікті жердің топонимдеріне байланысты келелі пікір айта алмайды. Географиялық атауларды қазақ, қырғыз, қалмақ, шығыс халықтарының тілінен орыс тіліне аударып түсініктеме берумен қатар, географиялық орнына, табиғатына сай кең ұғымды танылу мен анықталу керек», - деп жер-су атаулар мағынасын ғылыми негізде қарастыруын керектігін ескертеді ғалым.

Ономастикалық зерттеулер тіл, тарих, археология, этнография, география, социология, геодезия және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына зер салудың шын мәнісінде қажет етеді. Ономастикалық танып-білу тарихының көптеген мәселелерін дәлме-дәл анықтап, зерттеу бірден тындыра салатын жұмыс емес, бұл саладағы міндеттер көп. Мысалы, топонимикада біз мақсат етіп отырған салалары белгілі бір дәуірде, белгілі бір елде, тарихи жағдайда мүмкіндіктерінің *жиынтығын әр кезеңде әр түрлі* сөз болып отырғандығын халықтың бірі білсе де бірі біле бермейді. Бір қарағанда адамға мұнда артық ой бөлетіндей де еш нәрсе жоқ тәрізді. Шынына келгенде, осы атаулар қалай жетті, бүгінгі күнге дейін қалай сақталынып келді және атау мағынасына көп ой бөлмейміз. Дегенмен осы бір ғылымның ауырлығы мен қиындығын Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Географиялық институты мен А.Байтұрсынов атындағы Тіл Білімі институтының топонимикалық мәліметтер негізінде зерттеушілері жақсы түсінеді [11].

Топонимика ғылымы бір күнде аяғынан тұра қалған жоқ. Ол адамзаттың, оның ішінде Орталық Азия халықтарының да талай ғасыр рухани дамуының арқасында жетіліп келеді. Өйткені қандай жаңа болмасын *көнеден* жетіледі жаңаға жетеді, сондықтан *көнені* танымай жаңаны болжау мүмкін емес. Қазақстан аймағының географиялық жер-су атауларының эволюциясын (шығуы, қойылуы мен даму тарихын) зерттеу – Қазақстан топонимикасының өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселені іздестіруде негізінен төрт дерекке сүйенуге болады:

I дерек. Қазақ жері туралы археологиялық, тарихи мағұламаттар мен орта ғасыр аралықтары. *Негізгі әдісі:* сипаттау арқылы қорытынды жасау.

II дерек. XVI мен XX ғасырға дейін. *Негізгі әдістері:* картографиялық салыстырмалы талдау, жинақтау және бақылау, ірі масштабтағы картаға түсіру, жүйелі салыстырмалы географиялық талдау (зерттеу).

III дерек. XX ғасыр, Кеңес өкіметі тұсында республика аумағының зерттелуі. 1946 жылы құрылған ҚазССР ғылым Академиясының ғылыми-зерттеу институттары (геология, география, ботаника, зоология және т.б.). 1960 ж. мұнай және табиғи тұздар химиясы институтының ғылымдары аймақ жерінің табиғатын кең ауқымды зерттеуі. *Негізгі әдісі:* комплексті картографиялық экспедиция, өлке аумақтарының ірі, орта, ұсақ масштабтағы карталарға түсірілуі. Экологиялық-географиялық, палеогеографиялық, салыстырмалы-географиялық зерттеу.

IV дерек. XXI ғасыр, жаңа мыңжылдық. Жеке даралық, бұл ғылымның жеке басына, авторлардың ашқан жаңалығына, идеясына, тұжырымына байланысты. *Негізгі әдісі:* қолданыстағы жер-су атаулары арқылы өзгеріске ұшыраған ландшафттарды қалпына келтіру (реконструкция). Табиғатты сақтау талаптарын ескере отырып қазақ жер-су атауларының қоршаған ортаны игерудегі ролін анықтау. Халықтық жер-су атауларының тұтастығын географиялық ғылыми негізде қабылдап, қоршаған ортаға тиімді ықпал ету жөніндегі іс-әрекетін меңгеру.

Т.Жанұзақ, Қ.Рысберген сынды белгілі ғалымдардың «Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы» атты еңбегінде қазақ ономастикасының оның ішінде топонимика саласының ғылыми бағыт ретінде қалыптаса бастауына географ-ғалым Ғ.Қоңқашбаевтың «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» тақырыптағы қорғалған кандидаттық диссертациясы мен осы тақырып төңірегінде жазылған көптеген мақалалары ұйытқы болды [10].

Ғ.Қ.Қоңқашбаев қазақтың халықтық географиялық терминологиясымен ғана шектеліп қалған тар шеңберлі зерттеуші емес. Оның ғылыми ауқымы, шығармашылық өрісі мейлінше кең. Ғалымның

жарық көрген мақалалары мен еңбектерінен өзінің ойлы да дәлелді ғылыми топшылауларын ол ұлтаралық қатынас тілінде де қарастырып келуіне, Шоқанның топономикалық зерттеулері үлгі болды деп ойлаймыз [11].

Ұлттық география ғылымының жеке бір саласы ретінде қазір топономикалық зерттеулердің ғылыми-ұйымдастыру жолдарының оң шешімді жалғасын тауып бой көтеріп, орныға бастағанын байқауға болады, мәселен:

- жоғарғы оқу орындарында студентер тарапынан жергілікті жердің географиялық нысандар атауынан ғылыми курстық, бітіру, дипломдық жұмыстар орындалуы;

- қазақ топономикасы мазмұндық құрылымы халықаралық конференция жинақтарында баяндамалар түрінде жарияланып, ізденістердің негізі жарық көруі;

- ҚР БЖҒМ География институтының ғалым қызметкерлері географиялық зерттеулердің тәсілдері мен әдістерін пайдаланып (ірі, орта, ұсақ масштабтағы карталарды пайдаланып) жер бедеріндегі атауларға объективті, ғылыми тұрғыдан баға беріп халыққа ұсынуы.

- Білім дәрежесі мол, озық әдістемені меңгерген қызметкерлер мен ғалым педагогтардың бүгінгі уақыт талабына сай келетінін ғылыми және зерттеу еңбектері республикалық ғылыми-педагогикалық журналдар беттерінде Ә.Б.Бірмағамбетов, С.Ә.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаев, Ж.Д.Достай және т.б. жариялануда. Әрбір азамат ана тілін өзі қадірлеп, жүрген ортасында оған деген ынтаны арттырып, оның аясының кеңеюіне атсалысып жүрген ғалымдар мен қызметкерлердің еңбектері топономикалық географияны дамытуға қолданылуда (1-кесте). Басылымдардың соңғы уақытта көбеюі, өсуі, жетілуі өрістеуі ғылымдар салаларының терминдерге, топономикаға деген талғамынан байқалады.

Кесте 1

«Қазақстанның топонимикалық және халықтық географиялық терминдер туралы» еңбектер тізімі

Авторлар	Еңбектердің аты
Конкашпаев Г.К.	Словарь казахских географических названий. -Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР. 1963. - 185 с.
Әубәкіров Ж., Базарбаев Қ., Әбдірахманов С.Ә,	Орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздік. Алматы, 1966. -204 б.
Бірмағамбетов Ә.Б.	Бұлай деп неге айтамыз? Қызықты географиялық атаулар атты көпшілікке арналған, қазақ тілінде тұңғыш шығарылған. Алматы, 1971. -63 б.
Бірмағамбетов Ә.Б. Мамырова К.	Географиялық сөздік. Алматы, 1992. -144 б. Сөздік физикалық, экономикалық және әлеуметтік географияның терминдері мен ұғымдарына түсінік берілген.
Мурзаев Ә.М.	Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. – 653 с., ил.
Құрманов Қ.	Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша анықтамалық сөздігі (Алматы, 1993, -176 б.). Алматы, 1993. -176 б.
Жүнісов Д.	Өзен-көл атаулары. – Алматы, 1985. – 128 б.
Серикбаев М., Достай Ж. Д.	Қазақстанның өсімдіктері мен жануаларының атымен аталатын атаулар картасы. М 1:3500000. - Алматы, 2001ж.
Қаймулдинова К.Д.	Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. Алматы, 2001. -92 б.
Әбдірахманов С. Ә., Базарбаев Қ.	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Геология, геодезия және география. - Алматы: Рауан, 2000. – 347 б.
Әбдірахманов С. Ә., Базарбаев Қ.,Достай Ж., Медеу А., Маканова А.	Казахско-русский и русско-казахский терминологический словарь. Геология, геодезия и география. // Республиканское государственное издательство «Рауан», Алматы, 2000. – 347 с.
Достай Ж.Д. (авторлар ұжымы жетекшісі)	Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Су шаруашылығы. - Алматы, 2002. -392 б.
Әбдірахманов С.Ә. Базарбаев Қ.	Қазақстан Республикасының атауларының мемлекеттік каталогы. I-V том. Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Алматы облыстары. Алматы, 2001-2005 жж.
Горбунов А.П.	Географические имена в горах Центральной Азии: - Алматы, 2004. - 112 с.

• Қазақстанның аймақтары бойынша әр облыстың жер-су атаулар жүйесі мазмұндық құрылымдары мен ғылыми зерттелу әдіс-

тәсілдері сипатынан бір-бірінен ерекшеленетін географиялық тұрғыда зерттеген жұмыстардан диссертациялар қорғалуда. Оған білікті география ғылымының докторлары Ә.С.Бейсенова, Ж.Д.Достай, Г.В.Гельдыева ғылыми жетекшілік етіп, жоғарғы оқу орындарына жоғары білікті мамандар дайындауда (2-кесте).

Кесте 2

Қазақстан топонимдерін аймақтық, ареалдық бағытта зерттеген кандидаттық диссертациялар

Жылдар	Зерттеушілер	Кандидаттық диссертациялар тақырыбы
1949	Қонқашпаев Ғ.Қ.	Казахские народные географические термины.
1998	Қаймулдинова К.Д.	Қазақтардың табиғатты пайдалану және қорғау дәстүрлерінің топонимикалық аспектілері.
1999	Омарбекова А.С.	Социальное и природное в формировании топонимии Улытау-Тургайского региона.
2002	Аяпбекова Ә.Е.	Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі.
2004	Сапаров Қ.Т.	Павлодар облысы топонимдерінің қалыптасуының геоэкологиялық астарлары.
2004	Мақанова А.У.	Природные основы номинации географических объектов Акмолинский области.

- Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық аспектілер бойынша зерттеу-ізденіс жұмыстары жоғары дәрежеге жеткендігін, тіл білімі ғалымдарының еңбектеріндегі тәсілдері мен әдістемесін мемлекетімізде ғылым саласында қолданыс табуынан байқауға болады. Тіл, тарих, география ғылымдарының бұл кезеңдегі жұмыстарында ономастиканың ғылыми-әдістемелік ақпараты жасала бастады. Ең бастысы қазақ елінің жер-су атаулары, тарихи атаулары жинақталып, ғылыми жүйеге түсіріліп, ғылыми еңбектер қоры жасалуда (3-кесте).

Кесте 3

Қазақ ономастикасы бойынша жарық көрген еңбектер және қорғалған докторлық, кандидаттық диссертациялар

Ғылым салалары	Қорғалған кандидаттық диссертация		Қорғалған докторлық диссертация		Монографиялар		Кітаптар		Барлығы	
	Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%	Барлығы	%
Тілдік тұрғыдан (2002 жылға дейінгі дерек).	31	33,3	7	7,5	15	16,2	21	22,6	74	79,6
География (2006 жылға дейінгі дерек).	6	6,4	-	-	-	-	13	14	19	20,4
Барлығы	37	39,7	7	7,5	15	16,2	34	36,6	93	100

- География институтының қатысуымен тұңғыш рет Қазақстан картасының қазақ жер-су атауларымен үлкен масштабтағы карталар шығару бағытында жұмыс жүргізілуде; географиялық атауларды жинақтап, топонимикалық сөздіктер құрастырылуда.

Қорыта келгенде, қазақ халқының талай ғасыр рухани дамуының арқасында жетілген, ХХІ ғасыр дәрежедегі географиялық картадағы атаулардың тарихи эволюциялық дамуы, қазіргі заман географиясының теориясы мен практикасы үлгісімен (жоғарыда келтірген I-IV деректер) ғылыми негізде қалыптасып, зерттелгені орынды.

1.4 Қазақстанның ежелгі дәуірден XVI ғасырға дейінгі тарихи-географиялық зерттеу мен ізденістер деректеріндегі нысандар топонимдері

Қазақстан аймақтарының топонимдерінің жасалуы, еліміздегі жер-су атауларының шығу, даму, қалыптасу дәуірлерімен тікелей тығыз байланыста қаралады. Сонымен қатар географиялық ортаның Қазақстан топонимдерінде бейнелену заңдылықтарының шеңберін біздің заманымызға дейінгі III ғасырда өзінің шығармаларының бірінде «география» деген сөзді тұңғыш қолданған гректің атақты ғалымы Эратосфен кезінен қазіргі жаңа мыңжылдықты басына дейінгі аймақ жерінің табиғаты туралы анықталатын географиялық атаулар жүйесінің жалпы сипаттамасы қарастырылады. Осы ретте ескертетін нәрсе, топонимдердің уақыттық (көне және кейінгі, бүгінгі жазу ескерткіштеріндегі деректер) және кеңістік (жергілікті диалектілері мен

говарлары) айырмашылықтарын бейнелеу мақсатында диахрондық және синхрондық талдаулар жасаудың маңызы зор [34;35].

Бұл талдауларды көне географиялық карталар мен ғылыми әдебиеттер негізінде орындалады. Ежелгі замандардан бастап Қазақстан және басты географиялық ұғымдар сараланып нақтылана басталды [36]. Осы аталған бағыттағы деректер Қазақстан аймағына қатысты жалқы есімдер (жер-су аттары) Геродоттың (б.з.д.IV ғ.), Страбонның, Плинийдің, Пифагордың, К.Птолемейдің, Меланның еңбектерінде, ежелгі саяхатшы, жиһанкездер мен елшілердің – М.Поло, Земарх жазбаларында кездеседі, себебі Қазақстан:

- Еуропа мен Азия секілді екі ірі құрлықтың қиылысар жерінде орналасқан:

- көне заманнан Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі болып саналған, аумағында бұрын соңды көптеген мемлекеттер пайда болып, геосаяси тұрғыда маңызды роль атқарған;

- аса ірі су айдыны Каспий теңізі маңында орналасқан.

- географиялық ортасы тарихи кезеңдерде күшті өзгерістерге түскен, сан ғасырлар бойы сақ, скиф, массагет, ғұн, оғыз, сармат, агриппей, қыпшақ тайпалары мекендеген;

- аумақ арқылы Қытай мен Монғолиядан шығып, Жоңғар қақпасы, Жетісу жерімен Тәңір тауының солтүстік бөліктерін жағалай отырып, Бұхар асқан, сол сияқты Орта Азиядан Хиуа арқылы немесе Сырдарияны бойлай Каспий ойпаты арқылы Еуропаға бағытталған және Орта Азиядан орыс қалаларына қатынайтын керуен жолдары өтетін болған.

- VIII-X ғасырларда славяндардың Қара теңіз арқылы Византиямен сауда қатынасын жасайтын үлкен теңіз жолының бір тармағы Каспий теңізі арқылы Еділді бойлай жүретін «Араб теңізі» жолы өтті [37].

Республиканың батысы мен оңтүстігі бөліктерінің табиғат жағдайлары туралы алғашқы мағлұматтар, көне деректерде – парсы жазбаларында, грек және рим ғалымдары мен жазушыларының, қытай және араб саяхатшыларының шығармаларында ұшырасады [12]. Мәселен, антикалық дәуірде Батыс Қазақстан аймағының ірі табиғи нысандары туралы «Тарих атасы» деп аталған саяхатшы ғалым Геродоттың жазған тоғыз кітаптан тұратын «Тарих» атты еңбегі ежелгі қолжазбалар ішіндегі аса құндыларының бірі болып саналады. Мұнда Геродот Дарийдің скифтерге қарсы жорығын баяндаумен қоса, Ойкуменді мекендеген тайпалар және олар жайлаған аймақтар туралы мағлұматтар береді. Ол бірінші болып Каспий теңізінің басқа сулармен жалғаспайтын тұйық су алабы екенін, оның солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла біткен жалпы пішінін дұрыс тұжырымдайды. Сонымен қатар, төмендегідей деректер келтірген: «Каспий басқа теңіздерге

ұқсамайды, себебі теңіздің басқа теңіздермен байланысы жоқ, оның ұзындығы ескекті кемемен 15 күндік жол, ал енінің ең жалпақ жеріне небәрі 8 күнде жетуге болады. Каспий теңізінің батыс жағы таумен қоршалған, шығыс жағы – қараса көз жетпейтін үлкен-байтақ жазық дала, ал Орал өзенінен әрі қарай «ойлы-қырлы тастақты жерлер», одан өтсең адам өтпес «заңғар тау бар». Саяхатшы аймақтың ірі табиғи географиялық нысандарына дұрыс түсінік береді. «*Ойлы-қырлы тастақты жерлер*» - Жалпы Сырт, ал «заңғар таулар» Орал тауы болса керек [38].

Геродот «заңғар» таулардың бөктерлерінде (Орал тауларының оңтүстік-шығыс беткейі) агриппей тайпалары мекендейтінін, онда әрі «алуан түрлі ну ормандар өскен» жерлерде (Қазақстанның солтүстік-батысы) будин тайпалары тұратынын атап көрсетеді. Будиндердің оңтүстігінде жеті күн жолдық шөл дала жатыр, ал бұл шөл даланың шығысында фиссагеттер орналасқанын баяндайды. Сөйтіп, ежелгі көшпенділер дәуірінде Батыс Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың тұрағын сипаттай отырып, саяхатшы Каспий теңізі мен оның төңірегіндегі аймақтар туралы тұңғыш географиялық деректер қалдырған. Осы деректердің бәрі «*Геродот салған жер пішіні*» атты картада көрсетілген.

Қазақстан туралы географиялық деректерді сан ғасыр бұрын бір арнаға түсіріп, айқындап берген Клавдий Птолемей өз еңбектерінде ежелгі дүниені танып-білуді дамытып қана қоймай, еуропалықтардың қазақ жері туралы географиялық ұғымының деңгейін көтереді. Бұл тұрғыда оның бесінші кітабының 8-ші тарауы К.Птолемей салған Азияның екінші картасына өте көңіл аударарлық. Мұнда «Скиф де Имаус» аумағы бейнеленген. Карта градустарға бөлініп, тік конус түрінде жасалған. Онда Қазақстан шамамен солтүстік ендіктің 49° - 60° аралығында орналасқан. Мұның өзі солтүстік ендіктің 41° мен $55^{\circ}30'$ көрсететін осы заманғы картаға деңгейлес келеді. Ендік бойынша Қазақстан аумағы $3^{\circ}30'$ сыйғызылып, К.Птолемей картасында 11° -қа теңеледі (осы замандағы) картада $14^{\circ}30'$. Скифияның оңтүстік шекарасын К.Птолемей Яксарт (Сырдария) өзені бойымен жүргізді, ал оңтүстік-батыстағы Оксит тауларының (Үстірт) етегі мен Окс (Амудария) өзенінің жоғарғы сағасы солтүстік ендіктің 43° тұспа-тұс келеді, ал осы күнгі Амударияның жоғарғы саласына сәйкес келеді. К.Птолемейдің картасында бойлық бойынша көп алшақтық бар; бұл картада Скифия аумағы шығыс бойлықтың 88° мен 140° аралығын алып жатыр, ал осы күнгі картада (Қазақстанның физикалық картасы. Масштабы 1:1500000) Қазақстан шығыс бойлықтың 49° - 87° аралығында орналасқан. Шығысқа қарай мұндай алшақтық тіпті молая түседі: Ра (Еділ) өзенінің жоғарғы саласы шығысқа қарай ығысып

кеткен. К.Птолемейдің картасы бойынша Гиркан (Каспий) теңізі шығыстан батысқа қарай созылып жатыр [38].

VI ғасырда Орталық Азия мен Қазақстанда көшпенді басқыншылардың жаңа империясы – Алтай түріктерінің қағанаты шаңырақ көтерді. Бұл империя аз уақыт ішінде Тынық мұхиттан бастап, Қара теңізге дейін мекендеген барлық халықтарды өзіне бағындырып алды. Түріктер Жоңғарияны қақ жарып өтіп, Жоңғар қақпасы арқылы Жетісуға баса көктеп кірді. Қаратал, Іле, Шу өзендерінен өткен Истемир қаған басқарған түркілер Мойынқұмды оңтүстігінен орағытып, мидай дала арқылы Қаратау жотасына бағыт алды. *Сырдария* өзені арқылы *Арал* (Батыс) теңізіне жеткен түркілер одан әрі *Мұғалжар* тауы арқылы *Еділ* (Волга) өзеніне асты [39].

VII ғасырдан бастап Қазақстан аумағын зерттеуде арабтар көрнекі рөл атқара бастады. Бұл тұрғыдан араб географтары Ибн Хордадбех, Макдисидің, Ибн Хаукальдің, Ибн Рустенің, Эл-Истахридің, Эл-Масудидің, Эл-Идрисидің, Ибн Фадланның және басқа ғалымдардың еңбектерінің маңызы айырықша зор [340].

Ибн Хордадбех қазақтың географиялық атауларынан Фараб (Отырар), Талас өзені, Күрдер (Арал), Испиджаб (Сайрам), Тараз қалалары көшіп-қонуға қолайлы жылы аймақ ретінде атап өтеді. Максиди Сырдария өзені мен Сабран (Сауран) және Шагльджан (Иқан) шаһарларын әңгімелейді.

Ибн Фадлан Бағдадтан 921 жылы 21 маусымда аттанып, Хамадан, Рей, Нишапур, Мерв, Бұхар маршрутымен жүрген. Амудария өзені мен Арал теңізінің жиегіндегі Хорезмге дейін, Үстірт пен Жайық арқылы Поволжьеге өткен. Саяхатшы жүріп өткен аймақтардың жер бедері, климаты, өзендері мен көлдері, топырағы туралы мағлұматтар келтірген. Ибн Фадлан басып өткен Батыс Қазақстан аймағының жер бедерін сөз ете келіп, жолының дені шөлейт құм арқылы өткенін және ішінара «тастақты жерлердің» де кездесетінін айтады. Тастақтар Үстірттің сол жақ беткейінен асқан тұста ұшырасқан. «Он бес күн жол жүргеннен кейін біз қаптаған тастар бар үлкен тауға келдік», - деп жазды ол. Сірә, саяхатшының бұл айтып отырғаны Солтүстік Шың (Чинк) сияқты. Осы тастақ жерлерге дейін жол Үстірт арқылы өткен, ал жотаның үсті шөлейт жазық, «*бір де бір тауы жоқ жазық дала*» екені баяндалған [38].

Ибн Фадлан өзі өткен өзендердің аттарын атайды: *Яганды* (Шаған), *Жем* (Ембі), *Жахыш* (Сағыз), *Өзіл* (Ойыл), *Ердем* (Қалдығайты), *Барыш* (Бұлдырты), *Анхаты Атил* (Итиль/Еділ/Волга), *Ирхиз* (Ырғыз) және *Жайқ* (Жайық). Саяхатшы өз жол жазбаларында әлгі атаулардың оңтүстік-шығыстан бастап солтүстік-батысқа қарай белгілі бір жүйемен келтіреді, соған қарап оның жолсапарының бағдарын анықтау қиын емес. Сонымен бірге, саяхатшы Оғыз

мемлекетінің астанасы – *Янгикент* қаласында болған. Ал ол мемлекет Орта Азияның егіншілікпен айналысатын ірі алқаптарының Хорезммен және Мауеренархрмен шектескен тұсында орналасқан. Саяхатшы Үстірт арқылы ылдиға түсіп, *Шың* (Чинк) төңірегінде құздарға келгенін, одан соң өзеннен өтіп, ұзақ жол жүріп, башқұрттарға кезіккенін және *Жем* өзені және бірнеше өзеннен өткесін ғана теңіз секілді үлкен тұйық судың жиегін мекендеген печенегтерге жолыққанын мәлімдейді. В.Бартольдтің жорамалы бойынша, бұл арада әңгіме Батыс Қазақстан облысындағы *Жамансор* көлі туралы болып отыр.

Ибн-Батутта Еділ атырауы мен Каспий маңы ойпатын, Үстіртті зерттеп, бүкіл араб әлеміне Каспий аймағының шығыс шеті екенін және нысанның жер бедері биік жалпақ екенін зерттейді, осы өңір туралы танымал болған еңбек қалдырды. Ал, Әл-Бирунидің географиялық көзқарастары келтірілген «Таксим ал-акалим» (Климаттардың бөлінуі), «Ал-Асар ал-бакийа ал-Курун ал Халиийа» (Бұрынғы ұрпақтардан қалған іздер: қысқаша «хронология»), еңбектерінде Каспий және Арал теңіздері мен олардың төңірегіндегі аудандардың неғұрлым толық әрі дұрыс сипаттамасы белгілі болды [27].

XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалымдардың бірі Махмут Қашғари география ғылымын дамытуға зор үлесін қосты. 15 жыл ізденіп 1078 жылы аяқтаған еңбегінде ономастика, оның ішінде топонимика мәселелері мол орын алған. М.Қашғари еңбектеріндегі ономастика мәселелерін зерттеген авторлардың бірі профессор Х.Хасанов «Түбірі бір түрік тілі» атты еңбекте түрік халықтарының мекен-жайлары мен тау-теңіздерінің 365 ономастикалық атауы бар: оның ішінде кісі аттары – 96; халық, тайпа және ру аттары – 78: қала, қыстақ аттары – 82: аңғар, шатқал, жайлау, жыра, шоқы, асу, қолат аттары – 68: теңіз, көл, өзен, сай аттары – 25: планета, жұлдыз, жыл аттары – 7. Кітаптағы картаны жасағанда шығыстан батысқа қарай түрік тайпаларының қоныстану ретіне қарай көрсетілгені айтылған. Бұл заңдылық география ғылымында осы уақытқа дейін сақталған. Қашғари картасын Еуразияның қазіргі картасымен салыстырғанда байқағанымыз: көптеген нысандар осы уақытқа дейін сақталған және географиялық орын дұрыс көрсетілген. Мысалы, Еділ өзені Қыпшақ еліндегі Бұлғар (Каспий теңізі) теңізіне құяды, оның бір тармағы орыс жерінен бастау алады деп жазады. Картадағы Каспий теңізінің шығыс жағалауына (қазіргі Маңғыстау түбегі орналасқан жер) «*Манқышлақ*», Ертіс өзені - «*Эртіш*» деп жазылған және т.б.

Ежелгі дәуірден XVI ғасырға дейінгі тарихи-географиялық зерттеу мен ізденістер деректеріндегі жер-су атауларын жинақтау жолында антикалық авторлар жазбаларында Қазақстанның ірі географиялық нысандары мен өзен-көлдері және теңіздері жөнінде дұрыс мағлұматтар берген [41].

1.5 Қазақстан географиялық атауларын топтастыру принциптері

Қазақстан аумағының географиялық атауларының қойылуы табиғаттың көріністеріне және табиғат байлықтарына, оның ландшафтына, жер бедеріне, өсімдік жамылғысына, жануарлар дүниесіне, нысанның түр-түсіне, физикалық-географиялық қасиетіне немесе сол нысанның басқа бір затқа ұқсатуға, шаруашылығына теңеуге байланысты қойылған. Республика топонимінде көп кездесетін атаулар – географиялық жалпы атаулардан жасалған топонимдер. Бұл топонимдердің ерекшелігі – олардың жасалу жағынан негізгі ұйытқысы географиялық жалқы атаулар болып табылады.

Қазақстан жер-су аттарын, олардың жасалу заңдылықтарын, әрбір атаудың қойылу сырын ғылыми тұрғыдан зерттеген, оған толық лингвистикалық талдау жасаған А.Әбдірахманов Қазақстан аймағының топонимдері жайында деректер келтіреді. Ғалым Қазақстан топонимдеріне лексикалық жіктеу жасап, 14 бөлікке бөліп қарайды, бәрінен де Қазақстан топонимдерінен мысалдар келтіріп және топтастыруда бірнеше ережелерді (принциптерді) негізге алған.

1. Негізгі және туынды сын есімдерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы жасалған топонимдер: а) *ақ, қара, қызыл, көк, сары, шұбар, ащы, жалпақ, жаман, жаңа, сұлу, терең, төмен, ұзын* т.б. осы сияқты сын есімдерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы жасалған топонимдер көп. Мысалы, Ақадыр, Қарабұлақ, Жалпақтөбе, Тереңөзек, Табақбұлақ, Ұзынкөл, Шұқырбұлақ және т.б.

ә) *егінді, қамысты, талды, шөпті, балықты, бөрлі* деген сияқты туынды сын есімдерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы жасалған топонимдер: Егіндікөл, Талдықорған, Шөптікөл т.б.

2. Сын есімдерге өсімдіктер аттары қосылу арқылы да жасалады. *Ақ, қара, қызыл, көк, сары, ұзын* т.б. сын есімдерге есімдік аттары қосылу арқылы жасалған топонимдерге мысалы: Ақтоғай, Қаратал, Қызылқоға, Көктал, Сарыағаш, Ұзынағаш.

3. Сын есімдерге жануарлар аттары қосылу арқылы жасалған топонимдер. *Ақ, ала, арық, жирен* деген сияқты сын есімдерге жануарлар аттары қосылу арқылы топонимдер жасалған. Мысалы: Ақбалық, Алаайғыр, Арықбалық, Жиренайғыр, Мыңжылқы.

4. Сын есімнің – *лы/лі, - ды/ді, - ты/ті* жұрнағы арқылы топонимдер жасалады.

а) Алматы, Жуалы, Жыңғылды, Қарағанды, Қоғалы, Көкпекті, Қурайлы, Мойынты, Сексеуілді, Темекілі, Теректі, Шеңгелді.

ә) жануарларға байланысты топонимдер. Мысалы, Арқарлы, Боталы, Бөрлі, Жыланды, Қарқаралы, Маралды, Текелі, Шортанды т.б.

б) географиялық нысандардың қасиетіне байланысты топонимдерге мысал: Қайрақты, Нілді.

5. Сан есімдерге және сан есімнің орнына қолданылатын сөздерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы жасалған топонимдер. Бір, екі, үш, жүз, мың деген сияқты сан есімдерге және жалғыз, сегіз, қос, көп деген сияқты сан есімнің орнына жүретін сөздерге географиялық жалпы атау қосылу арқылы топонимдер жасалған. Мысалы: Біршоғыр, Егізқызыл, Екібастұз, Қосқұдық, Үшарал, Бесарық, Жұзағаш, Мыңадыр, Жалғызтөбе.

6. Екі зат есім қосылу арқылы жасалған топонимдерге мысал: Жалағаш, Жарқамыс, Ойтал, Айғыржал, Айнабұлақ, Қотырмас, Құсмұрын, Түлкібас, Мойынқұм, Жаркент, Шымкент, Шөлдала.

7. Бір ғана есім сөзден жасалған топонимдер мысалы, Ырғыз, Шоқпар, Босаға.

8. Ілік септік пен тәуелді жалғаулы сөз тізбегі арқылы топонимдер жасалған. Мысалы, Шамалған станциясы, Абралы ауданы.

9. Есімшенің - ған, - ген, - қан, - кен формаларына аяқталатын топонимдер. Ірі нысандар Жезқазған, Тайсойған, Терісаққан.

10. Есімшенің - ар, - ер, - с формаларына аяқталған топонимдер. Мысалы, Отырар, Атбасар.

11. Жедел өткен шақты етістіктің -ды/ді формаларына аяқталатын топонимдер. Мысалы, Байқонды, Қондыбай.

12. Топонимдердің тарихи қалыптасуындағы лексика-синтетиксистік құбылыстар. - ған, -ген, -қан, кен формаларына аяқталған топонимдердің синтаксистік жағы. Мысалы, Маясалған, Нарсойған, Тоқайқазған.

13. - ар, - ер, - с формаларына аяқталған топонимдердің синтаксистік жағы. Мысалы, Қойбағар, Жылқыайдар, Барсакелмес.

14. - ды/ді формаларына аяқталған топонимдердің синтаксистік жағы. Мәселен, Қарауылкелді.

Қазақстан топонимдерінің мол лексикалық жіктелуінің себебі:

1. Атаулардың пайда болуы ертедегі көне тайпалардың көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы тұрмысы көне дәуірлер мен орта ғасырларда орын алған негізінен мал шаруашылығымен кәсіп тіршілігіне байланысты.

2. Республика жер бедерінің ерекшелік сипатына байланысты.

Соңғы отыз жыл ішінде топонимдердің лексикалық семантикалық тұрғыдан талдау жөнінде біраз еңбектер жарық көрді. Ол еңбектерді толықтырған, жаңадан ой-пікір айтқан тың зерттеушілер саны да соңғы 5-10 жыл ішінде көбейіп отыр.

Топонимдердің семантикасы деп аталып отырған белгі бір нысан жайында тиісті дәрежеде мағлұмат беріп қана қоймай, сол жер-суға адамның қатынасын да көрсетіп отырды. Сондықтан топонимдер семантикасының қыры мен сырының егжей-тегжейін жан-жақты, терең де, мазмұнды етіп айқындап, анықтап түсуде кеңінен қолданылатын

аталмыш әдістің ең басты жолы – лексикалық семантикалық топтастыру болып табылады. Т.Жанұзақ «Орталық Қазақстанның жер-су аттары», «Қазақстан географиялық атаулары Алматы облысы», «Қазақ ономастикасы» атты еңбектерінде мұндай топтастыру арқылы топонимдерді алуан түрлі семантикалық топқа бөліп саралауға болатынын атап көрсетеді.

В.А.Никонова топонимдерді зерттеу жұмыстарында географиялық атауларды топқа бөлуді атау тұрғысынан қарайды. Топонимдерді зерттеуде олардың үш түрлі семантикалық типке бөлуін орынды санайды.

- Географиялық нысандардың белгісіне қарай.
- Нысанның қай аймаққа тәуелді болуына қарай.
- Арнайы қойылған атаулар.

В.Н.Топоров және О.Н.Трубачев Днепр гидронимдерінің этимологиялық тұрғыдан талдаған еңбектерінде олардың бірнеше семантикалық топтарға бөліп қарастырады:

1. Жапырақ, қамыс, қалақай, қырықбуын атауларынан қойылған гидронимдер.

2. Ағаштың барлық түрінен қойылған гидронимдер.

3. Жер асты қабаттары мен топырақ ерекшеліктеріне байланысты гидронимдер.

4. Судың түсіне байланысты гидронимдер.

5. Өзеннің ағысы мен судың ерекшелік сипатына байланысты гидронимдер.

6. Қоршаған ландшафт ерекшеліктеріне байланысты гидронимдер.

7. Өткелдер мен бөгендер және т.б. су көздері аттарымен байланысты гидронимдер.

8. Облыс аумағы немесе шекарасымен байланысты гидронимдер.

9. Жануар аттарымен байланысты гидронимдер.

Бұл топтастыру белгілі түріктанушылар еңбектерінде де орын алғаны мәлім. Оны Г.Ф.Саттаров, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, С.Атаниязов, О.Т.Молчанова, А.А.Камалов, Қ.Қоңқабаев және т.б. зерттеушілерінен көреміз, сонымен қатар О.Т.Молчанова, О.А.Султаньяев, Қ.Қоңқабаев сияқты ғалымдардың ұсынған семантикалық топтастыруларының негізі бар, өзара сабақтас та, мазмұндас. Аталмыш ғалымдар қазақ, алтай, қырғыз тілдеріндегі географиялық атауларды лексикалық семантикалық тұрғыдан екі топқа бөлді:

1. Нысандардың физикалық географиялық сипатын көрсететін атаулар.

2. Адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атаулар.

Лексикалық семантикалық жіктеуге назар аударудың ең басты мәні – ғалымдардың топонимдердің лексикалық тұрғыдан топқа бөле отырып, мән-мағынасын ашу, адамның іс-әрекеті, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады.

Сонымен, Қазақстан топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алады. Физикалық географиялық нысандарды атауда халық ең алдымен географиялық ортадағы табиғат жағдайларының шаруашылық үшін маңызына қатысты бөлігін таңдап алды. Бұл жөнінде тарихи география саласындағы зерттеулерімен белгілі профессор В.С.Жекулин былай дейді: «Географиялық атаулар өзінің семантикалық жөнінен утилитарлы. Олар сан ғасырлық шаруашылық әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын табиғатқа деген көзқарасын бейнелейді» [42; 43].

Географиялық ортаның Қазақстан топонимдерінде бейнеленуі туралы мәселеде бұдан басқа да заңдылықтар бар екендігі белгілі. Топонимика ғылымында географиялық атаулардың «салыстырмалы негативтілігі» туралы заңдылық негізделген. Бұл заңдылық бойынша, географиялық атауларда жергілікті жерге тән емес, ерекшелік жасайтын табиғат құбылысы бейнеленуі мүмкін. Аталған заңдылық географтар тарапынан сынға ұшырағанымен, сирегірек болса да, ұшырасып отырады.

Геожүйені бейнелейтін географиялық атауларды топтастырудың топонимикалық, тарихи географиялық зерттеулер үшін маңызы зор. Қазақстан топонимикасында бұл мәселе тіл мамандары А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақ зерттеулерінде де қозғалған.

Географтар тарапынан топонимдердің табиғи ортамен байланысын көрсететін топтамаларын жасаудың үлгілері Э.М.Мурзаев, Ғ.Қ.Қонқашбаев, Ә.Б.Бірмағамбетов және т.б. еңбектерде келтірген. Қазақстан жерінің кеңдігі мен геожүйесінің алуан түрлілігі, бір-бірін қайталамайтын табиғат кешендері – үлкен массивті құмдары, жазира даласы, қарлы-мұзды биік таулары, құрғақ климаты, теңіз деңгейінен төмен жатқан ойыстарымен, күрделі геологиялық құрылыстары, ежелгі географиялық тарихы, мол табиғат байлығымен өзара ерекшеленетін байтақ еліміздің табиғат аймақтарындағы ландшафт ерекшеліктерін білдіретін топонимдердің молдығы бұл мәселені арнайы зерттеуді қажет етеді [44].

Сонымен Қазақстан топонимиясының қалыптасу жадайлары мен құрылымының жалпы ерекшеліктеріне талдау жасаудың нәтижесінде мына мәселелер төңірегінде ой қорыттық:

- географиялық орнының ерекшеліктері мен айырықша табиғат нысандарының болуына байланысты зерттеушілер назарына ерте

іліккен; бұл көне географиялық атаулардың жазба нұсқаларының сақталып, осы күнге дейін жетуі.

- ата кәсібінде мал шаруашылығы болған қазақ халқы ұзақ жылдар бойы жер бедерінің ұсақ пішіндерін, шаруашылық әрекетіне қажетті су көздері мен мал азықтық өсімдіктер, жайылым түрлері мен олардың маусымдық ерекшеліктері жөнінде географиялық ақпарат жинақтаған;

- жоғарыда келтірілген сөздіктер және сөздік республикада кейінгі жылдары болып жатқан жанжақты өзгерістерді ескеріп жаңа ғылыми негізде жасалған, Мемлекеттік терминком бекіткен, барлық пайдаланушыларға бірдей міндет, қоғамның барлық топтарының сұранысын қанағаттандыратын мемлекеттік тілде географиялық кітаптарды басып шығаруға көмектесетін, терминдерді пайдалануды бір қалыпқа келтіріп және оларды стандарттайтын еңбектерді дайындау, оңды ұйымдастырумен ұластыру;

- геожүйе топонимиясының қалыптасуын жергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетаным мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты жүрген тарихи құбылыс деп бағалауға болады;

- Қазақстанның ұлан-байтақ даласының, ата-мекен жерлерінің байырғы, ұмыт болған атаулары жайлы мәселелерді көрсету, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу;

- Қазақстан топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы орын алады.

1.6. Топонимдерінің тарихи-лингвистикалық талдауы

Өркениеттің дамуы, адам ақыл ойының өрістеуі, қоршаған орта мен қоғамды тануға ұмтылыс жасауы нәтижесінде географиялық ортаға деген ұғымның қалыптасуына жағдай жасайды. Табиғатпен тіл табысу табиғат ресурстарын игеруге, табиғаттың түр-түрпатын бедерлеуге, мұнан соң географиялық атаулардың пайда болуына алып келеді. Кең дала төсінде, табиғатпен етене өмір сүру жалпы көшпенділер жұртының, сонымен қатар қазақ халқының төл мәдениеті деп түсінесек халықтық ұғымдардағы геоэкологиялық түсінік элементтері географиялық атауларда жинақталады. Геоэкологиялық атауларды қалыптастырушы негізгі фактор – халық десек, кез келген халықтың рухани элементі өзі өмір сүрген орта мен өзі қолданыс ретінде пайдаланған шаруашылық тұрғысынан алатыны айқын. Қазақ халқына тән топонимдер көшпелі отырықшы мәдениетіне орайластырылып, мал шаруашылығы, жануарлар әлеміне және фитонимдік ұғым санатында өрбіп, нәтижесінде жер-су аттарын айыра білу, географиялық нысандардағы белгілерді нақтылауға алып келеді [10]. Сондықтан да қай өңірге тән топонимді алмайық сол дала халқының

түсінік ұғымы, физикалық-географиялық құндылықтарын көрсететін мәлімет екендігі анық.

Кең байтақ қазақ жерінің оңтүстік өңірін алып жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат жағдайлары мен ресурстары алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Жердің ауданы шағын (басқа облыстармен салыстырғанда) (117,3 мың км), халық саны едәуір көп (2,9 млн адамнан астам) облыс 11 әкімшілік ауданға бөлінген. Облыс аумағындағы шаруашылыққа қолайлы шұраттар мен тау бөктеріндегі аудандар ежелгі замандардан бері игеріліп, суармалы егіншілік пен мал шаруашылығының, тау-кен ісі мен зергерлік өңірдің ошағы болған. Батыс пен Шығыстың заттық және рухани әлемін жалғастырған Ұлы Жібек жолының негізгі тармағы кесіп өткен бұл өңірде көне замандардың өзінде сан түрлі халықтар араласқан, сәулетті қалалар пайда болып, табиғат байлықтары тиімді пайдаланылған [2].

Табиғат жағдайларын шаруашылық мақсатта пайдалану географиялық білімнің нақталуына ықпал етті. Жергілікті табиғат ерекшеліктерін танып-білу қоршаған ортадағы географиялық нысандардың ерекшеліктерін нақты байқап, оларды атауларда бекітумен қатар жүреді. Аумақтағы географиялық атаулар ежелгі дүние ғалымдарының, орта ғасыр саяхатшыларының, кейінгі кезеңдердегі зерттеушілер еңбектерінде тіркеледі.

Қазақстанда лингвист ғалымдар XX ғасырдың екінші жартысында географиялық атаулар мен терминдердің шығу тегі мен мағынасына қатысты жан-жақты этимологиялық, лексикалық-семантикалық зерттеулер жүргізді. Осы зерттеу барсында көптеген атаулардың тілдік негіздері мен құрылымына, аумақтық, жергілікті таралуына қатысты жаңа нәтижелер алынып, топонимика ғылымының теориясы байытылды. Бұл ретте Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-лингвистикалық тұрғыда арнайы зерттеген Қ.Рысбергенова [8].

Соңғы жылдары арнайы зерттеулер жүргізген К.Д.Каймулдинова (1998 ж.), А.С. Омарбекова (1999 ж.), Ә.Е. Аяпбекова (2002 ж.), А.У. Мақанова, Қ.Т.Сапаровтың (2004 ж.) ғылыми нәтижелері топонимика ғылымын табиғатты пайдалану және қорғау, экономикалық және әлеуметтік, физикалық география, геоэкономика бағытында дамытуға негіз болды. Осы негізде жасалған жұмыстарды ескерсек, Қазақстан аймақтық топонимикалық зерттеулерге бастама салынды деуге болады. Жеке облыстардың топонимикалық жүйесін жан-жақты зерттеу арқылы көптеген атаулардың шығу тегі мен мағынасына қатысты жаңа деректер алып, атаулардың жергілікті географиялық шындықпен байланысын анықтауға болады.

Осы жұмыстар негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының топонимикалық талдау жүргізу төмендегі міндеттерді шешу негізінде жүзеге асты:

нақты дерекетерге сүйене отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат жағдайларының топонимдерде бейнелеу заңдылықтарына талдау жасау;

аумақта кең қолданыста жүрген, географиялық атаулар құрамында жиі кездесетін халықтық географиялық терминдердің мағынасын талдап, таралу жиілігі мен қарқындылығын анықтау;

Оңтүстік Қазақстан облысының ландшафттық топонимдерін зерттеу;

- аумақтағы табиғатты пайдалану мен қорғауға қатысты атаулар жиынтығына арнайы талдау жасау;

- Оңтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің қазіргі жай-күйіне шолу жасап, зерттеудің қолданбалы маңызын негіздеу.

Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат ерекшеліктерін бейнелейтін географиялық атаулар тобына талдау жасауға, ландшафттық топонимдерге қатысты мәселелр географияның топонимикамен байланысы тұрғысында тұңғыш рет негізделді. Бұл Қазақстандағы топонимикалық зерттеулерді физикалық география, ландшафттану бағытында дамытуға мүмкіндік берді.

Оңтүстік Қазақстан облысының топонимикалық жүйесі – осы аумақты мекендеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің ғасырлар бойы жинақталып, сақталып қалған көрініс. Өткен замандардың реликтік мұралары ретінде тарихи топонимдер аумақтың табиғат жағдайларын, ондағы мемлекеттер мен халықтардың тарихындағы маңызды оқиғаларды жадында сақтап, қаз калпында бүгінгі күнге жеткізіп отыр [32].

Ғалымдардың болжамы бойынша, мұнда адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай осыдан 3-5 млн жылдай бұрын қалыптасқан. Қаратау өңірінен табылған алғашқы адамдардың палеолиттік қоныстары осының айқын дәлелі. Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай Қошқорған ауылы маңында палеолиттік (б.з.б. 500 мыңжылдық) Қошқорған тұрағы табылған.

Облыс аумағында неолиттік петроглифтер облыс аумағын мекен еткен ежелгі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін ғана бейнелеп қоймай, осы өңірге тән жануарлар дүниесінен де хабар береді. Географиялық атауларда петроглифтер кездесетін аудандар айрықша атаулармен (Тамғалынұра, Тамғалытас, Таңбалы тас және т.б.) белгіленген. Шымкент қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 43 км жерде табылған Қарауңгір неолиттік тұрағы өзі аттас өзеннің бойында орналасқан. Үңгірді қазу барысында тас құралдар табылған. Ал Отырар ауданындағы Қожатоғай кеңшарынан оңтүстік-шығысқа қарай 47 км жерде ежелгі неолиттік қоныс орны анықталған. Бұл жерді халық Таскотан деп атайды. Археоним өз атауының мағынасын толығымен растайды: бұл жерден 3 мыңға жуық тас құралдары мен тас қаңқалары табылған. Кейінгі мәдениеттің үлгілерін археологтар Арыс және Сырдария алаптарындағы алғашқы егіншілік

ошақтарынан, Қаратаудағы кен ісі өркендеген аудандардан кездестірген [44]. Географиялық орнының ерекшеліктеріне орай, облыс аумағы тарихи кезеңдерде Орта Азия аймағында жүрген саяси, экономикалық оқиғалардың арена болды. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ежелгі отырықшы өркениеттің ошағы болған бұл ұлы өзеннің аңғары суармалы егіншілік пен қолөнердің, сауда мен қала мәдениетінің орталығы қызметін атқарды. Сырдария бойында ежелден бері Орталық Қазақстанда тұрған көшпенділердің қыстаулары орналасатын. Сыр бойындағы шұраттар мен қалалар олардың жолдарында ешқашан бөгеу тұрған жоқ, сол себепті көшпенділер мен отырықшы халықтың арасында өзен жағалауындағы жер дауы туындаған жоқ.

Оңтүстік қалалары шаруашылық, мәдени этностық құрылымы жөнінен айырмашылық жасайтын аймақтарды жалғастырып жатты. Қалалар түркі халықтары мекендеген, егіншілік дамыған шұраттарда пайда болған. Ең ежелгі қалалар Отырартөбе, Құйрықтөбе, Марданкүйлік, Оксус, Бұзықтөбенің орнында жатыр [6]. Бұл этностық негізге берілген атаулар өзгеріссіз қалған.

Облыс аумағында қазба жұмыстары жүргізілген Көкмардан, Бұзықтөбе, Пышақшытөбе, Шойтөбе (Шауғар), Құйрықтөбе (Кердер), Қауғаната, Күйікмардан сияқты археологиялық нысандардың атаулары нақты елді мекендердің тарихи топонимдері болып табылады.

Тарихи-лингвистикалық зерттеулер нәтижесінде сүйену аймағы географиялық атаулардың шығу тегі мен тілдік құрылымын географиялық шындықпен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мұның барлығы қосыла келіп, ақыр соңында облыстағы кең тараған топонимдердің типтері мен олардың болу ерекшеліктерін анықтауға жағдай жасайды. Осы аталған мәселелерді облыс аумағындағы географиялық атаулардың қалыптасуына тарихи тұрғыдан талдау барысында ескеріледі.

Талас Алатауының бөктері мен Арыс өзенінің жоғарғы ағысында, Сайрамсу аталатын өзен жағасында орналасқан. IX-XII ғғ. Оңтүстік Қазақстанның орталығы болған Испиджаб қаласы туралы 629 жылы Қытай саяхатшысы Сюань Цзянь Ақ өзенде тұрған қала деп жазған, бұл Испиджаб жөніндегі алғашқы жазба дерек болып табылады. Кейінірек М.Қашқари Сайрам Испиджаб деп аталатын Ақ қаланың атауы. Оны кейде Сайрам деп те атайды деп жазған. Жалпы қала сол кезеңдерде 28 га аумақты алып жатқан. Сайрам атауы осы күнге дейін жеткен, сол себепті осы маңдағы қала үйіндісін ортағасырлық Испиджаб демеуге ешқандай себеп жоқ. Сайрам қаласының орны қазіргі Сайрам кентінің оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде орналасқан [7].

Испиджаб маңында Манкент, Газгирд және т.б. қалалар орналасқан. Манкент қаласы жөнінде араб географы Иақұт Испиджаб маңындағы қала деп көрсеткен, яғни қала атауы осы күнге дейін сақталған. Ал ортағасырлық Газгирд қазіргі Шарапхана ауылы маңындағы VII-X ғғ.

Болған қала үйіндісіне сәйкес келеді. Газгирд маңында 712-713 жж арабтар қытайлықтарды жеңіп, сол кезден бастап қала атауы Шарапхан-жеңіс үйі деп аталған, қазіргі Қазығұрт атауының шығу тегі көне Газгирд атауымен байланысты. Отырар атауы VII ғ, бастап атала бастады. Дәл осы кезеңде қаланың екінші атауы – Фараб та белгілі болды. Қала тарихын жазба деректер бойынша XIX ғасырға дейін бақылауға мүмкіндік бар. Отырар топонимін К.Байпақов оғыз тіліндегі тұрақты қоныстарға қатысты қолданылатын отырар түсінігімен байланыстырады. Жалпы алғанда, топонимдерді аумақтық шоғырлану, яғни ареалдық тұрғысынан зерттеудің ғылыми маңызы зор. Бұл тұрғыда әсіресе жергілікті географиялық терминдер мен жекелеген сөздердің топонимдерде қайталану заңдылығы айрықша көңіл аударуға тұрарлық. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында құрамында Қытай этонимі бар географиялық атаулар тобы анықталады және олардың таралу ареалы шектеулі аумақты ғана қамтиды. Олардың арасында Қаратау өңіріндегі Үлкен Қытай жотасы, Қытай бұлағы, Қытайөзек құрғақ арнасы, Қытайсай деген сай атауы бар.

Иасы XVI ғ. тұрақты астанаға айналады. Қала осы кезеңде Түркістан деп аталды. Осы аумақта Ақсүмбе, Арыс, Күлтөбе, Қаратау, Сайрам сияқты қалалар болған. Осы кезеңде облыс аумағында өмір сүрген қазақ рулары мен басқа халықтардың шоғырланған аудандары географиялық атауларда бекітілген [44]. Облыс аумағында елді мекендер атаулары арасында Жалаңтөс, Теке (Түркістан), Бағаналы, Бөке (Қазығұрт ауданы), Қоңырат (Мақтарал ауданы), Шапырашты (Сайрам ауданы), Әлімтау (Сарыағаш ауданы), Керейіт (Түлкібас ауданы) және т.б. этнотопонимдер тіркелді. Микротопонимдерде де бұл құбылыс айқын көрінеді. Сунақ, Найман, Шағатай, Сарыүйсін аталатын арықтар, Арғынсай, Қоңыраттөбе, Өзбектөбе, Қыпшақадыр сияқты оронимдер, Ақша, Қалмаққұлаған, Ноғайқора, Жалайыр ойконимдері, Шапырашты гидронимі бар.

Қазақ жерін XVIII-XIX ғғ. патшалық Ресей отарлау саясатын жүзеге асырды осы мерзім ішінде облыста Қоқан хандығының езгісін де басынан кешірді. Көптеген қалалар жаудан қорғану мақсатында биік қабырғалы бекініс – қорған салуға мәжбүр болды. Қазірге дейін кейбір елді мекендердің атауларында сақталып қалған қазақтың қорған сөзі – осының дәлелі. Бабайқорған, Кешқорған (Түркістан), Бесқорған, Қожақорған, Нұржанқорған, Ханқорған (Сайрам ауданы), Шолаққорған (Созақ ауданы), Есікқорған (Сарыағаш ауданы) атаулары осы топқа жатады [43]. Бұл жерлер қазіргі таңға дейін өз атауларын жоғалтпай, сақтап отыр.

Облыс аумағындағы ежелгі атаулардың көпшілігі антик дәуіріндегі жазба ескерткіштерде кездеседі. Белгілі топонимист Е.Керімбаев Қазақстан оронимиясын талдау барысында қазба ескерткіштерде аталған тарихи оронимдерді үш тарихи кезеңге бөліп

қарастырды:

XI-XV ғасырлар аралығын қамтыған алғашқы кезеңді араб және парсы жазбаларында тіркелген атаулар;

XV-XVII ғасырлардағы – парсы және түркі шығармаларындағы атаулар;

XVIII ғ. мен XIX ғасырдың басындағы орыс географиялық әдебиетіндегі тарихи атаулар [41].

Оңтүстік Қазақстан облысы да осы ерекшеліктерге сүйеніп зерттелген.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа жолдауында топонимдерге жаңа есімдерді беру жайлы сөз қозғалды. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асыру қажеттігі де айтылды. 2017 жыл еліміз үшін жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болды. Елбасының айтқанында осы бағдарлама 5-7 жыл көлемінде тоқтаусыз жүзеге асса, көптеген мәселенің шешілуіне негіз болмақ. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталады:

Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

«100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау [15].

Осы бағдарлама аясында «Мәдени мұра» іс-шарасы елдегі тарихи ескерткіштерді жаңғыртып, қайта жаңдандыруға өз септігін тигізіп жатыр.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. *Топоним* мен *топонимия* ұғымдары неге тығыз байланысты?
2. Тілдік ерекшеліктері бойынша Қазақстанда қандай топонимиялық топтарды ажыратуға болады?
3. Топонимиканың зерттеу объектісі не?
4. Номинацияға әсер ететін факторлар қандай топтарға бөлінеді?
5. Номинация принципі деген не?
6. *Топонимизация* және *детопонимизация* ұғымдарының қандай айырмашылықтары бар?
7. Қазақстанда *трансонимизация* құбылысы байқала ма? Оған қандай мысалдар келтіруге болады?
8. Топонимнің этимологиясы мен этиологиясы ұғымдарында қандай айырмашылықтар бар?
9. Топонимдерді қандай мағыналық топтарға бөледі?
10. Топонимдердің

құрылымдық топтары қандай?

11. Топонимикалық дерек көздері деген не, олардың қандай түрлері бар? 12. Далалық топонимикалық зерттеулерді қалай ұйымдастыруға болады? 13. Ғылыми әдебиеттерден топонимикалық дерек жинақтау қалай

жүргізіледі?

14. Картографиялық дерек көздерінің артықшылықтары неде?

15. «Топонимика ғылымы – интеграциялық ғылыми сала» дегенді қалай түсіндіруге болады?

16. Топонимика ғылымы аясында қандай бағыттар дамуы мүмкін?

17. Географиялық бағыттағы топонимиканың қазіргі зерттеу проблемаларына нелер жатады?

18. Номинацияның этностық ерекшеліктері дегенді қалай түсінуге болады?

19. «Ландшафтық топонимия» деген не?

20. Қазақстанда белгілі бір терминдер мен атаулардың ландшафтыларға шоғырлануына мысал келтіруге болады?

21. «Топонимиялық жүйе» дегеніміз не, оның кеңістіктік заңдылықтары деп нені түсінуге болады?

22. Қазақстан топонимикасы үшін микротопонимияны зерттеудің қандай маңызы бар?

23. Азияда қандай тарихи атаулар бар?

24. Азиядағы физикалық-географиялық объектілердің атауларының ерекшеліктері қандай?

25. Азия шөлдерінің атауларында қандай терминдер кездеседі?

26. Азиядағы мемлекет атауларының қалыптасуына қандай факторлар

басым ықпал еткен?

27. Мемлекет астаналары атауларында қандай ақпарат түрлері кездеседі?

II. ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНДЕ ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Географиялық атаулардың шығу төркіні, олардың атау себебі адамдардың ерте заманнан-ақ қызықтырып келген. Өз тұсында көне грек данышпаны, асқан ойшыл, энциклопедист – ғалым Аристотель топонимдерді этимологиялаумен әуестеніп «Бұл өзі бір жүйелі құрылымның нысанына ұқсайтындай» деген. Қазақстан аймағының кейбір географиялық атауларының тарихы тым арғы дәуірлерге барып тіреледі. Мәселен көне дәуірде адам өз сөз қорының аздығына байланысты географиялық нысандардың түр-түсіне, ерекшелігіне орай сипаттама бере алмаған, сол себептен ол өзенді де, көлді де, теңізді де жалпы «су» деп, ал шоқы, қырат, сілемдерді бір сөзбен «тау» деп атаған жөнінде Э.М.Мурзаев пікір айтады.

Белгілі ғалым А.Гумбольдт «Орталық Азия» деген кітабында Орта Азия, Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен даму дәуірлері болған. *«Бұл өлкелердің, - дейді ол - әуелгі топонимдері тек тау, тас, су, бұлақ, қайнар, жар, бастау, көл, төбе»*, - деген сияқты жалпы есім тұлғаларында ғана болатындығына ұқсайды. Осының өзі өлкенің ономастикасының даму кезеңдерін ажыратуымызға, жүйеге келтіруге себебін тигізді. Қазақстанда қазіргі сақталған Бұлақ, Қайнар, Бел, Қара, Өзек, Өзен, Ор, Орпа және т.б. атау тұлғаларының бәрі сол дәуірлердің елесін береді. Бұл тұлғалар бізге топонимдердің келе-келе күрделеніп, оларға жаңа функциялық мән үстемелейтін анықтауыш ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, шұбар, биік, терең, қос, ұлы, кіші, суық, сор, кең, тар және т.б. атрибуттары жалғасқаны байқалады. Сөйтіп өлке атаулары тұлғалық жағынан да, функциялары да кемелдене түсіп, алғашқы қарапайымдылықтан күрделене түскен. Аймақ топонимдерінің күрделену нәтижесінде ескі апеллативтерге жаңа жалғаулар, жер бедері пішіндеріне сай жаңа анықтауыш тұлғалар, жаңа топонимдер сап түзеген. Еуропа мен Азия секілді екі ірі құрлықтың қиылысар жерінде орналасқан, көне заманнан Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігі болып саналған, аумағында көптеген мемлекеттер қоныс теуіп, аумақтық ерекшеліктеріне сәйкес ішкі және сыртқы саясатқа қатысты мәселелерді шешуде маңызды роль атқарған Қазақстан аумағының топонимикалық жүйесін зерттеудің ерекше мәні бар [15].

Дәлел, қойнауы асыл қазына мен кең байлыққа толы әрі физикалық географиялық сыр-сипатқа бай өлке. Қазақстанның жер-су атауларының мән-мағыналары мен шығу төркіні де ғылыми тұрғыдан дәйекті зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да республиканың географиялық атауларын синхрондық жағынан ғана қарамай, диахрондық тұрғыдан да жете зерттей түсуіміз керек.

2.1 Геожүйе және топонимдер

Адам баласы тіршілік етуінің алғашқы күнінен бастап-ақ, өзіне қажеттің бәрін географиялық ортадан, адамзат қоғамын қорғап тұрған және қоғамның материалдық өмірінің қажетті тұрақты жағдайларының бірі болып табылатын – табиғаттан алып келеді. Географиялық ортадағы «табиғат» және «адам» ұғымдарының мағынасы бір-бірімен етене байланысып кеткен. Адамның пайда болып, қоғамның қалыптасуымен байланысты қарым-қатынастың жаңа типі құрылды: *адам – қоғам – табиғат*. Адамзат әулеті ғасырдан ғасыр, дәуірден дәуір, заманнан заман аралығындағы уақытта географиялық ортадағы табиғат заңдылықтарын меңгеру дәрежесіне көтеріле отырып, табиғат байлығын топтасып, қоғамдасқан түрде игере бастады. Қазақстанда адамзаттың көпғасырлық эволюциясының дерек іздерін табуға болады. Орта палеолит дәуіріндегі, осыдан 30-40 мың жылдай бұрынғы алғашқы қауым тұрақтары, тас индустриясы, ежелгі металлургия жұрнақтары, керуен сарайлары мен әскери бекіністер, шығырлар мен шыңыраулар, кеме айлақтары мен көне ғимараттар араласып жатқанын академик В.В.Бартольд, шығыс зерттеушісі, археолог П.С.Савельев, Маңғыстау аймағының бір кезде Хорезм мен Итиль арасындағы маңызды қатынас нүктесі болғанын, Маңғыстау түбегіндегі дәуірлердің ескерткіштері тас қамалдар мен сарайлардың ұзақ уақытқа дейін сақталып келгенін анықтайды [14;15].

Адам қоғамының өмір сүруінің алғы шарттары ретінде географиялық ортаның заңдылықтарын танып, оларды адамның заттық және рухани қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануды атауға болады. Табиғатты танып-білудің құралы ретінде ойлау қызметін алсақ, ойлаудың бейнелеу әрекетін бекітуде тілдің маңызы өте зор. Себебі тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Мұны әйгілі ғалым И.П.Павловтың екі сигнал жүйесі туралы ілімінен де айқын аңғарамыз. И.П.Павлов жануарларда сөйлеу тілінің жоқтығын, сондықтан тілдік ойлаудың да болмайтындығын, оларда бір ғана бірінші сигнал системасы болса, адамдарда екінші сигнал жүйесінің болатындығын, ол ойлаудың физиологиялық негізі екендігін ашып берді. Ғалым *«Сөз бірінші сигналдардың сигналы бола отырып, шындық өмірдің екінші, бізге тән сигнал системасын құрады»*, - деп көрсетті. Бұл қағидалар сөйлеу тілінде де, жазу тіліне де ортақ және олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқы төл тілі арқылы географиялық ортадағы табиғатты рухани тануға және игеруге қол жеткізді деп толық сеніммен айтуға болады. Географиялық ортадағы геожүйе туралы ойды қазақ халқы кеңітіп, санасында белгілі бір түсініктер, абстракциялар түрінде сақтады. Себебі қазақ халқының бар өмір-тіршілігі табиғатпен етене байланыста болған. Сонымен географиялық орта – елдің тіршілігіне ұдайы қажетті жағдай жасап

тұратын айналымдағы геожүйе. Қоғамның дамуына қарай, табиғаттың құбылысы өзгеріп және кеңейіп отырады. Ғасырлар бойы халқымыз өзін аялаған географиялық ортадағы табиғат құшағында тіршілік ете жүріп, оның сан алуан құпия сырларына көңіл бөлді және сол туралы орынды тұжырым, пікірлерге келді.

Рухани мәдениеттің ауызша сипаты көшпенді қоғамға сөзге ерекше мән беруге негіз болды. Қазақ халқының этностық ерекшеліктері ретінде астарлы сөйлеу, абстракты ойлау, әсерлеу, кескіндеу, естіген хабарды жадында сақтау мүмкіндіктерінің күшті дамығанын айтуға болады. Мұны ХІХ ғасырда зерттеуші Н.Зелендтың пікірлері дәлелдеді: «Қырғыздар (қазақтар) айнала қоршаған ортаны, адамдар мен жерлерді есте сақтауы жөнінде мәдениетті адамдарды артта қалдырады». Бұл қасиеттер халықтың көшпенді өмір жағдайындағы рухани мәдениетінің мұраларын өміршең етіп, шашыраңқы (дисперсті) орналасқан қазақ қоғамында деректер тарауының ерекше түрін дамытты. Осы тұрғыдан алғанда қазақ топонимдерінің жүздеген жылдары бойы сақталып тұрақтануын олардың айырықша ақпарат көзі ретінде және әсерлеу бағытында қалыптасқан ерекшеліктермен түсіндіруге болады. Қазақ халқының шығармашылық дәстүрінің ауызша сипаты табиғатты тану мен пайдалану барысында жинақталған экологиялық тәжірибені айырықша әдістермен жеткізу қажеттілігін негіздеп береді. Мұны халықтардың ауыз әдебиеті мен топонимикасында метафоралардың жиі кездесуі дәлелдей түседі.

Жақсы жер, жайлы қоныс, жан рахатының таңбасы саналатын Жиделібайсын қазақ жырларында, «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын» және т.б. ауыз әдебиетінің жырларында кездеседі. ХV ғасырда халық қамқоршысы, дана Асан қайғы бүкіл алты алаштың жер-суын, қонысын көремін деп желмаяға мініп, өмірін еліне, халқына арнаған. Жүрген жерінде жақсы, жаман қонысқа баға берген. Дананың жерге айтқан сындарында қаншама терең мән, көп мағыналы географиялық зерде, талғам түсінік бар:

«Еділ менен Жайықты,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң
Ал қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске»,

- деп Жайық пен Жем бойы қоныстары табиғатынан малға жай, елге ырысты, құтты мекен және суының бал балығының май татитынын сипаттайды.

Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған әлеуметтік-тарихи формацияны көшпенділер бастан өткерді. Біздің жыл санауымыздан көп бұрын көшпелі өмір салтын қалыптастырып

үлгерген далалық ру-тайпалар сол өмір салтымен XX ғасырға аяқ басты. «Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап XVIII ғасырына дейін еуразиялық далада бір ғана өндіріс тәсілі, ол көшпелі мал бағушылық еді», - деп жазады Л.Н.Гумилев [27]. Осынау, бір тәсілінің көшпелілер әлемі үшін зиянды да, пайдалы да жағы болды. *Зияны* – Азияның, Шығыс Еуропаның, Солтүстік Африканың елдері дамудың әр түрлі тарихи кезеңдерін бастан өткізіп үлгерді. Қоғам дамуына жаңа сападағы әлеуметтік-экономикалық сатыға шығарып отырумен бірге, тұтас халықтардың идеологиялық болмыс-бітімдерінің, эстетикалық таным-түсініктерінің әр текті өрістерді шиырлауына әсер етеді.

Ал енді, мыңдаған жылға созылған көшпелілер өмір салтының *пайдасы* дегенде – «әлеуметтік-экономикалық болмысы көшпелі бола отырып, рухани біртектілікке шындалуы, іштей ұдайы сапалық жетілуін тоқтатпаған». Көшпелілер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда шығырмашылық эволюцияны бастан өткерді» [16;17]. Мал жаюдың тәсілдерін ғана шыңдап қойған жоқ, күнделікті тұтынатын заттары мен құралдарынан бастап моральдық-этикалық таным-түсініктеріне дейін, мейлінше көне ән-күйлерінен бастап тіліне дейін шыңдаумен болды. Ғалым Л.Н.Гумилевтың мынадай бір тоқтамды ой-толғамы назар аудартады: «Менің білімім бойынша тарихшымын, қажеттілік бойынша этнолог болған жанмын. Жер бетіндегі халық атаулының, тек қазіргі бары емес, жоқ болып кеткен халықтардың тарихын уақиға қуалап жазатын дәстүрлі тәсілімен зерттеу мүмкін емес. Осыдан кейін, тәжірибе немесе үлгі алу десе де болар, географиялық цикл аясында жүгінуге мәжбүр болдым. Менің түсінігім бойынша этнология - тарих, география, әрі этнопсихология материалдарынан нәр алған айырықша ғылым».

Географиялық ортаның қоғам дамуындағы рөлі туралы мәселе ерте кезден-ақ ойшылдар назарын аударған болатын. Араб әлеуметтанушысы Ибн Хальдун, француз ойшылдары Ж.Боден, Ш.Л.Монтескье, ағылшын тарихшысы Г.Бокль, орыс ғалымы Л.И.Мечников, француз географы Э.Реклю және т.б. географиялық ортаның әсері қоғамдық дамуды анықтайтын фактор деп санады. Л.И.Мечниковтың теориясына қарағанда, әрбір халықтың, елдің өркениетке, мәдениетке жетуіне басты әсер етуші, мүмкіндік беруші – су байлығы болып саналатын көрінеді. Адамзат тарихындағы айтулы «өзен» өркениеттері Ніл, Тигр, Ефрат, Ганг, Хуанхэ, Янцзы өзендері бойында пайда болған [18]. Одан кейін Жерорта теңізі маңайындағы гректер мен римдіктердің өркениеті, ал Американың ашылу дәуіріне байланысты «мұхиттық» өркениеттің пайда болғаны белгілі.

Біздің Қазақстан жерін алып қарасақ, сонау ертеден келіп жеткен дастандардағы тұрмыс, өмір суреттері, әдет-ғұрып, қақтығыс-

тартыстарда Еділ мен Жайық, Сырдария мен Ертістің, Аякөз бен Есіл өзендері жағаларында, Каспий, Арал теңізі мен Балқаш, Зайсан көлдері айналасында өткені байқалады. Қазақстандағы көшпелі елдің де жайлайтын жерлері, көшіп жүрсе де ұзақ кете алмайтын жерлері, өзендер мен көлдердің маңайы еді. Себебі көктемде жылға, сайлардың бәрінде қар суымен кішкентай өзендер пайда болады. Мұндай жерлерде бұлақ сулары көп болатыны белгілі. Осындай шұрайлы жерлер ежелден елдің малын да, халқын да өте жайлы, шаруашылыққа қолайлы болып келген.

Қазақ халқы ежелден-ақ мекен ортасының байтақ та, жомарт табиғатын жоғары бағалаған. Халқымыздың дәстүрлі мәдениетінде дінге сенуден гөрі табиғатты пір тұтып, табиғаттың сырын ұғып, тілін білуге құштар болуы басым. Қазақтар табиғатты бағындыруды, өзгертуді қаламаған, қайта кейінгі ұрпағына табиғатпен тіл тауып, келісімді өмір сүруді үйреткен. Арнаулы білімдері болмаса да, географиялық ортаның өзара байланыстылығын және басқа да құпия заңдылықтарын білуге, аңғаруға зер салған. Сөйтіп, Азияда өмір сүрген көшпенділер, географиялық ортаның тылсым сырларын біздің жыл санауымыздан бұрын IX-X ғасырларда-ақ меңгере бастаған. Астрономия ғылымына Әл-Фараби, Ибн-Сина, Ұлықбек сияқты ұлы оқымысты ойшылдар үлкен үлес қосты. Олар өз еңбектерінде табиғаттың кейбір құпияларының бетін ашып, ғылыми тұжырым жасады.

Табиғат сыры біздің ата-бабаларымызға да жақсы таныс. Ата-бабаларымыз келесі жылы ауа райы қалай болатынын немесе жыл айларының қалай басталып, қалай аяқталатыны туралы, сол мезгілдегі таңның атуы, күннің батуы, жұлдыздардың жарқырауы, Құс жолының орналасуы, Шолпанның тууына қарап болжап біліп отырған. Сондай-ақ, төрт түлік малдың күй алуы, өрістен қайтуы, дыбыс шығаруы, күйіс қайыруы да алдағы күн ауа райын білуге көмектескен.

Халқымыздың табиғат жөніндегі ой-пікірлері табиғат құбылыстарымен, заңдылықтарымен үнемі үндесіп жатты. Қазақ халқы өзін табиғаттың бөлінбес бір бөлігі, құрамдас тобы деп есептейді. Сондықтан да қазақ халқы табиғатпен бірлікте өмір сүру қажеттігін ерте кезден-ақ сезінеді. Табиғаттың қатаң жағдайына, түрлі өзгерістеріне сай көшпелі өмір салты, табиғи географиялық дара бітімдегі *биосфераны* ерекше орынды бағалап мән берген.

Халқымыздың мақтанышы Ш.Уәлиханов: «Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? – дей келе қазақтар киеге үлкен мән берген [19]. Табиғаттағы ... мекен-жайлар мен атамекенді, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт

әкеледі. Халық ұғымында табиғат деген сөз, қасиетті жер деген мағынаны білдіреді» - деп атап көрсеткен. Сонымен, қатар халық табиғаттың пайдалы қазбаларын өндіріп, жерді өңдеп, жануарларды қолға үйретіп, өсімдіктердің көптеген түрлерін пайдалана отырып, өздері мекендеген жерлердің ландшафтысының бет-бедерін, таулардың геоморфологиялық құрылысын, өзен көлдер суының ащы-тұщылығы мен көлем, ағысын анықтайтын құбылыстарға ат қоюы (номинация) адам процесі ізденісінің тәжірибесінің тілдік көрінісі ретінде қарастырылды.

Қазақ тілінің эволюциялық даму және қалыптасу тарихын А.Әбдірахманов алтайлық (түрік-монғол бірлестігі), көне түрік, көне казак, қазіргі қазақ кезеңдеріне ажыратып қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда «қазақ топонимдері» деген ұғымның өзі шартты түрде алынғанын ескеруіміз керек [28]. Себебі ғалым Қазақстан топонимдерінің шығуын тарихи дәуірлерге байланыстыруда тек бір ғасырды бөліп алмай, қазақтардың XV-XVI ғасырдан халық болып қалыптасудан, топонимдік жасалулардың бүкіл түрік тілдеріне ортақ жақтарын байланыстыра зерттеген.

Қазақстан геожүйе топонимикасының негізін қоршаған ортаның физикалық географиялық қасиетін көрсететін географиялық атаулар құрайды. Олардың жасалуында, белгілі бір ландшафттың көрінісіне қатысты заңдылықтар байқалады. Топонимдерінің бір тобын: *айдын, ағаш, апан, арқа, ащы, бауыр, бастау, бұлақ, бидайық, көбік, көл, күтір, қала, қара, қамыс, қопа, қоңыр, қорыс, құдық, құлақ, құм, қыстау, оба, ой, өзен, өзек, сай, сор, су, суат, тал, тас, терек, тоғай, төбе, түбек, тұз, шат, шағыл, шеген, шығанақ* және т.б. толып жатқан географиялық терминдерге (жалпы есімдерге) анықтауыш сөздер қосылу арқылы жасалған.

Қазақстандағы жергілікті географиялық терминдер немесе апеллятивтер табиғи нысандарды белгілеу ретінде пайдаланылып, аумақтың жер-су атауларын жасауда, әсіресе ландшафт ерекшеліктерін көрсететін негізгі ұйытқы болып қалыптасқан. Қазақстан топонимдері аймақтың консервативті ландшафттары мен оның компоненттеріне үйлеседі және қазіргі тұрақтанған құрылымымен сипатталады. Бұлардың айқын мысалы ретінде Қазақстандағы сортаңдар мен сортаң жерлерге қойылған атауларды айтуға болады. Мұндай атаулардан жергілікті жердің жыныс қабаттарының литологиялық (шөгінділер мен шөгінде тау жыныстарының жаралу жүйесінен пайда болған) құрамын, жер қыртысының, климатының жағдайлары атауының көрінісінің негізгі белгісі болып отыр.

Қазақстан геожүйелер топонимикалық жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекі орын алады. Физикалық географиялық нысандарды атауда халық ең алдымен

географиялық ортаның табиғат жағдайларының шаруашылық үшін маңызына қатысты белгісін тандап алды. Мұның негізінде республика аумағындағы табиғат жағдайларының басты белгілерін жер-су аттарын бейнелеудің өзі, сол белгілердің шаруашылық маңызымен анықталады деуге болады. Географтар тарапынан топонимдердің табиғат ортамен байланысын зерттеу үлгілері В.П.Семенов, Э.М.Мурзаев, Б.А.Будагов, Х.Л.Ханмагомедов, Ғ.Қоңқашбаев, Ә.Б.Бірмағамбетов, С.Орынбаева, Ж.Д.Достай, Е.Керімбаев, А.Марғұлан, С.А.Әбдірахманов, Қ.Б.Базарбаев, С.Р.Сәтімбеков, Н.Баяндин, М.Серікбаев, Қ.Ж.Жылқыбаев, В.П.Максаковский, С.Б.Бәкіров, А.И.Попов, Е.М.Поспелов, Д.Жүнісов, Т.Р.Омаров еңбектерінде келтірілген [42]. Қазақстан Республикасының аумақ кеңдігі, қазақ топонимикасының молдығы бұл мәселені арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі қазақ топонимдерінің негізінде көне заманнан келе жатқан шаруашылықты жүргізу, табиғат жағдайларын тіршілік қажеттері тұрғысынан танып-білу нәтижесінде жинақталған танымдық-практикалық білім қоры жатыр [45].

Қазақстан геожүйелер топонимдерінің бейнелену заңдылықтары мен табиғат жағдайларының өзіндік ерекшеліктерін бірнеше тұжырымдар түрінде (топтар) көрсетеміз:

- Қазақстанның геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар;
- климат жағдайлары мен ішкі суларының топонимдерде көрініс табуы;
- өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі;
- географиялық ландшафттар топонимиясы.

2.2 Геологиялық құрылысы мен жер бедерін бейнелейтін атаулар

Қарастырылып отырған Қазақстанның жаратылысы, көнелігі, тарихи қалыптасуы жөнінде бір-бірінен өзгеше болып келетін орографиялық бірліктердегі қазба байлықтар атаулары мен жер бедеріне байланысты топонимдер, өлкедегі жердің табиғи бітімнің алуан түрлілігі туралы деректер мен мағлұматтар беріп қоймайды, сонымен бірге жаратылысын, көнелігін, қалыптасуын білдіреді. Қазақстанда кен орындарының мейлінше бай болуынан көне замандардан белгілі екендігі, олардың кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр [44]. Бұл жөнінде академик Ә.Марғұлан географиялық ортадағы табиғи нысандардың біздің заманымызға дейін XII-XIII ғасырларда символдық мәні болғанын айтады.

Кен байлықтарының ірі кен орындары көбінесе Каспий маңы ойпатының оңтүстік және шығыс бөлігі мен Кемпірсай алабы мен Мұғалжар тауы, Маңғыстау үстіртінде шоғырланған. Кен қазбалар ішінде ең көп тарағаны – отын-энергетика байлығы, яғни мұнай мен газ кендері. Мұнай мен жанғыш газ Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, ішінара Батыс Қазақстан облысында өндіріске қажетті қор бар Қарашығанақ және Батыс Тепловка мұнай-газ конденсат қоры ашылды.

Біздің зерттеулер - сөздік, карта, әдебиеттермен қатар жергілікті мәліметтерді жинақтауда жоғарыда келтірген төрт облыстарда «май», «қара» сөздерінің қалыптасуымен жасалған жер атаулары мұнай кен орнын білдіреді. Мәселен, Атырау облысында Майкөмген елді мекені, Қаратон. Қаратон кен орнын барлау-бұрғылау жұмысы 1934 жылы басталып, онда мұнай көзі 1937 жылы ашылды. Қаратон мұнай – кәсіпшілігінің атауы, бір мағынасы – қара жамылғы. Бұл атау кирленмен, яғни кепкен мұнай тұтастырған борпылдақ жыныспен байланысты болар. Кир жамылғылар кей жерде біршама жерді алып жатыр. Қазіргі қала типтес поселке орнаған осындай жамылғысы бар мекен бұрын Қаратон атауымен аталуы мүмкін. Жердің қара түсін, мұнай кен орнының сипатын білдіреді.

А.Н.Кононов пен Э.М.Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түрік географиялық терминологиясында өзінің негізгі мағынасынан басқа қосымша «жер», «құрғақ», «топырақ» мағыналарына ие болатынын топшылайды [34; 42]. Мысалы, Қаражамбас, Қарашүңгі, Қарамандыбас мұнай кен орындары жердің қара түсін көрсетеді (4-кесте).

Кесте 4

Мұнай кен орындарының атаулары

№	Облыс аты	Топоним
1.	Атырау	Майкөмген, Мұнай, Қаратон, Қараінген, Қарашүңгіл, Қарасак, Қарақұдық, Қаракөл.
2.	Маңғыстау	Қаражамбас, Қарамандыбас, Қаратұрын, Қараарна, Қарақұм, Қаратөбе, Қарақұдық.

Ақтөбе облысында Майкөл өзені атауы мағынасын зерттеушілер тарапынан әр түрлі түсіндірілген. Е.Қойшыбаевтың сөздігінде «май» сөзіне ежелгі түркілік нанымдарға орай «*әулие, қасиетті*» деген мағына берген. Осының негізінде сөздік құрамында «май» сөзі бар 20 жер-су аттары («*әулие қамыс*», «*әулие қайың*», «*әулие шат*»), түсіндіріледі. Э.Мурзаевтың «Халықтық географиялық термин сөздігі» атты еңбегінде «*май* — в топонимин термин употребляется для обозначения мест, где наблюдаются выходы нефти на дневную

поверхность или где как-то проявляются признаки нефтеносности». Ал ғалым А.Махмутов «Қазақ тіліндегі архаизм және историзм» атты еңбегінде «май» сөздері көне түрік тілдерінің көкке табыну дәстүрінен елес береді: «от ана, май ана». А.Сейдімбековтың «Майтөккен» атауының мағынасы аңыз негізінде, жаугершілік заманында осы тұста сойылған малдан «майсіңді болған» деген топшылауын халықтық этимологияның нағыз үлгісі деуге болады. Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданындағы орналасқан Майтөккен – ежелден мал жайылымы ретінде пайдаланылатын, шүйгін шөпті, нағыз «түгінен май шығатын» шұрайлы, қоңды жер ерекшелігіне қарай аталған.

Атырау облысындағы Майкөмген елді мекенінің атауы жергілікті тұрғындардың айтуынша, мұнай табылуымен байланысты қойылған. Топонимдер құрамындағы индикатор-терминдер Қазақстанның жеке бөліктерінде тілдің диалектілік ерекшеліктеріне, ландшафттық – зоналық жағдайға байланысты айырмашылық жасайды. Ақтөбе облысындағы Майкөл өзені атауындағы май сөзімен жасалған топоним, жайылымдық мақсатпен пайдаланылатын жерлерге сәйкес атаған. Осы деректер негізінде «май» сөзімен байланысты географиялық атаулардың басым көшілігі малға қоң беретін, шөбі шүйгін жерлердің ерекшелігін ерекшелеу мақсатында қойылған деуімізге болады. Ескертуге тұрарлық тағы бір жайт, мұнайды қазақтар «май» дейтіндіктен, зерттеліп отырған өлкеде кейбір атаулар мұнайдың бар екендігінен де хабар беруі мүмкін.

Қаратон – Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығысында орналасқан. Қаратон кен орнын барлау-бұрғылау жұмысы 1934 жылы басталып, онда мұнай көзі 1937 жылы ашылды [22]. Қаратон атауының мағынасы – қара жамылғы. Бұл атау кирленмен, яғни кепкен мұнай тұтастырған болпылдақ жыныспен байланысты болар. Себебі кир жамылғылыры кей жерде біршама жерді алып жатыр. Қазіргі қала типтес поселке орынға осындай жамылғысы бар мекен бұрын Қаратон атауымен аталуы мүмкін. Жинақтаған деректерге, мәліметтерге байланысты Батыс Қазақстан аймағында «қара» терминімен байланысты атауларын талдау жасау барысында жердің қара түсі, мұнай кен орнының сипатын білдіреді.

Қазақстан өңірінде кен орындарының кеңінен өрістегені бұл күнде ғылымда толық анықталып отыр. Бұл жөнінде Ә.Марғұлан: «Біздің заманымызға дейінгі XIII-XII ғасырларда-ақ темірдің молынан өндіріле бастағанын спектральды талдау анықтап беріп отыр», - деп жазды. Оған Қалайы қазған, Алтын тапқан, Жезқазған, Теміртау, Жезді, Рудный және т.б. географиялық атаулар толық дәлел бола алады.

Орографиялық терминдер. Қазақстан жер бедерін сипаттайтына орай қойылған топонимдер саны да біраз. Олардың көпшілігінен Қазақстан жер бедерлерінің нақтылы орографиялық

терминологиясының мол болуын аңғарамыз және оронимдеріндегі орографиялық терминдерді жергілікті ландшафт ерекшеліктеріне ие (5-кесте).

Кесте 5

Оронимдердегі индикатор-терминдер

№	Оронимдер	Индикатор-терминдер
1.	Тау, қыр, белес атаулары	Дөң, жал, жота, кез (екі таудың түйіскен жері), сырт, тау, таз (таудың басы, өсімдік аз шығатын жер), оба, тас, теріскей, текше (үстірт жер), сілемдер, төбе, төрткүл (таудың ұшар басындағы тегіс жер), тұран (тау үстіндегі су жинайтын ойпаң жер), үстірт, үңгір, шоңғал (биік шың), шоқы, шың (чинк), тік жарқабақ немесе күз.
2.	Дала ойпат атаулары	Алаң, бозінген (борбас жер), бұйратты жазық, дала, жазық, жон, кепір (ашылы, сортаңды жер), кезең, кепірең (борпылдақ жер), көк, көкал, қоңыр, қуаңдала, сайқын (ен дала), сахара (кең, босжер), сор, сортаң, тақыр, тебіз (шөбі қалың ойпаң жер), түлей (тоғайлы, қалың сексеуілді жер), шұбар (ағашты, отты жер).
3.	Ой-шұңқыр атаулары	Бытқыл (кедір-бұдыр, ойлы-қырлы жер), нұра (жықпыл-жықпыл, терең сай сала), ой, ойпаң, ойпат, сай, шатқал, шұқыр, ылди.
4.	Құм, топырақ, атаулары	Ақ кіріш (әк), батпақ, еспе (шегенделген құм), кіріш (ақ топырақ), құм, қызыл (шөпсіз қызыл құм), лай, саз, тартпа (ми батпақ), ұйық (ми батпақ), шағыл (құм бетіндегі ұсақ тастар), шөл.

Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзі, жер бедерін жақсы ажырату бір орыннан екінші орынға көшу барысында бағдарлаушы нүктелер ретінде ерекшелеуге негіз болды. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедердің жіктелу сипатын дәл бейнелейді, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды [46]. Бұл ретте топонимдердің пайда болу себебі, ғасырлар бойы дала әлемін мекен еткен көшпенділердің сол далада ықтасын іздеп босқа көше бермегеніне, өздерінің табиғат туралы ұғым-түсінігін шыңдап, сол табиғатты рухани әлеміне айналдыра білгенінің айғағы.

Ертедегі адамдар жер бедерінің жаратылысын түсіне алмаса да, әр түрлі ландшафттарды шаруашылық мақсатта орынды пайдалана білген. Осындай тереңнен тартылған факторлардың сабақтастығына назар аударып, өңірдің оронимиясы мен ойконимі табиғи бітім-жаратылысы заңдылықтарымен күшті жіктелген, метафораларға бай, жергілікті

ландшафт ерекшеліктерін дәл бейнелейтін атаулардан тұратын жетілген жүйе ретінде қалыптасты деуімізге болады.

Орал тауының Батыс Қазақстанға енетін бөлігіндегі кішігірім қалдық массивтер, қоршаған ойпаттардан ерекшеленетіндігіне байланысты, «тау» терминімен сипатталады. Мысалы, Ақтау (263 м), Ешкі тауы (251 м), Қарғалытау (310 м), Текетау (260 м), Қызбелтау (219 м), Қоңыртау (296 м), Жыландытау (162 м) [47].

Қазақ тіліндегі «тау» сөзінің көне тұлғасы – «*тағ*». «*Тағ*» сөзі көне жазу нұсқаларында ұшырасады. Мысалы, осы сөз VI-VII ғасырларға жататын Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіште, X ғасырдағы «Алтын Ярукта», XI ғасырдағы М.Қашғаридің «Диуани лұғат-ат-түрік» деген еңбегінде, Ю.Баласағұнидың 1069 жылғы жазылған «Құтадғу билигінде» кездеседі. Ал, XIII ғасырдағы «Кодекс куманикусте» бұл сөз екі тұлғада: тағ түрінде де, тау түрінде де алынған.

Тау аттарында жер бедері пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтауыш сөздер ретінде терминге қосылады немесе терминдер арқылы топонимдер жасалынады. Мысалы, Батыс Қазақстан бойынша 6-кесте.

Кесте 6

«Тау» термині негізінде жасалған оронимдердің семантикалық топтары

Түсі бойынша	Климаты бойынша	Тіршілік дүниесі бойынша	Жер бедерінің пішіні бойынша
1. Ақборлытау	1. Жамантау	1. Ақешкі тау	1. Бесшоқы тау
2. Ақтау	2. Желтау	2. Ешкі тау	2. Жарықтау
3. Көктау	3. Көлеңкелітау	3. Жапырақты тау	3. Кедір тау
4. Қарашоқы тау	4. Сұлутөрткүл тау	4. Жылан тау	4. Қалпақтау
5. Қоңыртау	5. Суықтау	5. Қаратал тау	5. Қособа тау
6. Қызылтау	6. Мұзбел тау	6. Қарғалы тау	6. Мұғалжар тау
7. Сарышоқы тау		7. Қаратал тау	7. Шынжыр тау

Жер бедері атауларының Қазақстан аймағының топонимдер бірлестігіндегі орны ерекше. Қазақ халқы табиғат нысандарымен етене жақын болғандығына байланысты жер бедеріндегі табиғат жағдайлары мен ресурстарын анықтайтын ерекшеліктерін танып-білудің мол қорын жинақтаған. Халықтың табиғатты пайдалану қазіргі ғылыми-практикалық маңызы шаруашылық ұйымдастыру, табиғат қорларын сақтау мен тиімді пайдалану үрдістерін танып-білу, іс жүзінде қолдану мәселелерімен шектелмейді. Бұл мәселенің топонимика ғылымына

қатысын халықтың шаруашылық мамандануының жер бедерін атауда маңызды рөл атқарғанымен түсіндіруге болады. Басқаша айтқанда, жергілікті халықтың табиғатты пайдалану ерекшеліктері Қазақстанның оронимдер жүйесінің мағыналық жүктемесін байытып, өзіндік сипатын, жер бедерінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтап берді [27;28].

Кез келген этностың географиялық кеңістікті игеруі оның топонимиясында көрініс тапқан. Бұл мәселе этностың дәстүрлі мәдениетінің сипаты ондағы *кеңістік* бейнесіне негізделетіндігімен түсіндіріледі. Этногенез тұрғысынан алсақ, әртүрлі халықтардың кеңістікті қабылдауы, оны рухани мәдениетте бейнелеуі әркелкі болуға тиіс. Жалпы дәстүрлі дүниетанымды қоғамдық сананың негізі ретінде түсінуге болады.

Тауға табыну феномені ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан. Биік тауларға табыну, оларға айрықша құрмет ең алдымен көне оронимдердің мағынасынан көрінеді. Қазақстан аумағындағы оронимдер арасында басқа топоним топтарына қарағанда, көне сакральды сипаттағы атаулар өте көп кездеседі. Бұл көне түркілердің тауға табыну дәстүрімен тығыз байланысты.

Ежелгі түркі халықтарының санасындағы *тау* феномені әртүрлі сипат алған: таудың маңыздылығы оған табыну деңгейімен анықталған. Бір тәңірге сиынған ежелгі түркілерде аспанға жақын тұрған биік шыңдар қасиетті деп саналған, яғни тауға жақын тұруды Құдайға жақындау ретінде түсінген. Телеуіттер, абакандық түркілер жақын орналасқан таулардың ең биігін *тау атасы* ретінде таныған. Алтайлықтар таудың құрметіне арнайы дәстүр (ритуал) өткізіп тұрған, мұнда таудың құрметіне ән айтқан. Әсіресе Алтайды ерекше құрмет тұтқан. Алтайлықтардың ұғымынша, тау «иелері» адамдарға қолайсыз ауа-райы, дауыл жіберуі мүмкін. Мұндай болмас үшін адамдар тауға құрбандық шалып отырған: Алтай иесіне ақ қошқарды құрбандыққа шалып, ақ төккен. Ал Енисей маңындағы орыс топонимиясының ерекшеліктерін зерттеген С.П. Васильева бұл өңірдегі «әулие» атаулардың көбінесе гидронимдер болып табылатыны туралы жазған [37]. Мұның өзі номинациялау процесінің ұлттық менталитетпен байланысты екендігін дәлелдейді.

Қоршаған ортадағы белгілі бір нысандарды, олардың ерекшеліктерін өзіндік түсініктер жүйесі көмегімен дәл бейнелеуі арқылы топонимдер әлемнің тілдік моделін құрайды, мұны әлемнің топонимиялық бейнесі деп атауға болады. Осы тұрғыда С.А.Токаревтің пікірлері назар аударарды [3]. Осы пікірлер негізінде түркі халықтарының тауға қатысты көзқарасы жөнінде мынадай мәселелерді атап көрсетуге болады:

1) Таулардың қатал климаты, сырғулар мен мұздықтар адам шығынына себепші болған. Бұл түсініксіз, алапат табиғат күштері ежелгі адамдар санасында таулардың қаһарлы иелері бар деген ұғымды туғызған.

Әртүрлі табиғи апаттардың болуы тауды мифологиялық бейне ретінде қабылдауға себепші болған. Табиғат апатын адамдар тәңірінің ашулануы деп түсінген.

2) Тау асуларының қауіптілігін адамдар бұл асуларды қорғап тұрған тау иелері болуымен түсіндірген. Адамдар асудың жолында жатқан ірілі-ұсақты тастарға, жолдарында ұшырасқан жалғыз ағашқа сиынған. Ежелгі қазақ дәстүріндегі тауды барлық басқа нысандардан жоғары қою, қасиетті деп тану «асқар», «асқак», «әулие» теңеулерінен айқын көрінеді. Алтайлықтар мен монғолдар бұл иелерді *оба* деп атаған.

3) Халықтың шаруашылық сипатына (аңшылық, мал шаруашылығы, егіншілік) байланысты тау иесіне сену. Адамдар әрбір шаруашылық түрімен айналысуға мүмкіндік берген тау иесіне құрбандық шалатын болған. Ата-баба отаны осы тау болған тайпалар ол тауды айрықша құрметтеп, *төс-тау*, *ұлытау*, *ару төс* деп атаған. Қазақ оронимиясындағы ислам дініндегі желеп-жебеуші *қырық шілтен* Шілтен (төбе, Шығыс Қазақстан обл.) атауына негіз болған.

4) Тауды тәңірінің мекен ортасы ретінде түсіну. Бұл әсіресе грек мифологиясына тән (Зевстің мекені – Олимп тауы). Мұндай сенім-наным түркілерде де болған: біздің ата-бабаларымыз жанбырдың, найзағайдың, желдің иелері биік тауларды мекен етеді деп түсінген. Көне түркілік сенім-нанымдар бойынша, Көк тәңірісіне сиыну, табиғатты оның сыйы ретінде қабылдау, Тәңірдің мекені ретінде ең биік тұрған тауларды түсіну басым болған. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ топонимиясындағы ертеректе қалыптасқан *Тарбағатай Тәңірі* (қоныс, Шығыс Қазақстан облысы), *Тәңіртау* (жота, Алматы облысы, ҚХР және Қырғызстанмен шекаралас аймақта), *Хантәңірі* (шың, Алматы облысы, ҚХР және Қырғызстанмен шекаралас аймақта) атауларды мысалға келтіре аламыз.

5) Тау киелілік символы ретінде әлемдік және ұлттық діндерде үлкен орын алады. Ислам мен христиан діндерінде пайғамбарлар да құдай үнін тауда естіген. Жапон халқындағы синтоизм сенім-нанымдары негізінде Фудзияманы қастерлеу, қазақ халқында адамзат ұрпағын құтқарушы Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған-мыс деп түсінілетін Қазықұрт тауын киелі нысан ретінде құрметтеу дәстүрлі ұлттық сананың болмысты қабылдауының айрықша бір үлгісі болып табылады. Осы ретте непалдықтар тілінде әлемнің ең биік нүктесі болып табылатын Гималайдағы Джомолунгма атауы қазақшаға аударғанда «таулардың ана құдайы» дегенді білдіретінін атап өткіміз келеді.

Қазақ халқы барлық түркі халықтары сияқты, туған жерді ерекше қастерлейді, бұл көзқарас қазақтың “атамекен”, “кіндік қаны тамған жер” деген бейнелі түсініктерінен байқалады. Көшпенді тіршілік жағдайында адамның өзін табиғатпен біртұтас құбылыс ретінде қабылдауы нәтижесінде кеңістікті танып-білудің, дүниетанымның айрықша үлгісі қалыптасты. Сол себепті қазақ халқының рухани мәдениетінде де тау

бейнесі өзіндік эстетикалық маңызға ие болған. Бұл дәстүр халқымызда әкені биік тауға теңеп, «асқартау» деп атап, ал жас балаға тілек білдіргенде «таудай бол» деуден де көрінеді [15].

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының жүйелілігі кеңістікті топонимиялық жүйесінде бейнелеуінен айқын көрінеді. Қазақ халқында тауға табынудың *құрылымдық-семантикалық* дамуында мынадай ерекшеліктер бар:

- *антропоморфизация*, яғни тауды тірі адам ретінде түсіну: башқұрттар Орал тауын батыр ретінде түсінген, ал алтайлықтардың аңыздарында бірнеше батыр Алтайдың жеке бөліктерін құрайтын тауларға айналған [5]. Қазақ халқында таудың жеке бөліктерін адамның дене мүшелеріне ұқсату басым болады. Бұл оронимияда *бас, мойын, төс, бауыр, бүйрек, қойын, қарын, аяқ, табан* метафоралық лексемаларының қатысуымен жүзеге асқан.

- *реантропоморфизация*, яғни адам тауға айналады деген түсінік: қазақ халқында адамның тасқа айналғандығы туралы аңыздар көп. Мысалы, Толағай батырдың тауға айналуынан Толағай тауының қалыптасуы қазақ ертегісінде баяндалған. Қазақ ертегілері мен аңыздарында адамның тауға, тасқа айналуы туралы ұғым бар. Мұның нәтижесі ретінде қазақ топонимиясындағы метафоралық атауларды атауға болады. Мұндай атауларға Келіншектау (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.), Келіншектас (тау, Қарағанды обл.) жатады. Бұл атаулардың этимологиясына қатысты халық аузында түрлі аңыз әңгімелер осы күнге дейін сақталған.

Орыс топонимиясындағы сакральды атауларды зерттеген Е.Л. Березович номинация барысында мұндай атаулар тобында кеңістіктегі табиғи нысанның «айрықша белгілері мен қасиеттері туралы ақпарат» топонимикалық код түрінде сақталатынын атап көрсеткен болатын [48]. XIX ғасырдың екінші жартысында Орыс географиялық қоғамының тапсырмасымен қазақ жерін зерттеген Н. Северцовтың осы саяхаттар туралы еңбегінде қазақтар қорғауды қажет ететін табиғат ескерткіштерін, сирек кездесетін орманды алқаптарды «әулие» атауларды беру арқылы бүлдіруге тиым салғаны жөнінде деректер бар.

Қазақстан аумағында оронимдер құрамында *тау* топоформанты жиі кездеседі [28]. Бұл терминнің көне формасы *тағ, тақ* Қазақстанда ғана емес, жалпы Орта Азияда көптеген оронимдер құрамында сақталып қалған. Бұл терминдердің көне екендігін Геродот келтірген Алтунтаг (Алтынтағ) және Мастаг (Мұзтағ) оронимдері дәлелдейді [33]. Осы ретте Қазақстан аумағында да «тағ» топоформантының кейбір оронимдер құрамында сақталып қалғанын анықтадық. Мысалы, Сарыарқадағы Тағылыоба, Жақсы Тағылы, Жаман Тағылы тауларының, Жетісу Алатауындағы Тактамық шоқысының атауларындағы «тағ» пен «тақ» көне түркілік элемент болып табылады. Сарыарқадағы Тағылы

атауындағы *тағы* әдетте «жабайы аң» мағынасында түсіндіріледі. Осы топтамадағы атаулардың барлығының да тауға қатысты екендігін ескерсек, бұл оронимдердің көне «тағ» сөзімен байланысы айқындала түседі. Қазақ тіліндегі «тақ» сөзі де «хандар, патшалар отыратын биік орындық» мағынасын білдіретіндігін де осы көне негізбен түсіндіруге болады. Қазақстан жеріндегі мифологиялық-сакральды мазмұны бар оронимдер қатарында Әулие (тау, Жамбыл обл.), Әулетөбе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Алматы обл.), Шайтансай (сай, Ақтөбе обл.) және т.б. бар.

Сонымен, қазақтың дәстүрлі топонимиясында таумен байланысты атаулар нақты табиғи жағдайларды қабылдаудың мифологиялық, сакралды ұғымдармен астасып жатуы арқылы сипатталатын күрделі топонимиялық құрылым болып табылады.

2.3 Дала зонасының табиғат жағдайларын бейнелейтін оронимдер

Қазақстанның жер бедері мен пішінінің әркелкілігі орографиялық терминологияның мейлінше бай болуына септігін тигізді. Оронимдер көбінесе сан мөлшері белгілі, бірақ жиі қайталанып келетін орографиялық терминдермен байланыс табады. Көшпелілердің жер бедері ерекшеліктерін ажырата білу әрекеті көптеген орографиялық терминдердің қалыптасуына мүмкіндік жасады. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің сипатын дәл нақтылап, табиғат жағдайларын тиімді пайдалану барысында маңызды рөл атқарады [49]. Оронимге тән атауларды зерттеуде В.А.Никонов оронимдердің неғұрлым тұрақты болатынын ескертсе, В.А.Жучкевич кейбір аудандарда гидронимдерден гөрі «елді мекен» атаулары анағұрлым көнергенін айтады [50].

Дала зонасының ландшафттық ерекшелігі көп тоқталуды қажет етеді [51]. Ландшафт ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалым Л.С.Берг: «Рельеф, климат, өсімдіктер әлемі мен топырақ жамылғысының түрлі құрамы біріккен негізде белгілі бір аумақтың табиғатынан хабар беруші» деп тұжырымдаса, Э.А.Эверсман қазақстандық дала зонасын бірнеше түрге бөліп қарастырды. Өз зерттеуінде: «орманды-далалы дала зонасы, дала зонасы, тақыр-далалы зонасы» деп жіктейді

Еліміздің кең байтақ жерінің зерттеу нысанына айналдырып отырған дала зонасы 77 млн гектарды алып жатыр, дәлірек айтқанда шамамен Қазақстанның 30% жер көлемін қамтыған. Солтүстік зоналық шекарасы өте сүйірленіп келгендіктен бөліп көрсетуге қиын, себебі шоқ қайыңдар мен шоқ қарағайлар және бұталар дала зонасына кіріп жатады, кейбір аудандарда едәуір солтүстікке қарай ала-құла

құрғақ жусанды дақылды дала орналасқан. Оңтүстік шекарасы Орал қаласынан Мұғалжар тауын айнала өтіп Торғай үстіртінің солтүстігін кесіп өтіп Теңіз-Қорғалжын көлдерінің оңтүстігінен $50^{\circ}51^{\circ}$ солтүстік ендік аралығымен шығысқа өтеді.

Дала зонасының жер бедеріне тән негізгі айырмашылығы жазық жердің басым болуында жинақталған. Дала зонасына Батыс Сібір жазығының оңтүстік шеті, Торғай үстіртінің солтүстігі, Мұғалжар тауы түгелдей дерлік, Жалпы Сырт сілемдері, Каспий маңы ойпатының солтүстік жартысы, Орал етегі, Жем үстірті, Сарыарканың солтүстігі мен орталық аудандары енеді [52].

Батыс Сібір жазығының дала зонасындағы бөлігі ірі континенталдық тау жынысты аккумулятивтік жазығында орналасқан. Бұл жерде оның абсолюттік биіктігі оңтүстікте 200 м-ден солтүстік – шығыста 130 м-ге жетеді. Жалпы Батыс Сібір жазығы–біркелкі тегіс, аз тілімденген, тұйық қазаншұңқырлар, көбінде суға толған көлді мекен. Және де көбі тұзды болып табылады. Кей жерлерде биіктігі 10-15 м-ге дейін жететін диаметрі 100 м-ден 500-800 м дейін жететін жалдар бар. Олардың араларында көл топтары кездеседі. Бұл жалдар ежелгі өзендер әрекетінің. Дала зонасында жал индикатор- терминімен жасалған Ақжал, Айғыржал (тау), Жал (тау), Қоңыржал (қон.), Төрежал (қон.), Қаражал т.б. атауларды көптеп кездестіруге болады [53].

Дала зонасына ғылыми әдебиеттерде «Қазақтың ұсақ шоқысы» деген атпен белгілі Сарыарқа кіреді. Бұл ежелгі, мүжілген аласа таулы өлке. Ол архей, протерезой және палеозой тау жыныстарынан (тақта тас, әк, құмтас, конгломерат) құралып, бетіне гранит жынысы шыққан. Желмен жаңбырдан мүжілгені алыстан көзге ұрып тұрады. Жер бедері өте күрделі, жартасты, қыратты, ойпатты, аңғарлы болып келеді. Ойпаттары 50% жерді алып жатыр, егіншілікке қолайлы жерлер көп. Жоталардың биіктігі 30-50 метрден 100 метрге дейін көтеріледі. Ұсақ шоқылардың абсолюттік биіктігі 300-400 м. Жеке граниттік аласа тау жоталары бар: Көкшетау, Баянаула, Қарқаралы т.б биіктіктері 1000 м-ден жоғары [54].

Жалпы жер бедерінің ойыстарында ылғал, жылу теңдестігінің кірісі мен минералдық заттар қорының жиналуы мол болады. Осы себепті шөлдік, шөлейттік және далалық жерлердегі кішкентай ғана ойысты жерлерге шұратты фациялар қалыптасады. Дөңесті жерлер фациялардың аумақтық бөлшектенуінде үлкен рөл атқарады. Ең кішкентай деген төбенің өзі атмосфераның жер беті қабатындағы ауа қозғалыстарының бағытын, жылдамдығын, ылғал мен жылу баланысының таралуын өзгертеді. Жаз айларында төбенің ық жағымен салыстырғанда жел жақ беткейіне ылғал мол түседі, қыс айларында керісінше ық жақ беткейге омбы қар жиналады. Осыған байланысты халқымыз жер су аттарын қоюда осындай ерекшеліктерге назар

аударғанын Бас Қағыл, Аяққағыл, Орта Қағыл, Тебін т.б. сияқты топонимдерден байқауға болады [17].

Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың өзі, жер бедерін жақсы ажыратып, ерекше жер бедер пішіндері бір орыннан екінші орынға көшу барысында бағдарлаушы нүктелер ретінде ерекшелеуге негіз болды. Оронимдер құрамындағы терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелейді, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды. Ғ.Қоңқашбаев өз еңбектерінде 600-ге жуық қазақтың халықтың географиялық терминдері бар екендігін жазады. Қазақтың халықтық географиялық терминдері Қазақстан аумағының табиғат ерекшеліктерін айқын бейнелеп, көпшілігі жер бедерінің, гидрографияның, өсімдік жамылғысының, жануарлар әлемінің, ал кейбір бөлшектері климаттың топырақ жамылғысының және тұтастай ландшафттық элементтерді қамтиды.

Осыған сәйкес дала зонасындағы жер бедерін бейнелейтін атаулар төмендегіше болып келеді (Кесте 1).

Кесте 7

Дала зонасында жиі кездесетін жер бедері атаулары

Жер бедерінің оң пішіндерін сипаттайтын индиктатор терминдер	дөң, жал, жота, дөңгіл, дөңес, керегетас, кайқан, қырат, қыраң, оба обашық, өр, тау, төбе, төбеше (төбешік), төмпе (төмпеш, төмпек, төмпешік), шоқат, шоқы, шоқтық, шоңғал, үстірт, шыңайт сырт, тау, таз (таудың басы, өсімдік аз шығатын тасты жер), тас, текше, (үстірт жер), сілем, төбе, төрткіл (таудың ұшар басындағы тегіс жер), шоңғал (биік шың), шың (чинк) және т.б.
Жер бедерінің бейтарап бөлігін сипаттайтын индиктатор терминдер	дала, ойпат атаулары: алаң, бозінген (борбас жер), бұйратты жазық, дала, жазық, кезең, кепірең (борпылдақ жер), көк, көкал, қоңыр, қуаңдала, сайқын (ен дала), сахара (кең бос жер), сор, сортаң, тақыр, тебіз (шөбі қалың ойпаң жер), түлей (тоғайлы, қалың сексеуілді жер), шұбар (ағашты отты жер) және т.б.

Мұншалықты мол атау көптеген ғасырлардан бастап қалыптасты десек, бұлардың пайда болуына көшпенділер, отырықшылар өркениеті, табиғат жағдайлары мен халқымыздың тұрмыс-салтқа қатысты әдет-ғұрыптары себепкер болған-ды. Қазақ танымы үшін «жер» ұғымы өте күрделі нәрсе. Ата кәсібі мал болғандықтан, жайылым мен өріс үшін де, азықтық өсімдіктер үшін де жерді қастерлей білді. Сонысымен қатар жерге қатысты географиялық түсінігі де жоғары болды. Жерді «Ана» деп түсінетін байырғы жұрт географиялық нысандарға атау беруде де осы мәселелелердің түйінін

шешіп, олардың ландшафттық ауқымы мен географиялық жағдайына қарай ат қойып отырды.

Жер бедерінің көтеріңкі бөлігінің сипатын анықтайтын индикатор-терминдер адыр, биік, бұйрат, жар, жон, тау, төбе, шоқы, оба, доңғал, шоқы, т.б. түрлі болып келеді. Зерттеу көзі болған дала зонасында ең көп кездескен терминдердің бірі - «төбе» оронимиялық-индикатор термині. «Төбе-дегеніміз маңындағы жазық пен таудан немесе сондай бір географиялық нысаннан ерекшеленіп тұрған биік, таудың қалдығы іспетті шөгінді жыныс». «Төбе» индикатор-термині түркі тілдес халықтардың барлығында кездеседі [6].

«Төбе» оронимиялық индикатор-термині арқылы жасалған географиялық атаулар дала зонасында көптеп кездеседі. Мұнда сол төбенің сипатын анықтау және тұрпатын белгілеу үшін аталынған жанама анықтауыштың қосарлануымен жасалады. Мысалы: *Жусантөбе* атау өсімдік атының қосарлануы арқылы, *Ақтөбе*, *Көктөбе* түске байланысты, *Бұлақтөбе* атауында гидронимиялық индикатор-терминмен оронимиялық индикатор-терминнің қосылуымен жасалынып отыр. Бұл атау арқылы төбеде немесе оның айналасында су көзінің барлығын білуге болады. Ал, төбенің пішінін айқындайтын *Жартытөбе*, *Жуантөбе*, *Шошақтөбе*, *Үлкентөбе* секілді географиялық сипатынан хабар беретін атаулар бар. Төбенің әлеуметтік маңызына орай қойылған *Қарауылтөбе* топонимі көптеп кездеседі. Бұл топонимнің мағынасын көшпелі халық көшіп, қонып жүргенде бағдар алу үшін немесе ел шетін қорып, айналаға көз тігу үшін аталған деген ғалымдардың жорамалы шындыққа сәйкес келеді [29].

Дала зонасындағы төбелердің саны мен орналасуынан хабар беретін *Төрттөбе*, *Үштөбе*, *Бестөбе*, *Алтытөбе*, *Қостөбе* атаулары мен литологиясынан хабар беретін *Күлтөбе*, *Құлтөбе*, *Сортөбе* топонимдері, өсімдіктер мен жануарлар атауын иеленген төбелер *Жылантөбе*, *Жусантөбе* секілді топонимдерді көптеп кездесіреміз (кесте 2).

Оронимдер қатарында жиі ұшырасатынның бірі «тау» термині. Зерттеу барысында масштабы 1: 500 000 топокарталардан тау индикатор-терминімен жасалған атаулар барлық топонимдердің 9,2% құрады. Тау – айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі биік жердің жалпы атауы, аласа-шоқылы, төбелі болып келетін қалдық массивтер жер бедерінің пішініне байланысты «тау» терминімен сипатталады» [55].

Оронимдер құрамындағы индикатор-терминдер жер бедерінің жіктелу сипатын дәл бейнелеп, бұл мәліметтер табиғатты пайдалану барысында маңызды болды. Қазақстан аумағындағы орографиялық элементтерге ат қоюдың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы: аласа таулы, ұсақ шоқылы жер бедерімен сипатталатын Сарыарқада

салыстырмалы түрде биік тауларды ұлы, соран, қарқара деп ерекшелейді. Орташа және биік таулардың шындары тас, шоқы сияқты терминдермен белгілесе, Орал тауының Қазақстанға енетін бөліктеріндегі кішігірім қалдық сілемдер, ойпаттардан ерекшелентіндігіне байланысты «тау» терминімен сипатталады. Дала зонасындағы топонимдер түсі мен пішініне байланысты Қаратау, Қоңыртау, Сарытау, Жаман Сарытау, Жақсы Сарытау, Ақтау, Ұлытау, Айыртау, Иректау, литологиясына байланысты Көкшетау, Борлытау, Алтынтау және жануарларына байланысты Қарғалытау, Текетау, Қоңыртау, Жыландытау тәрізді т.б. топонимдер көптеп кездеседі.

Кесте 8

Дала зонасындағы «**төбе**» индикатор термині арқылы жасалған топонимдер

Литологиясы бойынша жасалған топонимдер	Борлы (тау), Тастөбе (шоқы), Шаңтөбе (тау), Суықтөбе (тау), Тақыртөбе (тау) және т.б.
Түсі мен пішініне байланысты жасалған топонимдер	Ақтөбе (төб.), Аралтөбе (тау), Аяқ майтөбе (шоқы), Жартытөбе (ескі қоныс), Қаратөбе (тау), Көктөбе (тау), Қоңыртөбе (төб.), Обалытөбе (төб.), Ортөбе (с. м.), Сарытөбе (төбешік), Сұртөбе (тау), Шошақтөбе (шоқы), Шұбартөбе (шоқы), Уақтөбе (тау), Ұзынтөбе (төб.), Үздіктөбе (тау), Үштағантөбе (қоныс)
Өсімдіктер мен жануарлар бойынша жасалған топонимдер	Бұзаутөбе, Қойтөбе (қоныс), Қоянтөбе (тау), Қызылтөбе (қон.), Тайтөбе (елді мекен), Өгізтөбе (тау), Сарымсақтөбе (қоныс) және т.б.
Әлеуметтік маңызы бойынша	Қарауылтөбе (тау), Шайтантөбе (тау), Молатөбе (бей.), Сиязтөбе (тау) және т.б.
Санына байланысты	Бестөбе (төб.), Жаңғызтөбе (тау), Қостөбе (тау), Үштөбе (тау)

Дала зонасындағы оронимдердің сипатын анықтауда «**бел**» терминінің де маңызы зор. «**Бел**» аласа жондар мен кең асулардың жалпылама атауы. Зерттеліп отырған аймақта жер бедерінің ерекшелігін анықтайтын: *Қызылбел*, *Қызбелтау* *Сұлубел*, *Ұланбел*, *Мұзбел* атауларында географиялық ақпар жинақталғандығын байқауға болады.

Зерттеліп отырған аймаққа қатысты оронимиялық индикатор-терминдер қатарында **тас** термині барлық топонимдердің 18,2 % құрады. **Тас** - термині оронимдерде негізінен «қатты, яғни түп жыныс»

деген мағыналық жүктемеге сәйкес келеді». Масштабы 1: 500 000 топокарталардан дала зонасындағы географиялық нысандардың пішініне сәйкес аталған оронимдер: *Беріктас, Найзатас, Шоқтас, Топтас, Айыртас*; халықтың әлеуметтік маңызы мен тыныс-тіршілікке қатысты қойылған: *Керегетас, Шаңырақтас, Қазантас, Қалмақтас, Қарауылтас, Әулетас*; нысанның түсіне қарай: *Ақтас, Көктас, Қаратас, Қызылтас, Қызылқойтас* тәрізді топонимдерді көптеп кездестірдік. Сонымен қатар **тас** индикатор-терминімен гидронимиялық индикатор-терминдердің қосылуымен жасалған *Тасбұлақ, Тасқұдық, Тастыбастау* топонимдері кездесті. Мұндағы **тас** сөзі суық, салқын, судың салқыны деген ауыспалы мағынаны беретін болса керек.

Шоқы - төбенің ең биік нүктесі және шошақ беткей тұсы. Шоқы таудың аласалау бір бөлігі немесе төбенің биігі санатына жататын географиялық термин [56]. Біз дала зонасындағы *Қарауылшоқы* топонимі туралы зерттеулерде осы төбе арқылы көшпелілер бағдар алу мақсатында қойылғанын, ал *Мырзашоқы* тауында ертеде киік-арқар көп болып, аң ауланғанғаны және таудың биік, табиғаты сұлу ерекшелігіне байланысты қойылған деген топшылаулар шындыққа сәйкес келеді деген пікірді қолдаймыз [57].

Шоқы индикатор-терминіне қатысты атаулардың кейбірі түспен байланыстылықта өрбіп *Ақшоқы, Қарашоқы, Қызылшоқы*, ал саны мен ерекшелігіне байланысты қойылған *Бесшоқы, Қосшоқы, Жалғызшоқы* т.б. топонимдер кездеседі.

Зерттеу барысында *адыр* индикатор-терминімен жасалған топонимдердің мөлшері 11,0 % құрады. Адыр-аласа, жатаған, бөлек-бөлек сипаттағы қыратқа ұқсас кейіптегі жер бедері. Дала зонасында жер бедерінің пішіндерін айшықтайтын *Сарыадыр, Қызыладыр, Қараадыр*, сонымен бірге табиғат жағдайының ыстық, суығын анықтайтын *Жылыадыр, Борандыадыр, Желдіадыр* т.б. топонимдер көптеп кездесті.

Жар индикатор-терминінің бірігуімен қосылып жасалған топонимдердің мөлшері 9,6% құрап Ақжар, Қызылжар, Қисықжар секілді т.б. атаулар дала зонасындағы топонимдердің үлкен тобын құрады.

Дала зонасындағы топонимдердің 6,0 % құраған **оба** индикатор-терминімен бірігіп жасалған топонимдер тек қана табиғат жағдайлары мен түске, жер ерекшеліктерін көрсететін сипат қана емес, халықтың діни сенімі де ерекше орын алған. **Оба** терминін зерттеушілер мұның төркіні тым ерте заманда өлген адамдарға қойылған ескерткіш деген қортынды жасайды. «Обалардың астынан салт атты жауынгердің немесе ру басыларының, қатардағы жауынгерлердің сүйектерін көптеп табуға болады.

Әсіресе, ру басшылары мен тайпа көсемдеріне орнатылған ескерткіштер өздерінің әсемдігімен көзге түседі», ал географиялық әдебиеттерде **оба** термині қолдан үйліп жасалған биіктер [58]. **Оба** терминіне қатысты: *Үлкеноба, Кішіоба, Обалы, Тасоба, Қылоба т.б.* географиялық атаулар көптеп кездеседі.

Қазақ географиялық атауларының ерекше сипаты тұрмыс мен шаруашылығына байланысты жердің, өңірдің нәзік белгілерін жете, дәл бейнелеуінде. Басқа халықтарда елеусіз, екінші дәрежедегі жер қазақ халқы үшін ең үлкен белгі болды (кесте 3).

Бұл сан ғасырлар бойы шаруашылықтың көшпелі түрімен айналысқан қазақ халқының сол замандарда ақ табиғаттың «тілін» біліп қана қоймай, оны өз тұрмысында тиімді пайдалана білгендігін танытады.

Кесте 9

Дала зонасындағы оронимдер топтамасы

Ороним	Индикатор-терминнен жасалған топоним
Адыр	Адыр (е.м.), Аққошқарадыр (тау 300 м), Жаманадыр (тау 443 м), Жаман-Қандыадыр (тау 597 м), Сарыадыр (тау 212 м), Мұқырадыр (қон.), Сандықадыр (тау 204 м), Тастыадыр (шоқы), Қараадыр (тау 330 м), Қуадыр (тау 477 м), Қызыладыр (тау 317 м), Тастыадыр (жай.), Қандыадыр (тау 568 м), Қараадыр (тау 381 м) және т.б.
Дала	Ақдала (е.м.), Далакөл (көл), Мадайдала (төб.), Сарыдала (тау300 м), Ұзындала (қон.) және т.б.
Жал	Айғыржал (тау), Жал (тау), Қоңыржал (қон.), Төрежал (қон.), Соржал (қон.), Сұржал (қыс.), Тарақжал (төб.), Торғайжал (тау), Ұзынжал (қон.), Шақпақжал (қон.), Шолақжал (тау), Шөлеңжал (тау) және т.б.
Жар	Ақжар (е.м.), Жаркөл (көл), Қаражар (е.м.), Жардыкөл (көл), Жарсуат (е.м.), Жарлыкөл (көл), Жарқұдық (күд.), Қызылжар (қыс.), Жартас (е.м.), Жаркөл (көл), Жарлыкөл (көл), Қаражар (е.м.), Жарлы (өз.), Күйгенжар (е.м) және т.б.
Құм	Ащы-Құмкөл (көл), Құмды (өз.), Құмшық (е.м.), Құмкешу (е.м.), Құмдыкөл (көл), Құмкөл (көл) және т.б.
Оба	Оба (қон.), Тасоба (е.м.), Обалыкөл (көл), Обалысай (е.м.), Сарыоба (е.м), Сарыоба (төб.), Обалы (көл), Қароба (шоқы), Обалы (көл), Кіші Сарыоба (көл), Үлкен Сарыоба (көл), Қараоба (е.м.), Обалы (тау 719 м) және т.б.

Тақыр	Тақыр (қыс.), Тақырбұлақ (жыр.), Тақыржота (тау), Тақырқақ (қон.), Тақырсай (қон.), Тақырсу (төб.), Тақыртөбе (тау) және т.б.
Тас	Ақтас (тау 579 м), Ащытасты (су қойма), Ашутасты (е.м.), Бортас (бат.), Жартас (қон.), Майтас (тау), Керегетас (тау), Қойтас (тау), Найзатас (қыс.), Ордатас (жай.), Серектас (тау), Шоқпартас (төб.), Тасөткел (е.м.), Сынтас (төб.), Тасмала (өз.), Тастөбе (тау 432), Тесіктас (қыс.), Жалтас (қыс.), Қызылтас (е.м.), Тасөткел (е.м.), Қызылтас (е.м.), Тассай (е.м.), Шұбартас (е.м.) және т.б.
Тау	Алтынтау (тау), Ерейментау (тау), Жалғызтау (е.м.), Жаман Жалғызтау (тау), Желтау (тау), Қаратау (қыс.), Көкшетау (тау), Сандықтау (тау), Өгізтау (тау) және т.б.
Төбе	Аралтөбе (тау 287м), Ақтөбе (бей.), Бестөбе (тау 595м), Төбекұдық (е.м.), Күтөбе (е.м.), Қостөбе (е.м.), Қарашаттөбе (е.м.), Үштөбе (е. м.), Қарауылтөбе (төб. 324м), Түйетөбе (шоқы), Жуантөбе (шоқы), Сарытөбе (тау 403 м), Көктөбе (е.м.), Қарауылтөбе (тау 601 м), Қостөбе (тау 219 м) және т.б.
Шоқы	Ақшоқы (шоқы), Жетімшоқы (тау 507 м), Мырзашоқы (тау), Таласшоқы (қон.), Мыңшоқы (төб.), Нұрашоқы (тау), Тасшоқы (тау), Тоқшоқы (қыс.), Шетшоқы (қон.), Шоқы (тау), Шоршоқы (тау) және т.б.

Жер бедері табиғи ландшафттың қалыптасуына үлкен әсер етіп, адамзаттың шаруашылық қызметінде де маңызды орын алады. Үстірттер, жазықтар және тауаралық аңғарлар егін шаруашылығын дамытуға қолайлы болса, бай, қалың шөпті өсімдік жамылғысымен жабылған тау беткейлері мал үшін қолайлы жайылым. Қазақстан аумағының жер бедері типтері мен пішіндерінің әркелкілігіне байланысты сөздер қоры молдығын және жер бедерлерінің нақтылы орографиялық терминологиясының да мейілінше бай болуын дала зонасындағы оронимиялық топонимдерден аңғарамыз.

2.4 Терминдердің табиғат ерекшеліктерімен, шаруашылықтағы ақпараттық маңызы

Ғылым мен техниканың қандай ұғымы болса да, белгілі терминмен сипатталады. Ұғымды қалыптастыруда, ғалымдар оны екінші ұғыммен шатастырмау үшін, әрбір ұғымның басқа ұғымнан ерекше қасиеттерін бөліп, анықтамасын береді. Ұғымның атауы қойылып, терминделінеді. Мұнсыз ғылым мен техника табыстарын баяндайтын әдебиетті оқып - үйрену, сондай - ақ оқыту да қиын.

Терминологияға қойылатын талап - әрбір ұғымды көрсететін термин, сол сияқты керісінше әрбір терминге сәйкес келетін ұғым мүмкіндігінше біреу болуы керек.

Ұғымға балама ретінде алынған термин мазмұны жағынан, мүмкіндігінше, дәлме-дәл сәйкес келуі керек. Бұл арада номенклатураның шекарасы айқын көрініп тұруы міндетті, яғни терминнің ғылыми және тұрмыстық мағынасы ажыратылуы тиіс. Терминологияға қойылатын мұндай принципті сәйкестік принципі дейді. Ұғымдық реляциясының дәлдігі бойынша терминді классификациялау алуан түрлі. Бұған И. М. Щербина, Д. С. Лотте, С. М. Мусаев, Э. Н. Натансон және басқалар көңіл аударған. Алайда бір ізді көзқарас жоқ. Біз өз классификациямызда термин тасымалдайтын ұғым көлемі мен мазмұнын негізге аламыз [35].

Ұғым туралы толық мағлұмат бере алатын терминдерді дұрыс терминдер дейміз. Дұрыс терминдер жұртқа түсінікті, сондықтан тілімізге сіңіп, кең тарап кеткен.

Терминнің тұрақты, берік болуының бір принципі жазуға ықшам, айтуға жеңіл, шұбалыңқы емес, жинақы орамды болып келуі. Осындай терминдер мағыналы болып, өміршең, келеді.

Әрбір ғылым саласының ұғымдар жиыны болатындықтан, ал әрбір ұғымға сәйкес оның жана атауы, яғни болатындықтан әрбір ғылым саласының өзіне тән терминдер жиынтығы болады. Қасиеттері ғылыми ұғымдармен бейнеленетін айналадағы құбылыстар мен заттар өзара тығыз байланыста болғандықтан, термин өзі беретін ұғымның негізгі қасиеттерін сипаттап қана қоймай, ол осы ғылымның басқа ұғымдарымен арасындағы байланысын да көрсетуі қажет. Сөйтіп, ғылыми терминология жай сөз тізбесі, не жиынтығы емес, ол бір – бірімен белгілі қатыста байланысқан сөз жүйесі, не сөздердің қабысуы. Басқаша айтқанда, терминдердің жүйесі. Бұған кезінде Д. С. Лотте көңіл аударды. Осыған қарағанда терминологияға енетін терминдердің жүйелілік қасиеті болуы керек. Сондықтан да белгілі бір терминді бағалағанда, оны бөлектеп қарамай, белгілі бір жүйенің бөлігі ретінде қарастыру керек. Терминология қанағаттандыратын бұл принципті жүйелік принципі дейміз.

Халықаралық терминдер мен термин элементтері арқылы жасалған туынды терминдер әрбір ұғымда бір модельдің болуын қамтамасыз етеді. Түсініксіз, жасанды термин құрудан гөрі, ұлттық шекарадан шығып, халықтар арасына кең тараған интернационалдық терминдерді қабылдау қажет.

Салалық терминологияны жасауда және жетілдіруде басшылыққа алатын маңызды принциптердің бірі — терминнің кең тарағандығы мен тілге сіңгендігін еске алу болып табылады. Мұны ескермей тұрақтанған терминдерді жиі өзгертушілік практикада

кездесіп қалады. Терминологияны жасауда қолданылатын осы принциптерді ғылыми-техникалық терминологияның табыстарын, ғылым ретіндегі география мен қазақ әдеби тілінің ерекшеліктерін және терминологияны қойылатын педагогикалық талаптарды ескеру ғылыми терминологияны реттеу мен оны жасау проблемаларын шешеді.

Қазақстан Республикасы географиялық жағынан Еуразияның орталығында орналасқан. Жер көлемі жөнінен әлемде Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Үндістан және Аргентинадан кейін тоғызыншы орын алады. Кең-байтақ еліміздің табиғатын аумақты зерттеу жұмыстарының көлемі де, маңызы да орасан зор, зерттеушілер жан-жақты жоспарлы зерттеу, іздену жұмысымен шұғылданады. Олар еліміздің белгілі бір бөлігінің табиғатын, тарихын, экономикасын, шаруашылығын және мәдениеті мен өнерін зерттейді. Мәселен, география мамандарының басты міндеті – шаруашылық мақсаты үшін аймақты тиімді пайдалану және табиғатты қорғау, оларды қалпына келтіру мен көбейту бағытындағы шараларды ғылыми тұрғыда негіздеумен бірге географиялық болжам қағидаларды (принциптеріне) сәйкес, ландшафттардың даму, игеру және өзгеру тарихын қарастырады. Аталған бағыт географиялық, экологиялық, экономикалық тарихи деректерді саралау мен қатар палеоэтнологиялық, палеоботаникалық, палеозологиялық, палеоклиматтық, топонимикалық мәліметтерді пайдаланумен ерекшеленеді.

Қазақ халқының географиялық нысандарға қойған жалқы атаулары мен терминдер тәжірибесінен ұлттың жер ерекшелігін аумақты көлемде тұтас меңгергенін дамыған терминдер мен жер-су атаулары жиынтығының жүйесінен байқаймыз. Топонимикалық зерттеулер география ғылымында бой көтеруде және мазмұны күрделі әрі өзекті екеніне көз жеткіземіз. Себебі, географиялық жер-су атаулары тарихы өткен ғасырлардағы ландшафт түйіні бола отырып, қазіргі география ғылымына қызмет етпек. Топонимикалық зерттеулерден Қазақстан ландшафт сипаты дәл бейнеленеді (*жер-су атаулары ландшафт өзгерістердің индикаторы бола алады*).

Географиялық атаудың мағыналы мазмұнын анықтайтын топонимнің негізі – мемлекеттік тілдегі географиялық терминдер. Сонда терминнің басты белгілері мыналар болып саналады:

- *бір мағынада қолданылуы;*
- *дәлдік;*
- *қысқалық;*
- *жүйелілік.*
- *индикаторлық;*
- *номенклатуралық;*
- *жалпы ғылымдық;*
- *халықтық;*
- *іс-жүзінде қалыптасуы*

Географиялық терминдердің таралатын нақтылы географиялық кеңістігі, аймағы, аумағы болуы, терминнің ең өзекті деген белгілерінің бірі және жер табиғатының мазмұндық ерекшеліктерін анықтайды. Мәселен, Еуразия материгінің аумағын қамтитын топонимдерде, кең тараған халықтық географиялық термин – «**тұз**». Қазақ сөзін алғашқы рет жүйелі түрде халықтық географиялық терминдік мәнде айналымға түсірген, қолданған ғалым Ғ.Ғ. Қоңқашбаевтың анықтауынша, бұл географиялық термин «тұз өндіретін, кеуіп бара жатқан көл» дегенді білдіреді. Осы мағынасында алсақ, термин көлдердің тұздылық дәрежесі мен деңгейін, тұз кәсіпшілігі туралы мағына береді. Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» атты еңбегінде «тұз түрік тілдес халықтарда тегіс жер деген ұғымды білдіреді» деп келтіреді. Ал, Э.М. Мурзаев «**Тұз, дуз** буквально «соль» (тюрк.). В топонимии – солончак; самосадочное соленое озеро; засоленный ручей; родник, подающий минерализованную воду. Др. тюрк. Tuz – соль» [26].

Алматы облысы. *Тұздықөл* – тұзды көл. Жарсуат елді-мекенінің солтүстік батысында 12 км жерде орналасқан. Көл теңіз деңгейінен биіктікте 350,5 м орналасқан. Ауданы 108 км², ұзындығы 2,2 км, ені 1,3 км, жағалық сызығының (ұзындығы 5,4 км) өзгеруі 1,45 м. Ең терең жері 0,50 м. [59].

Тұзкөл – Ұйғыр ауданындағы ағынсыз көл. Шарын алабында. Тұзкөл – елді-мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 7 км, ауданы 6,80 км², ұзындығы 2,6 км, ені 1,2 км, тереңдігі 1,5-1,8 м. Су жинайтын алабы 227 км². Жағалаулық балшығы емге қолданады. (Тұздануы артқан көл).

Тұзкөл – Кеген алабындағы көл. Көл теңіз деңгейінен 1951 м биіктікте жатыр. Аумағы 6,6 км², ұзындығы 5,7 км, енді жері 2,1 км, жағалауының ұзындығы 16,6 км, көлдің тереңдігі 0,3 м. Көл аумағы 8,5 км², суы ащы. (Тұздануы артқан көл).

Тұз – Райымбек ауданында көл; *Тұзақты* – Ақсу ауданында қыстау, елді мекен; *Тұздыарал* – Қаратал ауданындағы қыстау; *Тұзасу* – Кербұлақ ауданында қоныс; *Тұздыбастау* – Талғар ауданындағы ауыл; *Тұздала* – Балқаш ауданында мекен; *Тұздықөл* – Балқаш ауданындағы елді мекен. *Тұздықөл* – Балқаш көліндегі шығанақ; *Тұздықөл* – Алакөл ауданында тұзды көл; *Тұзсай* – Кербұлақ ауданындағы өзен. *Тұзсай* – Сарқанд ауданындағы елді-мекен. Тұзуақтас – Райымбек ауданындағы өзен [25].

Ақмола облысы. *Тұз* – ащы-тұз көл, Нұра өзенінің төменгі ағысының сол жағалауында, Теректісор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Целиноград ауданы. (Тұздануы артқан көл) [29].

Тұз – тұзды көл, Нұра өзенінің оң жағалауында, Есей мен Сұлтанкелді көлдерінің аралығында; Қорғалжын ауданы. (Тұздануы артқан көл).

Тұзащы – ащы-тұзды көл, Алқасор көлінен оңтүстік-шығысқа, Қарасор көлінен солтүстік-шығысқа қарай; Қорғалжын ауданы. (Тұздануы артқан көл).

Тұздықұдық – қоныс, Новомариновка селосынан солтүстік-шығысқа, Новопетропавловка селосынан оңтүстікке қарай; Атбасар ауданы. (Суы тұзды құдық).

Тұзшоқы – ескі мекен, Ерейментау ауданы. (Тұзы шығып жатқан шоқы).

Батыс Қазақстан облысы. *Тұз* – көл, Қаратөбе ауданында. Теңіз деңгейінен 24 м биіктікте орналасқан. Аумағы 5,47 км², ұзындығы 3,8 км, ені 1,9 км. Күз айларында тартылып қалады. (Суы тұзды көл) [47].

Тұздықөл - Өлеңті өзенінің сағасындағы тұйық көл. Теңіз деңгейінен 4,6 м биіктікте орналасқан. Аумағы 4,37 км², ұзындығы 4,3 км, енді жері 1,4 км. Жағалауының ұзындығы 28,0 км. Жағалауында және орта тұсындағы аралдарда қамыс, құрақ өседі. Көл жайылым және шабындық ретінде пайдаланады. (Суы тұзды көл).

Тұздықақ – тұзды батпақ. Нарын құмының солтүстік-батысындағы сор. Бөкей ордасы ауданында орналасқан. Сор солтүстік-батыстан шығысқа, оңтүстік-шығысқа қарай доғаша иіле созылып жатыр. Ұзындығы 110-120 км, орташа ені 15 км. Солтүстік-батысында 35 км-ге жетеді. Ойыстау келген сор теңіз деңгейінен 8 м төмен жатыр. Көктемдегі қар суының еріп, осы ойысқа шоғырлануынан пайда болған. Түбінде жұқа тұз қабаты түзілген. Тұзды балшықтың құрамы сульфатты-хлоридті тұнбасының жалпы минералдығы 5-10 г/л. Сорға төзімді өсімдіктер өседі.

Қарағанды облысы. *Тұздықөл* шипалы балшығы, Қарқаралы ауданында, Қарқаралы қаласының солтүстік-шығысында 45 км жерде. Көлдің ұзындығы 1 км, ені 250 м шамасында. Күкірт сутек иісі шығатын сұрғылт балшық тұздың қалың қабатының астына тұнған. Лайы адам денесіне жақсы жағылады, оңай жуылады және емдегенде жақсы нәтиже беретінін анықтады [60;61].

Тұздыаңғар – елді-мекенді жер, Жезқазған өңіріндегі Ағашжайлау тауының солтүстік жағында орналасқан. «Топырағы тұзды, соры шығып жатқан аңғар» мағынасын білдіреді.

Сонымен қатар Жезқазған өңірінде: *Тұздықөл* – тау, биіктігі 502,2 м, «тұзды соры көлі бар тау»; *Тұздықосқұдық* – құдық, Ақадыр өлкесінде, «тұзды жерде қазылған, суы кермек, қатар жатқан екі құдық» мағынасын білдіреді. *Тұздықұдық* – құдық, Кеңаңғар жазығында «суы тұщы емес, ащы, тұз дәмі бар құдық». *Тұзкөл* – көл, Жанаарқа ауданында; *Тұзкөн* – жер, «тұзды, соры шығып жатқан жер, елді-мекен». *Тұзөзек* – тау, биіктігі 178,6 м, «тұзы, соры бар өзек маңындағы тау, төбе» дегенді білдіретін атау. *Тұзсызқұдық* – құдық Жанаарқа

ауданында, мағынасы «құдықтың суы ауыз суына, мал ішуіне жарайтын тұщы құдық».

Павлодар облысы. *Тұз* – ащы-тұзды көл, Найзақара тауынан солтүстік-батысқа, Шақпақ тауынан оңтүстік-шығысқа қарай; Баянауыл ауданы [31]. (Суы өте тұзды көл).

Тұз – ащы-тұзды көл, Сарыкөл көлінен солтүстік-шығысқа, Екібастұз қаласынан оңтүстікке қарай; Екібастұз қаласының аумағы. (Суы өте тұзды көл).

Тұз – ащы-тұзды көл, Сулысор көлінің солтүстікке, Батырша көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Баянауыл ауданы. (Суы өте тұзды көл).

Тұз – ескі мекен, Баянауыл ауданы. (Көл атынан қойылған атау).

Тұз – тұзды көл Жалаулы көлінен оңтүстік-шығысқа, Шығанақ көлінен солтүстік-батысқа қарай; Ақтоғай ауданы. (Суы өте тұзды көл).

Тұз – тұзды көл, Шарбақты көлінен оңтүстік-шығысқа, Шошқалы көлінен солтүстік-батысқа қарай; Лебяжі ауданы. (Суы өте тұзды көл).

Тұзауыл – ауыл, кісі тұрмайтын; Ақсу қалалық әкімшілігінің аумағы. (Көл атынан қойылған атау).

Тұзауыл – ескі мекен, Ақсу қалалық әкімшілігінің аумағы. (Көл атынан қойылған атау).

Тұздысор – ащы-тұзды көл, Шүрексор көлінен оңтүстік-батысқа, Қарасор көлінен солтүстік-батысқа қарай; Екібастұз қалалық әкімшілігінің аумағы. (Тұзы бетіне шығып жататын сор).

Тұзқала – станция, Қазақстан темір жолының Павлодар бөлімі; Успен ауданы. (Тұзды өндіретін қала).

Тұзқұдық – ескі мекен, Лебяжі ауданы. (Суы тұзды құдығы бар мекен).

Тұзқұдық – құдық, Екібастұз бөгенінен оңтүстік-батысқа, Екібастұз қаласынан солтүстік-батысқа қарай; Екібастұз қалалық әкімшілігінің аумағы. (Суы тұзды құдық).

Тұзкөл – тұз көл, Сулысор көлінен батысқа, Бірлік ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай; Баянауыл ауданы. (Суы тұзды көл).

Тұзшілік – жайлау, Лебяжі ауданы. (Көл атынан қойылған атау).

Тұзшілік – тұзды көл, Шарбақты көлінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Лебяжі ауданы. (Тұзды көл маңында өсетін шілік).

Солтүстік Қазақстан. *Тұзды* – батпақ, Сергеевское бөгенінен солтүстік-батысқа, Жалтыр көлінен оңтүстік-батысқа қарай; Тимирязев ауданы. (Тұзы бетіне шығып жататын батпақ) [30].

Тұзкөл – тұзды көл, Талдыарал көлінен солтүстік-шығысқа, Үлкен Жарма көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Аққайың ауданы. (Суы тұзды көл).

Тұзкөл – қоныс, Есіл өзенінің орта ағысының оң жағасында, Широкое көлінен оңтүстік-шығысқа қарай; Қызылжар ауданы. (Суы тұзды көлдің маңындағы қоныс).

Тұзкөл – тұзды көл, Тораңғылық көлінен солтүстік-шығысқа, Светлое селосынан батысқа қарай; Айыртау ауданы. (Суы тұзды көл).

Тұзкөл – тұзды көл, Ягодное көлінен оңтүстік-батысқа, Екатериновское көлінен оңтүстікке қарай; Жамбыл ауданы. (Жалғыз тақыр жердегі көл).


Тұз өндіру қазақтар үшін ежелден белгілі кәсіп. Мәселен:

- 1627 жылы құрастырылған «Үлкен Сызба» кітабында Батыс Қазақстан өңірінде тас тұз өндірілгені туралы мәліметтер бар; Қазақстан тұзды көлдерге бай ел.

- І.Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи трилогиясының VII томында Оралда ертеден бері тас тұзды өндірілгені туралы «Патша үкіметі 1810 жылы «Елек» сорындағы тұзды Ресейге жеткізетін жаңа жол салудан бастаған, әрекетінде Жаңа Елек пен Орынбордың арасында жиырма тоғыз бекініс орнатты» деп жазды;

- 1813 қазақ жерін аралаған Ф. Назаров «Жамантұз» деп аталатын кішігірім көлден қазақтар тұз өндіретіні жөнінде жазған. Жамантұз көлі Торғай жерінде орналасқан. Тұзы ақпақ, жағалаулары тартпа балшық болғандықтан, тұз тұнып жатқан бөлігіне жету өте қиын. Көлдегі тұздың «жамандығы» оның сапасы емес, тұзды өндірудің қиындығымен байланысты деуге болады.

Тұздардың, көбінесе хлорнатрий (ас тұзының) тұзының көптеген кен орындары Батыс Қазақстан жерінде үстін топырақ, тау жыныстары басқан төбешік тауларда кездеседі. Жер бетіне көрініп шықпайтын күмбез тәрізді тұздардың құрамында глазерит минералы бар. Батыс Қазақстан ландшафтының бір ерекшелігі – тұзды күмбездердің кеңінен таралуы (1-сурет). Олар жер қойнауында іркілген тұздардың жер бетіне өсіп шығуы немесе сығымдалу жүйесінен пайда болған. Әсіресе, Каспий маңы ойпатында көп тараған [26].



1-суре «Тұз» терминінің Қазақстан аумағында таралуы

Тұзды күмбездер тараған аудандарда тас тұз беті және жер асты сулары тұзға күшті қанығады да, шаруашылыққа пайдалануға жарамсыз болады. Күмбездердің жер бетіне шығып тұрған ядроларының беттерінде карстар өте күшті дамиды. *Тұзды карст* – оңай еритін тұздардың шайылуына байланысты тұзды күмбездер тараған аудандарда пайда болған жаңа ландшафттар. Тұзды күмбездер тараған аудандарда тас тұзы мен мұнай сияқты пайдалы қазындылар өндіріледі. Қазақстан жерінде тұзды күмбездер Шалқар көлінің маңында Сантастың биіктігі 71 м және Сасай тұзды күмбезі 94 м-ге жетеді. Ірі тұз күмбездер Каспий маңы ойпатында кеңінен тараған. Мұнда 1200-дей тұз күмбездері бар, бұлардың ішінде екі жүзден аса күмбез зерттелді.

Зерттеу кезеңінде жоғарыда келтірілген 52 атаулар тізімінен (карта М. 1:100000) **тұз** терминімен анықталды:

- тұз кәсіпшілігі бұрын болған көлдердің атауларында «тұз» термині қосылады;
- Қазақстанда суы тұзды көлдердің барлығында бірдей осы термин қолданыла бермейді;
- кеуіп қалған көлдердің табанынан да, әлі суалып болмаған тұзды көлдерде «тұз» термині сақталған;
- көлдердің едәуір бөлігі ертедегі кең алапты теңіздердің қалдығы болып табылады;
- «тұз» термині сақталған атаулардың (география әдісін пайдаланып) табиғат зоналарда тараған аймағын қарастырып,

анықтадық: Қазақстанның жазықтық ландшафтында (дала, шөл дала және шөл зонасы).

2.5 Өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық атауларда бейнеленуі

Ертедегі көшпенді ата-бабаларымыздың ерекше қастерлеп, талай ғасырлар бойы аялап, қамқорлық жасап келген табиғат байлығының бір тобы - өсімдіктер әлемі. Өсімдік адамға ішсе – тамақ, кесе – киім, саялы баспана, малына өріс, өзіне қоныс болған. Халық шаруашылығында ең көп мөлшерде пайдаланатын шикізаттардың бірі. Жергілікті жердегі өсімдік түрлерінің маңызды ерекшеліктерін бағалап, бірнеше мыңға жуық заттар мен өнім алып кеңінен қолданған [46]. Өсіресе, төрт түліктің және түрлі жан-жануарлардың талғап жейтін жем шөбінің қайсысы малға жұғымды және пайдалы мен зиянды (улы) екендігін ажырата білгені жөнінде ғасырлар бойы халықтың қалыптасқан қағидалары мен іс-тәжірибелерінің маңызы зор. Тіршілік тірегі - өсімдіктердің аттары географиялық атауларда қойылуының тарихы өте ерте кездерден басталған. Оның себебі, геожүйелердегі топонимдер халық өмірімен тығыз байланысты:

а) қоршаған ортаның физикалық географиялық қасиетін көрсетеді (қазба байлық; кен; жер бедері; ауа райының құбылысы; өзен-көл, сулардың үлкен-кішілігі, дәмінің ащы тұщылығын);

ә) халықтың материалдық рухани (іс-әрекет, тұрмыс) және қоғамдық өмірі үшін (көшіп-қону; жер, мал шаруашылықтары);

б) географиялық кеңістікте ландшафттардың (өсімдіктер мен жануарлардың) көп түрлігі мен ерекшелігін және өзгерістерін анықтау;

в) экологиялық бейімдеушіліктің тәжірбиесінің құралы ретінде қарастыруы және қалыптастыруы;

Батыс Қазақстан аймағын үш табиғат зонасы кесіп өтеді: дала, шөлейт және шөл белдемшелері. Аймақ флорасындағы өсімдіктерді пайдалануына, маңыздылығына қарай:

- біріншіден, негізгі жайылымдық мал азықтық өсімдіктер;
- екіншіден, азық-түлігі жарамды өсімдіктер;
- үшіншіден, емдік қасиеті бар өсімдіктер деп жіктеуге болады.

Өсімдік аттарымен байланысты географиялық атаулар аймақтағы өсімдіктердің табиғи топталуларының жиынтығы, яғни ландшафттық ерекшелігін көрсетеді. Өсімдік атауларының көпшілігі өңірде өсетін өсімдік түрінің көптігіне, молдығына қарай, халықтық тілімен бірге жасалынған. Зерттеу барысында (географиялық, картографиялық, тарихи, лингвистикалық әдістер қолданылып, басқа авторлардың археологиялық, палеогеографиялық, палеоботаникалық)

ақпарат көздерінен жинастырған топонимдер арасында аймақтың өсімдіктер жамылғысы атымен аталған географиялық атаулар кездеседі.

Ақтөбе облысындағы Қосағаш қыстауы, Миялы елді мекені, Жыңғылды көлі (Байғанин ауд.), Шиелі қыстауы, Жыңғылды өзек (Бұрғыз ауд.), Сыпсынағаш қолаты, Жуалы елді мекені, Аралтоғай поселкесі, Қарабұтақ қала типтес поселкесі, Теректі елді мекені (Әйтеке би ауд.), Талды елді мекені, Талдысай поселкесі (Хромтау ауд.), Жосалы елді мекені, Қарабұтақ өзені, (Қарғалы ауд.), Қаратал поселкесі, Талдысай елді мекені (Хобда ауд.), Қайыңды, Көптоғай елді мекендері (Ойыл ауд.). Шалқар ауданындағы Қаратоғай поселкесі, Қамыстыкөл көлі, Жақсыбұталы тауы (345м), Жалғыз жиде, Қоғалы қыстауларының атауларының негізінде өсімдік аттары жатыр (2-сурет).


Атырау облысындағы Егіндіқұдық елді мекені (Құрманғазы ауд.), Ақтоғай елді мекені (Махамбет ауд.), Миялы, Сағыз поселкелер, Қарабау елді мекені (Қызылкөген ауд.), Қосшағыл, Сарықамыс қалалары, Шоқпартоғай, Қарағай, Ақкиізтоғай поселкелері, Тасшеңгелді төбешік, Қамысты көлінің (Жылыой ауд.) атаулары фитонимдермен байланысты.

Батыс Қазақстан облысындағы Қамысты қала типтес поселкесі, Жуалы ой елді мекені (Жәнібек ауд.), Қайыңды, Қызылтал елді мекендері (Шыңғырлау ауд.), Қаратөбе ауданындағы Жусандыой, Егінді көл, Жалғызағаш, Қарақамыс елді мекендерінің атауларының негізінде фитонимдер жатыр. Маңғыстау облысындағы Шағылқұм құмы, Қияқты елді мекені (Түпқараған ауд.), Жыңғылды, Шайыр поселкелері, Жапырақты тау (363 м), Сазды тау (214 м) (Маңғыстау ауд.), Сексеуіл қонысы (Қарақия ауд.), Сексеуілрал қонысы, Қарағайлы қыстауы (Бейнеу ауд.) атауларын өсімдік аттарымен байланыстыруға болады [62; 63].

Академик П.С.Паллас (1769 жылы, жазда) өзі болған Батыс Қазақстан облысында Жайық, Көшім (Қабыршақты), Үлкен және Кіші өзендерінің жағаларында тоғайлардың мол болғанын, онда тал, өлең, қияқ өлең, терек өскендігін және теректің тез өсетінін мезгеп, оны «шөл зонасының эвкалипті» деп еңбегінде атап көрсеткен.

Адамның өнеркәсіп, шаруашылық эрекеттерінен өңір өсімдік жамылғысы көп өзгеріске түскен қазір. Себебі, жайылымдардың дұрыс пайдаланылмауы, тоғайларды отау, суды қорғау шараларының дұрыс жүргізілмеуі, сынақ полигоны орналасуы, сондай-ақ табиғи өсімдік жамылғысының орнында егістіктер көлемін ұлғайту және т.б. сияқты шаралар өлкенің ландшафтысын өзгертті. Мәселен, өзендер жағасындағы мол тоғайлар жойылды. Бұрынғы өсімдік жамылғысы жөнінде сол өлкедегі географиялық атаулар мәлімет бере алады. Мысалы, Талдыбұлақ мекені, Талдысай, Талдыапан, Талдыағаш атаулары — осының айқын дәлелі.

Батыс Қазақстан аймағының өсімдік картасындағы фитонимдер
(толықтырған А. Е. Аяпбекова)



2-сурет

Аймақ жеріндегі топонимдер құрамында кездесетін өсімдік атауларының бірі ретінде сексеуілмен байланысты топонимдерге тоқталайық. Бұдан екі ғасыр бұрын Еуропа халықтары арасында Орта Азияның шөлдерінде өсетін «оңтүсік қарағайы» аталған сексеуіл Атырау, Маңғыстау облыстарының құм далалары мен құмды шөл далаларында өседі. Мысалы, Атырау облысында Сексеуіл тоғай (Жылыой ауд.), Маңғыстау облысында Ақсексеуіл қонысы (Қарақия ауд.), Сексеуілрал қонысы (Бейнеу ауд.) [62; 63]. Ғалым И.Г.Борщакөв еңбегінде «Сексеуіл – құмды шөлдің қорғаны, ол құмды бекітіп ұстап тұрады. Өскіндері түйеге, қойға бір жағынан жақсы азық, екіншіден – сусын. Жергілікті құмды, шөл жерлерде судың аз екенін сексеуіл өсуімен анықтауға болады. Сексеуіл су *«аулауға да»* бейімделген. Көктемде тұқымнан шыққан тамыр тез өсіп суды қуалағандай тереңге тез ұзарып 20-30 метрге дейін өсіп және сексеуіл тоғайын құрады. Сексеуілдің өз тіршілігін сақтауы – табиғат сыйлаған ландшафт. Жергілікті халық сексеуілді мақтанышпен *«жасыл көмір»* деп атайды. Сексеуіл ағашынан сапалы көмір дайындалады», - деп келтіреді.

Батыс Қазақстанда Жусандыой, Жусанды елді мекені күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін пайдалы өсімдіктің ландшафттық жекелеген компоненттерінің, яғни жусан өсімдік түрінің көптігіне байланысты атау берілген. Г.С.Карелин орыс саяхатшысы, табиғат зерттеушісі (1822-1825 жж.), Маңғыстаудың өсімдіктері мен жануарлары жөнінде бағалы мәліметтер жинады. Еңбегінде «...өлкеде жусанның қалың таралғанын, қатты аңқыған иісті ащы өсімдік, жаз кезінде мал жеуге мүлде жарамайды, тек қоңыр күзде, суық ұрып, сілтісізденгеннен кейін ғана оны қой-ешкі жақсы жей бастайтынын және өсімдіктің жер бетіндегі бөлігінің тұнбасын (бүйректегі тасты жою, қызу қайтару үшін пайдаланған және тұмау, бас ауруларын емдеуге) дәрілік шикізат ретінде қолданылатынын» еңбегінде жазған.

Қамысты-Самар көлдері Батыс Қазақстан облысы Жанақала ауданының оңтүстік жағында Нарын құмына қарай орналасқан көлемі едәуір аумақты көл. Қара және Сары өзендердің құяр сағасындағы тұйық су қоймаларының негізгі алабы. Осы көлдерді зерттеушілер 70 немесе 150 көлдің санын анықтаған. Ал, кезінде су көп жылдары тіпті 300-ге дейін жетуі мүмкін екенін ғалым А.Ғалымов еңбегінде мәлімдеген. Аридті климат жағдайында көлдер мен өзендердің суы тартылуы қарқынды жүретіні белгілі. Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде *«қамыс»* сөзінің суы тартыла бастаған көлдердің атауларында жиі кездесетінін және осы сөз арқылы көл динамикасының қазіргі жай-күйін айқын ажыратуға болатынын жазған. Бұл тұрғыдан алғанда, ұдайы саны өзгеріп тұрған Қамысты-Самар көлдерінің атауындағы *«қамыс»* сөзі географиялық ландшафтты бейнелейді. Бұл

гидронимнің құрамындағы «*самар*» компонентінің шығуы төңірегінде қалыптасқан бірнеше пікір бар. Е.Қойшыбаев бұл сөзді көне тілдер жұрнағы деп санайды. Бұл пікірмен келісуге болмайды. Қалай десек те «*самар*» сөзі жұрнақ емес, керісінше көне түрік тіліндегі географиялық термин болуы керек. Бұл сөздің көне түрік географиялық термин екендігін таралу аймағы да дәлелдейді. Мысалы, Ресейдің Самара қаласының атауы да осы сөз негізінде қалыптасқан.

С.Аманжолов көне түрік тіліндегі «*самар*» сөзі «су алабы» деп түсіндірсе, Ғ.Қоңқашбаев «*астау*» мағынасын білдіретін сөз негізінде қалыптасқан географиялық термин деп есептейді. «*Астау*» мен «су бассейнінің» беретін ұғымы бірдей. Сондықтан қамысы қалың, су құятын қойма секілді көл суретін беретіндіктен «самар» деп атаса керек. Себебі жергілікті халық географиялық ортадағы көлді тану арқылы, сол жердің бұрын таныс емес белгілерін өздерінің (адам) санасында сақтап отырған. Осының нәтижесінде нысандардың атауы ландшафт, флора бейнесіндегі ерекшеліктерге байланысты Қамысты-Самар көлі деп атаған.

Қамыс – қияқ тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Батыс Қазақстанда аумағында оның 14 түрі кездеседі. Әр түрлі төтенше экологиялық жағдайларға аса оңай бейімделу қабілетіне байланысты ерекшеленеді. Біз зерттеп отырған аймақта негізінен өзен аңғарлары мен атырауларында, Каспий теңізінің жағасында, көл маңы ылдиларында, ылғалды – батпақты тұтасымында, көгалды сортаңды топырақты жерлерде және кеуектенген сортаңдарда, күм ойдымдарда өседі. Батыс Қазақстан аймағындағы көлдердің көпшілігі дамудың соңғы кезеңін басынан кешіріп жақанын ескерсек, қамыспен байланысты көл, елді мекен атаулары табиғат өзгерісінен хабар береді деуге болады. Батыс Қазақстан облысында қамыс өсімдігімен аталатын жер атауларынан Қамыстыкөл, Қамыскөл, Қамысты ауылын атауға болады (2 сурет).

Шет ел топонимиясындағы (Польша, Румыния) өсімдіктер және жануарлар аттары арқылы сол өсімдіктер мен аңдар түрлерінің өткен тарихи кезеңдерде белгілі аумақта таралғандығын ғалымдар дәлелдеген. Ал Э.М.Мурзаев және Е.Л.Любимова топонимикалық әдіс арқылы емен, қайың т.б. ағаштардың түрлерінің Орыс жазығындағы географиялық тараған орнын (ареалдарын) анықтаған [9].

Ертеректе бұл ағаштардың қазірге қарағанда, әлдеқайда көп болғандығын қосымша деректер растайды. Мысалы, Ақтөбе облысында Мортық кеншарының аты – дәрілік өсімдік – «мортық» сөзінің этимологиясынан келіп шыққан. Сондай-ақ, Құрайлы, Өлеңті, Миялы, Қандыағаш т.б. атаулары бар. «Қандыағаш» сөзін көбіне «Қан шашылған», яғни қырғын оқиғалармен түсіндірілетін баламалар кездеседі. Ол түсініктердің көңілге қонымсыздығын Э.М.Мурзаев өз

еңбегінде былайша көрсетеді: «Қан» сөзі – атау тұлғада «от», «молшылық» мағыналарын береді немесе «шөбі қалың жер». Сайып келгенде Қандыағаш атауы қалың ағаш өскен, орманды жер болғанын білдіреді. Сондай-ақ, орманды дала зонасында кең тараған ольха ағашының қазақша нұсқасы «қандыағаш» (қайың тұқымдас жапырақты ағаш). Осы деректер негізінде өңірде кезінде өскен қандыағаш ағашының атымен байланыстырамыз.

Батыс Қазақстан топонимиясындағы қарағай, қайың, қарағаш, тал атауларынан бір кезде осы ағаштар өскен, кең тарағандығының дәлелі болады.

К.Г.Паустовский «Атау дегеніміз – халықтың елін ақындық тілмен білдіруі және бұл халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой – асқары мен тұрмыс – салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деп айтып көрсеткендей, Қазақстанның географиялық атауларына зер салсақ, дені сол жердің геожүйе бітімімен қойылған.

Қара өзен Саратов облысының аумағына кіретін Жалпы Сырттың оңтүстік беткейлерінен бастауын алып (ұзындығы 584 км), Қамысты-Самар көліне құяды. Өзенінің арнасы жазықтағы өзендерге тән иірімді тізбектеліп келеді, онда өзеннің жағалары тік, әрі қалың шабындық өсімдік түрлеріне бай.

Қара және Сары өзендерін физикалық географиялық тұрғыда зерттеген (XIX ғасырдың 30-40 жылдары болған орыс Географиялық қоғамының мүшесі) Я.В.Ханыков еңбегінде өзендер жағалауларының қамысты, талды, суы тұщы және оңтүстікке Каспий жағалауына дейін қос өзен аралығында шаруашылыққа жайлы жайылым жайлауы болғанын негіздейді.

А.К.Кононов пен Э.М.Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түрік географиялық терминологиясында өзінің негізі мағынасынан басқа қосымша «жер», «құрлық», «топырақ» мағыналарына ие болатынын топшылайды.

Ал, Т.Жанұзақов Орталық Қазақстан топонимиясындағы Қарасу гидронимдерін ағынсыз, көлшік болып қалған өзендердің «ағынсыз» деген мағынасын білдіре алатынын тұжырымдайды. Сонымен қатар «қара» сөзіне байланысты фразалардың лексикалық-семантикалық жалпы түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестеріне «қара халық, қара табан, қара шаңырақ, қара жер, қара қазан» жатады.

Қара өзен мағынасын түсіндіруде «қара» сөзімен жоғарыда келтірілген мәліметтерге қосарымыз атау бұрыңғы ата-бабаларымыз географиялық таным бойынша Қара өзен атауын жағалауындағы өсімдіктердің көп түрлігі мен молдығына байланысты «*Қара отты (жағалауы) өзен*» мәнінде атаған деп негіздейміз.

Жануарлар дүниесі табиғаттың басқа құрамдас бөліктерінен жерсінуді және табиғаттың қолайсыз құбылыстарынан пәрменді қорғану

бейімділігі арқылы ерекшеленеді. Жалпы алғанда, қандай да болса экожүйенің зооценоздардың қоректік тізбек заңдылықтарына байланысты, фитоценоздармен бірге биоценоздар бірлестігін құрайды. Қазақстан топонимиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – географиялық атауларда жануарлардың көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Қазақстанда аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын аңғартады. Мәселен Бұлан атымен байланысты топонимдер Жайық, Торғай өзендерінің бойында, Көкшетау, Қарқаралы, Маңғыстау, Оңтүстік Алтай тауларында тараған. *Бұлан* атты топонимдер ареалы кезінде орман басқан жерді қамтыған, себебі бұлан тек орманды өлкелерде ғана өмір сүрген.

Белгілі зоолог А.Н.Формозов Қазақстан картасында аңдарға байланысты атаулар бар екенін айта отырып, аңдардың және аңшылықтың халық өмірінде атқарған үлкен мән-мағынасын атап өтеді. Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың пікірінше, көшпенділердің күн көрісіне жер бедері, климат, су көздері, өсімдіктермен қатар, жабайы аңдар да үлкен септігін тигізген.

Жануарларға байланысты атаулардың Қазақстан топонимдеріндегі орны жөнінде ғалым Н.И.Баяндин: «Бұл атаулардың бәрі кездейсоқ қойылмаған. Олар қазақ халқының мал шаруашылығы кәсібі, жалпы халық тарихымен тығыз байланысты», -деп жазады.

Белгілі бір табиғи жануарлар (құлан, бұлан, марал, құндыз) ареалы сол аймақ жеріндегі географиялық атауларда кездеседі. Жануар түрінің таралу шегі кейде Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстан аймақтарында таралғандықтан географиялық жер-су атауларының құрамында жануарлар атымен атаулар кездеседі. Ақтөбе облысында Үлкен, Кіші Борсыққұм құмы, Текелі тауы (399 м), Түлкілі қыстауы (Ырғыз ауд.), Жылан бекеті (Шалқар ауд.), Құндызды өзен (Мұғалжар ауд.), Батыс Қазақстан облысында Бөкен қыстауы, Лақалы көлі, Соңалы елді мекені (Қаратөбе ауд.).

Маңғыстау облысында Құланды қала типтес поселкесі (Қаракия ауд.), Қасқыржол қыраты (235 м), Сүлікті бұлағы (Маңғыстау ауд.).

Жер-су атауларында мал шаруашылығына қатысты ақпарлардың болуы топонимдердің осы шаруашылық түріне қатысты айырықша топтамасы туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан топонимдерін жануарлардың шаруашылыққа тікелей қатысына қарай бірнеше мағыналық топтарға ажыратуға болады:

1. Мал аттарымен байланысты топонимдер. Мыңжылқысексеуіл шатқалы (Ақтөбе облысы), Қарайғыр қыстауы, Түйесу құмы (Атырау облысы), Тайсойған құмы (Батыс Қазақстан), Айғыржал жер аты (Маңғыстау ауданы)

2. Жабайы жануарлар аттарымен байланысты топонимдер. Текелі тауы, Түлкі қыстауы, Жылан бекеті, Құндызды өзен (Ақтөбе

облысында), Бөкен қыстауы (Батыс Қазақстан облысында), Құланды қала типтес поселкесі, Қасқыржол қыраты (Манғыстау облысы), Арқарқамалған тау, Жылан тау, Жыланқыр қыры, Бүркіті тауы (Жезқазған өңірінде).

Географиялық нысандардың пішіні, формасы жануарлардың аттарымен де аталады.

Қазақстанның кең-байтақ жерінің ландшафтысы (өсімдік, жануарлар) біркелкі болып келмейтіндігін жинақталған топонимдерде бейнеленуінен анықтауға болады.

Сонымен, ландшафттың биоталық компоненттері болып табылатын өсімдіктер мен жануарлар дүниесі антропогендік әрекетке неғұрлым сезімтал болғандықтан, Қазақстан аумағында көбірек өзгеріске түскен. Биогеоценоздың басты бөлігі және бастапқы биомассаның продуценті ретінде қарастыруға болатын өсімдік жамылғысының түбірлі өзгерістері геожүйелердегі геохимиялық процестерді өзгерістерге әкеледі. Осыған байланысты топонимдерде сақталып қалған өсімдік пен жануар атауларын ландшафт өзгерістерінің басты индикаторларының бірі ретінде бағалауға болады. Қорыта келе аймақтың табиғат жағдайларын сипаттайтын жер-су атауларында:

- жергілікті жердің ландшафттық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталған;

- қазақ халқының шаруашылық сипаты мен тұрмыс-тіршілігіне арқау болған ландшафт компоненттері мен олардың өзіндік ерекшеліктері Қазақстан топонимдерінің мағыналық жүктемесін анықтайды;

- табиғи ортаның жеке компоненттерінің топонимдерде бейнеленуі географиялық нысандардың шаруашылық маңызына қарай түрліше сипат алады;

- биоталық компоненттерімен байланысты топонимдердің ареалы өсімдіктер мен жануарлардың қазіргі таралу шекарасына сәйкес келмейді, бұл олардың сыртқы әсерге тұрақсыздығымен түсіндіріледі;

- Қазақстан Республикасының соңғы шыққан ережелеріне байланысты, қазіргі таңда ғылымдар саласында қазақ терминологиясын дамытудың, толықтырудың алғы шарттары жасалынып жатыр.

- Қазақстанның жер-су атаулары жергілікті географиялық терминдердің қалыптасуымен жасалған.

2.6 Геожүйелердегі тарихи – археологиялық нысандар тарихы

Бүкіл әлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша Қазақстан Республикасы тұрақты туризмді дамыту үшін болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, тарихына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді [64]. Сондықтан да, Қазақстанда туристік сала елдің экономикалық дамуындағы басым сала ретінде белгіленді.

Біздің елдегі халықтардың этнографиялық мәдениеті көптеген адамдарда қызығушылық тудырады және адамдарда мәдени-тарихи орталықтарға бару арқылы өзінің тарихымен танысуға итермелейді. Туризм – мәдениет және тарихпен танысудың ең қызық тәсілі болып табылады. Тарихи орындарға туристік сапар жасаған кезде адам тек қана демалып қайтпайды, сонымен қатар әр түрлі халықтың тарихы және мәдениетімен танысады [65; 66]. Елімізде ежелден аты аңызға айналған және бүгінгі күнге дейін болып келген қаншама тарихи-мәдени орындар мен киелі жерлер бар, сондай өлкелердің бірі – Солтүстік Қазақстан. Өңірімізде 200-ден астам тарихи-мәдени ескеркіштер бар [67; 68]. Мұнда анағұрлым туристік қызығушылықты қалыптастыратын тізім құралған. Мысалы, Ботай мәдениеті ежелгі адамның алғаш рет жылқыны қолға үйреткендігімен әлемге әйгілі. Бұл мәдениеттің өмір сүру уақытты б.ғ.д. V-IV ғасырларда өтті және жылқыны алғаш қолға үйретудің жер жүзінде ең басты орталығы Қазақстан болып саналуында. Ботай әлемдегі – ертедегі Еуразия жылқы өсірушілерінің ғажайып қонысы. Мұнда 60 000 сүйек пен тастан жасалған бұйымдар, тастан жасалған балталар мен пышақтар, жебе және найза ұштары, сүйектен жасалған инелер, қыштан жасалған ыдыстар және т.б. табылды. Тастан, ағаштан және балшықтан жасалған ботайлықтардың қонысы дөңгелек пішінге ие болған. Жоғары жақтан түтін шығатын, қазақтардың киіз үйлеріне ұқсас. Ботай қонысын тамашалаған кезде, ежелгі адамдардың қоныстанған орнынан археологиялық қазбаларды кездестіреміз. Археологиялық Ботай ескерткіші ЮНЕСКО қорғауына алынды [69]. Еуразияның дала және орманды дала ендігінің тұрақты мәселесін өндеуде Ботай ескерткіші әлемдік маңызға ие екені мәлім.

Археология-тарих ғылымының негізгі бір саласы, негізінде заттай деректерді зеріттеу арқылы, адамзат тарихының дамуын және осы дамуын және дамуының заңдылықтарын зерттейді. Археологияны күрек пен бірге жүретін ғылым деп атайды. Жаба деректердің сақталатын және зеріттелетін орны архив болып табылады [70]. Заттай деректер өте аз. Археологиялық ескерткіштердің сарқылмайтын қоры – жер. Археология термині екі грек сөзінен тұрады: архайос-көне және логос - ғалым. Ең алғашқы бұл терминді қолданған Платон

болатын. Бұл терминді Платон «көне заттар туралы ғылым» деп түсінетін. Кейіннен, XVIII ғасырда, археология деп антикалық өнер тарихын атайтын. Тек қана біздің дәуірде қазіргі археологияның мағынасы қалыптасады [71]. Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сак қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық, т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Ортағасырлық Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары, елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып отыр [72].

Тарих қойнауына үңілсек, ерте уақытта, әсіресе Парсы империясы, Ұлы Араб Халифаты, Рим империясы және оның мұрагері Византия дәуірлерінде тарихи, мәдени, саяси діни маңызы бар мемлекеттік ақпараттарды жан-жаққа таратуда «Жібек Патшалығы» (Қытай), «Пілдер Патшалығы» (Үндістан) және «Сәйгүліктер патшалығы» мәртебесі болғаны белгілі.

Адамзат тарихнамасы бойынша зерделесек, алғашқы адамдар легі (мысал ретінде экваторлық белдеудегі) өздері тіршілік еткен органы ұзақ уақыт мекен ете отырып, қажет жағдайда беймағлұм аймақтарға қоныс аудару үшін «геоэкспанция» жасап отырды. Олардың мұндай әрекеттерге баруы ру-тайпа мүшелері санының өсуі және қорек көздерінің жетіспеушілігі түрті болды деуге негіз бар [70].

Ежелгі заманнан бері миллиондаған жылдар тізбегінде адамзат перзенті орман мен сайларды, тау үңгірлері мен ағаш үйінділерін паналады. Мұндай табиғаттың қатал күштері мен жаратылыстың сұрапыл құбылыстарын тану мен одан қорғану барысында тас үңгірлер алғашқы пана бола алды. Найзағай отын шебер пайдалана білген алғашқы адамдар, ағаш жағу арқылы тек ас дайындау ғана емес, сонымен өздері мекендеген тас үңгір ішін жылыта алды. Олар Жаратқан Иенің мұндай сыйы мен құдыретіне таңданған көріністерін тас бетіне салған суреттері мен тас құралдары арқылы білдіруге тырысты. Ер адамдар болса, аң аулап, әйелдер ас әзірлеп бала бақты, мал терісін тазалап оны тұрмысқа икемдеді [71]

Уақыт өте келе тас үңгір айналасындағы ит-құс пен жабайы жеміс-жидектер қоры азайды. Оның үстіне адамдар тобыры күн санап молая түсті. Күнкөріс қамының қиындай түскенін сезген тайпа көсемдері бірнеше тобырға бөлініп, жан-жаққа жер аудару қажеттігін түсінді. Тайпаның бір тобы орманды алқапқа кетсе, келесі тобы өзен-көл мен шалғынды мамыржайға тап болды. Ауа райының жылы

мезгілінде адамдар тобырының үдере қоныс аударуы қорек көзі мен шалғынды аймақтың тұрмыс-тіршілікке анағұрлым жайлы болғандығынан байқалмады. Ата мекенінен едәуір ұзап, жайлы жатын, шұрайлы шалғындық пен ит-құсы мен балығы мол алқапқа үйреніп қалған олар артқа қайтуға зауқы соқпады.

Күннің күрт суытуы адамдардың орманды-дала зонасынан суықтан қорғануына барынша мүмкін болатын пана мекендерді іздестіруіне ұйытқы болды. Осылайша, алғаш рет адамдар тас үңгірден тыс дала жағдайында өмір сүруге дағдылана бастады. Алғашында олар өздері аулаған жабай мамонттар мен бұғылардың терісін жамылып, піл сүйегін «күрке» ретінде пана етті. Олар жерге тік шаншылған сүйектерді айқастыра жас шыбықтың қабығымен орап, оның сыртына мал терісін айқара жапты. Бірте-бірте жер-ошақ пайда болған соң, ошақ сыртын ұзын қарағай сырықтарымен айқара бақандап, қадалған ағаштардың бір ұшын байлап, екіншісін жерге қазық ретінде шаншып қапталдады. Кейін ошақ орнын жерге дөңгелене қазылған «жертөленің» ортасына орналастырып, топырақ бетін құрғақ шөптер мен бұта- жапырақтармен жапты. Жертөле айналасына 9-15 ұзын сырықтан тұратын қарағай немесе үйеңкі ағаштарын топырақ бетіне қазық ретінде орналастырып, сыртын мал терісімен қаптады.

Аталмыш үрдістің Жер шарының экваторлық белдеуіне жақын орналасқан аймақтарда ұзақ уақыт бір қалыпта дамып, қалыптасып келген дәуірін шартты түрде «First Human Tropical dwelling» (тропикалық аймақтағы алғашқы адамдардың қонысы) деген тұжырымды одан ары нығайта түсу керек деп есептейміз [72].

Рулық қауымдастықтың қарқынды дамуы қоныс аудар тенденциясын одан ары жеделдетті. Аталмыш үрдіс адамдардың өмір тіршілігіне тәуелді жайлы қорек көздерін қамтамасыз ететін табиғи ортаны іздестіру қамына айналды. Оның басты мәселесі - жылқы малы еді. Ежелгі адамдардың жылқы малын (басқа да жануарлар) қолға түсіру үшін терең ор қазып, нәтижесінде үркіген үйірлердің бас сауғалай келе, қазылған шұңқырға құлауы арқылы көп мөлшерде опат болуы жануарлар бойында табиғи инстинкттен туындаған «қорғаныс имунитетін» қалыптастырды. Соның нәтижесінде, жабайы жылқылар үйірі бір мезгілде солтүстікке қарай үдере көшті. Жылқы көші олардың артынан басқа жабайы аңдар мен жануарлардың қоса көшуіне ұйытқы болды. Бұл кезең 1,5 млн жыл бұрын басталды.

Асау жылқылар солтүстіктің қатал табиғаты мен құрғақ (аридті) жазирасына жылдам бейімделіп кетті. Ежелгі адамдардың басқа жануарлардан гөрі, жылқы малына деген ерекше назары, сәйгүліктің бойындағы көп қасиеттеріне (тазалығы, жылдамдығы, төзімділігі, күштілігі және сұлулығы) байланысты болғаны шындық. Жылқыны қолға үйрету ұзақ уақытты қамтыды. Үйір соңынан ерген ежелгі

адамдар олардың соңынан ере отырып, жануардың психологиялық ерекшеліктеріне қанық болды, ең негізгісі үйірге жақын орналасқан бүгінгі киіз үйдің алғашқы нұсқасы болып табылатын «жылқышы үйінің» (Horsemen's dwelling) пайда болуына тарихи-мәдени діни философиялық маңызын тигізді. Осылайша солтүстіктің табиғатына барынша адаптацияланған Арктикалық қоныс (Arctic dwelling) пайда болғанын әлемдік деңгейдегі сенсациялық ғылыми жаңалық ретінде қабылдауға болады. Халқымызда «Атың болса жортып жүріп жер таны, асың болса беріп жүріп ел таны» деген мақал тегін айтылмаса керек. Демек, Арктикалық аймақтарды (Еуразия даласы) иеленуде мындаған жылдар бойы «геоэкспанция» жасаған көне ата-бабаларымызды Ұлы даланың тұңғыш туристері деп атауымызға болады [71]

Археолог Жакен Таймағамбетовтың айтуынша бұдан 25 мың жыл бұрын Ертіс өзенінің жағасында (Шүлбі қонысы) алғашқы адамдар қазіргі Сібір көшпенділері мен Канада эскимостары күркелеріне ұқсас (Чумм, Типпи- Chumm, Tippi) ежелгі қоныс орнының табылғаны – қазақ даласының әлем номадтары жұрттордалары (киіз үйлері) отаны атажұрты екенін дәлелдейді [73].

Ботай қонысы (Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары) маңында энеолит дәуірінде (5-5,5 мың жыл) ғұмыр кешкен адамдар тұрмыс-тіршіліктері әлемде тұңғыш рет жылқыны қолға үйретіп, өз кезегінде қымызды ашыту технологиясы мен тұрақордаларын иеленгенін дәлелдеп отыр. Аталмыш сала бойынша зерттеу жүргізген отандық және шетел ғаламдарының тұжырымдары мен ғылыми қағидалары жалпы әлем көшпенділері «күркелерінің» даму эволюциясын қалыптастырды деуге болады. Ботай мәдениеті көшпелі тұрмыстың классикалық үлгісін қалыптастырып шаруашылық әрекет пен экономикалық қарым-қатынастың адам мен табиғи арасындағы шынайы гамониялық сипатта өрбігенін көрсетті. Бұл жөнінде біздер арнайы тақырып ретінде тоқталып, аталмыш құбылыстардың өміршендігі мен қоғамдық қажеттіліне баға беруге талпынбақпыз. Қазақстан, Орта Азия және Еуразия даласына ежелден белгілі болған көшпенділер тұрақордасы эволюциясы өз ретінде тарих, этнология, этнография, тарихи география және археология ғылыми - зерттеу саласы мамандарының еншісі екенін атай отыра, қол жеткізілген мұралар мен құнды заттарға негізделі отырып, көшпенділер (номадтар) тұрақордасы, яғни бүгінгі «киіз үй», «nomads yurt», «юрта» және басқа халық қазынасын ғаламдық деңгейдегі туризм объектісі екенін айқындау, оның рекреациялық мүмкіндіктерін қоғам мен ұрпақ игілігіне айналдыру болып табылады [69].

Шүлбі қонысында кіндігі кесілген байырғы жұртторданың тым қарапайым болуы көшіп-қону барысында ыңғайлы болғандығынан деуімізге негіз бар. Тау-тас үңгірлерінен алшақтауға мәжбүр болған

көне далалықтар шөл мен шөлейт орманды-далалаы алқаптарда жүріп-тұруға өте-мөте ыңғайлы жұртошақты (күркей, лашық, жертөле, абылайша, чумм, типпи) кәдеге жаратуы бекер емес. Оны қажет жағдайда паналау, құрастыру табиғи ортаның қай нүктесінде болмасын ұзақ уақыт дайындықты қажет етпейтін шаруа екенін ескерген жөн. Аталмыш кезең 25-6 мың жылдар арасын қамтып, сайын даладағы тұрмыс-тіршіліктің қайнарына айналды [73].

Шұлбі мен Ботай мәдениеті арасын жалғаған жұртошақ пен жұрторда эволюциясы адамзат тарихы мен мәдени мұрасының ажырамас қазынасына айналып, қоғамдық формацияның барлық заңдылықтары мен қағидаларын бойына сіңірді.

Ботай мәдениеті тұсында әлемде тұңғыш рет жабайы жылқыларды қолға үйреткен ботайлықтардың «ерлігі» өздері мекен еткен аймақтағы жан-жануарлардың азық қорегі тұрғысынан күрт азайып кетуі немесе табиғат құбылыстары мен катаклизмдері әсерінен басқа территорияға жер ауып (миграциялануы) кетуі салдарынан болуы мүмкін. Уақыт өте келе жабайы жануарларды қолға үйрету тенденциясының тым қарқынды көрініс табуы – азық-түлік қорегінің жетіспеушілігінен екені дау тудырмайды. Малдың қолға үйретілуі оның өсуі мен күрт төмендеу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік берді. Ал, мал өсімі мен өнімінің тұрмыс-тіршілікте маңызды орын алғаны өз алдына жеке мәселе.

Ендігі кезекте жұрторда өзінің жұртошақтық дәрежесінен заманның ағымына қарай едәуір өзгеріске ұшырап, далалық номадтардың сән-салтанаты мен салт-дәстүрлеріне қарай икемделіп, барынша күрделене түсті. Оның сайран құрған салтанатты кезеңін сақтар мен ғұндардың көнетүркі тайпаларының «Алтын дәуірі» деп бағаласақ жаңылмаймыз.

Қазақ халқының ою-өрнегі тек ішкі жандүние иірімдерінен ғана бастау алмай, қоршаған орта мен аспан денелері арасындағы байланыс пен табиғат факторларымен тығыз байланыста ұзақ ғасырлар дамып келеді. Ою - өрнектің геоморфты, фитоморфты, орнитоморфты, зооморфты, ихтиоморфты, петроморфты т.б тылсым табиғат құбылыстары мен геологиялық-петроглифтік ескерткіштер әлемімен тоғысуы ғажап дүние. Атап айтқанда, халықтың қолөнер және зергерлік бұйымдар туындыларында «архар-мүйіз», «аққу қанаты», «өсімдік әлемі» және «төрт құбыла» жанрларының көптен кездесуі кездейсоқ дүние деп айта алмайсың [69]

Қазақстанның таулы аймақтарында, мәселен күні бүгінге дейін Ұлттық Археологиялық картаға ілікпеген «Таскескен петроглифтері» таңбаларында таутеке, архар, түйе, салтатты тас суреттердің 3 мың жыл бұрын қашалып, бейнеленген себептерінің бірі «аштықта қорек болған», «суықта пана болған», «кисе киім, жесе тамақ болған» жан-

жануар әлеміне деген алғашқы адамдардың ерекше сезімдерінен туындаған мифологиялық-философиялық ой-танымдары десек кателеспейтін шығармыз.

Қоршаған ортадағы жердің географиялық орны мен рельефі көшпенділер өмірі тұрмысына айтарлықтай ықпал етеді. Одан киіз үйге ұқсайтын ұсақ шоқылар мен аласа төбелер тек тұрмыс-тіршілік қамы ғана емес, тұрақорда жұртын салу мен құрастырудың негізгі элементі болуы мүмкін деген жорамал жасауға болады.

Қалай дегенмен, киіз үй конструкциясын жасамастан бұрын, ата-бабаларымыз ата жұрт тұрақордасының киелі жер топырағы мен тау-тасы өзен-көлі мен ит-құсы ерекшеліктеріне назар аудара отырып игіліктенуді мақсат еткені анық байқалады [64].

Ата жұрт тұрақордасының киіз үй формасында көрініс табуы табиғи ортадағы рельеф, ландшафт және климаттық ықпалдарға ұшырауы, өз кезегінде ата-баба философиясында ұлттық құндылық ретінде бағалануы арқылы саналы тұрғыда қоғам мен халық игілігіне айналуы ғажап құбылыс. Міне, осы әр адам терең бойлай бермейтін аталмыш танымдық тағылымдық үйлесімділік киіз үйдің тарихын білуге құштар қонақтар мен ғалымдардың назарын өзіне аударғаны абзал. Мәселе, табиғаттың сұрапыл құбылыстары немесе жанды сақтауға арналған күйбің тіршілік пен қызығынан қиыны көп тұрмыс-салттың жетегіне бой ұсынған Ұлы дала перзентінің бір ғана бағытта ғұмыр кешті деп қалай айтуға болады. Профессор Виктор Зайберт реконструкциясы бойынша жасалған Ботай қонысындағы алғашқы адамдардың «жұрт панасы» ғажап бір тылсым үйлесімділікті паш етіп тұр.

Ботайлықтар дүние жүзінде жылқыны қолға үйретіп, қымызды ашыту технологиясын жасай отыра, ендігі жерде олар әлемде тұңғыш рет Ұлы Дала кеңістігіне сай келетін көшпенділер тұрақордасының тұңғыш архитектуралық моделін жасады деуге негіз бар [70]. Мұны ғылыми жаңалық деп бағалауға болады.

Киіз үй Ассоциациясының жарқын үлгісінің бірі түйе өркешінің ата-бабалар тұрақордаларына ұқсастығы. Мұндай ғажап құбылыстар мен теңеулер қонақтар мен туристердің аса қызыға назар аударатын маршрут нұсқаулары мен ақпарат құралына айналуы керек. Бұл жөнінде біз жоғарыда киіз үйді тамашалауға келген қонақтарды түйенің үстіне отырғызып алып келу дәстүрінде толық сипаттама бердік. Осы бағытта туристерге ұлттық тағам түрлері, зергерлік бұйымдар, кілем мен текемет тарихы, жауынгерлік дәстүр, қыран бүркітті баулу, дастархан мәзірі ұлттық киім үлгілері, аңшылық саятшылық дәстүрлері қоса насихаттаған жөн [65]

Еуразия құрлығының кең даласын сан ғасырлар бойы атамекені санаған көшпенді-номадтардың соңғы ұрпағы, бүгінде әлемдегі

өркенитті мемлекеттермен терезесі тең тәуелсіз мемлекетті құраушы қазақ жерінде 2017 жылы Бүкіләлемдік «EXPO 2017 Astana» бүкіләлемдік көрмесінің өтуі. ХХІ ғасырдың басындағы адамзат жамиятындағы аса ерекше оқиға болды. Өткен ғасырлар қойнауында (1465-1821) Қазақ Хандығы (Kazakh Khatate, Kazakhya) деген атаумен әлемге мәшһүр болған еліміз 1991 жылы қайтадан тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанына 26 жылдан асты. Бүгінгі Қазақстан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басқаруымен заман талаптарына сай, ұтымды да қарқынды мақсатты да парасатты жаңаша даму жолын ұстануда. Оған еліміздегі болып жатқан ауқымды реформалар мен серпінді бетбұрыстар, инновациялық серпілістер мен ғылыми-техникалық модернизацияландыру жетістіктерін атап өтуге болады. Жалпы Ұлттық туризм жүйесінің қалануына 168 тарихи маңызын тигізген айтулы оқиға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Испанияға сапары барысында UNWTO-ның штаб-квартирасына бет бұруы (2000) болды. Аталмыш ірі өзгерістер мен динамикалық қарқынды дамуымыздың бір келбеті туризм индустриясы болып табылады. Астананың бельгиялық Льеж шаһарынан (Халықаралық Көрме бюросының 152-Ассамблеясы) басым түсуі бекер емес. Атап айтқанда, соңғы 5-10 жыл ішіндегі Қазақ Елінің әлемдік деңгейдегі позитивті көрсеткіштері мен айтулы жетістіктері (Олимпиада ойындарындағы ірі жетістіктер, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (OSSE), Ислам конференциясы ұйымы (ОИС), Бүкіләлемдік туристік ұйымға мүшелікке қабылдану UNWTO, 45 Еуропалық Кеңес отырысының Алматыда өтуі, заман талабына сай бәсекеге қабілетті жаңа кәсіпорындардың ашылуы, Қазақстан- 2050 Стратегиялық бағдарламасының қабылдануы, Қазақстан аймағында халықаралық стандарт негізінде 5 туристік кластер орталығын салу Жүйелілік жоспарының игіліктенуі және т.б. Ел болашағының заңғар биіктерге самғауына ұйытқы болуда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы (2014) «Қазақстан 2050» Стратегиясы мен «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясы іргетасының қалануы – Қазақ Елінің планетарлық масштабта қарыштап дамуына жол сілтейтін даңғыл арна болары анық.

Туризмдегі тарихи-мәдени ресурстар тобы танымдық мақсатта еліміздің көне, жаңа тарихымен таныстыру, ұлттық патриотизмді дамыту, халықтың дамуын, өзіндік ерекшелігін көрсетуде тарихи мәдени мұра, ескерткіштер, нысандар ерекше орында. Әлемдік кеңістікте Қазақстан туралы дұрыс пікір қалыптастыратын да осылар. Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бөлігінің халықаралық аренадағы орны, қазақ елінің, қазіргі мәдениеті мен оның егемендік жылдарындағы қол жеткен табыстарын дәріптеу мен жариялауда өзіндік орыны бар ресурс көздері болып саналады. Ұлттық этнография, колөнер туындылары Қазақстандықтардың өмір салты туралы

мәліметтерге толы. Соңғы жылдары халықаралық туристік сұраныс қазақтардың салт-дәстүр, өнер туындыларына назар тігуде [67]. Сондықтанда тарихи мәдени ресурстар тобы туризмді алға жылжытушы күш деп санаймыз.

Қазақстанда туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттарындағы тарихи мәдени туристік кешендердің маңызы қарастырылуда. Тарихи-мәдени объектілер мен кешендер алғашында туристік қызметті ұйымдастыруға қажетті жағдайларының бірі болып есептелінеді. Туристік рекреациялық ресурстар тарихи категория болып саналады, оның дамуы туристік қызметке жаңа тарихи мәдени сипаттағы объектілерді тарту қажеттілігінен туындайтын рекреациялық тұтыну мен рекреациялық сұранымның көлемі мен құрылымының өзгеруіне байланысты болады.

«Көшпенді» - діни этнографиялық мәдениет ескерткіштеріне көшпенділік өркениетінің этно-мәдени ортасындағы тарихи ландшафтар: көшу қону жолдары мен бағыттары, ежелден қалыптасқан көшу маусымындағы керуен жолдардағы этно-мәдени орталықтар (аймақтар), көшпелі және жартылай көшпелі және олардың материалдық және рухани мәдениетінің іздері сақталған қоныстар [65] Олардың ішіндегі ең танымалдары: Аңырақай шатқалындағы қола дәуірінің мұрасы, Таңбалытас мен оның петроглифтерін, Көксу өзенінің бойындағы Ешкіөлместегі (б.д.д. 3 мың жылдық пен 8 ғасыр аралығында), Ұлытау, Маңғыстау, Жетісу өңірлерінің тарихи-археологиялық ескерткіштері өз алдында бір төбе. Этнография ескерткіштері көшпенділік пен жартылай көшпенділік өркениеттің, этно-мәдени процестердің идеялық мәндік негізін көрсетеді.

Еліміздің аумағында бүгіндері мекендейтін түркі тілдес халықтардың тарихи шоғырлану жүйесінің археологиялық және архитектуралық ескерткіштері, халықаралық және ұлттық маңызға ие қайталанбас кешеннің мемлекеттік бағдарламасының көлемінде, сол мұралардың кейбір бөліктерін туристік рекреациялық ресурс ретінде пайдалану, біздің елімізде әлемде теңдесі жоқ туризм жүйесін құруға мүмкіндік берер еді [64].

Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салуды, тарихи тәжірибеден сабақ алуды, мәдени дәстүрлерін, озық әдет-ғұрпын, өмір салтын зерттеуді, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізуді әрқашан мақсат етіп қойғаны белгілі. Халықтың ғасырлар бойы жинаған осынау бай тәжірибесін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу - әрбір азаматтың міндеті. Қоғамымыздың жаңа қарқынмен алға өркендеуі, егеменді еліміздің болашақтағы дамуы өзімізге байланысты. Тарихи ескерткіштер және көз тартарлық жерлер Қазақстан аудандарында өте көп. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік

экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Талхиз қалашығы. Археологиялық – тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандардың маңызы зор.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының мәліметтер базасын құру және геоақпараттық картографиялау ісінің мақсаты тарихи-мәдени мұра нысандарының геоақпараттық базасы негізінде ескерткіштерді қорғау, ғылыми зерттеу мақсатындағы туризм түрлерінің картографиялық карталарын жасау. Туристік картографиялық карталар бойынша туристер жергілікті жердің тарихи-мәдени мұра нысандары туралы танысып мәлімет алады. Бүгінгі таңдағы туристердің қажеттілігін өтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қабылдайтын өңірдің мүдделерін ескере отырып, оның болашақтағы мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған туризмнің «Туризмнің тұрақты даму» бағыты. Онда биологиялық алуан түрлілік пен өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйеге нұқсан келтірмей мәдени және экологиялық тұтастықты қолдау негізінде экономикалық, әлеуметтік және эстетикалық сұраныстарды қанағаттандыруды ескере отырып, барлық ресурстарды басқаруы мен қарастырылуы негізделеді. Қазақстандағы тарихи-мәдени мұрасының әлеуетін бағалау мен тартымдылық дәрежесіне қарай базасын құрып бірқатар қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді. Себебі тартымдылығымен ерекшеленетін тарихи-археологиялық және бірегей табиғат ескерткіштері шоғырланған аудандарда инфрақұрылымдарды қалыптастырған жағдайда болашақта халықаралық дәрежедегі аумақтық туристік рекреациялық жүйе қалыптастыруға болатындығын негіздейміз.

Қазақстанның Киелі жерлеріне саяхаттаудың екі бағытын бөліп қарастыруға болады. Оның біріншісі, тарихи және көркемөнерлік маңызы жағынан сәулет және қала құрылысы ескерткіштері. Олардың қатарына Мірәлі баб, Ибраһим ата, Әбділ-Әзіз Баб, Қарашаш ана, Қарлығаш әулие, Баба түкті Шашты Әзіз, Көз ата, Ысқақ баб кесенелері, Ақсүмбе мұнарасы, Ноғай ишан мешіті, Аппақ ишан күмбезі, «Мұңлық-Зарлық» кесенесі жатады. Ал, екіншісі, аңыз өлкелер, яғни табиғи ескерткіштер, бұлақтар. Мұндай жерлер сапында Жылаған ата үңгірі, Ақмешіт әулие үңгірі, Ақбура Әулие, Қырық қыз, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Ердәуіт пен Шәймерден қос әулие орындары бар.

Жалпы мұның барлығы практикалық іс-қимыл арқылы Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет танытуды, елімізді әлемге рухани жетік ел ретінде көрсетуді көздейді. Бұл бағытта тек туристер ғана емес, өз еліміздің жастарын, оқушылар мен студенттерді тартуға баса назар аударылуы қажет. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Өзінің түп тамырын, өз халқының салт-

дәстүрлерін, рухани болмысы мен мәдениетін ұмытпау, өз өлкесінің тарихын және одан кең алғанда өз елінің тарихын білу маңызды. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жасұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлтмәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етері сөзсіз.

Туризм саласы бойынша архелогиялық және этнографиялық тарихи ескерткіштерді туристік нысан ретінде сақтау, қорғау, ғылыми насихаттау жолдарын жасау. Туристердің ең қызығатын объектілерінің бірі мәдени көрнекі жерлер. Өзіндік ерекшелігі бар қазақтардың өмір салты, ол-көшпенділік өмірімен байланыстылығы. Өз халқының мәдени мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің ерекше мәнге ие мемлекеттік бағдарламалар «Рухани жаңғыру», «Туған жер» халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге қайтадан саралап, шынайы мазмұнын анықтауды талап етеді. Танымдық ұлағаты мол мәдениет болып табылатын тарихи-мәдени мұра нысандары жаңа заманның халқына құнды мәліметтер.

Қазақстанның тарихи көрнекі жерлерінің дені Жібек жолының Қазақстандық бөлігінің негізгі трассасындағы объектілер. Оңтүстік қазақстан (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары) – ортағасырлық сәулет өнерінің әйгілі ескерткіштері (Тараз қаласындағы Айша-биді, Қарахан, Бабаджа-Хатун мазары, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кешені), Жетісуда (Алматы облысы) айрықша скиф қорғандары бар ежелгі тарих және мәдениет аймағы. Аймақта Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан.

Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі -Тараз қаласы. Тараз (Талас) қаласы – ірі сауда орталығы болған. Ежелгі кезде оны саудагерлер қаласы деп атаған. Бұлақтарға ұқсас тар көшелер орталыққа – базарға келіп тірелетін. Тараздағы базар – барлық тіршілік тоғысқан жер. Тараздың іскерлік байланысы ауқымды болғаны соншама, мұнда көптеген елдер өз көштерін жіберетін. Базар әлемі таңғажайыпқа толы. Ежелгі кезде «Тараз базары – әлемнің айнасы» деп бекер айтпаған. Тараз базарымен ғана әйгілі болған жоқ. Тараз – алтын, күміс және мыс тиындарын шығарған қала. Бұл қала халықаралық сауда бекеті ғана емес, сонымен қатар көптеген ғасырлар бойы аса маңызды түсті металлургия орталығы болып табылады. Таразға жақын жерде күні-түні тау-кен кәсіпорындары жұмыс істеп тұратын. Тараз шеберлерінің мыстан жасалған бұйымдары – әсемдік заттар салатын қобдишалар, шамдар, қару-жарақты, киімді безендіретін заттар, ер-тоқым әбзелдері және тағы басқа заттар дүние жүзіне таралды. Бұл

бұйымдар көркемдік өрнектелуімен және құю әдісімен ерекшеленетін. Ең бастысы, шеберлер дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып отырды. құю өнерінің мысалы ретінде Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейіндегі қазанды атауға болады. Оның өлшемі бойынша теңдесі жоқ. Оның диаметрі – 2,2 м, салмағы – 2 тонна.

Қазақстанның жекелеген бөліктеріндегі тарихи – археологиялық ескерткіштердің таралуына талдау жасап ұйымдастыру үшін олардың бірінғай базасын құрып және аумақтарға ғылыми тұрғыдан кешенді баға беріп, аудандастыру.

ГАЖ-технологияларының көмегімен картографиялау тарихи – археологиялық туристік нысандардың динамикалық өзгерістерін «куәландыратын» ғылыми дәлел мүмкіндік.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Географиялық атаулардың транскрипциясы мен унификациясына қатысты зерттеулер жүргізудің қолданбалы маңызы қандай?

2. Топонимика мен геоэкологияны байланыстыру неге негізделеді? 3. Топонимика ғылымының басты зерттеу бағыттары қандай? 13. Топонимикада қандай зерттеу принциптері қолданылады? 4. Топонимикада картографиялық әдісті қолдану арқылы қандай нәтижелер алуға болады?

5. Топонимикалық зерттеулердегі статистикалық әдістің маңызы қандай?

6. Жергілікті жерде лексикалық-географиялық әдісті пайдаланып, қандай топонимикалық зерттеулер ұйымдастыруға болады?

7. География ғылымында топонимикалық бағыттың дамуына қандай ғалымдар үлес қосқан?

8. Э.М. Мурзаевтың топонимикалық зерттеулері қандай бағыттарда жүргізілген?

9. Әйгілі географ Э.М. Мурзаевтың «Ғ. Қоңқашбаев – Қазақстан топонимикасының пионері» деген теңеуін қалай түсінуге болады?

10. Қазақстандағы қазіргі заманғы топонимикалық зерттеулер қандай бағыттарда жүргізілуде?

11. Халықтық географиялық термин дегеніміз не? Оның жергілікті географиялық терминнен айырмашылығы қандай?

12. Географиялық атаулар құрамындағы географиялық терминологияны қандай топтарға ажыратады?

13. Топоним құраушы физикалық-географиялық терминдерді қалай жіктейді? Бұл жіктеу неге негізделеді?

14. Топоним құраушы элеуметтік-экономикалық терминдердің қандай топшалары болады?
15. Орографиялық терминологияның топоним құрау ерекшеліктері қандай?
16. Қазақ халқының кең таралған орографиялық терминдері қандай және олардың қатысуымен қандай атаулар жасалған?
17. Қазақстандағы сирек кездесетін орографиялық терминдер қатарына қайсыларын жатқызуға болады?
18. Пайдалы қазбалармен байланысты атауларда қандай ақпарат болады? 19. Дүние жүзі бойынша танымал су объектілерінің қайсыларының атаулары гидрографиялық терминмен байланысты?
20. Қазақ халқының су терминдерінің өте мол болуын немен түсіндіруге болады?
21. Қазақстандағы дала зонасының қандай ерекшеліктері топонимдерде көрініс тапқан?
22. Қазақстан шөлдерінің қандай ерекшеліктері географиялық атауларда көрініс тапқан?
23. Ғылыми бағыт ретінде ландшафтылық топонимиканың қандай зерттеу міндеттері бар?
24. Дүние жүзі бойынша атауы этнониммен байланысты қандай танымал объектілер бар?
25. Түстермен байланысты географиялық атаулардың құрылымдық ерекшеліктері қандай?

ІІІ. ҚАЗАҚСТАН ЛАНДШАФТТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ- КҮЙІН АНЫҚТАУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТОПОНИМДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі атом, космос және зымыран заманында адамзат баласының табиғатты өзгертіп, оны халық игілігіне айналдыру әрекеті күннен-күнге күшейе түсуде. Жердің жасыл желегінен, жануарлар дүниесінен, жер қойнауынан ағыл-тегіл алынып жатқан табиғи байлық көлемі жыл сайын артып келеді. Ал, табиғат бір-бірімен теңестірілген біртұтас экологиялық жүйе. Бұл жүйенің біреуі ғана бұзылса, барлық экологиялық жүйенің бұзылуына әкеліп соғады.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде география-экология ғылымдары алдында қоршаған ортаны қорғау мен оның қорларын тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау міндеттері тұр.

Байырғы ландшафттарды қалпына келтіру (реконструкция) ісінде жергілікті топонимикалық мәліметтерді пайдалану мүмкіншіліктері топонимдердің белгілі бір ландшафт аумағындағы «шоғырлану» заңдылығына және топонимдердің көп жағдайда табиғат ерекшеліктерін дәл бейнелейтіндігіне негізделген. Қазақстанда топонимиканың ландшафттық динамикасына және геожүйені қорғау мәселелеріне қатысты қырларын қазақ топонимдері негізінде, географиялық ғылымдар тұрғысында зерттеудің тәжірбесі қарастырылуда.

3.1 Қазақстанның ландшафт өзгерістерін зерттеудегі топонимдердің рөлі

Егеменді Қазақстан Республикасының география мамандарының басты міндеті – шаруашылық мақсаты үшін аймақты тиімді пайдалану және табиғатты қорғау, оларды қалпына келтіру мен көбейту бағытындағы шараларды ғылыми тұрғыда негіздеуде. Сонымен қатар географиялық, экологиялық ғалымдар үшін ғылыми болжам жасаудың маңыздылығы артып отырған қазіргі жағдайда, географиялық болжам ережелеріне сәйкес, ландшафттардың даму, игеру және өзгеру тарихын қарастыратын ғылыми бағыттың маңызы зор. Аталған бағыт географиялық, экологиялық, тарихи деректерді саралауда палеоэтнологиялық, палеозоологиялық, этнологиялық, палеоботаникалық, палеоклиматтық, топонимикалық мәліметтерді пайдаланумен ерекшеленеді.

Жер бетінде ауа-райының жыл сайын жылып бара жатқаны бәрімізге белгілі. Бұл құбылысты зерттеу ХІХ ғасырдан бері метеорологиялық өлшем аспаптарына сүйене отырып, нақты жүзеге

асырыла бастады. Жалпы жер тарихында үлкен екі рет мұз басу дәуірі максимум суық және максимум жылуымен бірге минимумдықы жылу мен суық алмасып келіп тұрған. XIX ғасырдың бірінші жартысында болған кіші мұзбасудан кейін 50-60 жылдан бастап температураның ауытқуы айқын көріне бастады.

Өткен ғасырдың 20 жылдары күшейе түсіп, ең күшті қуаңшылық 1930-1939 жылдарда байқалды. Бір кезде мұз басып жатқан Скандинавия, Исландия аралында мұздан босаған жер қазіргі кезде ауыл шаруашылығына пайдалануда. С.П. Хромовтың зерттеулері бойынша 1880-1990 жылдары аралығында экватор сырты $17,5^{\circ}\text{C}$, қоңыржай белдеуде $2,4^{\circ}\text{C}$, тропиктік белдеуде $1,2^{\circ}\text{C}$ орташа жылдық амплитудалық ауытқуларды көрсеткен. Жер бетінің жылу көрсеткіші XX ғасырдың 50-60 жылдары суық айтарлықтай байқалмаған, керісінше 70 жылдары үлкен қарқынмен жылу температурасының көтерілгендігі байқалған.

Климаттың жылулық өзгерістері тек тау мен материктік мұздықтардың азаюына ғана емес сонымен қатар жер бетіне, өзен гидрографиясы мен тау жыныстары арасындағы қабаттық суларға да әсерін тигізіп отырады. Географтардың, өзге ғалымдардың жинақтаған материалдарын орынды пайдалана отырып, табиғаттағы заңды байланыстарды дәлелдеу географияны дамытудың жаңа көкжиектерін ашады. А.В.Шнитников өзінің еңбектерінде ғылымдардан алынған деректерді бір жүйеге келтіріп, солтүстік жарты шардың ылғалдылығы мен ырғағы және географиялық зоналар шекарасының өту ырғақтылығы жайында жүйелі ілім жасады. Бұл – ғалымның алты мың жыл ішіндегі табиғаттың дамуын талдау заңдылықтарын ашуға негізделді. Мұның өзі алдағы ондаған жылдарда табиғаттың өзгеруіндегі ырғақтылықты болжау мүмкіндігін берді [74].

Ырғақтың бір ғасыр, не көп ғасыр бойындағы ырғағы Күн мен Ай және Жер арасындағы тығыз байланысты, жер бетіндегі көптеген табиғи процесстердің күнде болатын процесстерге тәуелділігін сендіре дәлелдейді. Табиғаттағы өзара байланыстар мен заңдылықтарды зерттеу табиғатта болатын негізгі өсу, өзгеру бағыттарын анықтау, оларды жоспарлау ісінде, мәселен, түрлі құбылыстарды жобалағанда, ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін аумақты пайдалану кезінде және басқа жағдайларда ескеруге мүмкіндік береді.

Ылғалданушылық ырғақтарын зерттеудің ірі аумақтардың су қорларын дұрыс пайдалану мәселелеріне тікелей қатысы бар. А.В.Шнитников игерілуге тиісті аумақтың ылғалданушылығының табиғи жағдайларын қазіргі кезде мүмкіндігі болғанынша ондаған, тіпті жүздеген жылдарға алдын ала болжауды ұсынады. Ғалым Қазақстан, Батыс Сібір, Орта және Орталық Азия көлдерін зерттеу арқылы келтірген көптеген деректері көлдердің көпшілік ритмдік өзгерістікті

бастан кешірді дегенге иландырады. Ол мұны «ғасыр ішіндегі өзгергіштік» және «ғасырлар ішіндегі өзгергіштік» деп бөледі. Ғасыр ішіндегі өзгергіштік қысқы қар мөлшеріне, көл деңгейінің күрт өзгеруіне, өзен режиміне бірден әсер етеді [75].

А.В.Шнитников ылғалданушылық өзгергіштігін, сонымен бірге оның ырғақтары және сатыларының абсолют хронологиясын анықтады.

1. Б.з.д. III мыңжылдықтың екінші жартысы мен II мың жылдықтың басындағы артық ылғалданушылық дәуірі. Батыс Қазақстанның ылғалдануы және шымтезекті жерлердің тез ұлғаюы. Орманның даланы басуы. Өлке аумағы ылғалданушылығының артуы, құм төбелеріндегі көмілген қарашірік қабаты пайда болды. Әмударияның Үзбой арқылы Каспийге ағып баруы. Каспий трансгрессиясы.

2. XIX ғасырдан кейінгі құрғақтану дәуірі Орта Азиядағы қармұздық суымен қоректенетін өзендердің ағын мөлшері байқарлықтай азаюда. Қазақстанда ылғалданушылықтың жалпылама кемуі аймақтың далалық көлдерінің тартылуына әкеп соғады.

Жоғарыда айтылған заңдылықтарды зерттеу барысында өзіміз жинақтаған тарихи-географиялық, топонимикалық материалдармен байланыстырсақ Қазақстан аймағы ландшафттары өзгеру бағыты жөнінде қорытынды жасауға болады. XVII-XX ғасырдағы география, зоология, ботаника, этнография, археология, тарих ғылымдары тұрғысында зерттеген ғалымдардың С.У.Ремезов, А.Макшеев, П.С.Рычков, П.С.Паллас, И.И.Лепехин, Я.В.Ханыков, Л.Мейер, А.Добросмыслов, А.Харузин және т.б. еңбектеріндегі мәліметтерге сүйеніп, Қазақстан жерінде ылғалданушылық кезеңнің құрғақшылыққа ауысқанын байқаймыз [40; 41].

П.С. Палластың құрастырған «Путешествие» картасынан XVII ғасырда Қазақстан аумағында қоңыржай ендіктердің қуаң климаты жағдайында өзендер тұтас жүйе құрып, аққанын айқын көруге болады [41]. Жүйедегі басты өзендердің белгілері ретінде ұзындығы, сулылығы, жүйедегі осьтік жағдайы, өзен аңғарларының салыстырмалы жағы (салаларына қарағанда аңғарлары неғұрлым ескі) көрсетілген. Ғалым картасынан аймақтағы өзендердің ішкі ағын алабына жатқанын және өзен алабындағы суайырықтарының тұрақты болғанын көруге болады. Картаға түсірілген өзен аттарын қазіргі кездеге тапонимдермен сәйкестендіру барысында көпшілік атаудың орыс тілінде жазылуы бұрмаланғанымен, жалпы үндестігі өзгеріссіз сақталғанын байқаймыз (6 кесте).

Кесте 10
XVII ғасырдағы және қазіргі кездегі Қазақстандағы кейбір өзен атаулары

XVII ғасырдағы өзен атаулары (П.С.Паллас деректері бойынша)	XXI ғасырдағы өзен атаулары
Больш. Узен по Калм. Модотузень	Қара өзен
Больш. Комда	Үлкен Қобда
Деркуль	Деркөл
Джемь (Эмба)	Жем
Илень	Елек
Куиль	Ойыл
Кангайты	Қалдығайты
Мал. Узен по Калм. Саха Узен	Сары өзен
Сагинь	Шаған
1 Чажи	Шежін -1
2 Чажи	Шежін
3 Чажи	Шежін -3

Ал, Я.В. Ханыков еңбектерінде «Карта Рыболовныхъ Киргизских озеръ» атты картасында Қамыс Самар көлдері Қара және Сары өзендерінің құяр сағасындағы 70-тен астам көлдің 23 көліне географиялық анықтама берді [39]. Көлдердің ұзындығы 5-7 км, ені 3-4 км.

1. Золотое морцо
2. Тусчи-кулань
3. Раймь
4. Кадырбай
5. Джубай
6. Джарась
7. Кусвак
8. Асчикулак
9. Сары-чеганакь
10. Сары-куль
11. Дунгельекь
12. Турдалы
13. Джумагазы
14. Токтамысь
15. Уразай
16. Итемгень
17. Танле
18. Танабай
19. Бармакь

20. Ликеръ
21. Кошкаръ
22. Тленгъ
23. Канбарта

Қамыс-Самар көлдерінің негізгі қоректену көзі қар сулары болғандықтан көктемде көлдердің деңгейі және саны артатынынан байқауға болады. Қазіргі кезде бұл көлдер алабының шаруашылық тұрғыда қарқынды игерілуі нәтижесінде бөгендер салынған. Осы себепті көптеген ұсақ көлдердің атаулары тек географиялық еңбектерде ғана сақталып қалған. Қазақ: «Көл орны тартылсада, құр қалмайды», «Су ағады, тас қалады»- деген, тарихта көлдердің аты қалды [40].

Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын зерттеу мәселесі географиялық, техникалық білімде күрделі міндет қояды. Әсіресе, қазіргі ғылыми техникалық төңкеріс заманында қоғам мен оны қоршаған табиғи орта арасындағы қарым-қатынасы қиындай түсуде. Бұл алдағы уақытта олардың өзара әрекеттесуінің ғылыми негізін жасауды талап етеді. Адам қоғамының табиғи ортаны танып-білу және оның қорларын пайдалану барысында жинақтаған тәжірибесі мен білімі шаруашылық – мәдени дәстүрдің күрделі жүйесін қалыптастырады. Бұл жүйе қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастардың индикаторы болып табылады.

Адам көп уақытқа дейін қоршаған табиғи ортаға басып кіріп, оны өзгертуі бәрінен бұрын материалдық-өндірістік сипатта жүреді. Сондықтан ол өзінің мекені табиғи ландшафттарды жасандыға айырбастау нәтижесінде, өзінің табиғаттан «ажыратып» тастады.

Қазақстан табиғаты көптен бері өзгеруде, бұл өзгерістер апатты (стихиялы) сипатта дамыды. Табиғат ландшафттарының өзгеруі көп уақытқа дейін адам іс-әрекетінің жанама өнімі, бәрінен бұрын әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыруға бағдарланған, тұтынушылық құнына сәйкес құрылды. Өзінің мақсатына жете отырып, адам табиғат ландшафтысына бір мезгілде табиғаттың дамуына сәйкес емес, өлке биосферасына зиян әкелетін қайтымсыз бағытта ықпал етеді. Кейбір географиялық нысандардағы антропогендік өзгерістер мысалы, әсіресе Тайсойған құмының аумағының тең жартысы қазіргі кезде жарамсыз жерлерге айналды. Жайылымдар жұтанданып, аумақ шөл мен шөлейтке айналған. Су қорлары азайған. Себептері:

1. адамның іс-әректі (шаруашылық);
2. құмның астындағы суды шамадан тыс алудың нәтижесінде, тұщы су азайып, ол бірте-бірте ащы суға айналуға. Жер асты суының деңгейі төмендеуінің нәтижесінде құмда өсетін қияқ, бидайық, изен мен жусан жойылып барады;

3. құмның іргесінде сынақ алаңының (полигон) орналасуы. Бұл ауданның аумағы әскери сынақ алаңына беру туралы құжат 1952 жылы жасақталған, 750 мың гектар жер қарауында 29 рет ядролық жарылыс сынағы болды, оның 19 жер астында, 10-ы жер үстінде сыналған және 24 мың ракета жарылыс болып, әскери техниканың 177 түрі сынақтан өткен;

Екінші дәлел, Арал теңізі 1997 жылы морфологиялық құрылымы мен гидрологиялық режимдерінің кейбір ерекшеліктеріне қарай Сырдария мен Әмудария атырауының антропогендік шөлдену салдарынан Арал теңізі деңгейі 18 м-ге төмендеп екі бөлікке бөлінді. Тәңіртау, Памир тау мұздықтарында соңғы кезеңдерде теңіз табанынан көтерілген тұздардың тозандары кездеседі. Гидрофильді, мезофильді фитоценоздардың орнын ксерофитті, галофитті фитоценоздар басуда. Теңіз деңгейінің төмендеуі Арал маңының экожүйелеріндегі өнімділіктің төмендеуі, топырақ түзілуінің бәсеңдеуі сияқты құрылымдық өзгерістерге әкеп соқты. Жайылымдар мен шабындықтардың өнімділігі күрт төмендеп, шөлейтті-жайылымдық жерлер геожүйеге *құмды сортаңды шөл ландшафттарын* бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз антропогендік экожүйеге қарай ығыстыруда; табиғи өсімдік жамылғысының өсуіне топырақтың күшті тұздануы кері әсер етті. Себептері:

1. соңғы жылдары бойында халық санының көбеюі;
2. суармалы жерлер аумағының 2-3 есе ұлғайтылуы;
3. Әмудария мен Сырдария сулары ағынының күрт азаюы;
4. Ірі аралдары: Көкарал, Барсакелмес, Возрождение (бұл аралдарда КСРО-ның бактериологиялық қаруын сынау алаңы болған).

Экологиялық дағдарыстар жергілікті жерден басталады да, оларды қалпына келтірмеген жағдайда, бұл проблемалар регионалдық, сонан соң глобалды экологиялық проблемаларға айналып жатады. Оның жарқын дәлелі ретінде Арал суы тартыла бастаған уақытта, ол тек Арал өңіріндегі балықшылардың ғана проблемасы болса, қазір кезде теңіз түбіндегі тұзды шаңның қоршаған ортаға таралуы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан сияқты мемлекеттердің де экологиялық проблемасына айналып отыр.

Аристотельдің кезінде адамзат небәрі 500 өсімдік түрлерін білген болса, Шекспирдің замандастары 1500 өсімдік түрлерін анықтады. Карл Линней 10000 өсімдіктің түріне сипаттама берді. Қазіргі кезде 500000 өсімдіктің түрлеріне сипаттама бар, ғылымға белгілі екенін білеміз, олардың 220 мыңы суда, қалғандары құрлықта өсетін көрінеді және мәдени өсімдіктердің түрі 20 мыңнан асады. Әлемдегі 5000 өсімдікті тағам ретінде пайдаланады. Өсімдіктер әлемінен жылына шамамен 450 миллиард тонна органикалық заттар алынады. Медицинада қолданылатын әрбір үшінші препараттың

өсімдіктерден алынуы, олардың медицинадағы рөлін айқын көрсетеді. Республика ғылымдарының мәліметтеріне қарағанда бізде өсімдіктердің 6000-нан астам түрі өседі. Соның 760-ы, яғни 12,6% тек біздің жерімізде ғана өсетін (эндемик) өсімдіктер. Республика бойынша 250-ден астам өсімдік түрлерін медицинада пайдалануға рұқсат етілген. Өкінішке орай, адамзат өзін қоршаған өсімдіктер дүниесіне үлкен зиян әкеліп отыр. Мәселен, тоғайдағы ағаштар мен далалы жердегі жиі өсетін жыңғыл және тағы басқа бұталарды тамырымен жұлып отынға пайдалану әсерінен, жер тақырға айналып, топырақ құлазуда. Бұл құбылыс өңірдегі желдің бағыты мен жиілігіне әсер етеді және топырақтың ылғалдық мөлшері оның өсімдігіне байланысты екені белгілі [50].

Тарихтан белгілі 1954 жылғы ҚОКП-ның ақпан-наурыз пленумының шешімдерінен кейін кеңбайтақ Отанымыздың аймақтарында тың және тыңайған жерлерді игеру аса ірі масштабта жүргізілді. Аз уақыттың ішінде (1954-1960 жж.) елімізде 42 млн. гектар тың және тыңайған жерлер игерілді, оның 25 млн. гектары, яғни игерілген жердің 60% -ы Қазақстан үлесіне тиді. Әсіресе жыртуға жарамсыз жерлер де (мал шаруашылығына қажетті жерлер) игерілді. Осы кезде жергілікті ландшафт ерекшеліктерін білдіретін географиялық атаулар (микротопонимдер) негізсіз өзгертілді. Мысалы, Ақтас ауылына *Мирный*, Жарқайың ауданына *Державинск* атауы берілген (Торғай өңірінде, қазіргі кезде алғашқы атаулары қайта қалпына келтірілді).

Қазақстан халқының 10 ассамблеясында елбасы «Әрине тың игеру жылдарында экологиялық және экономикалық сипаттағы қателіктер аз болған жоқ», - деп көрсетсе, ал игерілген өнімі аз жерлер егістік айналымынан шығарылды. Соңғы он жыл уақыт ішінде саналы түрде тыңдағы көп аз өнімді жерлер егістіктен шығарылды. Кезінде Қазақстандағы жыртылған жер көлемі 35-36 млн. гектарға жетсе, қазіргі кезде 12-15 млн. гектарға кеміді.

Осы айтылған өзгерістерді топонимикалық зерттеулер арқылы іске асыруға болатыны белгілі. Ландшафтардың өзгеру себептері:

1. Жер экологиясының бұзылу антропогендік жағдайларына байланысты.
2. Ағын сулардың азаюы.
3. Ауа-райының жылуы.

Қорыта айтқанда соңғы жылдары антропогендік ықпал жасаудың нәтижесінде қолайсыз экологиялық жағдайлары қалыптасып географиялық ландшафтқа әсерін тигізуде. Жойылып кеткен ландшафтар ежелгі карталардағы географияда сақталған, соларды салыстыра зерттеу арқылы ландшафтың өзгеріс заңдылықтарын анықтауға болады.

3.2 Қорықтарға байланысты топонимдер

Адамзат қауымының өркендеуіне байланысты қорықтарды жетілдіру сан ғасырдан бері дамып, өркендеп келеді. Қорықтарды қорғау қоғамның табиғат байлығына көз қарасына тікелей байланысты. Ерте заман тұрғындарының күн көрісі тікелей табиғат байлығына қатынасты болатын. Орман мен дала, көлдер мен өзен бойлары, аң-құстар мен балығы, жеміс-жидегі қоғам мүшелерінің күнкөріс көзі болғандықтан да оларды қорғауға, өсіріп жетілдіруге күш салу ісімен қатар, аң аулауда тіршілік көзі болды [32]. Орталық Азияда қоғам дамуына орай, шұрайлы аймақ, аң-құсы мол, орманды жерлер бай-манаптардың иелігінде болды.

Қорықты жерлер хан, патшаның жеке иелігінде болып, онда аң-құс ұстау қызықты ісіне айналды. Ең бастысы аң-құсы, өсімдігі қорғала бастады. Мәселен, Белорусияда *Беловежск* ну орманы (пуща), Украинада *Аскания-Нова*, Батыс Сібірде *Кондо-Сосьвинск*, Қазақстанда *Ақсу-Жабағылы*, Камчаткада *Кроноцк* қорықтарының негізі ертеден қаланып, бүгінгі күнге аң-құсымен, көрікті табиғаты аман жетіп тұр.

Орталық Азия мен Қазақстанның ерте замандағы қорықтары туралы әңгімені археологиялық, этнографиялық, биологиялық, географиялық, тарихи, лингвистикалық негіздерге сүйене саралар болсақ. Өзен аңғарлары мен алқаптардан табылған палеолит және неолит кезеңдеріндегі адамзат ұрпақтарын зерттеген ғалымдар сол кезеңдегі жануарлар дүниесі мен өсімдіктер құрамы әуелгі құрамынан көп өзгермегенін көрсетеді. Сол кезең тұрғындары көп *құлан*, *марал*, *бұлан*, *бұғы*, *киік*, *муфлон*, *қабан*, *таутеке* сияқты ірі аңдарды аулап, кәделеріне жатқызған. Демек, палеолит дәуірінің соңы мен неолит дәуірінде — *қорықтар* құрыла бастаған. Ұзақ жылғы өзінің археологиялық зерттеулеріне сүйене отырып А.И.Бернштам Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанның теріскейіндегі көшпелі тұрғындардың қола дәуірінде тұрақты қоныс орындары болғанын жазады. *«Көпшіліктің қоныстануына қолайлы аймақтың өзінде тұрғындар әртүрлі тұрған»*. Мысалы, *Қаратаудың теріскей* бетінде оңтүстігіндегі *Билікөл* алқабына қарағанда тұрғындар жиі орналасқан. *Тамды* шөліне дейін ел кездеспейтін, сол қалып Алтын тауға дейін ұласады.

Бұл *«шөлейт»* өңірлер, демек, қорықтар болған. А.Н.Бернштамның пікірінше мұндай кішігірім қорықты өңірлер Шу, Іле, Қызылсу өзендері алаптарында болған.

Қола дәуірінде қорықтар аң аулау, жайылымдарды қорғау үшін көбірек қолданылған. Орта Азия мен Қазақстанның кең алқаптарында бұл мал шаруашылығы дами бастағанымен, аңшылықтан қол үзілмеген еді. Жергілікті тұрғындардың дені мал өсірумен қатар, аң аулап өмір сүрген. Біздің дәуірімізге дейінгі VIII - IX ғасырларда Еуразия далаларын мекендейтін көшпелі халықтың күн көрісі мал өсіруі тығыз

байланысты болды. Жайлау, қоныс, егістік, аң аулайтын орын белгіленіп, жер-асыраушы орын, күнкөріс көзіне айналды.

«Қорық» деген сөздің түбірі *қору* деген етістік екені және оның мағынасы жөнінде Ғ.Қоңқашбаев былай дейді: «*Қорық от глагола қору – оберегат, запретная местность, где нельзя пасти скот и охотиться, заповедние. Изредка термин входит в состав собственного названия местности: Қожақорық ...*». Бұл сөздің негізгі түбірі *қор*, *қору*, *қорға*, *қоры*, *қорық* деген сөздердің түбірінде кездесетін *қор* деген сөздің мағыналас болуы-ақ дәлел болады. *Қор* деген сөзден бұдан басқа *қору*, *қорықшы*, *қорғаныс*, *қорғану*, *қорғаныш*, *қорғалу* т.б. сөздер жасалған [26].

Түрік тектес халықтар шөп қоректі ірі аңдарды аулауға оңтайлы болды. Рим тарихшысы Квинт Курций Руф біздің дәуірімізге дейінгі 328 жылдары Самарханға жақын Зеравшан өзені бойында үлкен аңшылық қорығы болғаны жазылады. Осы қорықтан А.Македонский өз жасағымен бір күнде 4000 бас аң атып алған. Бұл қорық қабырғамен қоршалып, әр тұсынан бақылау бекеттері салынып, түрлі аңдар ұсталған [32].

Жетісуда біздің эрамызға дейінгі III-II ғасырларда үйсіндер қауымы қалыптасады. Бұл кезеңде белгілі адамдар жерлерге иелік етті де, шұрайлы аймақты «*қорық*» деп жариялап, қатаң қорғады.

Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда Талас Алатауының теріскей бетінде хан қорығы болғаны жазылды Сюань Цзянь. Хан қоныраулатып марал өсірген. Сол кезеңнен қалған топоним сөздері: *Үрмарал*, *Үйірлі марал* күні бүгінге жетіп отыр. *Үрмарал* Талас өзенінің сол қанаты. Бұл дегенің үйсіндер жерінде қорық жайылым болғанын дәлелдейді, аңшылық қорықтары да сол жерлерге қараған. Аңшылық үйсіндер тұрмысында басты кәсіптердің бірі болған. Археолог В.М.Гапоненко 1956 жылы тас бетіне салынған суреттерді тапқан, олардың ішінде маралдың бейнесі жиі кездеседі.

Талас өзені алқабында VIII-IX ғасырда тағы бір марал қорығы болған. Үлкен көлемді алып жатқан қорық биіктігі 2480 метр құм үйіндісімен қоршалған. Әлі күнге қоршау құландылары сақталған, ізі бар. Бұл жердің атауы – *Құлан-Қорық*. Демек, құлан құрықталған, ұсталған қорық. Осы өңірдің аймағына құланға қатысты оншақты топоним атаулы сөздер қалған.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде өсіп, өнген құландар үйір туралы XII-XIV ғасырларға жататын «Оғызнама» көне халық эпосында жырланды. Шығыс Түркістан түріктері жырлағандай: «*Қырларында құлан жортқан...*», - деп. Орталық Азия мен Қазақстанда аңшылық кәсіпкерлерінің басты нысанасы құландар болған. VIII ғасырда Талас өзені бойын қоныстанған түркі хан Абу-Мұхазимнің «... *Жан баспаған, аңдары жыртылып айырылатын ешкім оқ атпаған 3 күн, 3 түндік*

жерді алып жатқан қорығы болған». Шұрайлы өңірлерде құлан, марал, киік, архар, таутекелер өсірілген.

Қорықтарда жауынгерлердің мінер көліктері жайылып, аңдар жорықтар алдында ауланған. Қаратау тауларының теріскей сілемдерінде XIV ғасырда үлкен көлемді алып жатқан *Тубалық-Қорық* атты қорық болған.

XV-XVII ғасырда Қазақстанның оңтүстігінде өзен бойлары Келес пен Шаянда, Сырдарияның нулы алқаптары қорғалған. Қорықтарға мал бағуға рұқсат етілмеген, аң-құсын аулатпаған. Аталған кезеңдерде қорықтардағы аң-құс сырттай ғана қорғалып қалған жоқ, қажетті мезгілінде азықтандырылып тұрды.

Орта Азия мен Қазақстан көлемінде қорықтардың болғанын анықтайтын географиялық атаулар, *«қорық»* сөзіне байланысты топонимдер қалған. Еуразия материгінің физикалық картасында *«қорық»* атауына қатысты 90 атау анықталды, солардың 80-і Орта Азия мен Қазақстан аймағына қатысты атаулар. Географиялық атауларға қатысты негізінен қорықтардың Сырдария, Талас, Шу, Іле, Аягөз, Ертіс өзендері бойларында көбірек болғаны байқалады.

Орталық Азия мен Қазақстан төңірегінде жергілікті тұрғындар орман, тоғай, жекелеген ағаштарға дейін киеліге санап, отап кесуге жол бермеген, өсімдікті шабуға сақтандыруда басқалай да әрекеттерге барған. Қазақ даласына жер аударылған А.К.Гейнс 1865 жылдары былай деп жазады: *«Орман, тоғай құрып бара жатқаны қазақтардың мойнына арта беруге болмайды. Олар орманды ғасырлар бойы қорғап, сақтап келді. Менің білуімше, қазақтар ағаштарды көздің қарасындай қорғайды, әрбір талдың дала жағдайында қандай пайдалы екенін біледі...»*, - деп.

Қорықтар – бұл геожүйе нысандарын және ландшафтарды қорғаудың ең жоғарғы формасы немесе тікелей табиғи жағдайда өсімдіктердің, жануарлардың сирек кездесетін түрлерін сақтап, оны көбейтумен айналысатын ғылыми-зерттеу орны. *Қорық* – бүкіл табиғат комплексіне табиғи күйінде сақтау мақсатымен қорғалатын территория. Қазақстанда қазір қорықтар территориясында жер жырту, шөп шабу, ағаш дайындау, құрылыс салу, аң аулау, мал жаю және т.б. шаруашылық жұмыстары мүлде жүргізілмейді яғни қорық орналасқан ауданда табиғи органы өзгертетін адамның шаруашылық әрекетінің барлық түріне тыйым салынады. Қорыққа белгілі бір географиялық зона, облыс үшін сипаты немесе ғылым үшін маңызды табиғи нысандары бар жер алынады. Қазіргі кезде қорғауға алынған территориялар барлық материктерде әлемінің көптеген елдерінде бар. Сонымен бірге қорық тек жерде ғана емес, су асты территориясында да құрылады (Австралияның маржан рифтерін қорғайтын су асты қорығы бар).

3.3 Этностық мәдениетпен байланысты топонимдер

Географиялық фактор этностық жиынтықтың ең негізгі жүйелі сапасының бірі екені белгілі. Оған табиғи ресурстар, халықтың экономикалық, географиялық ландшафттық жағдайы, табиғи және өндірістік аумақтық кешендер мен жазықтық, төбелі, сулы, таулы жерлерді қамтиды. Жері құнарлы, жазық даласы мал жайылымына жайлы болып келеді. Табиғи жайылым – Қазақстанның ұлттық байлығы себебі бүкіл республика жерінің 50% аса мал жайылымын құрайды.

Мал өрістеріне пайдаланылатын жайылымдық жерлердегі азық сыйымдылығы мол болғандықтан ертеден халық мал шаруашылығын өркендетуге зор мүмкіндіктері болды. Мысалы, қой, ешкі, жылқы және түйе негізінен жайылым шөбімен азықтанды. Сонымен қатар республика жерін алып жатқан жайылым қолайлы экологиялық жағдайды қалыптастырушы да болып табылады [33]. Жергілікті халық ертеден жайылым болатын жүйелерді терең зерттеп, малдың тұяқкесті ету зиянын айыра біліп, ұлттық байлығын қалпына келтіріп және оның өнімділігін ұзақ жылдар сақтап отырған:

- Құрғақ аймақтардағы аудандар айналасында тозған жайылымдарды болдырмаған, себебі тозған жайылымдар көбейіп ұлғайса, ол жерлерде шаң дауылдар жиелейтінін білген.

- Экологиялық жүйелердегі шөлдік және шөлейттік жайылымдарды қорғап мал басының бір жерге шоғырлануын болдырмай, мал бастарын жинау мәселелерін дұрыс шешіп отырған. Топырақтың механикалық құрамы мен өсімдіктердің түрінен бастап азық сыйымдылығы мен малдың бір орыннан екінші орынға көшуіне дейін есепке алып ұйымдастырылған. Далалық азық өндірісі есебінен малды азықпен қамтамасыз ету бір жұмыс болса, мал өте көп жайылатын қуаңшылықты жайылымдарды сақтау – бұл басты жұмыс болып есептелген.

- Жайылымдық мәселе халық үшін таза шаруашылық мәселесінен экологиялық, әлеуметтік және ұлттық мәселеге ұласқан өте кең де күрделі мәселе болды. Ұлт адамдары негізінен жайылымдық мал шаруашылығында қызмет етті. Пайдаланып келе жатқан жайылымды табиғаттың берген сыйлығы деп қараған. Іс жүзінде жайылым шаруашылығын жетік біліп, шығын шығармай дұрыс шешім тауып басқара білген халық.

- Жайылымдық өсімдіктердің биологиясы мен тіршілік ортасының деректерін құрайтын маңызды тұқымдастарына байланысты жайылымдарды жіктеу, негізгі жайылым түрлерін анықтаған. Қазақ халқы үшін жайылымдар – адамды табиғатпен, ескі тұрғылықты тарихымен, әдет-ғұрпымен, салтымен, мәдениетімен, өзінің шығу

тарихы мен байланыстырушы. Болашақ ұрпақты ойлай отырып, сақтап, ұқыпты пайдаланған.

- Республиканың бүгінгі аумағы түгелдей бұдан 100 жыл бұрын да, көп ғасырлық пайдалану тарихы бар, табиғи жайылымдар болған. Сондай көшпелі және жартылай көшпелі әдіспен пайдаланылған жайылымдардың Қазақстан жерінде 3000 жылдық тарихы бар. Мұндай көпғасырлық көшпелі және жартылай көшпелі әдіспен жайылымдарды пайдаланудың сақталу құпиясы, біздің көзқарасымызша:

- біріншіден, Қазақстанның геожүйесінің ерекшеліктерінде;
- екіншіден, көшпелілердің табиғаттың ерекше себептерін білуінде;

- үшіншіден геожүйе ерекшеліктерін есепке ала отырып жергілікті өндірісті құруларында.

Адамдардың қоршаған географиялық ортаны шаруашылық және мәдениет тұрғыдан игеруі, олардың өміріндегі тарихи, қоғамдық әлеуметтің өзгерістері жаңа ономастикалық атаулар жүйесінің тууы мен қалыптасуына мүмкіндік берді.

Топонимия этностық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Онда халықтың тарихы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, шаруашылығы, тіршілік тынысы мен табиғат ландшафты жайында аса бағалы мәліметтер беріледі. Сондықтан қазіргі таңда топонимдер жаратылысын сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымымен, тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне, ұлттық дініне тығыз байланыстыра зерттеу бағыты шаруашылық-мәдени типтерінің қалыптасуы нақты географиялық зоналармен корреляциялық байланыста болғандығын дәлелдейді. Н.И.Надеждин *«Этнографиялық білімнің жинақталған мағлұматтары мен топталған деректерінен азды-көпті аймақ қоныстарындағы атаулардан географиялық нысандардың айырым белгілерін анықтауға болады»*, - деп көрсеткен. А.В.Суперанскаяның айтуынша, *«Әрбір атау – тарих, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы»* деуге болады. Қазақстандағы географиялық атаулар, көне атаулар тарихи ескерткіштер сияқты, өйткені онда өткен дәуірдің әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, этнографиялық ерекшеліктерінің ең негізгісі сол кездегі табиғатты ландшафтысының қалпына келтіру.

Батыс Қазақстан облысында *Шығыр*, *Қосшығыр* елді мекендерінің аты халықтың мал шаруашылығы мәдениетіне байланысты пайда болған. *Шығыр* – құрал, малды құдықтан суарып шығару үшін су толы шелектің ауырлығын азайту мақсатында қолданылатын ағаш құрал. Сырым ауданында *Қарабөлек*, Жалпақты ауданында *Сазыбөлек* елді мекендерінің құрамындағы «бөлек» компоненті сол «бөлу-бөлек жер» мағынасындағы сол жердің сазды

ландшафтысын білдіреді. Өйткені отырықшылыққа дағдыланған, жер бөліп, мал, егін шаруашылықтарымен айналысқан өңір халқы, атау жеріндегі топырақтың ерекшелігін анықтау үшін *Саздыбөлек* атауымен атаған.

Географиялық атаулардың пайда болуы қандай да бір ішкі фактімен тарихи уәжделіп, күні бұрын анықталатындығын, олардың ешқашан кездейсоқ болмайтындығын ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Мысалы, арал термині түрік және монғол тілдерінің барлығында «*барлық жағынан сумен қоршалып тұрған, континтердің кіші құрлық аумақтары*» дегенді білдіреді. Батыс Қазақстан облысында осы термин тіркесен *Аралтөбе, Аралтал, Аралсор, Қосарал, Үшарал* деген жерлерде су болып, соңынан құрғап қалуы мүмкін. Бірақ қандай десек те, осы топонимдер бойында аралға ұқсатудың ландшафттық ерекшеліктері байқалады.

Қазақстан топонимиясында дыбыс бейнелеуші атаулар тобы айырықша. Географиялық нысандардың дыбыс бейнелеушілік тегін анықтап, көптеген жер-су атауларының дыбыстық морфологиялық және семантикалық ерекшеліктеріне дыбыс бейнелеушілік құбылыстың тигізер әсерін анықтауға болады. Мысалы: *Сарқырама, Шыңғырлау, Ысқырғантау, Борама, Гүрілдеуік* елді мекендерінің атаулары дыбыстық еліктеуден, көзбен көріп бейнелеуден, сол құбылыстардың қимылын атап көрсетуден пайда болған.

Ғалым В.А.Никонов «Тарих – барлық атаулардың негізі» дегендей топонимдерде өткен өміріміздің әр алуан тұстары да көрініс тапқан [68]. Мысалы Батыс Қазақстанда *Жаңақала (Жаңа Қазан) ауданы, Қалмаққырған елді мекені, Бесқалмақ, Қалмақ, Казарма, Шағатай, Ноғай, Найманайдын* топонимдері.

Топонимдердің қоғам өміріндегі орны ерекше. Олар бір ғана дәуірдің немесе бір ғана ғасырдың жемісі емес, әркімнің жеке атауы емес, ол – тұрмыстық дүние-танымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпы халықтың құбылысы. Географиялық атаулардың көмегімен өткендегі өмірдің өндіріс сипатын, сауда қатынас орындарын, халықтың орналасу шекараларын, жергілікті жердің ландшафтысын білуге болады. Геожүйе атаулары халықтың қоғамдық өмірінің ең алғашқы белгілерінің бірі ретінде пайда болып, дамып келе жатқан жинақталған эмпирикалық бай тәжірибесінен нәр алып қалыптасқан, сан түрлі жер-су аттары халықтың жанында сақталып дамып, көбі бүгінгі күннің кәдесіне ақпараттық қызмет етуде. Мысалы, Казталовка ауданы Қараоба ауылында *Бапан* елді мекені бар. Бұл сөз қазақ тілінде тек осы топоним қызметінде ғана жұмсалады. Оның беретін мағынасы – «*қамыстың ұшындағы үлгілдек қоңыр ұлпа*». Немесе Тайпақ ауданында *Бағырлай* деген өзен бар. Мағынасы – құрақ тектес аласа шөп. Бұл топоним жер бауырлап өсетін шөптің (бауырлай//

бағырлай) атауы негізінде қалыптасқан. *Бірқазан* – Бөкей ордасы ауданындағы елді мекен, ірі су құсының аты. *Көнекеткен*, *Отар*, *Қырыққұдық* елді мекендері, *Шөмішкөл* көлі, *Шақат* өзені, *Орда* ауылы, *Ханкөлі* кеңшарының бөлімшесі және т.б. топонимдер.

Әрбір елдің әлемде өз аттары бар және олардың сондай аталуына әртүрліфакторлар (саяси, этникалық, тілдік, әлеуметтік, экономикалық, тарихи) негізболып хізімет қылған. Сарапшылар елдердің атауы және олардың этимологиясы сияқты мәселелерді сирек зерттеді. Бұл жағдай тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Тарихи жетістіктер адамзаттың онсыз өмір сүре алмайтындығын дәлелдейді. Сондықтан кез-келген ірі географиялық объект, оның ішінде ел, өзінің аты бар. Әлемнің қазіргі саяси картасы көптеген елдерде бар, олардың атаулары әртүрлі. Кейде әртүрлі себептермен мемлекет аттары өзгеріп, көп жағдайда ғасырлар бойы өзгеріссіз қалады. Бұрынғы социалистік жүйенің құлдырауы өткен ғасырдың соңында Кеңес мемлекетінің егемендігінің, әлемдік саяси және әкімшілік бөлімшенің және ондаған жаңа мемлекеттердің ілгерілеуіне әкелді. Жылсайынжарияланатынәлемніңсаяси картасы–атын өзгерту және елдердегі өзгерістерді уақтылы анықтауға арналған негізгі ресми құжат.

Елдердің аты әртүрлі себептер бойыншаөзгереді. Кейде елдегі саяси жағдайдың өзгеруі мемлекеттің ресми атауының өзгеруінен немесе тұтынудың жалпыағынына әкелуі мүмкін. Бұл тығыз өзара байланысты және үздіксіз процесс деп айтуға болады. Мысалы, 1991 жылы әлемнің алтыдан бір бөлігі айналысып, әлемге әйгілі империяСССР атымен жойылып, 15 тәуелсіз мемлекет пайда болды.

Айта кетейік, дүниежүзіндегі көптеген елдерде екі атау бар: ресми және бейресми. Ресми аттары – Иран ИсламРеспубликасы, Ресей Федерациясы, Иордания Хашимит Корольдігі. Бейресми атаулар-Иран, Ресей,Иордания және т.б. Айта кету керек, кейбірелдердің дәстүрлі формасы салалық сарапшылар әзірлеген ережелерге толығымен сәйкес келмейді. Мұндай елдер тек қана аударылады немесе олардың қалыпты формасы сияқты жазылады. Мысалы, Bharat - Үндістан, Nirpon - Жапония, Suomi - Финляндия, Esterraux - Австрияжәнебасқалар.

Кейбір елдердің ресми атауындаелдіңсаяси құрылымы (республикалық немесе монархиялық), әкімшілік-аумақтық бөлініс, негізгідін. Мысалы, Оман сұлтаны, Сауд Арабиясы Корольдігі, Германия Федеративтік Республикасы, Люксембург Ұлы Герцогтігі, Швейцария Конфедерациясы, Иран Ислам Республикасы. Сонымен қатар мемлекеттердің ресми атаулары әртүрлі саяси бірлестіктермен анықталған: Гайана кооперативі, Австралиялық одақ және т.б.

Әлемдік саяси картада жалпы аты бар елдер де бар. Бұл аттар көбінесе аралдардың саяси бірігуінің нәтижесі болып табылады. Тринидад және Тобаго, Антигуа және Барбуда. Кейбір елдердің ерікті бірлестігі

нәтижесінде нақты трансформациясы бар атаулар пайда болды. 1964 жылы екі Африка елі - Танзания және Занзибар бір елге біріктірілді. Нәтижесінде жаңадан пайда болған ел Танзания деп аталды. Танзания - бұл бұрынғы екі мемлекеттің басшысы болып табылатын «тан» және «зан» сөзіне «-и» сөз тіркесін қою арқылы жасалған жасанды (жалған аты) атауы.

Өздеріңіз білетіндей, қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттердің стандарттау проблемалары және олардың бірегей және маңызды нысандарын қолдану тек ұлттық ғана емес, сонымен қатар халықаралық ғылыми және үкіметаралық ұйымдарды тартады. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) соңғы жылдары осы мәселеге де назар аударады. Біріккен Ұлттар Ұйымының халық қоры (UNGEF) ұсынысына сәйкес картографиялық ұйымдар және олардың өндірушілері картографиялық өнімдерді әртүрлі мақсаттарда өндіру үшін топонимикалық деректер базасын құру кезінде келесі жалпы қағидаларға сүйенуі тиіс [77]:

1. Мемлекеттің атауы қызметтік және мұрағаттық мәліметтермен расталуға тиіс;

2. Мемлекеттің атауы оның органымен стандартталуы тиіс;

3. Географиялық объектіге тек бір ғана атау берілуі мүмкін;

4. Кириллица және басқа латын әліпбиін пайдаланбайтын мемлекеттер латын әліпбиінде Біріккен Ұлттар Ұйымының мақұлдаған және халықаралық қолданылатын және транзитке негізделген әдіснамасын латын алфавитінде қолдануы тиіс;

5. Мемлекеттік атауды жазу және дұрыс айтылу лингвистикалық ережелерге негізделуі керек.

Қазіргі уақытта жаңа елдердің атаулары саясатқа сәйкес барлық стандарттарға сәйкес қолданылады (халықаралық стандарттарға қолданылатын). Мысалы, Буркина-Фасо, Бурунди және Малави сияқты елдердің атаулары ағылшын, швед, француз, француз және өзбек тілдерінде айтылады. Батыс Африкада орналасқан Буркина-Фасаның елі бастапқыда жергілікті өзеннің атынан «Югори Вольта» деп аталды. Елде 1984 жылы болған саяси оқиғалар елдің атын өзгертуге әкелді. Буркина-Фасо жергілікті халықтардың тілінде (мици, атасы, сенуфо, фулбе) шыққан. Буркина - «лайықты, құрметті», фасо «отан», «отан» немесе «лайықты адамдардың отаны» дегенді білдіреді.

Жергілікті халықтың халықаралық деңгейде қолданылатын кейбір елдердің ресми атына берген есімі өзгеше. Мысалы, Албания - елдің ресми атауы, бірақ албандар өз елін «Шкиперия» деп атайды. Мұндай үйлеспеушіліктерде антагонистикалық қайшылық жоқ, керісінше, оның дәстүрлі атауы мен ұлттық формасына сәйкес келеді.

Айта кету керек, барлық географиялық нысандар ретінде, елдің аттары халық құрған. Сондықтан атаулар халық тарихымен тығыз байланысты және кандидаттың аты маңызды. Әлем елдерінің арасында

адамдар деп аталатын бірнеше ел бар. Атап айтқанда, этнои (этнос, «адамдар» және «ат») деп аталатын көптеген елдер бар. Бұл номинацияның ерекше ережелерінің бірі. Мысалы, өткен ғасырдың 20-шы жылдарында Кеңес Одағы Орталық Азияда ұлттық шектеу саясатын қабылдады. Жаңадан қалыптасқан республикалардың есімі - бұл өзбек халқына, өзбектерге, қазақтарға, тәжіктерге, қырғыздарға, түркімендерге қосылып, аймақтағы «-истон» қосылады.

Мұндай этнонимлар негізінде пайда болған елдердің атаулары барлық құрлықтарда кездеседі. Греция, Лаос, Түркия, Мавритания және тағы басқалар. Америкада мәңгілік негізде пайда болған елдердің саны айтарлықтай төмен. Мұның себебі «жаңа әлемдегі» көптеген елдердің Үлкен географиялық ашылымдарда пайда болғаны және кейінірек олардың мәңгілігі оларға тән емес. Океания елдерінде де осындай.

Жергілікті халықтың пайда болуына байланысты есімі бар елдер бар. Мысалы, Судан - Араб тіліндегі қара адамдар жері, Эфиопия - грек тілі, Күннің елі және тағы басқалар. Елдерді атаудың басқа жолдары бар. Мысалы, бірқатар Африка елдері аймақтағы ірі географиялық объектілердің аттары. Конго, Сенегал - өзеннің атауы, Чад - көлдің атауы, Кения - таудың атауы, Намибия - Намиб шөлі.

Астаналары бар елдер бірдей: Бразилия, Алжир, Тунис, Люксембург және басқалар. Кейбір елдер географиялық орналасуына толықтырулар кіреді. Оңтүстік Африка, Шығыс Тимор және т.б. Йемен елінің есімі - көне араб тілінде «оң», «оңтүстік». Бұл аты Йеменнің Мекке қаласының оңтүстігінде орналасқанын көрсетеді.

Жердің экваторлық желісі елдердің аттары үшін символ болды. Бұл Африкадағы жағдай - Экваторлық Гвинея және Оңтүстік Америка - Эквадор елі. Ұлы географиялық ашылымдарда жаңа аралды табу немесе құру Испанияның діни рәсімі немесе католик қасиетті болған кезде жаңа географиялық объектінің дәстүрі болды. Нәтижесінде Доминика сияқты бірқатар елдер - «жексенбі», Сальвадор - «құтқарушы», яғни Иса Масих, Мартиника - «әулие Мартин» сияқты мемлекеттер пайда болды [78].

Канаданың мемлекетінің пайда болуы да ұлы географиялық жаңалықтардың дәуірімен байланысты. Француз королі және Жак Карте бастаған француз экспедициясы батысқа қарай Қытайдың солтүстік магистралін ашады. 1535 жылы экспедиция мүшелері бұрынғыдан таныс болған Қасиетті Лаврентия борты мен өзенді қолданды. Дж.Л.Карте өзеннің банкінің мекен-жайын көріп, өзіңіздің аты-жөніңізді сұрайды, ал өз тілінде *каната*- «ауыл» деб жауап береді. Дж.Картье «каната» деген сөзді кейінірек картаға түсіреді, ол кейінірек Солтүстік Американың ең ірі аумағын алған мемлекеттің атына айланған.

Кариб теңізі жағалауында орналасқан Гранада аралына оңтүстік Испаниядағы Гренада есімі берілген. Испан дворянства байлық алу үшін әр түрлі экспедицияларды жасады (бай жер және алтын). Бұл құбылыс

кейбір елдерде де көрінеді. Мысалы, Коста-Рика - «бай жағажай», Пуэрто-Рико жағажай, Аргентина күмісі және т.б.

Латын Америкасы тосынан немесе жеткілікті негіздерге ие болмаған ат алған мемлекетт де бар. Бұған Венесуэла мемлекеті мысал болады. 1499 жылы испандардың А.де Орхеда экспедицияси ағзалары Венесуэлашығанағы Маракайбо шығанағыша тексергенде, индеецтердің суда, қадалар үстінде салынған үйдерің көрібғ бұл орынды Венесуэла деп атаған.

Америкада, аты жергілікті индеецтер елдермен байланысты. Мысалы, еліміздің аты, жергілікті араукан индеецтері тілі «салқын», «қысқы» дегенді білдіреді. Жазық тайпасы өмір сүретінараукано қабиласи қар мен қапталған Анд тауларындағы жоғары шегін осындай атаған.

Әлемде ресми түрде танылған елдер бар. Бұл атаулардың да тарихы бар және сол уақыттың қажеттіліктеріне байланысты болып көрінеді. Мысалы, Пәкістан мемлекетінің атауы өзінің ерекше тарихы бар. Чоудри Рахмат Али, Үндістанның ұлттық қозғалысының көшбасшыларының бірі, Британдық отарлау дәуірінде, Панжал, Ауған, Кашмир, Синд және Балучистан провинцияларын біріктіруді жоспарлады. Осы провинциялардың аттары «-истон» деген атауды бас әріптермен қосу арқылы Пәкістан деп аталды. Титулдың табысы да жаңа тілде жаңа тіл мемлекеттік тілге - «таза» деген сөз - «таза, ұқыпты» деп аударылды. Мәселен, билікке ресми және әкімшілік тәртіпте келген Пәкістанның аты - ислам жерінің екінші атауында билдіреді [79].

Қысқаша айтқанда, ғасырлар бойы орын алған күрделі тарихи, саяси, экономикалық және әлеуметтік үдерістердің салдарынан көптеген мемлекеттік қауымдастық пайда болды, дамып, құлдырады. Бұл жағдай әлемдегі барлық макроминтиялардың саяси картасында байқалады. Атауы мен этимологиясы әлі анықталмаған көптеген елдер мен халықтар бар екенін және зерттеушілердің ғылыми түсіндірмесі өте қызықты екенін атап өткен жөн. Сондықтан оларды болашақ ұрпаққа жеткізу маңызды.

3.4 Ландшафттардың қалпына келтіру ісіндегі топонимикалық ақпараттарды пайдалану әдістемесін негіздеу.

Тарихи географияның құрамдас бөлігі ретінде ландшафттардың даму, игеру және өзгеру тарихын қарастыратын ғылыми бағыттың маңызы зор. Аталған бағыт географиялық, тарихи деректерді саралауда палеоклиматтық, палеоботаникалық, палеоэтнологиялық, топонимикалық мәліметтерді пайдаланумен ерекшеленеді. «Қазақстан ландшафттарының келешегі» атты еңбегінде профессор А.В.Чигаркин табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, табиғатты қорғау және өзгеруін, қоршаған орта дамуының барысы мен бағытын айқындауды, табиғи

ортаның және антропогендік факторлар әсерінен келешектегі өзгеруін болжап, есепке алу қажеттілігін атап көрсетеді [80; 81]. Географиялық болжау табиғи ландшафттар мен табиғи құбылыстардың келешектегі негізгі өзгеру үрдістерін алдын ала білдіруді көздейді. Табиғаттың табиғи және антропогендік факторлар әсерінен дамуын ұзақ мерзімді даму бағытын (үрдістерін) анықтау табиғи орта. Атап айтқанда, оның өткендегі белгілі бір жердегі тарихи кезеңдеріне терең талдау жасады, табиғат дамуының келешекте қайталануы мүмкін, көп жылдық ырғағы мен циклдарын анықтауды қажет етеді. Өйткені табиғи ортаның әр құрам бөліктерінің өзінің даму ерекшеліктері бар және олар басқа жапсарлас табиғат құрам бөліктерімен жан-жақты өзара байланысты. А.В.Чигаркин табиғи ортаның келешегін болжау, алға қойылған мақсатқа қарай: *қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, көп жылдық* болжамдар болуы мүмкін екендігін ескертеді. Қоршаған ортаның келешегін географиялық болжаудағы осы күнгі географияда қолданылатын негізгі әдістерін:

- *палеогеографиялық әдіс (өткендегі табиғатпен);*
- *актуализм немесе сатылы әдіс;*
- *балалмалау әдісі (қазіргі табиғатпен);*
- *графикалық әдіс;*
- *картографиялық модельдеу әдісін келтіреді.*

Сонымен, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде география, экология ғылымдары алдында қоршаған табиғи ортаны қорғау мен оның қорларын тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау міндеттері тұр [82].

Ландшафттардың өзгерістері көптеген себептермен байланысты жүретіндіктен олар әр түрлі пішіндер көрініс береді. Қайтымды өзгерістер бар ландшафттың оның динамикасын уақыттық-кеңістік өлшемдермен белгілеуге мүмкіндік береді. А.Г.Исаченканың көрсеткеніндей, көбінесе «сыртқы факторларға байланысты белгілі дәрежеде ырғақты сипат алады». Ландшафт компоненттерінің сыртқы әсерге тұрақтылығының әркелкілігі өзгеру дәрежесін анықтап береді. Айта кететін жайт, биота ландшафт өзгерістерінің индикаторы ретінде ғана емес, күрделі геожүйелердің өзін-өзі реттеуінде де маңызды рөл атқарады. Сондықтан белсенді құрам бөлігін ретінде қарастыруға болатын өсімдік жамылғысы: палеоклиматтық, палеогеографиялық зерттеулерде арнайы бағдар беруші нысан бола алатындығын ерекше атап өткіміз келеді [83; 84]. Топонимикалық зерттеулердің ландшафт өзгерістеріне қатысы да, көбіне фитонимдердің таралу ареалымен байланысты мәселелерде көрініс табады.

Ресей тарихи географиясында топонимикалық әдісті ғылыми негіздеп, дамытуда Е.Л. Любимованың, Э.М. Мурзаевтың және т.б. зерттеулерінің маңызы зор болды. Бұл зерттеулерде картографиялық

тәсілдер көмегімен Орыс жазығындағы кейбір ағаш түрлерінің таралу ареалдары топонимикалық мәліметтер негізіндегі бейнелеудің әдістемелері жасалынды. Бұл әдістеме зерттеу жұмыстарының бірнеше кезеңмен жүргізілуіне негізделген: алдымен белгілі бір ағаш түрінің атауына қатысты топонимдер тізімі жасалынып, екінші кезеңде осылардың ең шындыққа жанасымдылары таңдалып іріктелінеді, келесі кезеңде іріктелген топонимдер, аталған өсімдіктердің қазынды қалдықтары табылған жерлер картаға түсіріледі. Қорытынды нәтижелері топонимика мәліметтері бойынша межеленген ареал мен қазынды қалдықтар ареалының шекараларының сәйкес келуі негізінде жасалынады.

В.С.Жекулиннің еңбектеріндегі топонимикалық әдістің мәні «топонимикалық және ландшафттық – лексикалық мәліметтердің геокомплексер бойынша таралуына және ландшафттық ерекшеліктер мен адамның табиғатқа әсеріне қатысты талдануына» байланысты ашылады. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеулерінің құндылығы топонимика ғылымында В.Н.Никонов негіздеп берген «салыстырмалы негативтілік» заңдылығының әмбебап сипатта емес екендігін дәлелдеуімен анықталады. Зерттеу барысында жеке топонимдер ғана емес, ғалым «топонимикалық кешен» деп атаған атаулар тобы ескеріліп, ландшафттық-топонимикалық карталар құрастырылған.

Қазақстанда аталған бағыт жеке зерттеулерде ғана көрініс тауып, географтар тарапынан арнайы зерттеліп дамытылмаған. Мұның өзі, бір жағынан, болашақ зерттеулер үшін үлкен зерттеу көкжиегін ашқанмен, екінші жағынан, бұл бағыттағы алғашқы жұмыстардың жалпылама сипат алуына әкеп соғады. Географиялық тұрғыдан бұл мәселені К. Каймулдинова көтерген болатын. Ол ресейлік зерттеушілердің әдістерін пайдаланып, Солтүстік-Батыс және Шығыс Қазақстандағы орманды алқаптардың ағаш аттарымен байланысты топонимдеріне талдау жасады. Таңдап алынған орманды аудандардағы ағаш түрлерімен байланысты атауларды қазіргі орман түрлерінің таралу ареалымен бірге картаға түсіру барысында, топонимдер ареалы негізінде кейбір ағаш түрлерінің таралу ареалы қазіргісінен басқаша сипатта болуы мүмкін деген болжам жасаған. Зерттеу нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелер қазіргі кезде бұл аудандарда қарағайлы шоқтар реликт сипат алғанымен, кезінде қарағайлы ормандардың осы өңірде кең таралғандығын айғақтайды. Дегенмен, жапырақты ормандардың тарихи ареалдарының қарағайлы шоқтардың ареалына қарағанда, үлкен өзгерістерге түспегені айқын көрінеді.

Аталған әдістемеге негізделген географиялық-топонимикалық зерттеулер Қазақстан аумағындағы өсімдік жамылғысы мен фитонимдерге қатысты жүргізілмеген. Бұл күрделі ғылыми мәселе арнайы нақтылы зерттеулерді қажет етеді. Дегенмен, зерттеу

материалдарындағы фитонимдерге, картографиялық, палеоботаникалық деректерге сүйеніп, аймақтың бұрынғы өсімдік жамылғысы, оның негізінде байырғы ландшафттары жөнінде жорамал жасауға мүмкіндік болды. Батыс Қазақстанның жазық бөліктеріндегі өсімдік тіршілігі үшін ең маңызды фактор ретінде оның ылғалмен қамтамасыз етілуін атауымызға болады. Мысалы, қылқан жапырақты ормандар өсу үшін жылдық жауын-шашын мөлшері 600-800 мм, ал жалпақ жапырақтылар үшін 800 мм-ден жоғары болу қажет. Бұл қағиданың негізінде палеоклиматтық болжау ісінде палеоботаникалық зерттеулердің нәтижелерін пайдаланудың мүмкіншіліктері ашылады. Ресейлік зерттеушілер Т.А.Абрамова мен А.Н.Варущенконың палеоботаникалық, палентологиялық деректері негізінде Батыс Қазақстанның өсімдік жамылғысының өзгерістерін анықтап, климаттың соңғы XX ғасырдағы сипатын талдауға мүмкіндік береді [35].

Орта ғасырларда ылғалданудың артуы өсімдік жамылғысының гидрофилді бағытта күрделі өзгеруіне әкеп соққан. Тарихи географияда «аридтік зонаның плювиалы» деп аталатын бұл кезеңде (XII-XIV ғ.ғ.) Батыс Қазақстанда табиғат зоналарының орналасуы қазіргіден басқаша болған. Бұл кезеңде ойдым-ойдым ағаш шоқтары аралас дала зонасы шөлейт пен шөлді оңтүстікке қарай «ығыстырған» (3-сурет).

Қазақстанның қазіргі кезде ағаш өспейтін шөлейт пен шөлді аудандарында ағаш аттарымен байланысты географиялық атаулардың пайда болған уақыты мен себептерін осы өзгерістермен байланыстырамыз.

Плювиалдық кезеңде Қазақстан аймағында аса көрнекті ежелгі қалалардың пайда болғанын археологиялық, тарихи деректер растап отыр; олардың қатарында *Қызылқала* (XI-XII ғ.ғ.), *Сарайшық* (XIII-XIV ғ.ғ.), форт *Шевченко* орнынан табылған керуен сарай (XII ғ.ғ.), *Ақтөбе* (XIII-XIV ғ.ғ.) көптеген қорғандар бар және т.б. [62; 75].

Қазіргі кезде аймақ жеріне түсетін жауын-шашын мөлшері де өзгерген; бұл қазіргі өсімдік жамылғысында ксерофиттенуінен де айқын көрінеді. Ылғалдану жағдайының өзгерістері өсімдік жамылғысының түрлік құрамында елеулі қайта құрулардың жүруіне себепші болған деп болжам айтуға болады.


Өсімдік жамылғысының жай-күйі, бір жағынан, орта факторларының, яғни экологиялық факторлардың әсер етуінен, екінші жағынан өсімдіктер арасындағы өзара қарым-қатынастар нәтижесінде ұдайы өзгеріп отырады.

Өсімдіктер «*табиғи өсімдік жамылғысы тіршілік ортасының жай-күйін бейнелейтін айна*» болып табылады. Осы мәселеге қатысты алынғанда, белгілі бір уақыт кезеңіндегі өсімдік жамылғысын қалпына келтіру қоршаған ортаның жалпы сипатын анықтап, қазіргі

ландшафттардың жай-күйін талдау, табиғаттағы қорғауға қатысты нақты шаралар жүргізуге көмектеседі деуге болады.

Аталған зерттеулердің топонимика ғылымы үшін де маңызы зор: топонимдердің пайда болу кезеңіндегі табиғат жағдайларының мағыналық жүктемесінде көрініс тапқанымен, қосымша дәлелдерді қамту арқылы ғана топонимдердің тарихи географиядағы қолданбалы мәні нақты ашылады. Басқаша айтқанда, ландшафттарды қалпына келтіруде тек топонимикалық деректерді пайдалану жеткіліксіз, бұл деректер палеоботаникалық, археологиялық, палеогеографиялық айғақтармен «куәлендіру» қажет.

Батыс Қазақстан аймағының салыстырмалы ландшафттық картасы (VI-XX ғғ.)
(құрастырғандар Т. А. Абрамова, А. Н. Варушенко)
толықтырған А. Е. Аялбекова)



3-сурет

Қазақстан ландшафттары мен олардың жай-күйін анықтаудағы жергілікті топонимдердің маңызын нақты деректер негізінде талдау барысында мынадай қорытынды жасаймыз:

- Қазақстан аймағының табиғи ортасы ХХ ғасырда адам әрекетінен күшті өзгерістерге түсті; бұл жергілікті ландшафт құрам бөліктерінің жаппай және жергілікті (локальді) сипатта нашарлауын байқатты (деградацияға ұшырауынан көрінеді);

- Қазақстан географиялық атауларында байырғы және қазіргі ландшафт ерекшеліктері нақты бейнеленген; мұны ландшафттық терминдер негізінде қалыптасқан топонимдерді талдау барысында анықталды;

- аймақтың географиялық атаулар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін Қазақстан облыстарының топонимиялық бірлестігіне талдау жасау негізінде анықтауға болады;

- топонимикалық мәліметтерді басқа ғылыми деректермен салыстыру негізінде өсімдік жамылғысының өзгеру дәрежесін анықтау ісінде пайдаланып, оларды қорғауға бағытталған шараларды жүзеге асыруға болады деп есептейміз.

3.5 Топонимикалық зерттеулерді туристік мәліметтер ретінде пайдалану

Елімізде туризм мен рекреациялық орталықтарды дамыту кешенді құбылыс әрі бірнеше құрамдас бөліктерден тұратын күрделі жүйе. Осы тұрғыдан алғанда туристік саланың дамуы кез келген аумақтың ландшафтысына яғни туристік мүмкіндіктеріне байланысты бөлінеді: туристік жорықтар (спорттық, белсенділік), саяхаттар, экскурсиялар, көңілді әрі пайдалы мәдени дәрежені көтеру, денсаулықты нығайту. Жалпы айтқанда табиғи ортаның қолайлы, қолайсыз қиыншылық жағдайларына байланысты ұйымдастырылатын жоспарлы (жолдамалар бойынша), жеке талапкердің (туристер өздері ұйымдастыратын) туристік іс шаралары. Жоспарлы саяхаттар мен туристердің өздері өз күшімен ұйымдастырылатын саяхаттар мен жорықтар кезінде топонимдер туралы ақпарат-мәлімет, дерек мағлұматы қажет.

Бүгінгі турист пен туристік топқа, саяхатшы мен саяхатшыларға жергілікті жердің жер-су атаулары құнды деректер болып табылады. Себебі, табиғат құбылыстарын, жер бедерлерінің ерекшеліктерін, елдің шаруашылық тыныс-тіршілігінің бейне көрінісі мен қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай-жапсарларын анықтап айқын көрсететін жер-су атаулары. Физикалық-географиялық атаулардың өміріміз бен тірлігіміздің рухани байлығына тән ұлттық мәдени ескерткіш ретінде ғана құнды емес, бүгінгі таңда

халықаралық ғылыми мән-мазмұнға ие. Жер-су атаулары тіл, тарих, археология, этнография, социология, геодезия, биология, география және картография және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына зер салынып физикалық-географиялық мағыналары жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланыстырылады. Жоғарғы келтірілген бірнеше ғылымдар тұрғысынан сарапталған жер-су атауларында жинақталған туристік білім қоры жатыр. Сан алуан ақпараты бар белгілі заңдылықтарға негізделген топонимдер. Жер-су атаулары аумақтың өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің және жер бедері, пайдалы қазбалары, судың минералдық құрамы, жергілікті жердің климаты мен биік таулы, жазықты ландшафттар ерекшеліктерін туристерге білдіреді [82].

Мысалы, «Әнші», «Құм көшу», «Қарынжарық» құмдарының еншілеп келген сырлы атаулары ғалымдарды, саяхатшыларды және туристерді қызықтырады. Топонимикалық зерттеулер география ғылымында бой көтеруде және мазмұны күрделі әрі өзекті екеніне көз жеткіземіз. Мәселен, «Әнші құмы» Жетісу жерінде, Іле өзенінің ортаңғы саласында орналасқан табиғат туындысы. Үлкен және Кіші Қалқан тауларына сән беріп тұрған ереше табиғат ескерткіші. «Әнші құм» құпиясы қазіргі ғылыми түрде зерттеліп ашыла түсуде. Саяхатшылар мен туристердің «Әнші құмның» үнін есту үшін құпиясына қызығуы жалғаса түсуде. ТМД ғалымы В.И.Арабаджи құмның әр түрлі жағдайдағы шығаратын дыбысы магнитофон таспасына жазылып лабораторияда зерттелуде. Себебі, «Әнші құмнан» алынған құм да кәдімгі жағдайда дыбыс шығарады. Ғалымдар осы құпияларды ашу үстінде.

Батыс Қазақстан топонимиясындағы жер ерекшеліктеріне байланысты қойылған жер-су, елді-мекен атауларды туристердің қызығушылығына үлкен септігін тигізеді [83]. Оған дәлел Қара өзен Саратов облысының аумағына кіретін Жалпы Сырттың оңтүстік беткейлерінен бастауын алып (ұзындығы 584 км), Қамысты-Самар көліне құяды. Өзенінің арнасы жазықтағы өзендерге тән иірімді тізбектеліп келеді, онда өзеннің жағалары тік, әрі қалың шабындық өсімдік түрлеріне бай [87].

Қара және Сары өзендерін физикалық географиялық тұрғыда зерттеген (XIX ғасырдың 30-40 жылдары болған орыс Географиялық қоғамының мүшесі) Я.В.Ханыков еңбегінде өзендер жағалауларының қамысты, талды, суы тұщы және оңтүстікке Каспий жағалауына дейін қос өзен аралығында шаруашылыққа жайлы жайылым жайлауы болғанын негіздейді.

А.К.Кононов пен Э.М.Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түрік географиялық терминологиясында өзінің негізі мағынасынан

басқа қосымша «жер», «құрлық», «топырақ» мағыналарына ие болатынын топшылайды.


Ал, Т.Жанұзақов Орталық Қазақстан топонимиясындағы Қарасу гидронимдерін ағынсыз, көлшік болып қалған өзендердің «ағынсыз» деген мағынасын білдіре алатынын тұжырымдайды. Сонымен қатар «қара» сөзіне байланысты фразалардың лексикалық-семантикалық жалпы түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестеріне «қара халық, қара табан, қара шаңырақ, қара жер, қара қазан» жатады. *Қара өзен* мағынасын түсіндіруде «қара» сөзімен жоғарыда келтірілген мәліметтерге қосарымыз атау бұрынғы ата-бабаларымыз географиялық таным бойынша Қара өзен атауын жағалауындағы өсімдіктердің көп түрлігі мен молдығына байланысты «*Қара отты (жағалауы) өзен*» мәнінде атаған деп негіздейміз [28; 32].

Ақтөбе облысында Мортқык кеншарының аты – дәрілік өсімдік – «мортқық» сөзінің этимологиясынан келіп шыққан. Сондай-ақ, Қурайлы, Өлеңті, Миялы, Қандыағаш т.б. атаулары бар. «Қандыағаш» сөзін көбіне «Қан шашылған», яғни қырғын оқиғалармен түсіндірілетін баламалар кездеседі [23; 32]. Ол түсініктердің көңілге қонымсыздығын Э.М.Мурзаев өз еңбегінде былайша көрсетеді: «Қан» сөзі – атау тұлғада «от», «молшылық» мағыналарын береді немесе «шөбі қалың жер». Сайып келгенде Қандыағаш атауы қалың ағаш өскен, орманды жер болғанын білдіреді. Сондай-ақ, орманды дала зонасында кең тараған ольха ағашының қазақша нұсқасы «қандыағаш» (қайың тұқымдас жапырақты ағаш). Осы деректер негізінде өңірде кезінде өскен қандыағаш ағашының атымен байланыстырамыз. Географиялық атаудың мағыналы мазмұнын анықтайтын топонимнің негізі – мемлекеттік тілдегі географиялық терминдер. Географиялық терминдердің таралатын нақтылы географиялық *кеңістігі, аймағы, аумағы* болуы, терминнің ең өзекті деген белгілерінің бірі және жер табиғатының мазмұндық ерекшеліктерін анықтайды. Дәлел, тау, қыр, белес дөң, жал, жота, кез (екі таудың түйіскен жері), сырт, тау, таз (таудың басы, өсімдік аз шығатын жер), оба, тас, теріскей, текше (үстірт жер), сілемдер, төбе, төрткүл (таудың ұшар басындағы тегіс жер), тұран (тау үстіндегі су жинайтын ойпаң жер), үстірт, үңгір, шоңғал (биік шың), шоқы, шың (чинк), тік жарқабақ немесе үстіртті аймақтың бұлтығы, құз.


Географиялық атауларды оқып үйренуге байланысты жүргізілетін жұмыстардың ішінде географиялық картамен жұмыс жасау басты орын алады. Оқу курсына көптеген тақырыптық карталарды шебер пайдаланып, карта түрлерімен жұмыс жасау күрделі логикалық тәсіл. *Екінші* «Туризм» мамандығының маманы магистранттарға туристік термин мен жер-су атауларының мағыналарын дұрыс танып, дағдыландыру қажет. Жаңа

мыңжылдықтың талабына сай жоғарғы оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісі арқылы магистранттарға терең білім берумен қатар логикалық ойлануына, пән тілінде (туристік термин, туристік ұғым) сөйлеу мәдениеті мен табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға пайдаланады.

Магистранттардың туристік терминдердің мағыналарын қалай ажыратып, қалай қолдануына зер салып, жауапкершілікпен қадағалаған жөн, «Туризм және топонимика» пәннің табысты оқытудың маңызды шарты. Себебі, магистранттар олардың негізгі ерекшеліктерін білу мен қатар білімдік маңызын меңгереді. Мәселен, Еуразия материгінің аумағын қамтитын топонимдерде, кең тараған халықтық географиялық термин – «шатқал». Шатқал Алматы облысындағы Кеген мен Нарынқол көрші аудан аралығында. Екеуі де Іле, Күнгей, Теріскей Ала-тауларының етегіндегі тау аралық аңғарларға орналасқан. Сырттай қарағанда, екі таудың үзіліскен түсі бетегелі, жусанды майда қырқа секілді. Ұсақ-ұсақ боз төбелер, қырат, күнгейлер ғана көзге шалынады. Жақындап келгенше, табан астың заңғар биік жартас екенін аңғармай да қаласың. Әлгі екі өзеннің суы қосылып ағып, тау арасында осындай бір құзға құяды. Бұл жердің аңғары кең. Арғы-бергі қарсысына осындағы жартасқа ұя салған құстар ғана ұшып өте алады. Ал жартастың алдыңғы екі босағасы тар қысаң. Су бөгеліп ағады. Сол үшін де жартастың кең аңғары көкпеңбек шалқыған көлге айналған. Осы бір ғажайып жерді жергілікті халық Шатқал дейтін (сурет 4,5).




Сурет 4



Сурет 5


«Жар» – жер бетінің жауын-шашын мен қар суының бұзу әрекеті салдарынан пайда болған тік қабырғалы ойпаң формасы. Жер бетінде ағаштардың, өсімдіктердің жоқтығы, беткейлердің дұрыс жыртылмауы жаралардың түзілуіне себепші болады, ұзындығы кейде бірнеше километрге, ені мен тереңдігі бірнеше ондаған метрге жетеді (сурет 6).



Сурет 6


«Сай» – қар және жаңбыр суының әрекетінен пайда болатын жыра, басқаша айтқанда, жыраның ақырғы сатысы, беткейлер мен үстін шым басқан. Жылдың басым бөлігінде құрғақ болып, қайсыбір маусымда су алып жататын көлбеу беткейлі ойыс.

Сайдың ұзындығы 10-15 км-ге, тереңдігі ондаған, ені жүздеген метрге дейін жетеді, табаны мен беткейлері шабындық ретінде пайдаланылады, бау – бақша өсіріліп, онда елді – мекендер орналасады (сурет 7).



сурет 7

Тақыр – (түріктің тақыр – тегіс, жалаңаш деген сөзінен шыққан) – Орта Азия мен Қазақстанның шөл және шөлейт жерінде кездесетін, беті тегіс сазды учаскелер, көктемде су басып жатса, жазда – беті тақыр, құрғақ болады, сызаттанып жарылып кетеді. Өсімдік жамылғысы мүлде болмайды. Қарашірігі өте аз, жауыннан кейін уақытша көлдер пайда болады (сурет 8).



Сурет 8

Вербальды (жазу-сызу жоқ) дәуірлерде көшпелі өмір салтының аясында қалыптасқан жер-су атаулары тарихи талай жолдан, небір заман елегінен өтіп, бүгінгі ұрпаққа атақты билер мен жыраулардан қалған халық зердесінде теңдесі жоқ асылындай сақталған сөз маржандары арқылы жетіп отыр.

Халқының табиғатты пайдалану ерекшеліктері топонимика жүйесінің мағыналық жүктемесін байытып және жер-су атауларының табиғатын туристерге тану мәселелерін көтереді. Себебі, жер-су, елді мекен және ірі физикалық-географиялық нысандар атаулары көптеген элем елдерінде белсенді түрде қолданылып, қарым-қатынас аясында қызмет етуде. Шығыс зерттеушісі ғалым, академик В.В.Бартольдтың айтқанындай «... түрік халықтарының арасында топоним атауы өзінің қарапайымдылығымен және тарихи деректерімен таң қалдырды», - деп. Халық ерте кезден-ақ, табиғат адамның ақыл-ойы мен сезімін тәрбиелеудің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре біліп, «ұл-қызына қоятын жақсы аттарды, орналасқан жерінің айналасындағы қоршаған ортаға және жердің ерекшелік, қасиетін көрсететін атаумен атаған». Себебі жер атаулары – тұтас халықтың ғұмыр-тіршілігінің, ұғым-түсінігінің, талғамының, табиғат ландшафтысының айнасы.

Туризм мамандығындағы магистранттардың басты міндеті – шаруашылық мақсаты үшін аймақты тиімді пайдалану және табиғатты қорғау, оларды қалпына келтіру мен көбейту бағытындағы шараларды ғылыми тұрғыда негіздеу болғандықтан нысандардың физикалық географиялық фактор сипатын көрсететін атаулар мен этнографиялық, тарихи-элеуметтік фактор яғни адамдардың шаруашылық, тұрмыстық іс-әрекеттері мен қоғамдық қатынастарын көрсететін атауларды меңгергені қажет.

3.6 Турөнімдерін қалыптастыруда геожүйе топонимдердің маңызы

Қазақстанның географиялық орны мен табиғат жағдайларының айырықша сипатына байланысты зерттеушілер назарына ерте іліккен. Бұл көптеген тарихи топонимдердің жазба нұсқаларының сақталып, осы күнге дейін жетуіне себепші болды [84]. Топонимика ғылымның қай саласында болмасын, өзіндік орынға ие. Топонимиканы туризм саласының туристік өнім бағытында қалыптастыр үшін ұзақ жылғы тарихи-географиялық, археологиялық ғылыми зерттеулер, ізденістер нәтижесін пайдалану қажет. Экскурсиялық-танымдық туризм (c/pnoisseur tour) жетістікке жету үшін клиенттердің қажеттіліктеріне және заман талаптарын орындауға негізделген, турөнімді өндіру және сатуды кәсіби тұрғыда ұйымдастыра білу керектігі мәлімденеді.

Жер-су атауларын турөнім тұрғысынан топтастырудың алғашқы қадамы жасалынады. Топтастыру нәтижесінде аймақ топонимикасында жергілікті туристік нысандар ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы халықтың туристік білімі жинақталғандығы негізделеді.

Бүгінгі турист пен туристік топқа, саяхатшы мен саяхатшыларға жергілікті жердің жер-су атаулары құнды деректері болып табылады. Себебі, табиғат құбылыстарын, жер бедерлерінің ерекшеліктерін, елдің шаруашылық тыныс-тіршілігінің бейне көрінісі мен қоғам өміріндегі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің жай-жапсарларын анықтап айқын көрсететін жер-су атаулары. Физикалық-географиялық атаулардың өміріміз бен тірлігіміздің рухани байлығына тән ұлттық мәдени ескерткіш ретінде ғана құнды емес, бүгінгі таңда халықаралық ғылыми мән-мазмұнға ие. Жер-су атаулары тіл, тарих, археология, этнография, социология, геодезия, биология, география және картография және басқа ғылымдар саласындағы мамандардың ғылыми зерттеу жұмыстарына зер салып физикалық-географиялық мағыналары жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланыстырылады. Жоғарғы келтірілген бірнеше ғылымдар тұрғысынан сарапталған жер-су атауларында жинақталған туристік білім қоры жатыр. Жер-су атаулары турөнімдегі сан алуан ақпараты бар белгілі заңдылықтарға негізделген топонимдер болып табылады.

Қазіргі заманда Қазақстанның алдыңғы міндетінде тұрған экологиялық, экономикалық, туристік мәселелерді шешуде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын әр қырынан, жан-жақты зерттеудің маңызы артып отыр [87]. Бұл тұрғыда география ғылымы алдында геожүйені қорғау мен оның қорларын туризм саласынды тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау міндеттері тұр.

Философияда табиғат пен қоғам арасындағы қарым қатынасты түсіндіруге ХХ ғасырдың ортасындағы география тарихында үлкен орыныбар академик В.Б.Сочава кіргізген «Геожүйе» деп аталатын түсінік қолданылады. Геожүйе дегеніміз – қоғамдық өмірмен бірге байланысқа түсіп қарым- қатынас жасайтын оның дамуына тікелей қажетті болып табылатын табиғат дүниесінің бөлігі [88]. Оған жер қыртысы, пайдалы қазбалар, атмосфера, су, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатады. Адамзаттың бүкіл болмысы геожүйемен тығыз байланысты, болғандықтан да, халықтардың тарихи дамуының қарқыны осы ортаның ықпалында болуы түсінікті сияқты.

Кез-келген қоғамөзін қоршаған табиғи ортаның қолайсыз жағдайларымен күресе отырып, оның байлықтарын, барынша тиімді пайдалану арқылы алға дамиды. Осы табиғат байлықтарын толық меңгеріп, онымен қарым-қатынас жасау үшін, төңірегіндегі географиялық нысандарға ат қоюға мәжбүр болады. Ондай

географиялық нысандардың аттарында (топонимдерде) сан алуан ақпарат бар және белгілі заңдылықтарға негізделіп, сол халықтың қоғамдық-экономикалық даму жағдайларын анықтайды [89]. Осы тұрғыдан алып қарасақ, қазақ халқының табиғатпен етене байланысын, географиялық нысанға ат қоюдағы ерекшелігін аттап өтуге болмайды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар шаруашылықты тиімді пайдалану үшін мекен еткен аумағындағы табиғат ерекшеліктерін, әр сай-сала, төбе, жыраның өзіндік сипатын жете танып, оларды өз өміріндегі табиғат жағдайын анықтайтын белгі ретінде пайдаланып, соған сәйкес ат қойды [90]. Осы географиялық атаулардан толық геоэкологиялық және туристік нысандар туралы ақпарат алуға болады және ол ақпаратпен тек қазақ халқына ғана тән ерекшеліктерді көруге болады. Осыдан келіп, қазақ топонимиясы (қазақтардың тіршілік ету ортасына ат қою дәстүрі) қазақтану ғылымының негізгі саласы екендігі туындайды.

Геожүйе топонимдер жүйесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекі орын алады. Еліміздің баға жетпес қазыналарының біріне жататын топонимдерді белгілі жүйеге енгізіп, мемлекетіміздің ұлттық келбетін саналы түрде айқындайтын туристік өнім жасауға болады. Қазақстан Республикасының аумақ кеңдігі, қазақ топонимикасының молдығы бұл мәселені арнайы зерттеуді қажет етеді. Себебі қазақ топонимдерінің негізінде көне заманнан келе жатқан шаруашылықты жүргізу, табиғат жағдайларын тіршілік қажеттері тұрғысынан танып-білу нәтижесінде жинақталған танымдық-практикалық білім қоры жатыр.

Қазақ жеріндегі туризмнің тарихи алғы шарттары біздің заманымыздан бұрынғы үшінші мыңжылдықта қалыптаса бастаған «Ұлы Жібек» жолының дамуы болып табылады, – деп жазылып жүргенімен, еліміздегі саяхаттың – туризмнің басталуы тым әріде. Осы орайда XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырда тіршілік етіп өмір сүрген Асан Қайғы Сәбитұлының елінің сулы мол, шөбі жұмсақ, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей, өмірден кетпейтін, мұратын «Жерұйық» деп атап, алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс іздеген. Қазақ жерін түгел жел маясымен саяхаттап шығуы, әр қоныс, мекен ерекшелігіне байыпты сын, баға беруі мемлекеттік іс, үлкен қайраткерлік қана емес, қазақ жеріне жасалған ұлы саяхат [91]. Олай болса, Асан Қайғы бабамыз – дала данасы, ірі мемлекет қайраткері, саяхатшы. Бұл қазақ жерінде саяхаттың, яғни бүгінгі туризмнің XIV – XV ғасырлардан бастау алатынын көрсетеді.

Қазақ даласының тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі, әлеуметтік жағдайы, қоғамдық құрылысы, билік жүйесі, жерінің байлығы мен табиғат ерекшеліктері туралы құнды деректер ең алғаш рет Дешті Қыпшақ даласында болған сауда жолымен жүрген

саяхатшылардың, әскери экспедициялардың құрамындағы зерттеушілердің жазбалары мен еңбектерінде жазылған. Қазақтың кеңбайтақ жерін зерттеуде, оны тасқа бастырып, тарих беттерінде қалдыруда грек ғұлама ғалымы Геродоттың (б.э.б. V ғасыр), кейінірек П.Карпини, В.Рубрук, Марко Поло тағы да басқа батыр, ержүрек саяхатшылардың қалдырған еңбектері мол [92].

Егеменді еліміздің аймағында ең бірінші туристік нысандар түркі тайпаларын жаулап алумен және олардың атамекенінен ауа көшуімен байланысты. Елімізде қажылық туризмін ең алғаш ұйымдастырған Әмір Темір болды және оның атымен байланысты орында әр жылдары әр түрлі әлеуметтік туризм түрлері жүзеге асырылған. Мәселен 1399 жылы Қожа Ахмет Яссауи қабірінің үстіне салынған кесене ескерткіштердің негізі Әмір Темірдің бұйрығы бойынша орындалған [United Nations publication, 1967].

Қазақстанда туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттарындағы тарихи мәдени туристік кешендердің маңызы қарастырылды. Тарихи-мәдени объектілер мен кешендер алғашында туристік қызметті ұйымдастыруға қажетті жағдайларының бірі болып есептелінеді. Туристік рекреациялық ресурстар тарихи категория болып саналады, оның дамуы туристік қызметке жаңа тарихи мәдени сипаттағы объектілерді тарту қажеттілігінен туындайтын рекреациялық тұтыну мен рекреациялық сұранымның көлемі мен құрылымының өзгеруіне байланысты болады [90]. Туризмнің тұрақты дамуы аймақтардың табиғат жағдайларын зерттеуге кешендік принципін қолдану. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың жаңа бағыттарының біріне біз тарихи мәдени туристік кешендердің географиялық атауын ұсынамыз.

Жергілікті жердің туристік нысандарын бейнелейтін атаулардың талдамасы географиялық, этнографиялық, әлеуметтік факторлармен негіздеу. Бүгінгі таңдағы туристердің қажеттілігін өтеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қабылдайтын өңірдің мүдделерін ескере отырып, оның болашақтағы мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған туризмнің жаңа бағыты. Ерекше қорғауға алынған табиғи аймақ жүйесін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының 2030 - жылға дейінгі мерзімді «экология және табиғат ресурстар» стратегиясы маңызды рөл атқаруға тиісті. Бұл Қазақстанның көрікті де көркем табиғатын қорғап, олардың қызметін экологиялық және әлеуметтік-экономикалық бағытқа бет бұруға шақырады [92]. Қазақстан Республикасы сирек кездесетін алуан түрлі туристік әлеуетке ие болуымен ерекшеленеді. Олардың қатарына:

- «Отырар қаласы», «Арыстанбап кесенесі», «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі», «Таңбалы петроглифтері», «Берел қорғандары», «Есік қорғандары», «Жаркент мешіт-медресе кешені», «Маңғыстау

жерасты мешіттері» сияқты ЮНЕСКО-ның тізіміне енген тарихи-мәдени мұралары; «Шарын шетен тоғайы», «Шарын каньоны», «Шынтүрген шыршасы», «Экзотикалық Баянауыл жартастары», «Көкшетау жартастары», «Қарақия (Батыр) ойысы», «Әктасты Ақтау таулары» тәрізді бүкіл дүниежүзілік мұралар тізіміне енген бірегей табиғат ескерткіштері мен ландшафттар;

- мұздықтары күрделілігі әр түрлі дәрежелі асулары мен жақсы дамыған гидрологиялық торлары бар таулы алқаптар;

- жағажайлық демалысты ұйымдастыруға қолайлы су қоймаларының, емдік-шипажайлық рекреацияны дамытуға мүмкіндік беретін минералды су көздерінің, емдік балшықтардың жеткілікті болуы;

- қолайлы экологиялық, экономикалық географиялық және геосаяси жағдайы;

- Батыс Еуропа, Батыс Азия, ТМД елдерін Шығыс Азия елдерімен байланыстыратын жақсы дамыған көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымдарының болуы.

Қазақстан Республикасы аумағы дүниежүзілік және республикалық маңызы бар, танымал тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштеріне өте бай. Отандық және шетел туристерін тарта отырып, тұрақты туризмді өркендетуге Астанадағы «Тәуелсіздік монументі», Петропавл қаласындағы «Абылайхан қосы», Семей қаласындағы «Тасмешіт», Жамбыл облысындағы «Айша бибі», Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Домалақ Ана», Қызылорда облысындағы «Қорқыт ата», «Қорасан ата» кесенелерін, Шығыс Қазақстан облысындағы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» кесенесін, Жидебайдағы «Абайдың мұражай үйін», Алматы облысындағы Ешкіөлмес және Баянжүрек тауларындағы қола дәуірі мен Сақ кезеңдерінің қорғандары мен жартастағы суреттерін, Боралдай, Талғар, Қарғалы қорғандарын, орта ғасырлық Қойлық, Ілебалық, Екіоғыз, Көктұма қалашықтары, Алтынемел, Көлсай көлдері, Қарқаралы, Баянауыл, Рахман бұлақтары сияқты бірегей табиғат ескерткіштері мен табиғи ландшафтары ерекше қорғауға алынған ұлттық бақтары мүмкіндік береді.

Туризм – күрделі кеңістік - әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде бірталай дүниетану, қоғамтану және техникалық ғылымдардың нысаны болды. Осылардың ішінде бірінші орында география тұр. Туризм шаруашылық саласы ретінде қажетті табиғи жағдайларын және қоршаған ортаның сапалығын мұқтаж етеді. Сондықтан табиғи жағдайларын жан-жақты зерттеу және бағалау туризмнің барлық әрекеттеріне қажетті деп есептейміз.

Әлемдік туризмнің қарқынды дамуына байланысты Қазақстанның жекелеген өңірлеріне деген сұраныс күннен-күнге артып

келеді. Еліміздің жеке өңірлері туризмнің қалыптасып тұрақты дамуына мүмкіндік беретін туристік-рекреациялық ресурстармен қамтамасыз етуші болып табылса, екінші жағынан туризм арқылы әлеуметтік экономикалық мәселелерін шешу өңірдің экономикасының өркендеуіне алғышарт жасай алатындай мүмкіндіктері бар мультипликативті нәтижеге ие болуымен ерекшеленеді.

Қазақстан призендеті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық сананы жақсартудың нақты бағыттарын сипаттап берген болатын. Онда «Туған жер» бағдарламасы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жалпы ұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, сондай-ақ елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді делінген.

Сондықтанда туризм саласын жетілдіру жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдарының және қызмет көрсету саласы алдында тұрған өзекті мәселе. Туризм сферасының қалыптасуының даму жолы қазіргі нарық жағдайында аймақтық географиялық негізінде туризмді дамыту жолдарын іздестіру жүруде. Аймақтардың мамандану салаларымен қатар жергілікті жердің физикалық географиялық факторларын ескере отырып туризмнің тұрақты дамуының аумақтық рекреациялық кешендер көлеміндегі ғылыми-теориялық, қолданбалы мәселелерін зерттеу.

Жеке аймақтардың географиялық атауларының ерекшеліктерін бейнелейтін атаулар бірлестіктері туризм саласында арнайы жете зерттелмеуімен анықталады. Өңірдің туристік мүмкіндігін тұрақты даму негізінде Қазақстанның физикалық-географиялық жағдайларын бейнелейтін географиялық атауларды тиімді пайдалану жөнінде ұсынысты негіздейміз.

Туризм мемлекет болашағын күшейтуші, оның әлемдік қауымдастықтағы маңыздылық деңгейін көтеруші бірден-бір фактор. Көптеген мемлекеттерде туризм бюджетке кіріс әкелуші жүйе ретінде дамуда. Олар туризм арқылы өздерінің тарихын, әдет - ғұрпын, рухани және діни құндылықтарын басқа елдерге таныстыруға үлкен мүмкіндік алып отыр.

Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында қызмет көрсету саласына әсіресе, туризмге қатысты ұзақ мерзімдік мақсаттар мен оларды жүзеге асырудың стратегиялары жүйелі түрде нақты көрсетілген.

Туризммен, туристік фирмалармен айналысатындардың саны және сапасы жағынан жыл сайын артып келеді. Туризмді тиімді дамыту үшін шетелдік туристерді тартуға жағдай жасау үшін экскурсиялық қызметті заманауи ұйымдастырудың маңызы өте зор. Қазақстанда

экскурсиялық қызметті дамыту деңгейін халықаралық стандарттар мен шетелдік туристердің сұраныстарына сәйкестендіруіміз керек.

Әлем экономикасының трансұлттану мен жаһандануының күшейтілуімен бірге ХХІ ғасырдың басында Қазақстан туризмнің кеңістіктік құрылымында өзгерді. Қазақстан туризм дамуының қазіргі кезеңінде жаһандық әлемдік туристік кеңістік қалыптастыру яғни туризм саласында жаңа аймақтардың кеңеюімен ерекшеленеді.

Дүние жүзіндегі туризм индустриясын саралай келе Қазақстанда туристік кластердің мына бағытын дамытқанымыз жөн: экотуризм, конгресс туризм және т.б. Қазіргі кезде Алматы қаласы және Алматы облысында туристік кластерді дамытудың жоспары жасалынды. Осыған ұқсас Қазақстанның басқа да облыстарында туристік кластерді дамытудың жобасы дайындалды. Қазақстанның қазіргі кездегі туризмін дамыту жан-жақты кешенді талдауды қажет етеді. Туристік іс әрекеттерді ұйымдастырудың жаңа инновациялық жолдарын пайдалану керек.

ХХІ ғасыр өркениетін қалыптастыра отырып, Қазақстан Республикасының әлемдегі орнын анықтауға қатысатын тіліміз бен ұлттығымызды сақтауға ат салысатын жаңа ұрпаққа білім беріп, оларды жаңашыл рухта тәрбиелеудің басты құралына айналған табиғаттың ғасырлар бойы еншілеп келген жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан зерттеу мен негіздеу қажеттілігі туындады.

Тарихи географиялық құбылыстардың кеңістіктегі көрінісін зерттейтін топонимика қазіргі уақытта туризм саласының маңызды бағыттарының біріне негіздеу. Геродот жазбаларында, көне түркі жазба ескерткіштерінде, Араб саяхатшыларының жазбаларында және Белгі тас (Елбасы Н.Ә. Назарбаев қойған тасқа байланысты атау) атауына дейінгі аралықты туристік нысандар атауларының бейнелену заңдылықтарын мен ғылыми қолданбалы маңызын анықтау.

Қазіргі кездегі адамзат қоғамының дамуы барысындағы қарқынды шаруашылық әрекеттерінің табиғи ортаға ықпал етуінің көрінісін географиялық атаулар арқылы анық байқауға болатынын уақыт пен кеңістік аралығы көрсетіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының ғасырлар бойы табиғи ресурстарды пайдалану барысында жинақтаған тәжірибесі қоршаған орта мен ландшафттарды тиімді ұйымдастыруға негіз болады және қажеттілігі үлкен қоғамдық сұраныс бойынша анықталады. Бұл сұраныстарды Президент жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарлығы және салалық мекемелердің шешімдері дәлелдейді. Автордың зерттеу жұмыстары ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын бағдарламасында қойылған мемлекеттік талаптарға сәйкес келеді.

Сондықтан заман талабына сай туындаған мәселелерге жауап беру үшін, топонимиканың қолданбалы бағытын экскурсиямен

байланыстыра отырып, топонимиялық кеңістігіндегі тарихи-географиялық, табиғи орта ерекшеліктері, ландшафтық, геожүйелер топонимиялық астарлары мен ландшафтың динамикалық өзгерістерін туризм саласында қолдану.

Топонимдердің қалыптасуындағы табиғатты қорғаудың халықтық ұстанымдары мен экологиялық-географиялық негіздері және ерекше қорғалатын аумақтар жүйесін қалыптастыратын географиялық атаулары ландшафттарды қалпына келтіру және қорғауды жүзеге асырудағы ролі мен ұсыныстары ғылыми және қолданбалы топонимиканың негіздеріне сүйенеді. Бұл зерттеулер табиғи орта ерекшеліктеріне байланысты ландшафтың географиялық атауларға сәйкестігін талдауға мүмкіндік туғызады.

К.Г.Паустовский «Атау дегеніміз – халықтың елін ақындық тілмен білдіруі және бұл халықтың мінез-құлқы, тарихы, ой – асқары мен тұрмыс – салт ерекшеліктері туралы сыр шертеді» деп айтып көрсеткендей, Қазақстанның географиялық атауларына зер салсақ, дені сол жердің геожүйе бітімімен қойылған.

Ғылымның қай саласы болса да даму процесінде бір-бірімен тығыз байланыста өрістейді және біріне-бірі игілікті әсері тимей қоймайды. Оған дәлел жер-су атауларының тарихи қойылу себебін зерттеу, барысында ерте кездегі өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің географиялық орнын анықтау, жер бедері, пайдалы қазбалар, судың минералдық құрамы, жергілікті жердің климаты мен жазықтығы, ландшафттар ерекшеліктері туралы ақпараттық мәліметтер алуға болады. Атаулар адамзат ойының бір ғана керемет туындысы емес, сонымен бірге өткір идеологиялық құралы да болғанын көреміз.

Ғалым С.Б.Веселовский былай деп жазады: «Топонимикалық материал, өзінің аман қалуына байланысты оның тіршілікке қабілеттілігіне байланысты өте құнды - археологиялық деректерден гөрі бағалы – материал» деп жазады.

Еліміздің физикалық-географиялық жағдайларын бейнелейтін географиялық атаулардың бейнелену заңдылықтарына талдау жасап және географиялық атаулардың пайда болуы мен ғылыми қолданбалы ерекшеліктерін айқындап туризм саласында туристік ақпараты, дерек мәліметтер ретінде (өнім) тиімді пайдалану. Жалпы топонимдерді жасаушы және пайдаланушы - халық. Жалпы географиялық атаулар адам баласы мен туристер үшін қызмет етеді, олардың экономикалық және мәдени әлеуметтік талаптарын қанағаттандырып отырады, географиялық ұғымдарды нақты түсінуге көмектеседі. Географиялық атаусыз халықтардың, елдердің, мемлекеттердің арасындағы байланыс мағынасыз болар еді. Топономист ғалымдардың алдында өте қиын міндет тұр: өйткені географиялық атаулар бұдан мыңдаған жылдар бұрын пайда болды ғой. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір

сүріп жатқан жерінің аумағы қандай көлемді де кең екенін білеміз. Осы ата мекеніміздегі өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап салынатыны белгілі. Қазақстанда шамамен 2,7-3 млн шамасында әр түрлі географиялық атаулар бар және атаулардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, қасиеті, тарихы бар.

Геожүйе топонимдерінен туристік өнімді әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыру. Жер-су атауларының қойылуын ұлттық таным мен салт-дәстүрдің және елдегі саяси жағдайдың ықпалы мол болатыны белгілі. Негізгі міндет қазақы атауларды сақтап қалу, ғаламдасу кезінде ұлттық бейнені танытатындай ұлттық топонимдер жасау болып табылады.

Іскер саяхатшылардың саны өсуде, олардың көзқарастары мен тілектерін ескеру қажет, өйткені туризм қазіргі күнде өте динамикалық түрде дамуда. Сондықтанда, кез-келген туристік фирма туристік қызмет көрсету рыногінде болып жатқан барлық өзгерістерді тұрақты түрде бақылап отыруы керек. Жаңа турөнімді шығаруға және ұйымдастыруға кіріскен кезде тұтынушы мен кәсіпкер үшін келесі мәселелер өмірлік маңызды болып табылады: тұтынушылардың (туристердің) интеллект танымын, танымдық қызығушылығын дамыту. Интеллект танымын дамыту. Адам таным бойынша әрекеттің екі негізгі түрін жүзеге асырады:

- қоршаған дүниені өзге ұрпақтардың танымдық қызметінің нәтижелері арқылы таниды (кітаптар оқиды, білім алады, материалдық және рухани мәдениеттің барлық түрлерімен қауышады);

- қоршаған дүниені тікелей таниды (өзі немесе адамзат үшін бір жаңалық ашады).

Көп жағдайда туристік өнімді екі бағытта қарастырады – тар және кең мағынада:

1. Тар мағынада туристік өнім – бұл туристік индустрияның әрбір нақты секторының қызмет көрсетуі (қонақ үй, туроператордың, көлік кәсіпорының және т.б. өнімі).

2. Кең мағынада туристік өнім – бұл туристік сапарды (турды) құрайтын немесе оған тікелей қатысы бар қызмет көрсету кешені. Туристің (жиһанкездің) көңілін аударатын және оны сапар шегуге тартатын табиғат ресурстары (ауа, су, күн, ландшафт және басқалары), тарихи, мәдениет, архитектуралық назар аударарлық орындар.

Туристік өнімнің құрылымы мен құрамы, қызмет көрсету пішініне (топтық немесе дербес), туризм түріне (рекреациялық, ғылыми – танымдық, ғылыми, діни, этникалық), қызмет көрсету сыныбына (люкс, бірінші, туристік, экономикалық), қызмет көрсету жиынтығына (негізгі және қосымша) тәуелді туристер қажетсінуіне сәйкестігі тұрғысында қалыптастырылады.

Жер-су атауларының қойылуында ұлттық таным мен салт-дәстүрдің және елдегі саяси жағдайдың ықпалы мол болатыны белгілі. Сондықтан болар, географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу төркіні, олардың аталу себептері адамзат баласын ерте заманнан-ақ қызықтырып келеді. Бұл орайда қазақ даласының жер-су аттарының шығу тарихын зерттеу арқылы сол замандағы ұлтымыздың таным-түсінігін анықтай аламыз [Жучкевич, 1974; Рылюк, 2009].

Туристік нысан - территориялық кеңістікте өзіндік-бір орны бар, ерекше туристік қасиеттерге ие (тарихи-мемориалдық, мәдени-эстетикалық, танымдық т.б.), туристердің әр түрлі мақсатпен уақытша болатын жерлер. Тарихи, табиғи және әлеуметтік-экономикалық туристік нысандарға тақырып бойынша саяхат орындауға болады.

1. Тарихи туристік нысандарға археологиялық орындар (көне қалалар қалдықтары), көне қалалар, көне мазарлар мен мешіттер, шіркеулер, храмдар, синогога, монастырлар т.б. тарихи ескерткіштер жатады. Мысалы, «Қазақстанның діни ескерткіштері», «Қазақстанның киелі жерлерінің топонимикасы».

2. Табиғи туристік нысандарға табиғаттың көрікті жерлері, табиғат ескерткіштері, ірі географиялық объектілер, ал әлеуметтік-экономикалық туристік объектілерге қазіргі заманғы сәулетті үйлер мен құрылыстар, музейлер, мемориалдық орындар, шаруашылықтың негізгі салаларына жататын, көрнекті кәсіпорындар қатысты. «Ұлытау өңірінің тарихи топонимикасы», «Қойнауы сырға толы- Қорғалжын өңірі», «Қазақстан сарқырамалар атаулары», және т.б.

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ономастика бөлімі, «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты, География институты, Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталықтарының ұзақ жылдар бойы жүргізген жер-су атауларын ғылыми зерттеулердің арқасында Қазақстан Республикасы аумағында ауқымды халықтың тарихи мәдени маңызы бар үлкен рухани байлығы жиналып бүгінгі таңда туризм саласында туристік дерек қоры негізінде қолдануға болады.

Қазақстан аумағындағы геожүйе ерекшеліктерін анықтайтын топонимдерді туристік өнім тұрғысында зерттеудің жаңа бағыттарын тұжырымдауға өмір талабы қажеттілігінен туындайды. Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары — топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек» деген сөзінде терең мағына бар.

Геожүйелер топонимдерінің бейнелену заңдылықтары мен табиғат жағдайларының өзіндік ерекшеліктерін байланысты бірнеше

турөнімдік экскурсия ұйымдастыруға болады жергілікті жердің табиғат ерекшеліктеріне байланысты: «Туристке географиялық атаулар», «Туризм және топонимика», «Топонимика туристік нысанның зерттеу құралы», «Топонимикадағы туризмнің үлесі», «Туризм саласындағы географиялық топонимдер», «Су маршруттарының топонимикасы», «Тау туризміндегі топонимика», «Спелео туризмдегі топонимика», «Туристке қала атаулары».

Қазіргі аудио-видео техникалар мен транспорт түрлері жетілген заманда жер-су аттарын анықтау немесе жаңарту үшін, географиялық нысандарды көзбен көріп, қолмен ұстап барып, тиісті шешім шығаруға әбден болады. Турөнім дегеніміз туристерді қызықтыратын табиғи немесе антропогендік элементтердің жиынтығы.

Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Стратегиялық даму Жоспарының, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы, Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы, Қазақстанның 2011-2020 жылдарға дейінгі білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік «Мәдени мұра» және Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың Жүйелік Жоспарында көрсетілген маңызды қағидаларды туризм игілігіне айнылдыру мақсатында жүргізіледі. Яғни, қазақстандағы әлі ғылыми деңгейге көтерілмеген топонимияның (жер су атауларының) туристік өнім қыр сыры тереңде.

Қазіргі туристердің барлық сұраныстарын қанағаттандыра алатын, ерекше туристік мүмкіншілігі бар санатта. Экономика салаларының қарқынды дамуы, тарихи-археологиялық ескерткіштердің мол болуы – барлығы облыста туризм саласының дамуына өте үлкен ықпал етеді. Осындай ауылдық орталықта туристерге қысқа мерзімге демалысқа тоқтау және танымдық-экскурсиялық маршруттар жасау қолайлы. Ұлан байтақ Қазақстанның солтүстік өңірі мыңдаған жыл ағымындағы тайпалар мен көшпелі халықтардың қоныс тепкен жері. Солтүстік Қазақстан, Ақмола өңірлері ежелгі өркениеттер мен мағыналы маңызы мол тарихи мәдениеттер өлкесі. Өткен ғасырлардан сыр шертетін қалалар құландыларын, елді-мекендердің қолтаңбасы қалған ескерткіштерді бұл аймақтан көптеп кездестіруге болады. Қарастырылып отырылған аймақ адамзаттың жаратылуынан бастап, ежелгі іргелі мемлекеттердің қалыптасу үдерістері жүрген тарихи-мәдени ескерткіштердің бай мұрағаты іспеттес. Мұнда аты төрткүл дүниеге мәлім, әйгілі «Ботай» қонысы, «Бұзок» қалашығы, Қазақстанның Швецариясы болып отырған киелі Көкше жерімен, жаңа ғасырдың жарқыраған құндылығы Астана қаласысынды жауһарларымен ерекшеленеді. Облыс аумағындағы республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер зерттеуді және насихаттауды талап етеді.

Осындай ауылдық орталықта туристерге қысқа мерзімге демалысқа тоқтау және танымдық-экскурсиялық маршруттар жасау қолайлы. Облыс аудандарында демалыс және туризм объектілерін – қонақ үйлер, кемпингтер, маусымдық турбазалар ашу жоспары әзірленді, дегенмен, туризм саласында инвестициялардың, кадрлардың, сауатты маркетингтердің және менеджменттердің жоқтығы бар әлеуетті пайдалануды тоқтатып тұр. Облыс аудандарындағы туризм жай қарқынмен дамуда және ұйымдастырылмаған сипатта, бұл туристік ресурстарға орны толмас шығын әкелуде.

Бұдан шығатын қорытынды аталмыш тарихи-мәдени ескерткіштердің шешімін тауып жатса, ұрпақ санасына патриоттық тәрбие берумен қатар, оның құнды тарихи мәні мен кең ауқымда насихатталуымен бірге, ел экономикасына, өңір әлеуетіне әкелер пайдасы зор.

3.7 Қазақстан геожүйелер топонимдеріндегі өзгерістер

Арал теңізі қайталанбас географиялық нысан болып табылады және айналасындағы территорияны қоса алғанда бір тұтас күрделі экологиялық жүйені құрайды және Арал өңірі Қазақстан үшін:

- балық өндіру орны;
- жері мал жайылымы және әр түрлі дақылдар өсірілетін аймақ;
- өте арзан құрылыс материалдарының базасы;
- осы өңірдегі құмды эрозиясына басты тосқауыл;
- мұхиттардан бірнеше мыңдаған километр алшақ жатқанына қарамастан «нағыз» теңіздік сипатқа ие [93].

1970 жылдардың орта шенінен бастап-ақ бір қатар ғалымдар теңіздің тартылып бара жатқаны жөнінде өз болжамдарын алға тартып, талдап түсіндіріп және экономикалық әлеуметтік қолайсыз өзгерістердің алдын алу мақсатын көздеген ойлы ұсыныстар айтылды. Мысалы, 1972 жылы Сырдария өзені алабында және Орталық Азияның басқа аудандарында суландырудың дамуы теңіздің су теңдестігінің кірісін азайтты. 1972 жылы жарық көрген М.К.Байдал мен А.Х.Каяткинаның «Арал теңізі проблемасының бүгінгі мен болашағы», С.А.Бедарвтің «Арал теңізі деңгейі өзгеруінің Арал маңындағы жайылымдық өсімдіктерге әсері» атты жұмыстарында Арал алабы су ресурстарын комплексті пайдаланудың ісіне байланысты өсімдіктерінің қазіргі жағдайы, өнімділігі және теңіз деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріс проблемалары қарастырылып айтылды [94].

1987 жылы 16 қазанда айында Қазақ ССР Ғылым академиясында республиканың бірқатар жауапты мекемелер және Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары жұртшылығы қатысқан мәжіліс болды. Мұнда негізінен мынадай нақты шаралар тобы қарастырылды:

1. Аймақтағы барлық су көзі қорын үнемді де әрі ұтымды пайдалану.

2. Жергілікті халықты сумен қамтамасыз етуді жақсарту және су көздерін неғұрлым таза сақтауға қол жеткізу.

3. Ауыспалы егіс шаруашылығына суды көп қажет ететін дақылдардың («ақ алтын» мақта, «ақмаржан» күріш) орнына неғұрлым аз мөлшерде тұтынатын түрлерімен алмастыру арқылы суармалы жерлер құрылымына өзгеріс енгізу.

4. Аумақтың табиғи ылғалдылығын сақтау мен теңіз деңгейінің суын түсірмеу үшін, көп уақыттар бойы теңізге келіп құятын қуатты қос өзен - Әмудария мен Сырдария суларын үнемді, ұқыпты пайдалануды негіздеу.

5. Қосымша су ресурстарын сырттан әкелу жолдарын қарастыру.

1988 жылы Кеңес Одағының министірлер кабинеті «Арал өңірі аудандарында бұзылған экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, аймақтың табиғи ортасы мен климатына елеулі ықпал жасайтын табиғи нысан ретінде Арал теңізін сақтап қалу (қысқарған айдынымен), санитарлық - эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мақсатымен 1990 жылдан бастап Әмудария мен Сырдария өзендерінің атырауына және Арал теңізіне жылына кемінде 8,7 текше километр мөлшерінде кепілді өзен суының құйылуын белгілеу, сөйтіп оны 1995 жылы 11 текше километрге дейін, 2000 жылға таман 15-17 текше километрге дейін жеткізу қажет», - деп алғашқы қаулы қабылданды [94]. Бұл Арал теңізін сақтап қалу жолындағы алғашқы батыл шара болғандықтан жергілікті халық Арал болашағын үлкен үмітпен күтуге негіз жасады. Амал қанша кейін Одақ ыдыраған соң бұл шаралар жайына қалды.


Арал апатынан зардап шеккен елдер басшыларының іс-қимылдарына көмектесуге бағытталған алғашқы халықаралық келісім 1990 жылдың 24-26 қаңтарында БҰҰ-ның қоршаған орта бағдарламасының (ЮНЕП) ұсынысымен жасалды да, Женева қаласында 1992 жылы 4 тамызда ЮНЕП-тің басқаруымен келісім заңды түрде бекітілді. Халықаралық Арал қорының басшылығымен «Арал теңізі мәселелеріне нақтылы көмек Бағдарламасын» іске қосты, 7 бағдарлама, 18 жоба жасалынды [95].

Қазақстан Республикасының ұсынысымен Орталық Азия Елбасшыларының 1993 жылдың қаңтарында Ташкентте қабылдаған шешімі бойынша осы жылғы 26 наурызда Қызылорда қаласында өткен Арал теңізінің мәселелері жөнінде 1-ші конференцияда жасалған келісімге Қазақстан, Қырғыстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан Призидентері қол қойды. «Арал теңізі мен Арал аймағы мәселелерінің экологиялық сауықтыруды, аймақтың экономикалық әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуді бірлесіп шешетін ортақ шаралар қарастыру» тақырыптағы келісімді орындаудың алғашқы шарты есебінде:

- Халықаралық Арал қоры ашылды.
- Арал теңізі мәселелері жөніндегі мемлекетаралық Кеңес құрылды.


- БҰҰ-ның Бас Хатшысына Орталық Азия Елбасыларының атынан үндеу – хат жолданды. Онда Аралды сақтап қалуға, Арал аймағының келелі мәселелерін шешуге арналған шаралар дүние жүзілік қауымдастықтың назары аударылды.

1997 жылы морфологиялық құрылымы мен гидрологиялық режимдерінің кейбір ерекшеліктеріне қарай Сырдария мен Өмудария атырауының антропогендік шөлдену салдарынан Арал теңізі деңгейі 18 м-ге төмендеп екі бөлікке бөлінді (9-сурет). Оңтүстігіндегі Көкарал аралымен бөлінген, ауданы 6000 шаршы километр, солтүстік шығыс бөлігі *Кіші теңіз (Кіші Арал)*. Көкаралдан есептегенде Арал теңізінің оңтүстік бөлігі *Үлкен теңіз (Үлкен Арал)* деп аталды. Арал теңізі атауы макротопоним, мағынасы «арал – теңіз», «аралды теңіз» яғни «аралдарға бай». Белгілі ғалым топонимист Э.М.Мурзаев «Арал – остров (тюрк., монг.)», - деп негіздейді [96]. Бұл мағынаның дұрыстығына дәлел бірінші Арал теңізінде 1100 аралдар тобы болған, кейінен олардың бірқатары түбектерге айналып құрлыққа қосылған. Кезіндегі ірі аралдары: Көкарал, Барсакелмес, Возрождение (бұл аралдарда КСРО-ның бактериологиялық қаруын сынау алаңы болған). Екінші дәлел теңіз атауы «*Арал*» халықтық географиялық терминінің қалыптасуымен жасалған. Жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеудің және жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау, суды үнемді пайдаланбау нәтижесінде географиялық картада *Арал* теңізі атауы жоғалып, *Кіші Арал, Үлкен Арал* жаңа географиялық атаулар қалыптасты. Гидрофильді, мезофильді фитоценоздардың орнын ксерофитті, галофитті фитоценоздар басуда. Теңіз деңгейінің төмендеуі Арал маңының экожүйелеріндегі өнімділіктің төмендеуі, топырақ түзілуінің бәсеңдеуі сияқты құрылымдық өзгерістерге әкеп соқты. Жайылымдар мен шабындықтардың өнімділігі күрт төмендеп, шөлейтті-жайылымдық жерлер геожүйеге *құмды сортаңды шөл ландшафттарын* бірте-бірте күрделі әрі қайтымсыз антропогендік экожүйеге қарай ығыстыруда; табиғи өсімдік жамылғысының өсуіне топырақтың күшті тұздануы кері әсер етті [97].



Сур. 9. Арал теңізі (Масштабы 1:3 000 000)

Тәңіртауы және Памир тауларынан бастау алатын екі өзен Әмудария мен Сырдария 1961 жылға дейін теңізге келіп құятын суының орташа мөлшері – 58 текше километр метр еді (10-сурет) [98]. Айдынның аумағы 66 шаршы километр теңіз өз деңгейін көп жылдар бойы 53 метрлік белгіден түсірген емес, теңіз тұздылығы 10‰ болды (11-кесте). Атмосфералық ылғал мен теңіз суының булануын бойына бірдей сіңірген өзен ағысы – бұл маңайдағы көптеген кіші-гірім көлдердің ұзақ жылдар геожүйенің сақталуына қолайлы жағдай жасады. Сөйтіп мұндай көлдер мен атырау қойнауында әр алуан жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің де өсіп-өрбуіне мүмкіндік берген. Мәселен, тек Қызылорда облысының өзінде ғана 1982-1986 жылдар аралығында 84 мың гектар күріш, жемшөп, көкөніс дақылдарының егістігі шаруашылық айналымынан шығып қалды. Мал азығы базасының күрт төмендеуіне мал басының кемуі мен оған жұмсалатын шығынның ұлғаюына әкеліп соқтырды.



Сур. 10 .Арал теңізі деңгейінің өзгеруі.

Жылдары	Теңіз деңгейі	Жаға сызығы км	Ауданы (аралдарын қоспағанда)	Су көлемі км ²	Тұздылығы %
1957	53,16	2575	66085	1075	9,25
1977	47,63	2215	54792	749,2	15,44
1985	41,95	1525	44382	475,0	25,50
1989 (Үлкен Арал)	39,07	980	37410	350,0	30,38
1989 (Кіші Арал)	40,60	410	2984	20,0	-
1997	41,00	-	2600	20,0	-

Кесте 11. Арал теңізінің деңгейінің өзгеруі.

Сырдария мен Әмудария өзендерінің Аралға құятын жылдық су мөлшері 58 текше километрден 42 текше километрге дейін азайды (өзендер ағысы бәсеңдеп кейін мүлдем тоқтатылуы себепті теңіз деңгейінің төмендеуін тездетті):

- бастағы балық шаруашылығы және транспорттық мәнінен айырылды;

- тартылып бара жатқан теңіздің түбіндегі тұз шөгіндісі мүлде ұлғайып, тұз атмосфераға көтеріліп, төңіректі түгел зиянын тигізуде;

- ғарыштан түсірілген мәліметтерге сүйенсек, тап осындай тұз тозаңының аэрозолдары Аралдан мыңдаған километр қашықтыққа дейін ұшып барады (11-сурет) [98];

- теңіз түбінен атмосфераға жыл сайын 15 млн. - 75 млн. тоннаға дейін тұз тозаңы көтеріледі де, Арал өңіріндегі әрбір гектарға 0,5-тен - 6 тонна тұзды тозаң келіп түседі, мұның өзі атмосфералық ылғалды

ауаның минералдығын арттырып, топырақ қыртысының тұздылығын көбейтеді;

- өзеннің атырауындағы аймақтар суға деген сұранысы көп және теңіз өңіріндегі көптеген кіші-гірім көлдердің құрғап қалуы;
- тоғайлы, қамыс-қопалы жерлердің мүлде сиреуіне әкеліп соқтырды;
- ауа райына да кері ықпал етеді; мәселен бұрын теңіз әсерінен қыстың аязды күндері 15-20 күнге қысқарып, жаз айларында теңіз жақтан самал есетін, қазір мұндай құбылыс аса сиреген; аймағының климаты құрғақ, шөлді аймаққа айналу жүйесі жүріп жатқаны айқын байқалады;
- Арал өңіріндегі жер асты және кейбір жерлерде терең қысымды су деңгейі төмендеп барады, бұл әрине жалпы жер ылғалдылығының азаюымен, табиғи құм алаптары шекарасының ұлғаюуымен, топырақ қабаттарының бұзылуымен, жер қыртысының аридтік қалыптасуының күшеюімен қатар жүруде.



Сур. 11. Арал теңізінің ғарыштан түсірілген суреті (Қазақстанның «Байқоңыр» аэроғарыштық экологиялық аймағының басшылығымен бірінші рет «Арал өңірінің экологиялық картасы» жасалынды 1992 ж.).

Теңіз деңгейін төмендеуінің қазіргі жағдайы және оның алдағы уақыттардағы экологиялық, экономикалық әлеуметтік салдарының нашарлауының себептері:

- судың 90 пайызын суармалы жерлерге пайдаланылды;
- суармалы жерлердің ұлғая түсуі бұл аймақтағы қолайсыз жағдайлардың қалыптасуына негіз жасады; өзендер ағысының жаппай бөгелуі суармалы жерлердегі жер асты суы деңгейінің көтеріліп, жердің

саз батпаққа айналуына, топырақ қабатының сортаңдануына коллекторлы-дренажды су көлемінің ұлғаюына себеп болды;

- Сырдария өзеніне суармалы жерлерден келіп құятын тазартылмаған дренажды-коллекторлық, тұрмыстық және өндірістік қажеттерге пайдаланылған ақаба су судың тұздылығы мен ластану дәрежесі артып отыр. Арал өңіріндегі елді мекендер тұрғындары жер бетіндегі су көздерін ауыз су ретінде пайдалануы кері әсер етуде – жергілікті халықтың, әсіресе, жас балалар мен әйелдер арасындағы түрлі ауыру-сырқау жиілей түсті [99].

Бүгінгі таңдағы Арал теңізінің алабында, әсіресе, қазақстандық бөлігінде аса бір ауыр экологиялық жағдай қалыптасқанын көзбен көре отырып, ол жөнінде айтпау мүмкін емес. Себебі, табиғатты түгелдей қайта қалпына келтіреміз деген басты инициативаның екпіні де біраз бәсеңдеп қалғаны рас, тек ендігі жерде бұл мәселеге жауапсыздық танытқан тұстарымызды барынша байыпты түзету міндеті ғана тұр.

«Арал тағдыры» атты жинақта Қазақстан, Өзбекстан, Ресей елдерінің көрнекті ғалымдары мен жазушы, журналистердің Арал теңізіне қатысты мәселелерді әр қырынан сөз еткен нақты ұсыныстары берілген. Мәселен, белгілі ғалым Ж.Сыздықов « ... Аралдың екі жағындағы Қызылқұм мен Қарақұм теңіз құрғап бірігетін болса, Гоби, Таламакан секілді шөлге айналады. Тартылып қалған теңіз түбінің бос топырағын бекіту мақсаты мен бұл жерлерде физикалық және химиялық әдістерді қолданып отырып кең ауқымды шараларды жүзеге асырудың мезгілі жетті», -деп ұсыныс білдіреді [94]. Ал, ғалым Т.Омаров Аралдың келешегі туралы пікірін: «Ең алдымен тау мұздықтарының динамикасына және соңғы жылдары байқалған регрессивтік жағдайы, жалпы ылғалдылықтың төмен болуы өзен суларының көлемін азайтады сондықтан 2000 жылға дейін өзен суларының бір тамшысын ауыл шаруашылығына пайдаланған жағдайда Аралдың деңгейі бір метрге төмендейді. Ал егер өзен сулары дұрыс пайдаланбаған уақытта өзен бойындағы, әсіресе өзеннің теңізге құятын аймағындағы өсімдіктер қурап, шөлейт шөптері пайда болады. Сондай-ақ жер асты суының деңгейі де төмендеп көптеген өсімдіктер құрып кетеді де, топырағы сорға айналады. ... Әмудария алабында - Сарықамыс және Сырдария алабында – Арнасай, Шардара жасанды су қоймаларының үстінгі бетінің булануы және жер асты суы аса тереңге кетпейтін суармалы жерлер төңірегіндегі 10 текше километр судың босқа ысырап болуы ойлантатын жайт», - деп білдірді [94].

Сырдария өзенінің бойында және өзеннің көлге құяр сағасында, Қазалы және Арал аудандарында төмендегі көлдер қалды:

1. Томайкөл
2. Көкқатын
3. Ақшатау
4. Қаракөл
5. Шөмішкөл
6. Қотанкөл

7. Райымкөл
8. Жалаңашкөл
9. Қаязды көл
10. Лайкөл
11. Қамыстыбас көл
12. Тұщыбас көл

Аралдың өзі 40-50 километрге дейін тартылып жатса, оның төңірегіндегі көлдердің тағдыры айтпаса да түсінікті болар. Кешегі о шетімен бұл шетіне көз жетпейтін ұланғайыр көлдің орнына қазір сораң басқан шөл дала жатыр.

50 жыл бұрын Қараөзек өзенінің алқабында үлкенді-кішілі бірнеше көлдерден (Тереңөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандары жерінде, Сырдария өзенінің тармағы) 25 мың центрге дейін балық ауланатын. 1964 жылдан бастап осы көлемі 15-20 мың гектарға кеміп, балық өнімі жұмыстары кеңінен жүргізілуіне баланысты Қараөзек арнасын жауып, су деңгейін көтеруге тура келді [94]. Нәтижесінде 1970 жылдардың басында судың азаюынан көлдердің айдыны тарылып көлдер құрғады:

1. Бесқопа
2. Шолақ

3. Бабан
4. Ақжар


5. Шотан
6. Бақкөл

Көптеген көлдердің тағдыры кейінен дәл осылай күйге ұшырады:

1. Қарарым
2. Матай

3. Байсара
4. Қаракеткен және т.б.

Қазақ халқының алтын бесігі болған Сырдария алабы мен Іле, Ертіс, Жайық өзендер сағалары әлемінің аса көне өркениет ошақтары – Ніл, Ефрат, антикалық Рим, Эллада мәдениетімен пайда болу кезеңі тұрғысынан қатар тұра алады. Тарихи деректерге байланысты академик Ә.Марғұлан былай деп жазды «... Сырдария өзені ерте дәуірлерден халықтың қоныс орны болған», - деп. Ол рас, 12-сурет Қызылорда облысының әкімшілік-аумақтық картаснан байқауға болады [100]. Сырдария өзені алабында аудан орталықтары, қалалар мен елді мекендер жиі орналасқан.



12-сурет Қызылорда облысының әкімшілік аумақтық картасы

Жоғарыда берілген 9-12 суреттер картасы мен 11-кестеден, құрғаған көлдердің (жоғарыда келтірген) мәліметтерінен Арал теңізі аймағының, әсіресе Арал, Қазалы аудандарының гидроним (потамоним, лимноним, телеоним) мен ойконимдерде (елді мекендер) және т.б. атауларда нақты өзгерістер байқалынады. Ұлттық ономастика мәселесі қазіргі таңда үлкен саяси-идеологиялық мәнге ие болып отыр. Ономастика – мемлекетіміздің үлкен саясатының бір бөлігі. Өйткені мемлекет картасындағы атаулар сол елдің тәуелсіз, азат екенін немесе отар ел екенін бірден байқатады[101]. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» атты тақырыптағы (Ана тілі № 19 мамыр 11-і – 17-і. 2006. 4-7 бет.) сұқпатта «Қазақстан жер-су аттарын тарихи атауларға негіздеп қалпына келтіруін және айтылуы, жазылуы бұрмаланған елді мекен аттарын ана тіліміздің заңдылығына сай жаңадан түзету аса байыптылықты, терең зерттеуді қажетсінетін іс», - деп негіздеді.

Қазақстанда ономастика комиссиясы тұрақты жұмыс істеп, белгілі бір атауды өзгерту жөнінде байыпты талдау жасап, анықтама жұмысын жүргізгеннен кейін елді мекендерге, көшелерге басқа да физикалық-географиялық нысандарға атау беруді тек заңға сәйкес өзгертеді. Егемен еліміздің жер-су атаулары өзгеріп, тарихи жағы жаңарған тұста бұл комиссияның атқарған ісі қомақты деп білеміз. Республика бойынша жүздеген елді мекендер жаңаша атауға ие болды, өңірде тұрып жатқан ел-жұрттың ортақ келісімімен, арнайы ұсыныстарымен. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында *Совет ауданы – Аққайың*, Батыс Қазақстан облысында *Орда ауданы – Бөкей*

Ордасы, Лениногорск қаласына ежелгі *Риддер* аты қайтарылды. Мұнымен қоса, көптеген облыстардағы елді мекендер бабаларымыз айдар тағып кеткен жергілікті жердің ландшафт ерекшеліктерін білдіретін географиялық атаулар ажарымен кері табысты[102]. Ал, Арал теңізі аумағындағы атаулардың өзгеруіне емес, жоғалуына кім рұқсат берді? Оған табиғат жауап беретін болса, «Табиғаттың тілі жоқ».

Міне 20-30 жылдың ішінде бір ұрпақтың көз алдында миллион жылдық ғұмыры бар, планетадағы көлдердің арасында көлемі жағынан төртінші орынды иеленген Арал теңізі (Үлкен Арал) бүгінде құрғап барады. Кезінде теңіз айдынына зәкір тастаған кемелер бүгін Үлкен Аралда құм мен улы тұз арасында шіріп жатыр.

Жер шарында қай ұрпақтың тұсында болсын теңіздің тартылып кетуі тәрізді оқиға болмағандықтан, - деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев баспасөз мәслихатында, мұндай теңізді қалпына келтірудің ешқандай тәжірибесі жоқ. Сондықтан біздер қалай да Арал теңізін толтыру емес, оның тартылуын тоқтату тұрғысынан ізденуіміз керек. Елбасы Арал апатын планетарлық апат деп атады. Ең қорқыныштысы, деп атап көрсетті, теңіздің құрғап қалған 150 шақырым жағалауындағы ауаға 1 миллион тоннаға дейін тұзды шаңның таралуы. Арал теңізі мәселесі ғаламдық серіктестік пен ынтымақтастық шеңберінде ғана шешімін табу мүмкін.

Призидент Н.Ә.Назарбаевтың жолдауынан туындаған игілікті «Сырдария өзені арнасын реттеу және Арал теңізі солтүстік бөлігін қалпына келтіру» бағдарламасының жоспарлы жұмыстары республика аумағының жағдайын жақсартуда (қуанышты жағдайлар):

1. Қазақстан аумағындағы Кіші Арал теңізі суын 42,0 м абс. Б.Ж. (Балтикалық жүйе) белгіге әкелуге жұмыс жасалды. Ғалым С.Тәуіпбаевтың мақаласында «...2003 жылдардан бастап судың қайтадан көбеюі жүйесі басталғаны және өте жоғары дәрежеде көбею жүйесі жүргендігі байқалатынын цифрларға зерттеу арқылы мәлімдейді **Кіші Арал** бөлігінің ауданы 6490 км², көлемі 77,8 км³, су тұздылығы 10...12 г/дм³ болған. **Көкарал бөгетін салу арқылы** кіші Аралдың суы көлемі 27,1 км³, ауданы 3288 км². Жоғарыдағы келтірген жоба толық аяқталған кезде Қызылорда су торабынан қыс айларында секундына 450 текшеметр су өткізу қарастырылуда» [103].

2. Сырдария өзенінің (Қазақстан өңірінде) бұрынан қалыптасқан тармақтары Қараөзек пен Жаңадария арнасы, магистралдық каналдар Көксу, Нәнсай және т.б. бұрынғы жобалық су өткізу денгейлеріне жетілдіру жүргізілуде.

3. Қашыртқы-кәріздік жүйелерді қайта қалпына келтіру арқылы жер асты суларын төмен түсіріп, жер бетіндегі тұзды шаю жұмыстарына пайдалануда. Арал-Сырдария аймағының экологиялық

тұрақтандыру бағытында ғылыми негізде әдістемелік жұмыстар жасалуда[103].

Еліміздің өміріне кең тыныс, үлкен үміт нышандарын дарытып келе жатқан қазіргі бетбұрыс кезеңінің бір үлкен шарты жаңаша ойлап үйрену делінеді. Олай болса кешегі күндері кеткен ағаттықты бүгін жөндеу – уақыт талабы, елдің түпкілікті мүдесі. Үлкен Арал теңізіне арашашы болу бұл күнде қоғамдық пікірге айналды. Сондықтанда неғұрлым ұтымды ірі шұғыл шаралар қажет. Үлкен Арал (тұздылығы 60 -% асады) теңізін тығырықтан құтқару үшін жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеу жұмыстарының (жобалар, болжамдар) нәтижелеріне табыс тілейміз. «Көп тілегі, көл» дегендей.

Болашақта Арал теңізінің (аумағы) суы айдынына қайта өздігінен табиғи реттелуі немесе толысыған жағдайда (кұрғаған көлдер) жергілікті ономастикалық комиссия географиялық нысандарға тарихи аттаулары қайтарылуын ұсынамыз. Себебі, бұл атаулар талай ғасырдан бері географиялық-тарихы бар Қазақстан геожүйе топонимдері.

Тақырып бойынша бақылау сұрақтары

1. Топонимикалық деректер арқылы табиғи нысандардың тарихи кезеңдегі өзгерістерін қалай анықтауға болады?

2. Топонимдерді зерттеудің тіл тарихы мен лингвистикалық географиядағы маңызы қандай?

3. Топонимдерде жинақталған геологиялыққапараттықалай пайдалануға болады?.

4. Топонимикалық мәліметтерді ландшафтылықзерттеулерде пайдаланудың әдістемелік ерекшеліктері қандай?

5. Қазақстанда табиғаттың кері өзгерістерін бейнелейтін қандай бар?

6. Топонимикалық мәліметтерді табиғатты қорғау ісіндеқалай пайдалануға болады?

7. Орта Азиядағы географиялық атаулардың қалыптасуына қандай факторлар ықпал еткен?

8. Орта Азия мен Қазақстан топонимиясында қандай тілдік қабаттар ажыратылады?

9. Субстраттық атаулар деген не?

10. Түркілік топонимдердің қандай ерекшеліктері бар?

11. Орта Азия елдеріндегі ұқсас географиялық терминдер қандай?

12. Монғолдық топонимдер Қазақстанның қай бөліктеріне тән?
13. Орта Азия топонимдерінің басты құрылымдық ерекшеліктері қандай?
14. Орта Азиядағы табиғат жағдайларын бейнелейтін қандай атаулар бар?
15. Орта Азиядағы елді мекен атауларында қандай ақпараттар кездеседі?
16. «Топонимикалық мұра» ұғымына не енеді?
17. Топонимикалық мұраны зерттеуде қандай мәселелерге көңіл аудару қажет?
18. Топонимикалық мұраны ақпарат көзі ретінде қалай пайдалануға болады?
19. Кеңестік кезеңде атаулардың қандай топтары пайда болды?
20. Топонимдерді қорғауға алу үшін алдын ала қандай шаралар жүргізілуі қажет?
21. Географиялық атауларды халықаралық деңгейде реттеу қалай жүзеге асырылады?
22. Географиялық атауларды стандарттау дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
23. Қазақстан Республикасында географиялық атауларды стандарттауға қатысты үлгілер нені қамтиды?
24. Географиялық атауларды стандарттаудың принциптері қандай? 10. Географиялық атауларды стандарттау стратегиясына және топонимдерге қатысты шешімдер қабылдауда қандай факторлар ескеріледі?
25. Географиялық атауларды стандарттау процедурасы үшін қандай ақпарат түрлері қажет болады?

Қорытынды

Қазақстанның физикалық және экономикалық географиялық карталарындағы әрбір атау өзіндік географиялық ландшафт ерекшелігін білдіреді.

Монографияда топонимияның қалыптасуы мен құрылымына қортындылар жасалынады:

1. Қазақстанның географиялық орны мен табиғат жағдайларының айырықша сипатына байланысты зерттеушілер назарына ерте іліккен. Бұл көптеген тарихи топонимдердің жазба нұсқаларының сақталып, осы күнге дейін жетуіне себепші болды.

2. Көне карта мен жазба еңбектерден тапқан топонимдерді қазіргі атаулармен салыстырып, талдау негізінде көптеген географиялық атаулардың тарихи кезеңде өзгеруіне қатысты.

3. Қазақстан топонимиясының қалыптасуын жергілікті табиғат жағдайларын дәстүрлі дүниетанымы мен шаруашылық қажеттерге орай бейнелеумен байланысты жүрген тарихи құбылыс деп бағалауға болады.

4. Қазақстанның топонимикалық жүйесін жан-жақты талдау барысында жер-су аттарын географиялық ғылымдар тұрғысынан топтастырудың қадамы жасалынды. Топонимдерді топтастыру нәтижесінде жергілікті табиғат ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы көрнекті орын алатыны, топонимдер атауларында жергілікті жердің ландшафттық келбеті бейнеленіп, халықтың географиялық білімі жинақталғаны анықталды.

5. Қазақстан топонимдерінің мағыналық жүктемесін қазақ халқының шаруашылық сипаты мен тұрмыс-тіршілігіне арқау болған ландшафт компоненттері мен олардың өзіндік ерекшеліктері анықтайды; жеке компоненттердің топонимдерде бейнеленуі географиялық нысанның шаруашылық маңызына қарай түрліше сипат алды; көбінесе фитонимдердің, су көздерінің атауларының құрамында жиі кездесуі байқалады.

6. Қазақстан топонимдерінің жүйесін құрайтын терминдер мен атаулар бірлестігіне географиялық ғылымдар тұрғысынан сипаттама берілді.

7. Жер-су атауларын турөнім тұрғысынан топтастырудың алғашқы қадамы жасалынады. Топтастыру нәтижесінде аймақ топонимикасында жергілікті туристік нысандар ерекшеліктерінен хабар беретін атаулар тобы халықтың туристік білімі жинақталғандығы негізделді.

8. Геожүйе топонимдерінен туристік өнімді әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыру. Жер-су атауларының қойылуын ұлттық таным мен салт-дәстүрдің және елдегі саяси жағдайдың ықпалы мол

болатыны белгілі. Негізгі міндет қазақы атауларды сақтап қалу, ғаламдасу кезінде ұлттық бейнені танытатындай ұлттық топонимдер негізделген.

9. Қазіргі туристердің барлық сұраныстарын қанағаттандыра алатын, ерекше туристік мүмкіншілігі бірі топонимдер жүйесі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абдрахманов С.А. Топонимическая политика как зеркало возрождения государственности Казахстана. // Саясат, 1996. №12. – С. 19-26.
2. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер. – Алматы, 1981. -240 б.
3. Хамид Құрбанғали. Тауарих Хамса (Бес тарих). – Алматы, 1992. - 296 б.
4. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. –
5. Тілеубердиев Б. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары. Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1995. -24 б.
6. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – М., 1974. - 287 б.
7. Никонова В.А. Введение в топонимику. – М., 1965. - 178 с.
8. Жанұзақ Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: «Азия», 2004. -128 б.
9. Қазақстан Республикасы топонимдері. Топонимы Республики Казахстан. – Алматы, 2001. – 365 б.
10. Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
11. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы: атаулар сыры 3. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 520 б.
12. Жанұзақов Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. – Алматы: Арыс, 2005. – 256 б.
13. Жезқазған облысының жер-су атаулар сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1990. - 296 б.
14. Жекулин В.С. Историческая география. Предмет и методы. – Л.: Наука, 1982. 224 с.
15. Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, 2006. – 808 б.
16. Жучкевич В.А. Общая топонимика. Изд.3-е, перераб. – Минск: Вышэйшая школа, 1980. – 287 с.
17. Каймулдинова К. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2001. - 98 б.
18. Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 24 с.
19. Керимбаев Е.А. Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. ... докт. филол. наук. - Алма-Ата, 1992. - 61 с.
20. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 275 с.

21. Әубәкіров Ж., Әбдірахманов С., Базарбаев Б. Орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1966. - 204 б.
22. Аяпбекова Ә.Е. Табиғат заңдылықтарын зерттеудегі халықтық қағидалар. // Изденіс. 1999. №2. -105-107 б.
23. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. // Изв. АН Каз. ССР, серия географическая.– 1951.- Вып. 3, № 99. – С. 3 – 47.
24. Конкашпаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма -Ата: АН Каз. ССР, 1963. – 185 с.
25. Конкашпаев Г.К. Общие особенности тюрко-язычной географической терминологии Средней Азии и Казахстана // Вопросы географии. – 1970. – С. 174-179.
26. Конкашпаев Г.К. Географические названия монгольского происхождения на террит. Каз-на // Известия АН Каз. ССР, серия филологии и искусствовед. - 1959. - Вып. 1 (11). - С. 85-98.
27. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. Том I-III. – Л., 1979.
28. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины: автореф. ... канд. геогр. наук. – Алма -Ата, 1949. – 15 с.
29. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Ақмола облысы. – Алматы, 2003. – Т. 1. - 203 б.
30. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Солтүстік Қазақстан облысы. – Алматы, 2003. – Т. 2. - 201 б.
31. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Павлодар облысы. – Алматы, 2004. – Т. 3. - 204 б.
32. Мурзаев Ә.М. Очерки топонимики. – М.: Мысль, 1974. – 380 с.
33. Мурзаев Ә.М. Топонимика и география //Вестник Моск. ун-та, серия географическая. – 1963. - № 3. – С. 11-16.
34. Мурзаев Ә.М. Основные направления топонимических исследований //Принципы топонимики. – М.: Наука, 1964. – С. 23-33.
35. Мурзаев Ә.М. География в названиях.– 2-е изд. – М.: Наука, 1982. -176 с.
36. Марғұлан Ә.Х. Ежелгі мәдениет кәуәлары. Алматы, 1996. -177 б.
37. Максковский В.П. Географическая культура. – М., 1998. - 414 с.
38. Бірмағамбетов Ә. Туған өлкені зерттеушілер. Алматы, 1986.-66 б
39. Ханыков Я.В. Очерк состояния Киргизской Орды в 1841 г. – Зап.РГО. – Спб., 1849. Кн. 1-2. - 560 с

40. Паллас П.С. Путешествие по разным местам Российского государства по повелению Санктпетербургской императорской академии наук. Часть вторая. Книга вторая. – Санктпетербургъ, 1786. – 571 с
41. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. –Алма-Ата, 1941.
42. Поспелов Е.М. опонимика и картография. – М., 1971.-124 с.
43. Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. – Құрастырған; Н.Құлмұхамбетова. – Алматы, – 2004. - 464 б.
44. Маргулан А.Х. Древние карванские пути через пустыню Бетпак дала . // Вестник Ан Каз. ССР. 1949, №1. – С. 46-79.
45. Попов А.И. Географические названия. Введение в топонимику. – М., - Л., 1965. - 170 с.
46. Қазақ Совет энциклопедиясы. – Алматы, 1980. - 750 б.
47. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Батыс Қазақстан облысы. – Алматы, 2008. – Т. 12. - 283 б.
48. Қазыбеков Н. Дала өрнектері: этнографиялық сипаттамалар. – Алматы, 1994. - 128 б.
49. Мамбеталиев К.Т. Отражение рельефа местности Казахстана в топонимии. Рациональное природопользование, конференция молодых ученых с участием стран СНГ. –М., 2005.-222 с.
50. Поспелов. Е.М. Туристу о географических названиях. – М., 1988.– 180 с.
51. Молдағұлов Н. Ландшафт. – Алматы: Қазақстан, 1983. – Б.50-55.
52. Қазақстан. Общая физико-географическая характеристика. –М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. –С.165-168.
53. Рельеф Казахстана: пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР масштаба (1:1 500 000). – Алма – Ата: «Гылым», 1991. –Ч. 1. –С.135-139.
54. Баянауыл (тарихи–зерттеулер). – Астана: «Фолиант», 2002. –282 б.
55. Құрманов Қ. Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша- қазақша анықтамалық сөздігі. –1993. –173 с.
56. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1959, 1961. –Т.І-ІІ. – 522 с.
57. Мырзалиева З.Қ. Оңтүстік Қазақстан облысы топонимиясының физикалық географиялық астарлары: автореф. ... к.ғ.н. – Алматы, 2007. –16 б.
58. Маргулан А.Х. и др. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука Каз. ССР., 1966. – 435 с.
59. Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола облысы. – Алматы: Рауан, 1998. – 328 б.

60. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қарағанды облысы. – Алматы, 2006. – Т. 4. - 391 б.
61. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қарағанды облысы. – Алматы, 2006. – Т. 6. - Б. 1-2.
62. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Маңғыстау облысы. – Алматы, 2007. – Т. 10. - 146 б.
63. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Атырау облысы. – Алматы, 2008. – Т. 11. - 190 б.
64. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған. Астана 2008ж.
65. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Туған жер» бағдарламасы. «Егемен Қазақстан» 12.04.2017ж.
66. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» (ақпараттық-түсіндірмелі материал) – Астана 2017, - 56 б.
67. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 12 сәуір 2017 жыл, №70 (29051).
68. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. – Астана, 2017. – 106 б
69. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: «Қазақпарат». Алматы: ҚазАқпарат, 2009. - 566 с.
70. Зайберт В.Ф. Ботай дала өркениетінің бастауы. Алматы: «Балауса», 2011. 480 б.
71. Anthony D., Brown D. Bit Wear, Horseback Riding and the Botai Site in Kazakstan. - New York, 1998.
72. Sandra O. A Model for Incipient Horse Domestication Based on the Eneolithic Botai Culture and Modern Kazak Pastoralism. Paper delivered at the 62nd Annual Conference of the Society for American Archaeology, Nashville, 1997. — 147 p.
73. Anthony D., Brown D. Bit Wear, Horseback Riding and the Botai Site in Kazakstan. - New York, 1998.
74. Шнитников А.В. Внутривековая изменчивость компонентов общей увлажненности. - Л.: Наука, 1969. -245 с.
75. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1997. - 384 б.
76. Абрамова Т.А., Варущенко А.Н. Палеогеографическая обстановка Казахстана и Средней Азии в средние века. // Вестник МГУ. Серия, География. 1989. №6, - С. 29-36.

77. Сейбутис А.А. Палеогеография, топонимика и этногенез //Известия АН СССР, серия географическая. – 1974. - № 6. – С. 40-53.
78. Семенов-Тянь-Шанский В. П. Как отражается географический пейзаж в народных названиях //Землеведение – М., 1924. - Т. 26, Вып. 12. – С. 133-158.
79. Серебренников Б.А. О методах изучения географических названий //Вопросы языкознания. – 1959. - № 6. – С. 36-50.
80. Бейсенова Ә., Самақова А., Есполов Т., Шілдебаев Ж. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. – Алматы, 2004. – 328 б.
81. Чигаркин А.В. Геоэкология Казахстана. – Алматы, 1995. - 160 с.
82. Бейсенова Ә.С. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы: - Алматы: «Рауан», 1990 - 25-247 б.
83. Әбілхан Әбіласан «Қазақстанның тарихи-танымдық географиясы» - Алматы: 2007-184 б.
84. Алимбетов У.С., Койшинова Г.К., Калиева А.Е. Халықаралық туризмнің тарихы: Оқу құралы, Өскемен. – 2010. – 71 б.
85. Соколова В.М. История туризма. М: «Мастерство». – С. 3527, 2002. <http://www.gumer.info/Travel/sokol/index.php>.
86. Курсабаев М.К., Мазбаев О.Б., Аяпбекова А.Е., Баймолдаева А.Т., Айтжанова А.Е. Музей истории номадов мира – объект международного туризма и краеведения. Материалы Международной научно-практической конференции «Тенденции, проблемы, перспективы индустриально- инновационного и устойчивого развития туризма», Астана, 26 сентября 2013 года. С.: 42-48.
87. Зарин В.М., Зарина Е.А. «Путешествия А.В. М: 2010.-350 с.
88. Bendry, Robin (2007). «New methods for the identification of evidence for biting on horse remains from archaeological sites». Journal of Archaeological Science 34 (7): 1036 - 1050.
89. The Earliest Horse Harnessing and Milking. Alan K. Outram, Natalie A. Stear, Robin Bendrey, Sandra Olsen, Alexei Kasparov, Victor Zaibert, Nick Thorpe, Richard P. Evershed. <http://www.reading.ac.uk/archaeology/about/staff/rbendrey.aspx>
90. Мазбаев О.Б., Эргешов А.А., Алишева Р.Т.Современные тенденции развития экологического туризма.//Хабаршы Жаратылыстану-география ғылымдары сериясы Алматы 2006. - №1(9).
91. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы - Алматы, 2009 ж. Том:1-10
92. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 172 б.

93. Гидрометеорология и гидрохимия морей СССР. Аральское море. – Л., 1957. –195 б.
94. Арал тағдыры. Құрастырған М.Құлкенов. - Алматы, 1989. – 272 б.
95. Бейсенова Ә.С., Самақова А.Б., Есполов А.Б., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқулық. – Алматы: «Ғылым», 2004. -328 б.
96. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов.– Москва: «Мысль», 1984. - 653 с.
97. Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана.Алма-Ата: Ғылым, 1992. -174 с.
98. Достай Ж. Арал теңізі. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 том. А-Ә. – Алматы, 1998. - 720 б.
99. Атраубаева Р.Н. Іле өзені және оның экологиясы. – Алматы, 2003. - 140 б.
100. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 том. К-Қ. – Алматы, 2003. – 719 б.
101. Жанұзақов Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы жетістіктері мен болашағы. - Алматы, 2004.
102. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан болашағы – қазақ тілінде. Ана тілі № 19 мамыр 11-і – 17-і. 2006.
- 103.Тәуіпбаев С. Арал-Сырдария аймағын экологиялық тұрақтандыру тәсілдері. Гидрометеорология и экология. № 2, 2005. 222 - 230 б.

А.Е.АЯПБЕКОВА, Н.У.АБИШОВ

ТОПОНИМИКА

Монография